

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА  
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ  
БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**



**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СИНТАКСИСІ**

**Дайындаған: ассистент Асанова Жамила**

**НӨКІС-2010 ЖЫЛ**

## Қазақ тілі синтаксисі зерттеу объектісі. Сөз тіркесі.

Жоспары

1. Синтаксис және оның объектілері
2. Синтаксистің тараулары
3. Синтаксистің зерттелу тарихы
4. Сөз тіркесінің синтаксисі

**Тірек сөздер;** Синтаксис туралы түсінік, сөз тіркесінің синтаксисі, жай сөйлемнің синтаксисі, құрмалас сөйлемнің синтаксисі, синтаксистің зерттелу тарихы.

Синтаксис – грамматиканың морфология сияқты өзекті саласының бірі. Грамматиканың тең праволы, әрі өзара тығыз байланысты бұл екі саласының қарастыратын объектілері тілдің грамматикалық құрылысының мәселелері болады; морфология сөздердің грамматикалық жүйесін, құрылысын, сөз таптарының грамматикалық жүйесін, құрылысын зерттейді. Синтаксис грамматикалық ілім ретінде мынандай екі салаға бөлінеді; 1) Сөз тіркесінің синтаксисі. Онда сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркесінің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады. 2) Сөйлемнің синтаксисі. Онда сөйлемнің құрылу принциптері, сөйлемнің құрамы қарастырылады.

Синтаксис бұл мәселелерді сөздердің грамматикалық құрылысы жөніндегі ілімнен бөліп алып, олардан оқшау тұрған нәрсе деп қарамайды, өзара тығыз байланыста қарастырады. Сондықтан сөздердің морфологиялық құрылысы синтаксистің де грамматикалық талдауының негізі болады. Лексикология мен морфология тіл ғылымының дербес салалары болумен қатар, олар да синтаксистен байланысын үзбейді.

Сөз тіркесі – сөйлем құраудың материалды негізі де, сөйлем – кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Синтаксис сөз тіркесін, сөйлемді, олардың түрлерін, сөйлем мүшелерін және басқа синтаксистік формаларды адамның ойын білдірудің грамматикалық тәсілдері ретінде, өзара байланысты категориялар ретінде қарастырады. Синтаксис сөздерді сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал жалғауларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік категория ретінде тексереді.

Сөйтіп, сөз тіркесінің, сөйлемнің грамматикалық құрылысын зерттейтін ілімді синтаксис десек, тілдің синтаксистік құрылысын да сол термин арқылы атаймыз.

Әрбір ғылым саласының басталу, жетілу, даму кезеңдері болады. Қазақ тіл білімінің бұғанасы бекіліп қалыптасқан қай саласын алсақ та, олардың әрқайсысының даму кезеңдері болған. Ғылым салаларының даму барысында оның әдепкі біртұтатыстық түйдегінің жеке мәселелері бөлшектеніп танылып сол саланың дербес бөлшегі болып та қалыптасуы мүмкін.

Қазақ тілінің синтаксис мәселелері ол баста жалпы сөйлем құрылысы орайында қаралып келсе, сол ғылым дами келе сөз тіркесінің синтаксисі 1950 жылдары бой көрсетіп, оның жеке мәселелері көптеген ғылыми зерттеудің объектілері болып, қазір солардың жүйелі тармақтары айқындалып, жасалу, жұмсалу заңдылықтары ашылды. Сөйтіп, сөз тіркесі жай сөйлем синтаксисінен бөлініп, өз алдына бөлек синтаксис ғылымының бір саласына айналды.

Сөз тіркесінің синтаксисі жайлы мағлұматты оның зерттелу тарихымен ұштастыра ұғыныспайынша көп мәселенің байыбына бара алмай қаламыз. Егер орыс тіл білімінде бұл синтаксис ғылымының бірнеше тарихы бар дейтін болсақ, қазақ тілі сөз тіркесінің зерттелу тарихы 50-60 жылдан әрі аспайды. Ол қысқа тарихтың тіл біліміне қосары айтарлықтай мол болғанмен, сөз тіркесі синтаксисі енді ғылымдық дербестігіне оқшауланып, бұғанасы бекіп келе жатыр. Қазақ тіл білімі үшін осылай болуының өзі заңды.

Қай ғылымның даму тарихына көз жіберсек те, әдетте олар жоқтан бар болып, тұтас қалпында дүниеге келеді де, соның ілгері даму барысында оның тармақталған салалары пайда болады. Мысалы, химия ол баста біртұтас ғылым болса, бұл күнде оның органикалық, органикалық емес биологиялық, катализ тәрізді бірнеше салалары бар. Сол сияқты тіл білімін, оның бір бөлігі – грамматиканы да, ертеде филологтар дәл бүгінгідей саралап жік-жікке бөлп қарастырмайтын. Фонетика да морфология, синтаксис қатарында грамматиканың бір бөлігі деп есептелетін. 1894-1897 жылдары орыс тілінде шыққан П.М. Мелиоранскийдің “Краткая грамматика казак-киргизского языка” деген екі кітабы, олардан бұрын шыққан Казембектің және миссионерлер жазған “Алтай тілінің грамматикаларына” негізделгенмен, онда да фонетика грамматиканың бір бөлігі болып, морфологияны “Этимология” деп атап, оған синтаксис мәселелері де енгізіліп, синтаксиске арналған кітабында морфологияға қатысты мәселелері араластырылады. Бұл еңбек сол кездегі түркітанушылардың тіл мәселелерін ғылыми тұрғыдан қарастыруының дәрежесін бүгінгімен салыстырғанда, өте төмен екенін көрсетсе, екінші жағынан - өз заманының қазақ тіл біліміне қосқан үлкен үлесі. Ол – қазақ тілі жайында шыққан ең бірінші, әрі көлемді грамматика. П.М.Мелиоранский соны жазғанда, қазақ тілін өз ана тіліндей біліп, қазақ тілі материалдарын зерттей жүріп, солардың қорытындысы ретінде жазбаған, “Алтай тілінің грамматикасының” үлгісімен жазған, ол екі кітапта баяндалған көп мәселелер әлі күнге дейін өзінің құнын жойған жоқ.

1920 жылдары Ахмет Байтұрсыновтың “Тіл-құралдары” (үш кітап) оқу орындарында оқулық есебінде жұмсалған елеулі еңбек болды. Онда грамматикалық атаулар мен дыбыс, буын, сөз, сөйлем құрылыстары жайында жүйелі түрде мағлұматтар берілген. Синтаксиске қатысты бастапқы мағлұмат үшінші “Тіл – құралында” баяндалады. Бертінде, 1930-40 жылдары қазақ тілінің бірнеше грамматикасы шықты, синтаксиске арналған азын-аулақ зерттеулер мен шағын мақалалар жарияланды. Оларды жай және құрмалас сөйлемдер синтаксистерінің негізгі мәселелері біршама тәуір баяндалады да, сөз тіркесінің синтаксисі атаусыз қалады. 1939 жылы проф. Қ.Қ. Жұбановтың, 1939 жылы С.А.Аманжолов пен С.Н.Сауранбаевтың бірігіп жазған оқулықтары шықты.

Бұларда сөйлем мүшелерінің тіркесі жайында айтылғандары сөз тіркесіне де қатысы бар деп қарауға болар, бірақ синтаксистің еленбей жүрген келелі саласы сөз тіркесі екенін де, оның жекелеген мәселелерін де ол авторлар ғылыми зерттеудің объектісі деп танымайды, танымағаны былай тұрсын, сөз тіркесі мүлде ауызға алынбайды. С.Аманжоловтың жоғарыда аталған кітабында “сөздердің тізбектері” деген тақырып бар. Онда лексикалық пен тұрақты тіркеске қатысты мысалдарды екі бөліп баяндайды.

Дұрысында, 1940 жылдары қазақ тілінің грамматикалық категорияларын айқындау жұмысы мектептерге әртүрлі бағдарламалар, оқулықтар жазу үстінде жүріп жатты. Бізде ол жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялап барып, солар негізінде оқулықтар жазылған жоқ, бірақ оқулықтар жазылу үстінде көптеген ғылыми қорытындылар жасалып отырылды. Сонда қазақ тілін зерттеушілердің пікір таластары жоқты бар ету бағытында болмай, көбінесе барды дұрыс түсіну, солардың грамматикалық сыр-сипатын айқындау ыңғайында болып отырды. Соларды игеріп алмай тұрып, әрине, жаңалыққа қол созу да оңай еместі. Әйтсе де проф. Қ.Қ.Жұбанов қазақ тілінің грамматикасын жаңаша құрастырып, бірқатар грамматикалық атауларды жаңаша атап, көптеген мәселелерді өзінше дұрыс бағдарлап баяндауға тырысты. Сол бағытта орта мектепке арнап 1936 жылы грамматика оқулығын шығарды, соған байланысты “Ауыл мұғалімі” журналында “Жаңа грамматиканың жаңалықтары” деген мақала жариялады. Қ.Жұбановтың мектеп

тәжірибесінен ғылымға шұғыл бет бұруының бір айғағы есебінде автордың көмекші етістіктер жайындағы және сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібінің тарихы жайындағы еңбектерін айтуға болады. Соңғы мәселеге арналған кітапта Қ.Жұбанов сөйлем мүшелерінің бұл күндегі орналасу тәртібінің ертеде өзгеше болғанын дәлелдейді. Сондағы ғылыми болжаулар мен келтірілген деректердің сөйлем мүшелеріне ғана емес, сөз тіркестері тарихына да тікелей қатысы бар.

Мектеп тәжірибесінен ұлғайған ой-пікірлер проф. С.Аманжоловты да “Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы” жазуға итермеледі. Бұл студенттер үшін жазылған бірінші оқу құралы болғандықтан және автордың синтаксис мәселелерін ғылыми тұрғыдан баяндау мақсатын көздегендіктен, кезінде филолог-студенттердің қажетіне жараттық дейді. Бірақ автор ол кітапта сол кездегі “жаңа ілім” қағидаларын қазақ тілі синтаксисімен ұштастырмақ болды. Сөйтемін деп синтаксистің біраз мәселелерін теріс түсіндірді. Сонымен қатар сол кітапта қазақ тілі материалдарына сүйеніп айтылған, дұрыс қорытқан да мәселелер бар. Олары соңғы жылдары басқа авторлармен бірлесіп жазған орта мектеп оқулығынан орын алды.

Қазақ тілі синтаксисіне елеулі еңбек сіңірген ғалым С.Жиенбаев болатын. Оның жай және құрмалас сөйлем мәселелеріне арналған құнды зерттеулерінің қатарында “сөз тіркесі” бөлек талданбайды. Бірақ “үйірлі мүше” деген атпен қай сөздің қандай сөздермен топ құрай алатыны жөнінде айтқандарының сөздердің толықтауыш, пысықтауыш қызметтерін айыру жөніндегі дәлелдерінің есімді, етістікті сөз тіркестеріне қатысы бар.

1954 жылы “Қазіргі қазақ тілі” деген атпен көлемді кітап шықты. Бұл кітап – қазақ тіл білімінің фонетика, лексика және грамматика мәселелеріне жан-жақты мағлұмат беретін елеулі табысы. Онда жеке адамға табыну, дәйексөзге әуестену тәрізді елеулі кемшіліктер бола тұрса да, көп мәселелер жүйеге салынып, ғылыми тұрғыдан дұрыс баяндалған, көптеген жаңалықтар енгізілген. Ол кітаптың синтаксис саласындағы бір жаңалығы – сөз тіркесі синтаксисін жай сөйлем синтаксисінен бөліп алып, өзіндік өзгешеліктері бар мәселелер ретінде қарастырылуы. Осыны айтып отырған автордың сол жұмысында қате тұжырымы да болды. Онда сөз тіркесі әрі сөз таптарының, әрі сөйлем мүшелерінің тілдің ретінде салаласатын, сабақтасатын байланыстағы сөздер деп қаралған. Кейінгі зерттеулеріміз мәселеге басқаша керек екенін көрсетті. Дұрысында, сөз тіркесі – сөйлем мүшелерінің тіркесі емес, сөз таптарының тіркесі. Сөз тіркесіндегі сөздер тек сабақтаса байланысады, салаласа байланысатын бірыңғай мүшелер сөз тіркесі деп есептелмейді. Олар жай сөйлем синтаксисінде қаралуға тиіс. Осы сынды өзге автор адресіне де айтуға болады.

Жалпы түркітанушылық әдебиеттерде сөз тіркесі дегенді бөліп қарамай-ақ, “анықтауыштық есімдер тобы” дегенге ерекше көңіл бөлінді. Оның себебі; ертедегі түркітанушылар түркі тілдерінің синтаксистік құрылыстарында кездесетін өзгеше құбылыстарды айқындауды басты міндет етті.

Расында, зат есім мен зат есімнің, сын есім мен сан есімдердің зат есімдермен жалғаусыз қатар тұру арқылы байланысқа еніп, анықтауыштық қатынаста жұмсалуды түркі тілдерінің елеулі өзгешелігі болып саналады.

Грамматикалық құрылыстың өзінше дербестігі, ерекшеліктері бар топтарын – грамматикалық единицалар – тұтастықтар дейміз. Солардың басты топтары сөз тіркесі, сөйлем. Бұлардың әрқайсысы әр алуан бөлшек – бөлімдерден құралғанмен, бәріне тән, бәріне ортақ белгілеріне қарап, оларды тұтасқан, тұтасып ұласқан бөлшектер тобы деп танимыз. Мысалы, сөздің дыбыс құрылысы, лексикалық, грамматикалық мағыналары болады, сөз тіркесінің құрамына еніп адамның ойын, сана-сезімін білдірудің бөлшектері қызметін атқарады. Балықтың өмірі суда болатынындай, сөздің өмірі сөз тіркесінің, сөйлемнің құрамында болады. Әлемдегі жан-жануарлардың, күнелту табиғи

айналасы болатынындай сөздің, сөз тіркесінің де “табиғи” жұмсалыуы “айналасы”, өмір сүру жағдайы болады. Бұлардың сондай шоғырланған ұясы да өмір сүру қызметі де сөйлем ішінде жұмсалыуы болады.

Осындай қарым-қатынасының нәтижесінде әрбір грамматикалық единицалар тілдің қарым-қатынас жасау қызметіне ортақтасады. Сол үшін сөз сөз тіркесінің құрамына, сөз тіркестері сөйлемнің құрамына еніп, ой, пікір тұтастығын құрастыруға қатысады.

Сөйтіп, сөз тіркесі дегеніміз сөз бен сөйлемнің арақатынасынан шығатын басты синтаксистік единицаның бірі деп есептеледі, оның жұмсалыу заңдылықтарын айқындаудан бұрын синтаксистік басқа единицалардан айрылатын қандай ерекшеліктері, жақын ұқсастықтары болады.

Ұласқан бөлшектері қаншама өзара тығыз байланыста болатындықтан ол бөлшектер бірінің қызметін басқа біреуі де атқаруы мүмкін емес пе? Көркем әдебиетте - Түн. Мидай дала. Қараңғы түн. Келді ме? Келмеді – сияқты сөздер мен сөз тіркестері сөйлем қызметінде жұмсалады. Соған қарап сөзді, сөз тіркесін сөйлемнен айырып танудың керектігі жоқ деуге бола ма? Соны дәл солай айтпаса да тіл білімінің көрнекті ғалымдары олардың арасына “сына қағып” екі айырып тастау керек екенін уағыздады.

Жоғарыда айтқанымыздай, сөз тіркесінің сыр-сипаты жайында ғалымдардың көзқарастары әр алуан. Дұрысында көз жеткізу үшін сөз тіркесінің сөйлемнен сөзден айырмашылықтары нелер екенін білу керек.

Егер сөйлем қарым-қатынас жасаудың, адам ойын білдірудің негізгі формасы болса, сөз тіркесі және сөз – сөйлем құраудың материалдары. Өзара тығыз байланыстағы бұл үш грамматикалық категорияның әрқайсысына тән өзіндік айырмашылықтары болумен қатар олардың бастары түйісетін де орындары болатыны белгілі. Қалайда күрделі сөздерді және басқа түйдекті тіркестерді сөз тіркесі деп шатастырмау керек, жеке де сөз тіркестері сөйлем қызметінде жұмсалса, олар- сөз тіркестеріне тән қасиеттерінен айырылып қалады деп те түсінбеу керек.

Сөз тіркесі кемінде толық мағыналы екі сөзден сөйлем құрамында жасалатындықтан, бұлардың ерекшеліктерін білу керек.

Сөз тіркесін сөйлемнен айырып тану керек? деген проблема көп ғалымдарға түрліше ой салған болатын. Көптеген ғалымдар, В.В.Виноградов бас болып, сөз тіркесінің номинативті, сөйлемді – предкативті деп танытын болды. Осылай сөз тіркесін “номинатив” деп тану оны “сөз” дегенмен бірдей деп санауға саятындықтан, оған басқаша анықтама, сипаттама берушілер болды. Мысалы, Н.А.Баскаков екі синтаксистік единицаларды (сөйлем мен сөз тіркесін) қарама-қарсы екі түрлі ойлау процесінің тілдегі көрінісі деп табады; абстракциялау, конкреттеу. Солардың бәрі - өзара тығыз байланыста, бірінсіз-бірі бола бермейтін екі түрлі синтаксистік тұтастықты екі бөліп оқшаулауға лайықтанған сипаттамалар.

Алдымен сөз тіркесін түгелдей номинативті деп қарау дұрыс емес. Ондай сөз тіркестері тек олардың жұмсалыу орайында атқаратын қызметі тұрғысынан номинативті деп тануға болатындары бар. Мысалы, сөз тіркестері құрылымында пайда болған терминдік тұрақты атаулар (қант қызылшасы, қызыл бұрыш, темір жол, мал дәрігері т.б.) Осындай ауыс мағыналы сөз тіркестерінен біріккен, кіріккен күрделі сөздердің жасалуы олардың екінші рет атауыш дәрежесіне көтерілуі болмақ. (Мысалы: атқұлақ, қараторғай, тасбақа, балықкөз, өнеркәсіп, қолөнер, кәсіподақ, қайнаға)

Сөз тіркесіне, сөйлемге материалдық негіз болатын – сөз. Сөз тіл білімінде лексикология мен семасиологияның зерттеу объектісі болуымен қатар, грамматикада да әртүрлі ыңғайда қарастырылады. Сөздердің құрамы, тұлғасы, жасалу жолдары, олардың грамматикалық мағыналы топтары морфологияда қаралады. Ал сөздің сөз тіркесінің сыңары болуы, сөйлем мүшесі, кейде сөйлем қызметтерінде жұмсалыуы

синтаксисте қаралады. Сондай-ақ тіркескен сөз топтары да әр түрлі ыңғайда қарастырылады.

Сөз, негізінде, дараланған ұғымды, лексика-грамматикалық мағынаны білдіреді. Олар мағыналық үйлесімділігіне қарай тілдің синтаксистік ережелері негізінде әр алуан лексикалық және синтаксистік топ құрау арқылы сөйлем ішінде айтылады. Қарым-қатынас жасау үшін ойды айтудың негізгі формасы сөйлем болса, сөзді сөйлем құраудың материалы деп білеміз.

Сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі әрбір грамматикалық топтағы сөздердің мағыналық және грамматикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Оның үстіне тіркескен сөздер тобының сапасы әр уақытта бір түрлі болмайды, әр алуан болады. Мысалы, екі, кейде одан да көп сөздер тіркесіп бір лексикалық түйдек жасалады (ақ қайың, боз торғай кетіп бара жатыр); кейде екі не одан да көп сөз тіркесін синтаксистік тізбек жасалады (қарлы тау, желсіз түн, жығл сайын көріну, саған бола келу).

Лексикалық және басқа түйдекті тіркестер “сөз тіркесі” деген категорияға жатпайды. Лексика-грамматикалық мағыналары айқын сөздердің біріне-бірі сабақтаса бағынып барып жасалған синтаксистік тобы ғана сөз тіркесі деп есептеледі. Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін, оның мынандай белгілеріне қарау керек: 1)Сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады; 2)Ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады. Олар салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысалы. 3)Тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Осындай синтаксистік қатынас тек толық мағыналы сөздердің сабақтаса байланысуы нәтижесінде пайда болады. Басқаша айтқанда, лексика-грамматикалық дербестігі бар сөздерденбасыңқы-бағыныңқылы сөз тіркесі жасалғанда, ол сөздердің бұрынғы мағыналары өзгеріліп, жаңа лексикалық мағына пайда болмайды; мүшелік қарым-қатынасты білдіретін қосымша грамматикалық мағына пайда болады. Мысалы, кең өріс деген сөз тіркесіндегі кең сөзінің кеңістік сапаны білдіруі – оның лексикалық мағынасы, оның сын есім екендігі – грамматикалық мағынасы. Өріс сөзінің лексикалық мағынасы – мал жайылымын білдіруі, грамматикалық мағынасы – зат есім екендігі. Осы сын есім мен зат есімнің тіркесуі нәтижесінде жаңа грамматикалық мағына пайда болған. Ол – анықтауыштық. **Сөйтіп, синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі дейміз.**

Сөздер синтаксистік топ құрап сөз тіркесі болғанда, олардың құрамына әр алуан сөздер енеді. Ол сөздер түрлі-түрлі морфологиялық тұлғаларда айтылады. Сөздердің ол тұлғалары, лексика-грамматикалық мағыналары тіркескен сөздердің қарым-қатынасына үйлесімді айтылады.

Кез-келген сөзді бірімен-бірін тіркестіре салуға болмайды. Өзара мағыналық байланыста айтыла алатын сөздер ғана синтаксистік байланыста, белгілі сөз тіркесінің құрамында айтылады. Мысалы, үркек сөзі жанды заттың сынын білдіреді. Онда да оны үркек ат, үркек бие, үркек тайлақ дегендей сөз тіркесінің құрамында айтуға болады, ал үркек ешкі, үркек бала, үркек тауық деу ерсі болады. Сол сияқты, жуас сөзін ат, түйе, бала сөздерімен тіркестіруге болады, ал оны тауық, ағаш сияқты сөздермен тіркестіруге болмайды. Болмайтын себебі – бұлар өзара мағыналық байланыста айтылмайды, сондықтан олар тіркесу қабілеті жоқ сөздер деп есептеледі.

Көркем әдебиетте бір затқа тән қасиетті басқа затқа телу арқылы сөз кестелерін әшекейлеуге болады. Ондайда әдеттегіден өзгеше ойнақы тіркестер жасалады. Мысалы, Асау терек долданып, буырқанып... дегенде, Абай асау сөзін Терек сөзімен тіркестіріп айту арқылы ол өзеннің көркем бейнесін көз алдына елестете қояды. Сондай-ақ асау

сөзі әдетте, асау ат, асау тай, асау бие сияқты құрамда кездесетін болса, көркем әдебиетте асау жел (Иса), асау қиял (Жамбыл), асау жүрек (Абай), тәтті қылықтарын, есалаң тілек тәрізді тіркестер де кездеседі. Мұндайды метафоралық тіркес дейміз. Сөз тіркесінің құрамы көбінесе еркін болады. Мысалы, жақсы, ақылды, биік сөзін толып жатқан зат есімдермен тіркестіре беруге болады; жақсы кісі, жақсы бала, жақсы жайлау, жақсы ырым, жақсы ниет, биік тау, биік ағаш. Осындай құрамын өзгертіп айтуға болатын тіркесті еркін тіркес дейміз.

Өзара тіркескен сөздің бірі екіншісін өзіне бағындырып тұрады. Сондықтан сөз тіркестері сабақтаса байланысқан екі сыңардан құралады; бірі – сөз тіркесінің ұйытқы бөлегі, сөз тіркесінің грамматикалық дінгегі- оның басыңқы сыңары, екіншісі – оны4 бағыныңқы сыңары.

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің морфологиялық құрылысы әртүрлі болады; бағыныңқы сөз басыңқы сөздің кейде мағынасына үйлесе тұлғаланады, кейде грамматикалық формасына сай тұлғаланады. Мысалы; кітап оқып, хат жаздық деген екі сөз тіркесінің бағыныңқы сөздері (кітап, хат) жалғаусыз табыс септігінде айтылған. Солай болуға басыңқы сөздің қосымшалары – (оқып), -дық (жаздық) себепкер болып тұрған жоқ, оқы, жаз етістіктерінің сабақтастық мағынасы себепкер болып тұр. Сондай-ақ кітапханадан шықтым, трамвайға міндік деген сөз тіркестеріндегі бағыныңқы сөздер шығыс, барыс жалғауларында айтылған. Сол жалғауларды керек етіп тұрған – басыңқы сөздердің қосымшалары –тым, -дік (міндік) емес, шық, мін етістіктерінің лексикалық мағыналары. Сонымен қатар жоғарғы етістіктердің түрлі тұлғада айтылуына бағыныңқы сөздердің ешқандай әсері жоқ. Сондықтан кітап оқы, кітап оқып, кітап оқыған, кітап оқыдық дегендей басыңқы сөздерді түрлендіргенмен, олардың бағыныңқылары бұрынғы қалпын өзгерпейді. Солар сияқты; алтын білезік, алтын білезіктің, алтын білезікке деп есім сөз тіркесінің де басыңқы сыңарын түрлендіріп айтуға болады, бірақ оған қарап бағыныңқы сөз (алтын) орыс тіліндегідей (золотой браслет, золотого браслета) грамматикалық тұлғасын өзгертпейді.

Сөйлем ішінде сөз тіркестері екі түрлі ыңғайла құралады;

1) Сөз тіркестері тізбектеліп, ондағы сөздер біріне-бірі сатылана байланысады. Мысалы; Жолаушы үлкен ағаштың көлеңкесінде жатыр екен дегенде, үлкен өзі ағаш сөзіне бағынып, бір тіркес, ағаштың сөзі көлеңкесі дегенмен байланысып, екінші тіркес жасаған, ал көлеңкесінде сөзі жатыр екен етістігімен тіркескен. Олардың сол сатылана байланысу жігі былай болады;

Үлкен ағаш ----

\_\_\_\_тың көлеңкесі \_\_\_\_

\_\_\_\_\_нде жатыр екен.

2) Кейде сөз тіркесінің құрамындағы бірнеше бағыныңқылар бір басыңқыға ортақтасып тұрады. Мысалы; Кеше театрға апаммен бардық деген сөйлемде мынандай сөз тіркестері бар.

кеше

театрға

бардық

апаммен

Сөз тіркестерін құрауда зат есім мен етістіктердің қызметі ерекше. Олар көбіне сөз тіркестерінің басыңқы сыңары болады да, сапалық есімдер (сын есім, сан есім, есімше, сілтеу есімдіктері) мен үстеулер, еліктеуіш сөздер мен көсемшелер көбінесе сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде жұмсалады. Сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қара сөзден құралған сөйлемдерде басыңқыдан бұрын тұрады, өлеңді сөйлемдерде керісінше орналасуы мүмкін.

Сөз тіркестерін дұрыс талдай білу үшін, олардан басқа тіркестердің түр-түрпаты қалай болатынын жақсы білу керек.

Өзара байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына енетін тіркестер түйдекті тіркес болады.

Түйдекті тіркестер құрамындағы сөздердің бәрінің не біреуінің лексика-семантикалық дербес мағынасы болмайды. Олардың тіркесуінен қосымша грамматикалық мағына пайда болмайды. Мысалы, көз тігеді, жаңа бастады, шапқан сайын деген тіркестер екі-екі сөзден құралған. Олардың құрамындағы жеке сөздердің, бөлек алғанда, белгілі мағыналары бар, бірақ олардың тобын жазып, әр сөзді сөйлемнің жеке мүшесі деп қарауға болмайды.

Ерлік жолдасының нұрлы жүзіне күлімсіреп **көз тігеді**. Пештегі отын лаулап жана бастады. Қаракер шапқан сайын үдейді.

Бұл сөйлемдердегі көз тігеді–идиомалы тіркес, баяндауыш, ол күлімсіреп дегенмен бір сөз тіркесінің құрамында айтылып тұр; жана бастады – күрделі етістікті тіркес, баяндауыш, онымен лаулап деген сөз тіркескен, шапқан сайын – күрделі есімді тіркес, ол үдейді етістігімен тіркесіп пысықтауыштық қатынаста айтылған.

Осылардай лексика-грамматикалық топ болып, сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын тіркесті түйдекті тіркес дейміз.

Тұрақты тіркестер тобы. Қазақ тілінде басқа тілдердегідей, бірқатар сөздер тобы тұрақталған тіркес қалпында жұмсалады. Мысалы, Төбеден түскен түнек жаудың **үрейін ұшырып, есінен тандырды**. Бұл сөйлемдегі **үрейін ұшырып, есінен тандырды** деген тіркестер олардағы жеке сөздердің тіке мағынасына сәйкес ұғымда жұмсалмаған, сол тобымен өзгеше мағынада жұмсалған: үрейін ұшыру – қатты қорқыту; есінен тандыру- есін шығару. Бұлардың бір сөзін мол мағынасында, сол тұлғада кез келген басқа сөздермен тіркестіріп айта беруге болмайды (болса, үрейім қалмады, зәрем ұшты (қатты қорықтым), есінен шығып кетті.(ұмытып кеттім) сияқты өте аз кездеседі). Бұл жағынан ол тіркестерді құс ұшты, балапан ұшты, қарға ұшты, самолет ұшты; үйден шықты, кеңседен шықты, есіктен шықты деген сөз тіркестерімен тең қоюға болмайды; алдыңғылар тұрақты тіркестер де, соңғылар – еркін тіркестер. Тұрақты тіркестердің құрамындағы жеке сөздер де сөйлемнің бөлек-бөлек мүшесі болмай, сол тобымен бір-ақ мүшенің қызметін атқарып тұрады. Сонымен қатар олар сөз тіркесінің бір-бір сыңары болып, күрделі сөз тіркестерінің де құрамында айтылады; Жаудың үрейін ұшырды, айтқаның есімнен шығып кетті.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөз тіркесінің синтаксисі туралы түсінік
2. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем туралы жалпы сипаттама
3. Сөз тіркесі дегеніміз не?
4. Сөз тіркесінің құрамы мен құрылысы
5. Түйдекті тіркес дегеніміз не?

### Пайдаланатын әдебиеттер

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы. 1992.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006
6. Сайрамбаев Т. Сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисі. 1991.



## Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері

### Жоспары

1. Сөздердің байланысу тәсілдері туралы түсінік
2. Сөздердің байланысу тәсілдерінің түрлері
3. Сөздердің байланысу формалары

Тірек сөздер: сөздердің қосымшалар арқылы, шылаулар арқылы, интонация арқылы, орын тәртібі арқылы байланысуы, қиысу, матасу, меңгеру, жанасу, қабысу т.б.

Сөздер грамматиканың қарамағына түсіп, синтаксистік қызмет атқару үшін өзара бері байланыста болуылары керек. Мысалы: мен жазба, өлең, ермек дегендер бытыраңқы сөздер. Бұл сөздер біршама аяқталған ойды білдіретіндей сөйлем құрамына енгенде. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін... дегендей синтаксистік байланысқа еніп, өзара тіркесіп тұруға тиіс. Сонда мен деген сөз жазбаймын деген сөзбен жіктік жалғауы арқылы байланысып, бір тіркес болса, өлеңді деген сөз табыс жалғауы арқылы жазбаймын деген сөзбен байланысып, үшінші тіркес жасалады.

Сөздер, осылай өзара тіркесіп барып бір тұтас сөйлем болғанда, олар әр алуан синтаксистік тәсілдер арқылы байланысады. Сөз бен сөзді байланыструға дәнекер болатын синтаксистік тәсілдер, негізінде, мыналар: 1. Жалғаулар (септік, тәуелдік, көптік, жіктік). Мысалы: жастардың міндеті деген сөз тіркесіндегі екі сөздің алдыңғысы ілік жалғауда, соңғысы тәуелдік жалғауда айтылу арқылы байланысқан. 2. Шылаулар (демеулер, жалғаулықтар). Отаным үшін аттанам, көрген сайын сұрайды дегендер шылаулар арқылы байланысқан. 3. Сөздердің орын тәртібі биік тау, темір күрек, хат жаз, білім ал деген сөз тіркестері ешқандай жалғаусыз тек қатар тұру арқылы байланысқан. 4. Интонация. Бұл – кітап. Жақып – бригадир – интонация арқылы байланысқан.

Сөз тіркесіндегі сөздердің қосымшалары арқылы байланысуы – синтетикалық байланыс, қосымшаларсыз, орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысуы аналитикалық байланыс болады.

Сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан синтаксистік байланыс жүйесін сөздердің байланысу формалары дйміз.

Қазақ тіліндегі сөздердің синтаксистік байланысу формалары мыналар: 1) қиысу, 2) матасу, 3) меңгеру, 4) қабысу, 5) жанасу.

**Қиысу** - синтаксистік байланыстың көп қолданылатын түрі. Қиысу да - сөйлемдегі бағыныңқы мүше басыңқы мүшенің грамматикалық тұлғасына не грамматикалық мақынасына қарай тұлғаланады. Мысалы: Мен көрдім ұзын қайың құлағанын деген сөйлемде мен көрдім –қиыса байланысқан сөздер. Онда мен деген бастауыштың I жақтық грамматикалық мағынасымен үйлесіп, көрдім деген баяндауыш та бірінші жақтық жіктік жалғауда айтылған. Сіздер талапты жеткіншектерсіздер дегенде, баяндауыш сіздер деген бастауыштың II жақтық грамматикалық мағынасына және –дер деген грамматикалық тұлғасына қарай, дәл сондай жалғауларда айтылып қиысып тұр.

**Матасу** - сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сөздің басыңқыға және басыңқының бағыныңқыға қарай тұлғаланып байланысуы. Осылайша бірімен-бірі қарама-қарсы, матаса байланысатын сөздердің бірі ілік жалғауда, екіншісі тәуелдік жалғауда айтылады. Мысалы: ағаштың бұтағы, сенің кітабың, колхозшылардың табысы.

**Меңгеру**-сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөздің басыңқымен мағыналық үйлесімі негізінде септік жалғауларының (іліктен басқа) бірінде тұрып байланысуы: меңгерілетін сөз табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларының бірінде тұрады да, меңгеретін сөз етістік, есім не сол екеуінің ортақтасқан тобы болады. Осыған қарап

меңгеруді үшке бөлеміз: етістікті меңгеру (терезені ашты, жайлауға шықты, қалтасынан алды, жолда жатты, түнімен жүрді), есімді меңгеру (қойдан жуас, оқуға ықыласты, қалада көп), ортақ меңгеру (айтуға тілім жетпейді, сөзін мақұл көрдік, жұртқа күлкі болғанмен, маған күлкі емес).

**Қабысу** – сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарының басынқымен жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысы. Қабыса байланысатын сөздердің көпшілігі тұрған орындарын өзгертпейді, жұбын жазбайды. Ал бірқатар қабыса байланысатын сөздер сөйлемдегі орнын өзгертіп, өздері бағындыратын сөздерінен қашықтап та тұрады. Ондай алшақ байланыс **жанасуға** жатады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөздердің синтетикалық байланысы қалай жасалады?
2. Сөздердің аналитикалық байланысы қалай жасалады?
3. Сөздердің байланысу формалары қандай?

### Пайдаланатын әдебиеттер

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы. 1992.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006
6. Сайрамбаев Т. Сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисі. 1991.

### Сөз тіркесін топтастыру принциптері. Есімді сөз тіркесі

#### Жоспары

1. Сөз тіркесін топтастыру туралы
2. Есімді сөз тіркесі туралы түсінік
3. Есімді сөз тіркесінің түрлері

**Тірек сөздер;** сөз тіркесі, есімді сөз тіркесі, етістікті сөз тіркесі, қабыса байланысқан, матаса байланысқан, меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркесі.

Сөз тіркесін бірқатар авторлар сөйлем мүшелерінің ыңғайында топтастырады. Олар тіркескен сөздердің өзара мүшелік қарым-қатынасына қарай, сөз тіркесін “предикативті” және “предикативті емес” деп екіге бөледі де, соңғыдан “толықтауыштық”, “анықтауыштық” және “пысықтауыштық” сөз тіркестерін шығарады. Сөз тіркестерін бұлай топтастыру сөздердің өзара тіркесу ерекшеліктеріне негізделмей, сөйлем мүшелерінің өзара тіркесіне негізделгендік болады. Егер сөз тіркесін “сөйлем мүшелерінің тіркесі” деп есептейтін болсақ, оның синтаксистік ерекшеліктерін елемей, сөйлемнің синтаксисімен араластырып жіберген боламыз. Бұл – бір. Екіншіден, сөз тіркесі мен сөйлем мүшелерінің жігі бір емес. Мысалы, кен байлығы, мал дәрігері, қос ауыз, қазан пышақ сияқты сөз тіркестері сөйлемде бір-бір күрделі мүше болып жұмсалуды мүмкін. Сондықтан ол топтастыруды қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Рас, сөздер бірімен-бірі тіркесу нәтижесінде белгілі мүшелі қатынаста айтылады. Бұл жағдай сөз тіркесінің синтаксисінде еленеді, бірақ оның ең басты белгісі бола алмайды.

Сөз тіркесін топтастыру принциптерін дұрыс белгілеу үшін сөз тіркесінің зерттеу объектілері нелер екенін, оның басты-басты ерекшеліктерінің нелер екенін ашу керек.

Сөз тіркесі синтаксисінің негізгі объектісі – сөйлем мүшесі емес, сөз. Сөздердің өзара тіркесуі – олардың грамматикалық қасиетінің бірі. Сөз тіркесінің синтаксисінде

жеке сөз таптарының, олардың бөлшектерінің басқа сөздермен және өзара тіркесу қабілеті, байланысу тәсілдері, сөздердің сөз тіркесін құраудағы қызметі қарастырылады.

Қазақ тілінің сөз тіркестері сөздердің өзара тіркесу қабілетіне қарай есімді және етістікті болып үлкен екі салаға бөлінеді. Есімді сөз тіркесінде есім сөздердің бірі басыңқы болады да, етістікті сөз тіркесінде етістік басыңқы сыңар болады.

Есімді, етістікті сөз тіркестерінің құрамдары, түр-тұрпаты әр түрлі болады. Сөз тіркесіндегі сөздердің басын құрайтын және сөз тіркестерін жіктеуге критерий болатын синтаксистік тірек – сөздердің байланысу формалары. Есімді және етістікті сөз тіркестері сол байланысу формаларына қарай өзара бірнеше топқа бөлінеді.

Есімді сөз тіркестері қабыса, матаса және меңгеріле байланысады, етістікті сөз тіркестері қабыса және меңгеріле байланысады.

Соңғылар қандай сөздерден құралатынына қарай өзара тағы бірнеше топқа бөлінеді.

**Есімді сөз тіркесі туралы түсінік.** Есімді сөз тіркесінің басыңқы сөзі әр уақытта есім, көбінесе зат есім болады. Зат есімдердің жетегінде айтылып, оларға бағынып тұратын тұратын сөздер де көбінесе есімдер болады. Ол есімдердің бірқатары сөз тіркесін құрау үшін өзара қабыса байланысады.

**Қабысу** – түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің грамматикалық мағынасына, тұлғасына бейімделе, тиісті жалғауда айтылып, байланысса, қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек қатар тұру арқылы тіркеседі. Сонда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің орын тәртібі болады.

Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі; оның бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, есімше, бстеу болады да, басыңқы сыңары зат есім, субстантивтенген сын, сан есімдер болады.

Зат есіммен қабыса тіркесетін сөздер;

**Зат есім;** темір күрек, ағаш күрек, жел диірмен, түлкі тымақ, етікші бала, жұмысшы адам.

**Сын есім;** биік тау, қызық өмір, жақсы талап, малды колхоз.

**Сан есім;** үш кісі, мың қой, оныншы мектеп.

**Сілтеу есімдігі;** бұл қала, мына бала, ана кісі, осы ауыл, сол табыс, ол сұрақ.

**Есімше;** айтылған сөз, келген кісі, айтар сөзім.

**Үстеу;** бүгін бала, ертең оқытушы.

Бұларды жинақтап, зат есіммен қабыса байланысатын сөздерді схемамен көрсетсек болады:

Сын есім мен зат есім: жібек орамал

Зат есім мен зат есім: балалы үй

Сан есім мен зат есім: алтыншы арба

Есімше мен зат есім: Орындалған арман

Сілтеу есімдігі мен зат есім: мына қала.

Үстеу мен зат есім: бүгін студент.

Бұл есімдердің өзара тіркесу қабілеттілігі бірдей емес. Олардың сөз тіркесін құрау ерекшеліктерін білу үшін, әр түрін бөлек қарайық.

Қабыса байланысқан зат есімдерден құралған тіркестер. Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің жиі қолданылатын бір түрі – зат есімдерден құралатын тіркестер. Екі

зат есім атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады; алтын сағат, ағаш күрек, жібек орамал т.б.

Осындай тіркесте айтылатын зат есімдер тобы көбінесе екі сөзден құралады. Олар өзара әр уақытта анықтауыштық қатынаста айтылады; қамыс құлақ, бота тірсек, темір қанат балапан, шаруа қол товар.

Осы тәрізді қатар тұру арқылы бірін-бірі анықтайтын зат есімдер тобы екі, үш, кейде төрт сөзден құралуы мүмкін; темір қанат балапан, қой көз бала, шокпар темір таяқ.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес фразалық бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады.

Зат есімдерден құралған анықтауыштық топқа кез келген зат есім ене бермейді. Оған өзара мағыналық байланыста бола алатын сөздер, тілде солай айтылып үйреншікті болған сөздер ғана енеді. Сондықтан тас жол, темір күрек, қол сағат деп айтылады да, керісінше, жол тас, күрек темір, сағат қол деп айтылмайды. Зат есімдерден болған сөз тіркесінің бірінші сыңары көбінесе конкретті, материалды заттың аты, кейде солай ұғынылатын басқа есімдер болады. Күш, өнер, өнеге, қайрат, әрекет, айла, айбат, сес, ұйқы, тәртіп, абырой, кінә, түс, обал сияқты абстракты зат есімдер сол түбір қалпында ол топтың бірінші сыңары болып айтылмайды.

Бірқатар зат есімдер, жоғарыдай, анықтауыштық құрамда жұмсалыу үшін ол екеуінің алдында басқа анықтауыштар болуды керек етеді;

а) **Аяқ жол** деп айтылмайды, **жалғыз аяқ жол** дегенде ғана олар анықтауыштық құрамда енеді. **Арқа отын** деп жалаң айтылмайды, бір арқа отын дегенде оның алдында сан есімнен анықтауышы болса ғана, екі зат есім қатар тұрып тіркесе алады.

ә) Сол сияқты, қайнатым шай, үзім нан, асым ет қалпында етістіктің аяғына –ым/-ім жұрнағы жалғанып жасалған зат есімдер мен басқа зат есімдер сандық анықтауышсыз бір топ құра алмайды, бір қайнатым шай, бір үзім нан, екі асым ет сияқты құрамда ғана айтылады. Сонда, екі заттың анықтауыштық қатынаста айтылуы олардың алдындағы сан есімдерге байланыстан болады. Бұлай болу – барлық затқа бірдей шарт емес.

б) Салпаң, қалқан сияқты бейнелеуіш сөздер қатысқан зат есімдер басқа затпен тіркесіп, анықтауыштық құрамда айтыла алады; Қалқан – қалқан құлақ бала, Салпы – салпы ерін ат, Бұлаң – бұлаң құйрық түлкі, Сылтық – сылтық аяқ түйе.

в) Бірқатар зат есімдер өзара тіркесу үшін олардың алдында келте, қысқа, биік, ұзын, жұқа, қалың, шолақ, қаба сияқты сын есімдер болады; ұзын құйрық түлкі, биік өкше етік.

г) Бірқатар зат есімдер тек қосарланып айтылғанда ғана басқа зат есімдермен тіркесе алады; қора-қора қой, үйір-үйір жылқы, тарам-тарам тамыр, айқыш-айқыш жол т.б.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері түрлі-түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады. Ол жағдай анықтауыштық топтағы заттардың семантикалық өзгешеліктерімен байланысты. Мысалға қамыс қора, қамыс құлақ дегенді алайық. Бұлардың сыртқы құрылысы бірдей, бірақ мазмұны бірдей емес; қамыс деген зат есім қораның алдында тұрып, қораның қамыстан істелгенін білдірсе, құлақ деген сөздің алдында тұрып, құлақтың қамыстай екенін білдіреді. Соңғының орнына қамыс сырнай десек, мұнда да сырнайдың қамыстан істелгендігін білдіреді. Сол сияқты: Тас үй – тастан салынған үй. Тас еден – тас төселген еден. Тас балға – тасты сындыратын балға. Бұл мысалдарға қарағанда, есімді сөз тіркестерінің мазмұны, бір жағынан,

басыңқы сөздің мағынасымен байланысты болса, екінші жағынан, оның анықтауышы болған бағыныңқы сөздің заттық мағынасымен байланыста болады.

**Сын есімді тіркестер.** Сын есімді – заттың әр түрлі сындық сапасын білдіретін сөздер. Солай болатындықтан олар зат есімдерге қатысты болып, зат есімдерден тіркесіп, есімді сөз тіркесінің құрамында өте көп жұмсалады. Сын есімдердің лексикалық мағыналарына және синтаксистік қызметіне қарағанда, олар есімді сөз тіркестерінің арнаулы бағыныңқы сыңары болатын.

Сын есімдер мен зат есімдер қатар тұру арқылы өзара қабыса байланысқан есімді сөз тіркесі жасалады. Мұндай синтаксистік тіркестердің құрамы әр алуан болатындықтан, олар әр түрлі анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мысалы, анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сын есімдер заттың түсін (ақ қар, боз ат, көк шөп, қызыл гүл), заттың көлемдік сапасын (тар жол, қысқа жіп, кең сарай), заттың табиғи күйін (қалың қарағай, салқын жел), тамақтың дәмін (тәтті тамақ, ащыс сорпа, қышқыл жеміс), заттың салмақтың мөлшерін (ауыр жүк, жеңіл чемодан) т.б. білдіреді.

Осындай әр түрлі мағынада жұмсалатын сын есімдер кез келген зат есіммен тіркесе бермейді және барлық сын есімдердің зат есімдерден тіркесу қабілеті бірдей емес. Мысалы, тілемсек деген сөз адамның ғана сынып білдіреді. Сондықтан оны тілемсек кісі, тілемсек бала, тілемсек шал сияқты құрамда айтуға болады, тілемсек ат, тілемсек қоян тәрізді құрамда айтуға болмайды. Сол сияқты асау сөзін асау ат, асау бие, асау тайлақ сияқты құрамда айтуға болады да, асау бала, асау шал, асау тал деп айту ерсі болады. Оның себебі әрбір сын есімнің білдіретін лексикалық мағынасы белгілі затқа тән сапа болады. Сондықтан мысалы, қисық сөзін қисайтуға болатын заттардың, асау сөзін көлік малын білдіретін заттардың сапасы деп айтуға болады, көркем әдебиетте ондай, белгілі ғана заттың сапасын кейде мағыналық үйлесімі кем басқа затқа теліп, сол арқылы сөз тіркесінің мазмұнын көрікті етіп әсірелеуге болады.

**Сан есімді тіркестер.** Сан есімдер – зат есімдерге тән, оларды сан жағынан анықтап тұратын, зат есімнің жетегінде айтылатын, өзінің басыңқылық дербестігі жоқ сөздер. Олардың зат есімдермен тіркесуі арқылы қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері жасалады. Сан есімдер зат есімдердің өзара тіркесу қабілеті ерекше болатындықтан, ондай сөз тіркестері жиі кездеседі және олардың құрамы әр түрлі болады.

Бірқатар зат есімдер талдап саналатын конкретті заттардың аты болады да, бірқатары абстракт ұғымының аты болады. Осыған орай, сан есімдер барлық зат есіммен бірдей тіркесе алмайды; олар санауға болатын заттардың атын білдіретін сөздермен тіркесе алады да, санауға болмайтын, абстракт ұғымды білдіретін зат есімдермен тіркеспейді. Соңғыға мынандай сөздер жатады;

а) балалық, жастық, сұлулық, тазалық, жалқаулық

ә) гүрсіл, тарсыл, қарау, жүдеу, жасқану сияқты құбылыс, процесс аттарын білдіретін зат есімдер;

б) логика, психология, химия, биология, педагогика сияқты ілім және ғылым аттарын білдіретін зат есімдер.

**Есімшелі тіркестер.** Зат есімдермен қабыса байланысатын сөздердің тағы бір тобы – есімшелер. Есімшелердің зат есімдермен тіркесуі арқылы анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестері жасалады, мысалы; орылған егін, жайнаған дала, көгерген шөп, келіскен кіс, айтар сөз.

**Есімдікті тіркестер.** Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болып жиі кездесетіндері – сілтеу, сұрау және жинақтау есімдіктері. Олар зат есімдермен тіркесіп, анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мысалы, мына кітап, ана тау, осы қала, қай аудан?

**Үстеулер.** Үстеулер-өздерінің лексикалық мағыналарына лайық заттың қимылдық сапасын айқындайтын сөздер. Солай болатындықтан олар көбінесе етістіктерге қатысты болып, етістікті сөз тіркесінің құрамында жиі қолданылады. Үстеулердің есім сөздермен тіркесуі кездейсоқ құбылыс емес. Қазақ тілінің материалдарына қарағанда, мезгіл үстеулері сөйлем ішінде зат есім, сын есім, сан есім және бар, жоқ сөздеріне қатысты болып, солармен қабыса байланыста көп ұшырайды.

**Матаса байланысқан сөз тіркестері.** Матасу – қиысу, меңгеру сияқты синтаксистік байланыс формаларының бірі. Ол изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің байланыс формасы; Омарбектің інісі, ағаштың бұтағы, біздің табысымыз. Бұл сөз тіркестерінің бірінші сыңарлары ілік жалғауда, екінші сыңарлары тәуелдік жалғауда айтылған.

Сөйлемдегі сөздердің осылай байланысуы – қазақ тілінің грамматикалық құрылысындағы ерекшелігінің бір. Ондай сөз тіркестерінің байланысын бірқатар авторлар қиысу деп қарайды. Енді бірқатар авторлар басқа тілдерде бар байланыс формасының, әйтеуір, біріне жатқызу үшін оны меңгеру деп таниды. Дұрысында, біздің матасу дегеніміз бен қиысудың кейбір сыртқы ұқсастығы бары рас. Бірақ екеуі бір емес; екеуінің мазмұны да, сөз тіркесін құраудың қызметі де екі басқа. Оның соңғыдан негізгі айырмашылығы мынау; егер меңгеруде өзара байланысқан сөздердің бірі екіншісіне бағынып тұлғаланса, матасуда бағыныңқы сөз бағынатын сөзге қарай айқас байланысады. Басқаша айтқанда, бір сөздің белгілі жалғауда тұруын керек ететін сөз оның жетеінде айтылып, оған бағынып тұрады. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөзге иек артып, соның жақтық, көптік мағынасына лайық, белгілі грамматикалық тұлғада айтылса, матасуда керісінше, басыңқы сөз өзіне бағыныңқы сөздің жақтық мағынасымен үйлесіп, тісті грамматикалық тұлғада айтылса, матасуда, керісінше, басыңқы сөз өзіне бағыныңқы сөздің жақтық мағынасымен үйлесіп, тиісті грамматикалық тұлғада «тәуелдікжалғауда» жұмсалады. Сөйте тұрып, ол бағыныңқы сөздің тиісті жалғауда (ілік септікте) айтылуын керек етеді:

Менің қарындасым келді,

Сенің қарындасың келді,

Оның қарындасы келді.

Мұнда тәуелдік жалғаулардағы бастауыштарға баяндауыштар бағындырылып, ілік септікті сөздер олардың анық тауыштары болып тұр. Ортадағы сөздің бірде I жақтық, бірде II жақтық, бірде III жақтылық тұлғада айтылуы оның бағыныңқысының ерекшелігіне қарай түрленетін болады да, олардың қай жақта болуымен байланысты. Сонда тәуелдеулі сөздер өзіне бағыныңқы сөздердің мағыналық байланыссыз айқасқан байланыс болады. Оны қиысумен салыстыра стрелкамен көрсетсек, былай болар еді.

Қиысу

Матасу

Бастауыш          Баяндауыш          Анықтауыш          Анықталушы

Матаса байланысуды қиысудан бөліп қарау қазақ тілінің, сонымен қатар басқа түркі тілдерінің де сөйлем құрылысында бар синтаксистік ерекшелікті дұрыс тануға себепкер болады. Олай етпей, ағаштың жапырағы, менің жолдасым дегендерді тек жақтық, сандық қиысу тұрғысынан қарағанда, ондай топтағы басыңқының тұлғаланыуы ескеріледі де, ілік жалғауындағы сөздерге бағыныңқылық ыңғайда жұмсалатыны ескерілмеген болады. Шынында да, олардың екі жағын бірдей ескеріу керек.

Матасу деген терминді қолдануда изафеттік құрылыстағы (Темірбектің інісі тәрізді) тіркестің сол сияқты басқа сөз тіркестермен де тізбектеліп, шиыршықтана беретінін ескеру қажет. Мысалы: Темірбектің інісі; Темірбектің інісінің пальтосы; Темірбектің інісінің пальтосының түймесі; Темірбектің інісінің пальтосының түймесінің бауы;

Бұл матаса байланысқан бір тізбекті тіркестің соңғы сөзі одан бұрын тұрған сөзбен матаса байланысып, ол басқа сөздермен тағы сондай синтаксистік байланысқа еніп, 3-4 сатылы шумақты топ жасалған. Ол топтың бірінші және соңғы сөзінен басқалары да анықталушы, әрі анықтауыш болып, бәрі жиналып, өзара матаса байланысқан бір синтаксистік шумақ болып тұрады.

Изафеттік құрылыстағы сөз тіркестерімен өзара матастырып тұратын грамматикалық тұлғалар – ілік, тәуелдік жалғаулары. Сонда ондай сөз тіркестерінің бірінші сыңары ілік жалғауында айтылады да, екінші сыңары тәуелдік жалғауда болады. Тек біз, сіз деген екі есімдік ілік жалғауда жұмсалғанда, онымен тіркесетін сөз жалғаусыз да айтылады; біздің бала, біздің ауыл, сіздің бала, сіздің ауыл.

**Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері.** Сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары есімді, етістікті бағыныңқы сөздердің байланысу формасына, тұлғасына қарап бірнеше топқа бөлінеді. Соның бірі – меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері. Меңгеріле байланысатын сөз тіркестерінің ерекшелігін олардың құралу тұлғасынан қарап айырамыз. Олар барыс, шығыс, табыс жатыс, көмектес жалғауларының бірінде болады да, басыңқы сөз сол жалғаудағы сөзді керек ететін етістік не есім болады. Осыдан меңгеріле байланысқан сөз тіркестері жасалады. Меңгеруші сөз жетектеуші де, меңгерілуші оның жетегіне еруші сөз болады. Септік жалғаулары сөзбен сөзді байланыстырумен қатар, түрлі-түрлі синтаксистік қатынасты білдіреді. Мысалы, барыс септігіндегі сөз беталысты, бағытты, мақсатты, мезгілді т.б. білдіреді. Сондай мағыналық қатынастар тек жалғау жалғанған сөздердің әртүрлі болуынан ғана тумайды, тұтас сөз тіркестерінің қарым-қатынасынан туады. Жоғарыда аталған септік жалғауларын меңгеріп, түрлі-түрлі мағыналық қатынастағы сөз тіркесін құрайтын сөздер, негізінде етістіктер болады. Солай болатындықтан меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері сирек қолданылады.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Сөз тіркестеріне топтастыру принциптері ?
2. Есімді сөз тіркестері қалай жасалады?
3. Есімді сөз тіркесінің қандай түрлері бар?
4. Қабыса байланысқан, матаса байланысқан, меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің түрлері қандай?

#### **Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы Алматы. 1992.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006
6. Сайрамбаев Т. Сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисі. 1991.

#### **Етістікті сөз тіркесі**

##### **Жоспары**

1. Етістікті сөз тіркесі туралы түсінік
2. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері
3. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері
4. Қорытынды

**Тірек сөздер:** Етістікті сөз тіркесі туралы түсінік, қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері, меңгеріле етістікті сөз тіркестері, үстеулі сөз тіркесі, еліктеуішті сөз тіркесі, көсемшелі сөз тіркесі, сын есімді сөз тіркестері.

Етістікті сөз тіркесінің грамматикалық дiңгегі етістік болады да, соның негiзiнде басқа сөздер етістіктің маңына топтанады. Сөз таптарының қайсысымен салыстырсақта, етістіктердің сөз тіркесін құрау қабілетінің молдығын байқаймыз. Етістіктер мен есімдердің барлық түрлері, сондай-ақ үстеулер, көсемшелер, шылаулы есімдер тіркесе алады. Алайда бұл сөздердің етістіктермен тіркесу дәрежесі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сол сияқты мағыналық қатынастары да әртүрлі болып отырады. Толып жатқан есім сөздер етістіктермен ешбір қосымшасыз тіркеседі. Бұл ретте етістіктер мен есімдердің өзара байланыс түрі қабысу болады. Етістікті сөз тіркестерінің енді бір тобы есімдердің барыс, жатыс, шығыс, көмектес, табыс жалғаулары арқылы салт және сабақты етістіктермен меңгеріле байланысады.

Қазақ тіліндегі етістіктердің басқа сөздермен байланысуының осы ерекшелігіне қарай етістікті сөз тіркестері; 1) қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері. 2) меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері дейтін екі топқа бөлінеді.

Етістікті сөз тіркестері демеулер мен көмекші есімдердің қатысуы арқылы да құралады. Бұларды меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамында қараймыз.

Сөз тіркестерінің бұл көрсетілген топтары бұдан әрі де бірнешеге таралып кетеді.

**Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері.** Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі болады. Етістіктер мен қабыса байланысатын сөздер; үстеулер, еліктеуіш сөздер, көсемшелер, сын есімдер, сан есімдер, жалғаусыз зат есімдер. Есімдіктердің ішінде тек сұрау есімдіктері ғана етістіктермен қабысу жолымен қалай оқиды? қанша сұрайды? Деген сөз тіркестерін құрайды. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері бағыныңқы сыңардың ыңғайына қарай; 1) үстеулі сөз тіркесі 2) еліктеуішті сөз тіркесі 3) көсемшелі сөз тіркестері 4) сын есімді сөз тіркестері 5) сан есімді сөз тіркестері; 6) зат есімді сөз тіркестері деген алты топқа бөлінеді.

**Үстеулі сөз тіркестері.** Үстеулерді қимыл процесімен байланыста айтылатын сөздер деп қараймыз, сондықтан олар етістіктермен тіркесу үшін жаратылған сөздер деуге болады. Үстеулер етістіктердің алдында қабыса байланыста жұмсалып өте жиі кездесетіндіктен, ондай сөз тіркестеріне ерекше назар аудару керек. Үстеулер етістікті сөз тіркестерінің құрамында пысықтауыштық қатынаста, мезгіл, мекен, себеп, мақсат т.б. мағыналарда жұмсалады.

**Еліктеуішті сөз тіркестері.** Еліктеуіш сөздер – өзіндік ерекшеліктері бар сөз табының бірі. Еліктеуіш сөздер қазіргі қазақ тілінде көбінесе көмекші, не негізгі етістіктермен тіркескен синтаксистік құрамында қолданылады. Мысалы; (мылтық) тарс етті, (жарық) жылт етті, (бала) жалт қарады. Етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде жұмсалатын еліктеуіш сөздер етістіктерді мәнерлі түрде еліктеу тұрғысынан сипаттайды. Оның ішінде бір буынды еліктеуіш сөздері бар тіркестер қимыл-әрекеттің шапшаңдық қарқынын меңзейді. Мысалы: жалт-жалт қарау, бұрқ-бұрқ қайнау, тарс-тарс соғу.

**Көсемшелі сөз тіркесі.** Көсемшелер-синтаксистік қызметі жағынан етістіктің үстеуге бір түрі. Олар жіктік жалғауларын қабылдап, көсемшелік қасиетін жойып ала береді, бірақ көсемше тұлғаларында оқшау тұрып, күрделі мүшенің, мысалы, баяндауыштың құрамында, сонымен қатар толық мағыналы сөз ретінде етістікпен қабыса байланысып пысықтауыштық қатынаста да айтылады. Соңғы екі жағдайда да көсемшелік тұлғалар бір етістікті екінші етістікке бағынышты ететін қосымша қызметінде жұмсалады. Солай болатындықтан көсемшелер тек етістіктерге қатысты болып, тек етістіктермен ғана тіркесе алады. Олардың етістіктермен тіркескіштік қасиетін мынадан көруге болады; етістіктердің модальдық, шақтық, видтық т.б. мағыналарын түрлендіру үшін немесе әр түрлі пысықтауыштық қатынаста жұмсалып үшін етістіктер көсемше тұлғалары арқылы бірінің үстіне бірі жамалып, өз ара қат-



қабатала береді. Мысалы: асықпай оқыды,-асықпай оқып отыр еді,-асықпай оқып кетіп бара жатыр еді; осылардың ішінде тек асықпай сөзі ғана пысықтауш мүште қызметінде дербес қолданылған да қалған көсемшілер тұтас бір түйдекті тіркес құраған. Кейде осы тәрізді қат-қабаттауылдың нәтижесінде бір сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалатын тіркес құрамында бес етістік, ал екі түрлі сөйлем мүшесінің қызметін атқара алатын тіркестер құрамында он етістікке дейін болады. Мысал:1. Жүгіріп кету, жүгіріп кетіп бара жатыр, жүгіріп кетіп бара жатыр еді, 2.Асықпай оқып отыр, асықпай оқып отыра берді. 3. Асығып оқып кетіп бара жатып, сүрініп кетіп жығылып қала жаздап еді. Соңғы мысалда 11 сөз бар. Бұлар мынадай синтаксистік топтар құраған: соңғы төрт сөз баяндауш қызметінде қалған үш топ әр түрлі пысықтауш қызметінде айтылған: 1) асығып оқу; 2) оқып кетіп бара жатып сүріну; 3) сүрініп кетіп жығылу.

**Сын есімді сөз тіркестері.** Сын есімдерінің етістіктермен тіркесуі-сирек кездесетін құбылыс. Барлық сын есім етістікпен тіркесе бермейді, барлық етістіккесын есім бірдей қатыста бола бермейді.Сын есімдер етістіктермен тіркескенде, қимылға не күйге тән қәсиетті, сапаны білдіреді. Барлық етістік бірдей ондай сапалық пысықтаушы болуын керек етпейді.

Сын есімді сөз тіркестерін құрайтын етістіктер сан жағынан көп емес, тек кісінің (не заттың) ішкі сезімін, күйін, қабылдау қабылетін білдіретін сөйлеу, түсіну, оқу, жазу, секіру, ойнау, сияқты және кейде қимылды, қозғалысты білдіретін кес, піш, байла, тура тәрізді сабақты етістіктер бірқатар сын есімдермен мағыналық байланыста бола алады. Сапалық сын есімдердің ішінде мұндай етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болады: жақсы, жаман, қатты, ұзын, қысқа, кең, оңай, қиын, ұзақ, т.б. Мысалы, **жақсы** сөйледі, **жаман** жазды, **оңай** түсінді,**ұзын** кесті, **кең** пішті, **майда** турады. Мұндай етістікні сөз тіркестері пысықтауыштық қатынасты білдіреді. (Олар) дойбыны **өте жақсы** ойнайды. Досы қатты сүйенген, дұшпаны **жаман** күйінген. Ағаш кессең, ұзын кес-қысқартуы оңай, киім пішсең кең піш–тарылтуы оңай. Ол **оп-оңай беріле қоятын** кісі емес.**Сонда бұған білім есігі оңай ашылатынын** сөйледі. Биыл колхоздың егіні **қалың шыққан**.

Қатыстық сын есімдерінің ішінде етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде **сыз-сіз, дай-дей**, тұғалы сөздер көп жұмсалады: Абай бұл түнді **үйқысыз** өткізді. **Еңбексіз тапқан** мал есепсіз кетеді.

**Сан есімді сөз тіркестері.** Сан есімді заттың сандық сапасын білдіретін сөз ретінде есімді сөз тіркестерінің құрамында жиі қолданылатыны белгілі. Сонысына қарап сан есімдері есіммен (зат есіммен) тіркесуі үшін жаратылған сөздер деуге болады. Дегенмен олар етістіктермен де тіркесе береді. Сан есімдер етістікті сөз тіркестері құрамында пысықтауыштық қатынаста қимыл процесін сандық сапа тұрғысынан пысықтайды. Бұл қызметтесан есімдер атау тұлғасында етістіктермен қатар тұрады. Сонымен қатар сан есімдер рет, есе тәрізді сөздермен қосарланып жұмсалады: үш рет келді, екі есе көбейді, т.б.

Есептік сан есімдер ал, айт, сөйле, кел, кара, жүр, өл, тіріл, секір, сүрін тәрізді етістіктермен қабыса тіркеседі. Сан есімдер бұл қызметте қимыл мен күйдің қайталану мөлшерін білдіреді. Жанбота туды **екі алды**. Жаңбыр **бір жауса, терек екі жауады**. Қосарлы сан есімдер етістіктермен тіркесіп, іс-әрекеттің шамамен алғандағы қарқынын білдіреді:Би-болыстар **екі-үш қонып...**ауылнайға қарай кетті. Сан есімдер етістікті сөз тіркесі құрамында **рет, дүркін** сөздермен қосарланып, қимылдың дүркінділік дәрежесін көрсетеді. Мысалы: Ғайша бірер рет көзінің астымен Қожашқа қарап қойды.

**Зат есімді сөз тіркестері.** Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің үлкен бір тобы зат есімді тіркес болады. Зат есімдер сабақты етістіктермен қабыса тіркесу арқылы әрі мағыналық, әрі грамматикалық тығыз байланыстағы сөздер тобын құрайды.Сөз тіркестерініңбұл түрі тура объектілік қатынаста жұмсалады.Жалғаусыз

табыс септіктегі зат есімге сабақты етістіктің қимылы ауысып түсіп, онымен біте қайнасқан байланыста тұрады. Мысалы: жер жырттыу, киім тігу, бала оқыту. Кейбір зат есімдер етістіктермен бір тіркесте жиі қолданылуының нәтижесінде және керсінше, өздерінің бұрынғы дербестілігінен айрылып, түйдекті тіркес қалпында баяндауыштың не басқа бір мүшенің құрамына еніп кетеді. Қабыса байланысқан зат есім мен етістікті сөз тіркестерін тіркесу ерекшелігіне қарай екі топқа бөлуге болады.

Нақтылы зат есімдердің қимылды, қозғалысты білдіретін етістіктермен тіркесі. Мысалы: ағаш кесу, пішен ору, таяқ ұстау, ет турау.

Абстракт зат есімдерінің күйді, сезімді, білдіретін етістіктермен тіркесі. Сөз тіркесінің бұл түрі сирек құралады. Себебі ақыл, мінез, қылық, тамаша, жақсылық тәрізді абстракт зат есімдердің объектілік қызметі солғын болады. Оның үстіне, бұндай сөздері бар тіркестер сөйлем құрамында көбінесе лексикалық тіркес ретінде ұғынылады. Бұлар- жақсылық қылу, сыр білдіру, ақыл беру тәрізділер. Мысалы: Дем алысы – үскірік, аяз бен қар. Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды (Абай)

**Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері.** Етістіктермен меңгеріле байланысып, әр түрлі қарым-қатынаста жұмсалатын сөздер-есімдер.

Есімдер етістікке қатысты болып меңгеріле байланысу үшін табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес, жалғауларының бірінде айтылады. Бұл жалғаулар есімдерді етістіктермен ұластырыушы ғана емес, сөздердің синтаксистік қызметтерін саралайтын да тұлғалар. Сондықтан меңгерудің етістікті сөз тіркесін құрауда мәні ерекше.

Аталған септік жалғаулардың синтаксистік қызметі, негізінде, етістіктердің лексикалық мағыналарымен байланысты болады да, сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларына септік жалғауы басыңқы сөздердің ыңғайына қарай жалғанады. Мысалы, шық, түс, қара, жібер етістіктері барыс, шығыс, көмектес жалғауларындағы сөздері керек етіп, оларды өздеріне бағындырып (меңгеріп) тұрады: Шық-тауға шық, үйден шық, сатымен шық; Түс-суға түс, аттан түс, арқанмен түс.

Меңгеру-синтаксистік байланыс формаларының ең жиі ұшырайтын түрі. Меңгеруде де сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары, қиысудағыдай, басыңқы сөздің ыңғайына еріп, белгілі жалғауда тұрады. Бірақ ол екеуінің үлкен айырмашылығы бар. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің грамматикалық мағынасына, тұлғасына қарай райлас болып тұлғаланса, меңгеруде сөз тіркесіндегі сөздердің арасында тұлғалық райласу болмайды, тек бағыныңқы сөз басыңқы сөздің лексикалық мағынасының әуеніне қарай тұлғаланады. Түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде, кейбір жалғаудағы сөздерді меңгере алатын етістіктерге етіс қосымшасын жалғап айтқанда, олардың меңгеретін сөздерінің де тұлғалары өзгерілетіні бар. Мысалы: Ол мені көрді – ол маған көрінеді. Ол сені байқамады – ол саған байқалмады. Мен мақала жаздым – мен газетке жазылдым. Мұндайда септік жалғаулары етіс қосымшаларына бейімделіп, өзгерілмейді, сол қосымшалар арқылы етістіктердің мағыналары өзгертілетіндіктен, олардың меңгеру тұлғасы да басқа болуы мүмкін. Мысалы, сұра табыс жалғауын керек етсе, сұран – керек етпейді, түсіндір – барыс жалғаулы сөзді меңгерсе, түсін меңгермейді.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай былай бөлінеді; 1) табыс жалғаулы сөз тіркестері. 2) барыс жалғаулы 3) шығыс жалғаулы 4) жатыс жалғаулы 5) көмектес жалғаулы сөз тіркестері.

**Табыс жалғаулы** сөздерді керек ететін етістіктер – сабақты етістіктер. Қазақ тілінде сабақты, салт етістіктің тұлғалық айырмашылығы болмағанмен, оларды мағыналық ерекшеліктеріне қарап, табыс жалғаулы есімдердің олармен тіркесе алатын не тіркесе алмайтынына қарап айыруға болады. Мысалы, кес, ұр, шап, ал, бер, шақыр, сұра, сой, қама сияқты кісінің қимыл-әрекетін, ісін білдіретін етістіктер сабақты болады да, күл, қуан, қайғыр, жыла, шошы, есіне, жалық, ауыр, терле, тон сияқты

заттың қимылдық күйін білдіретін етістіктер салт болады. Бұларға етіс жұрнақтары жалғанып, сабақты етістік салтқа, салт етістік сабақтыға ауыса береді;

С а л т	с а б а қ т ы
Қуан	қуант
Шарша	шаршат
Күл	Күлдір

**Барыс жалғаулы сөз тіркестері.** Барыс жалғаулы сөз тіркестері өзара меңгеріле байланысады да, жанама толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады. Барыс жалғаулы есімдер қатысқан етістікті сөз тіркесінің қарым-қатынасының әр түрлі болуы сөз тіркесі құрамының түрлі-түрлі болуымен байланысты, мысалы, тауға шығу (беталыс), тоғайға кіру, үйге келу (мекен), балаға беру (арнау). Барыс жалғаулы есімдер кез келген етістіктермен тіркесе бермейді, олар мен мағыналық үйлесімде бола алатын етістіктермен ғана тіркеседі. Олар мынадай етістіктер: беру, кету, келу, жату, отырыу, ұмыту, сену, нану, жалыну, ұнау, сіңу, қуану, таяну, қамау, беру, беттеу, шығу, түсу, тою, қарау, салу, жету, жүру, шабу, кіру, кірісу, қону, айту, толу, қамау, қою, жақындау, бату, қызығу, көріну, дайындалу, т.б.

Бұл етістіктердің көпшілігі –күйді, қимылды, сезімді білдіретін салт етістіктер. Салт етістіктердің жетегінде айтылатын барыс жалғаулы есімдер (зат есім, есімдік, сын, сан есім, есімше) басыңқы сөздерге тікелей және демеулер арқылы қатыста болады.

Бұл сөзге Абай **жеткенде**, Тәкежан қатты сескеніп қалды.(М.Әуезов) Байжан **іске кірісті**.(С.Мұқанов). **Абайға** ағашты таулар... шидем айналдырып киген кәрінің өңдей **көрінеді**.(М.Әуезов). **Парома мініп ар жаққа** бұлар да **өтті**.(С.Мұқанов).Олар **заңға бағынады**. (Ол) **Нұрланды көрген соң**, табалдырықтан әрі аттамай **тұра қалды**. (З.Шашкин).

Сабақты етістіктер ден барыс жалғауы есімді меңгере алады, бірақ олардың көпшілігі жоғарғы тізімде саналған салт етістіктерден жасалған сабақтылар болады. Олармен тіркесетін барыс жалғаулы есімдер тура объект қызметіндігі заттармен де мағыналық байланыста тұрады:

**Адамға жол бермеген** қайран тілім...

Барыс жалғаулы есімдер етістікті сөз тіркесінде объектілік және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады.

А) Объектілік қатынастағы сөз тіркестері, негізінде, қимыл процесінің кімге, неге арналғанын, андай затпен үстемеленгенін, бағытын, қандай затпен түйіскенін, неге қамтылғанын білдіреді. Токсандағы **Жамбылға** толқынлатып **сөз келді**. **Абайға** үйдегі кемпір де бұрылып **қарады**.

ә) Пысықтауыштық қатнастағы сөз тіркестері, негізінде, қимыл процесінің бағытын білдіреді және мекендік, мезгілдік, мақсаттық мағыналарда жұмсалады. Мен **ауданға барамын**. Ол...**үйге кірді**. Барыс жалғаулы есімдер кейде есім мен көмекші етістіктерден болған құрама баяндауыштар да меңгереді. Сейіт бұл **топқа** жалпы **сәлем берді де**, тоқтамай өтіп кетті. Судьялар **ешкімге тәуелді емес**.

**Шығыс жалғаулы сөз тіркестері.** Етістікті сөз тіркестерінің жиі ұшырайтын ендігі бір түрі шығыс жалғаулы есімдер мен етістіктер тобы. Мұнда да жалғаулы есімдерді етістіктер меңгеріп, солардың байланысынан толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері жасалады. Шығыс жалғаулы есімдерді (көбінесе зат есімдер мен есімдіктерді) меңгертін етістіктер, негізінде, мыналар: шығу, шығару, қайту, қайтару, тастау, алу, (таудан асу), өлу, тарау, ұшу, тоқу, істеу, тігу, салу, қалу, пісіру, орнату,(тастан орнату),**соғу, қарғау, сұрану, т.б.** Бұлардың көбі қимыл (мысалы: тастау, шығару, тарау, тоқу) және қабылдау (мысалы: көру, қорқу, қарау, үйрену) мәнді етістіктер.

Меңгеретін етістіктер, осылардай, әр түрлі мағынада жұмсалатындықтан, олармен шығыс жалғауда тұрып сөз тіркесін құрайтын сөздер де әр алуан болды. Олардың тіркесінен түрлі –мағыналық қатынастағы сөз тіркестері жасалады: Мысалы, шығу етістігімен тіркесетін зат есімдер үйден (шығу), тоғайдан (шығу), сияқтылар. Бұлар-пысықтауыштық қатынаста тұрып, мекендік мағанада жұмсалған сөз тіркестері. Ал жіптен тоқу, барқыттан тігу, (қораны) камыстан салу тәрізді тіркестер толықтауыштық қатынаста тұрып, іске қатысты заттың материалдық тегін білдіреді. Толықтауыштық қызметте жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің мағыналары, негізінде, мынадай болады.1.Заттың басқа заттан істелу тегін білдіреді.**Тастан** жер ошақ жасап, май қайнаттым (Ғ.Мүсірепов)

**Өнер-білім бар жұрттар**

**Тастан** сарай салғызды (Ы. Алтынсарин).

**Болатын** сұңқар ұшырып,

**Мұхиттан** әрі асамыз.

**Қуаттан** дария ағызып,

**Ерліктен** ерлік туғызып

Өрге өрлеп тасамыз (Жамбыл)

Мұндай шығыс жалғаулы сөз тіркесін меңгеретін етістіктің жетегінде тура толықтауыш та болады. Сонда шығыс жалғаулы жанама толықтауыш тура толықтауышпен де мағыналық байланыста тұрады.

Мағлұматтың, әрекетінің шығу көзін білдіреді. Ондай сөз тіркестерін құрайтын етістіктер кісінің қабылдау әрекетін білдіретін сабақты етістіктер (алу, алдыру, білу, есту, оқу, үйрену, сұрау); кісіден есіту, кітаптан алу, үлкеннен үйрену, сөзінен білу , жолдасынан сұрап алу.

Жүсіп оның жайын **Күншіден сұрап білді**(Мүсірепов). Жұмыскерлер **Ереміннен** естігенін айтты (М.Әуезов).

3.Шығыс жалғаулы зат есімдер айрылу, құтылу, айғу, жазылу, қашу, тазарту, тазару, безу сияқты етістіктермен тіркесіп, берденеден арылу, құтылу мағанасында жұмсалады. Мысалы: арудан айығу, бәледен құтылу, жамандықтан қашу.

4.Сан есім не болмаса сан есімнен анықтауышы бар зат есім шығыс жалғауда тұрып етістікпен тіркескенде, сөз тіркесі заттың сандық бөлшегіне даралаған мөлшерін білдіреді. **Сегіз жүз жылқыдан бір тай қалмаған екен.** Әрбір қонақтың сыртында **екіден, үштен** жастықтар **жатыр** (М.Әуезов).

Пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары шығыс жалғау арқылы тіккелей етістікке не демеулер арқылы етістікке бағынады, мысалы: таудан асты, бір жылдан асты, аудан әрі асты, бір жылдан соң асты. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері, негізінде, мынадай мағыналарда айтылады.

1.Көлемдік. Ондай сөз тіркестерінің көлемдік мағыналары істелетін істің, әйтеуір,бір басталу орнын көрсетуге негізденеді.Көбінесе олар қимыл процесінің орнын көрсетеді, мысалы: арбадан түсу, үйден шығу, терезеден кіру, тоғайдан өтіу. Көлемдік мағыналы сөз тіркестерінің енді бірқатары қимылдың басталу, болу орнын білдіреді, мысалы: **каладан аттану, базардан қайту, осы арадан тарау.**

2.Мезгілдік. Бұл мағынада бағыныңқы сөз мезгіл мәнді және кісінің жас мөлшерін білдіретін есімдер болады дабасыңқы сөз көбінесе қабылдау мәнді етістіктер болады, мысалы: былтырдан білемін, жастайымнан түсінгенмін.

3.Себеп-салдар. Бұл мағынада жұмсалатын сөз тіркесінің шығыс жалғауы сыңары есімше не қимылдық есім болады, мысалы: ұялғаннан қызарды, түсінбегендіктен қателесті, ұйықтап қалғандықтан кешікті.Жақып **қуанғаннан күліп жіберді.**(Ғ.Мүсірепов).

4. Амал. Шығыс жалғаулы есімдер етістіктермен тіркескенде қмылдың амалын (қалай болғанын) білдіреді, мысалы: **етпетінен кулау, даусынан тану, мұртынан күлу**. Бұл үйдің адамдары... бірін-бірі **қабағынан, танитын** анасы оның ойын бөлген жоқ.

**Жатыс жалғаулы сөз тіркестері.** Басқаларына қарағанда, жатыс жалғаулы есімдерді меңгере алатын етістіктердің саны онша көп емес. Олардың көпшілігі заттың күйін білдіретін салт етістіктері: отыру, тұру, жүру. Жату, кездесу, ойнау, қону, көру, көрсету, ұйықтау, қалғу, сүйену, жылау, ескеру, үйрету, ұнау, құру, т.б. Мұндай етістіктермен тіркесетін жатыс жалғаулы есімдер мынадай қатынастарда жұмсалады:

а) Объектілік (Толықтауыштық). Объектілік қатынастағы ондай сөз тіркестерінің мағыналары қимыл процесінің қандай заттың үстінде не қандай затпен байланыста болатын, бірдеңенің кімде екенін білдіреді, мысалы: өмірде кездесу, заңда көрсетілу, ойда сақтау, күресте озу, сөзде тұру. Бүгінгі **күресте көрсеткен** күшінді өлеңге шығар (С. Мұқанов).

ә) Пысықтауыштық. Пысықтауыштық қатынастағы жатыс жалғаулы сөз тіркестері мекендік және мезгілдік мағынада жұмсалады. 1. Мекендік мағынадағы сөз тіркестері зат есімдер мен отыру, тұру, жүру, қараллу сияқты заттың күйін білдіретін етістіктерден не солар қатысты күрделі етістіктерден құралады. Аппақ кең **далада** ауыл көсіле **ұйықтап жатыр** (Ғ. Мұстафин). 2. Мезгілдік мағынадағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары шақ, мезгіл мәнді есімдер неесімдер тіркесі болады да, басыңқылары жоғарғыдай етістіктің бірі болады. Мысалы: Оның бұл қылықтары Гүлнараға **алғашқы кезде ұнамады**. (С. Мұқанов).

**Көмектес жалғаулы сөз тіркестері.** Сабақты және кейбір салт етістіктер көмектес жалғаулы есімдерді меңгеру арқылы сөз тіркесінің үлкен бір тобын құрайды. Көмектес жалғаулы есімдер етістіктерге меңгеру арқылы объектілік және пысықтауышты қатынастарда түрлі-түрлі мағынада жұмсалады:

а) Объектілік қатынастағы сөз тіркестері. Көмектес жалғауда тұрып етістіктермен объектілік қатынаста айтылатын сөздер-зат есімдер мен олардың орнына жүретін есімдіктер. Олардың объектілік мағынасы әр түрлі болады. Оның себебі, біріншіден, көмектестегі бағыныңқы сөздердің нені білдіретінімен байланысты болса, екіншіден, оларды керек ететін етістіктердің мағыналарының әр қилы болумен байланысты. Сол негізінде жоғарғыдай сөз тіркестері мынадай мағыналарда айтылады:

1. Құралдық. Құрал-сайманның атын білдіретін көмектестегі зат есімдер кісінің қимыл әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, құралдық мағыналы сөз тіркестері жасалады. Мысалы: балтамен шабу, арамен кесу, балғамен соғу, қармақпен ұстау.

Мұндай сөз тіркестерінде көмектес жалғаулы зат іс-әрекеттің тіккелей не сол арқылы істелу құралы болады. Мысал: Таяқтай **қарумен салып та кетеді**. Атты **қамшымен айдама, жеммен айда**.

2. Материалдық. Етістікті сөз тіркесінің құрамындағы көмектес жалғаулы зат есім істелетін істің неден, қандай заттан істелетінін немесе соның қатысымен істелетін білдіреді. Мысалы: балшықпен сыйлау, бояумен сырлау, қамыспен қоршау, былғармен қаптау.

3. Заттық. Бірқатар зат есімдер көмектес жалғауда етістіктермен тіркескенде, олар қимылдың заттық объектісі ретінде жұмсалады.

4. Бірлестік. Көмектес жалғаулы кісі аттары және кім? деген сұрақ қоюға болатын бала, студент, әкем сияқты сөздер көбінесе ортақ етіс тұлғалы салт етістіктермен тіркесіп бірлестік мағынада жұмсалады, мысалы: Асқармен сөйлесу, Көбеймен қоштасу, баламен ойнау. Кузнецов **Асқармен тез танысты** (С. Мұқанов). Жабай **Көбеймен қоштасып, Баяндымен бірге кетті** (Ғ. Мүсірепов). Жайраңдасып жас **күлер құрбысымен** (Абай).

**Шылау сөзді тіркестер.** Үйге барайық, үйге таман барайық деген етістік сөз тіркестері мәндес болғандықтан, бірін екіншісінің орнына айтса да болар еді, бірақ аздап та болса ол тіркестердің айырмашылығы бар; ең алдымен, үйге барайық пен үйге таман барайық дегендердің мағынасы бірдей емес: алдыңғыда қимылдың жалпы бағыты, бет алысы айтылса, соңғыда ол бет алысты бұрынғысынан дәлдеп көрсеткен. Сол дәлдік үйге сөзінен кейін таман шылауын қойып айтудан болып тұр. Егер бұлардың білдіретін көлемдік мағанасынан әлі де түрлендіргіміз келсе, оны үйге дейін, үйге қарай, үйге жуық, үйдің қасына, үйдің маңына дегендей етіп, оларды тісті етістіктермен тіркестіретін едік. Сонда сөз тіркестерінің құрамы бұрынғыдай есім және етістіктен ғана құралған болмайды, есім мен етістіктің арасына дейін таман, қарай, қасына, жуық, маңына тәрізді шылау сөздер қойылады. Ондайда шылау сөз тіркестерінің грамматикалық мағыналарын толықтырып, есім мен етістікті өзара байланыстырушы аралық дәнекер болады.

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Етістікті сөз тіркесі қалай жасалады?
2. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркесі дегеніміз не?
3. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесі қалай жасалады?

*Пайдаланатын әдебиеттер:*

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы Алматы. 1994.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
4. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006.

**Сөйлем мүшелері. Бастауыш.**

**Жоспары**

1. Сөйлем мүшелері туралы түсінік
2. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері
3. Бастауыштың жасалу жолдары
4. Қорытынды

**Тірек сөздер:** сөйлемнің құрамы, сөйлем мүшелері, бастауыш туралы түсінік, бастауыштың жасалуы, зат есімдер мен есімдіктерден болған бастауыштар.

Тіл-қарым-қатнас жасаудың құралы да, сөйлем сол қарым-қатынас жасауда кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Кісінің ойы әр әлуан, әр қилы болатындықтан, соларды айту үшін жұмсалатын сөйлемдер, олардың құрамы да түрлі-түрлі болады. Кейда бір сөз бір сөйлем қызметінде жұмсалса кейде екі не одан да көп сөздерді, сөз тіркестерін құрастыру арқылы сөйлем жасалады. Сөйлем құрамындағы сөздің саны аз болуы, көп болуы ой ерекшелігімен байланысты. Сөйлем құрамындағы сөздер өзара тіркесу арқылы белгілі қызметте жұмсалады, басқаша айтқанда, сөйлемдегі бір сөздің сөйлем мүшесі болуына соныен тіркескен басқа сөз себепкер болады. Мысалы, бастауышты баяндауышпен байланысына қарап (және керісінше), анықтауышты анықталатын сөзіне, қатнасына қарап сөйлем мүшесі деп танымыз. Сөйтіп, көп құрамды сөйлемдерді бөлшектегенде, олардың ішіндегі сөздердің лексикалық мағыналарына қарамай, лексикалық мағыналары толық сөздердің тіркесу нәтижесінде пайда болған грамматикалық мағыналарға қараймыз. Ол мағыналар: бастауыш-баяндауыштық, толықтауыштық, анықтауыштық және пысықтауыштық болады. Сөйлемде осылардай грамматикалық мағыналарға ие болып, синтаксистік қызмет атқарып тұратын сөздерді **сөйлем мүшелері дейміз.** Жай сөйлемдер құрамдық ерекшеліктеріне сәйкес жалаң және жайылма болып бөлінеді. Жалаң сөйлем бастауыш пен баяндауыштан не оның бірінен құралады. Ал сөйлем құрамына бастауыш, баяндауыштан басқа тұрлаусыз

мүшелер не олардың бірі болса, сөйлемнің іргесі кеңіп, ол жайылмаға айналады. Мысалы, Жел өршелене түсті-жалаң, Ызғарлы жел өршелене түсті-жайылма. Толқын күшейді-жалаң. Жайылма сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелер не бастауыштың, не баяндауыштың (кейде екеуінің де) маңына топтатылады: 1. Ызғарлы **жел өршелене түсті**. 2. Өзін көтермейтін сөзді басқаға **айтпа**.

Сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшелер-тұрлаулы мүшелер-сөйлем атаулының грамматикалық ұйытқысы. Ал тұрлаусыз мүшелер тұрлаулы мүшелердің маңына топтанып не тікелей соларды, не бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұрады. Мысалы: Шығысқа қарай беттеген үлкен кеме толқынды теңізді тіліп келеді. Бұл сөйлемнің бастауышы-кеме, баяндауышы-тіліп келеді. Олардан басқа мүшелер сол екеуінің маңына топтанып, екі шумақ құралған да, әр шумақтағы сөздер бірін-бірі бағынып барып, не тікелей бастауышқа, не баяндауышқа бағынған.

Тұрлаусыз мүшелер-толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш болып үшке бөлінеді. Сөйлем мүшелерінің құрамы дара, күрделі, үйірлі болады. Мысалы: Жаңбырмен жер көгерер, еңбекпен ел көгерер. Сөйлемнің мүшелері өзара синтаксистік байланыста айтылады. Сөйлем мүшелерін сұрақтар қою арқылы талдау жасағанда, олардың сол байланыс желісі үзілмегені мақұл. Мысалы: Көл жағалай қонады қу менен қаз (Абай) деген сөйлемнің мүшелерін ажыратып тану үшін талдауды бастауыш баяндауыштан бастап, сұрақты былай қоямыз. Не қонады? - Қу менен қаз қонды. Қалай қонады? - Көл жағалай қонады.

Сөйлемнің құрамында сөйлем мүшелерінен басқа да сөздер болады, олар қаратпа, қыстырма, од ағай сөздер. Бұлар жинақталып, сөйлемдегі оқшау сөздер деп аталады. Оқшау сөздер сөйлемнен не сөйлем мүшелерімен тек мағаналық байланыста айтылады да, олармен синтаксистік байланыста болмайды. Сондықтан оларды сөйлем мүшелері деп атаймыз. Сөйлемнің құрамында әр алуан сөздер болады. Олардың көпшілігі өзара мағаналық, синтаксистік байланыста айттылу арқылы мүшелік қызметке ие болады. Сөйлем құрамының негізі-бастауыш пен баяндауыш болғанмен сөйлем болғанмен сөйлем құрамында баяндауыштың синтаксистік қызметі басым ерекше (ол кейін айтылады). Сөйтіп мағыналық, синтаксистік қарым-қатнасы дербес синтаксистік қызмет атқаратын сөздері, күрделі сөздер тобын **сөйлем мүшесі** дейміз.

**Сөйлемнің тұрлауы мүшелері.** *Дүкенде Қарабайға жәрдемлесетін адам жоқ. Көрікті де оның өзі басады, темірді де өзі қыздырады, істі де өзі соғады.* Бұл сөйлемдерде әр сөз керегіне қарай өз орнында, синтаксистік қызметте жұмсалған. Сондықтан оларда айтылған ойға қатысы жоқ сөз де жоқ. Солардың басын құрастырып, әр сөйлемде айтылған ойға әрбір мүшені ортақ етіп тұрған бас мүшелер-бастауыш пен баяндауыштар: адам жоқ, өзі басады, өзі қыздырады, өзі соғады. Бұлар сөйлем құрамының дінгі, айтылған ойлардың негізгі қаңқасы. Басқа мүшелер солармен біртұтас құрамда айтылғандықтан ұтымды да, оларсыз шала-жансар, сөйлемдік қасиеті жоқ сөздер тізбегі ғана. Ал бастауыш пен баяндауыштар топтары бөлек алғанда да әрі сөйлем, әрі маңдарында басқа да мүшелердің болуын тілейтіндей әрі тіректі тіркес. Осындай, сөйлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшелерін- тұрлауы (бас) мүшелер дейміз.

Тұрлаулы мүшелерінің синтаксистік қызметі бірдей емес. Әдетте бастауыш сөйлемде айтылатын ойға негіз болады, ол баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның субъектісі (иесі) болады. Баяндауыш бастауыштың ісін, қимылын, күйін және басқа заттық, сындық сапасын білдіріп, бастауышқа бағынады. Бұл жағынан тұрлауы мүшелердің ең негізгісі-бастауыш, бірақ сөйлемдегі қызметі жағынан бастауыштан гөрі баяндауыштың синтаксистік қызметі анағұрлым басым болатыны белгілі. Оны мыналардан байқаймыз: 1. Баяндауыш сөйлем арқылы айтылған ойды

тиянақтап, көптеген сөздері ілестіріп барып, сөйлемді аяқтап тұрады. Бұл жағынан ол сөйлемнің ең негізгі ұйымдастырушы мүшесі.

**Бастауыштың жасалуы.** Бастауыштың мағынасы баяндауыштың морфологиялық құрамындағы тұлғалар арқылы белгілі болып дербес тұра береді. Ондайда бастауыш сөйлем ішінде арнайы айтылмай, сөйлем толымсыз болы да мүкін. Ал баяндауышсыз толымсыз сөйлемдер өте сирек кездеседі. Әсіресе диалогта, мақал-мәртеде («қой баласы-қозыдан» сияқты) баяндауыштың «түсіп қалуы» «ықшамдылықпен» байланысты. Осындай, баяндауыштың синтаксистік қызметі бастауыштан басым болғанына қарап, баяндауышты ғана бас мүше деп қарау дұрыс болмайды. Шынында да, ол екеуі де-сөйлем құрауға ұйытқы болатын, басқа мүшелерді айналасына үйіріп тұратын, сөйлемнің дінгекті орталығы-бас мүшелер.

Бастауыштың грамматикалық тұлғасы-сөздің атау тұлғасы. Басқаша айтқанда, бастауыш қызметінде жұмсалған сөз не сөз тіркесі атау септігінде тұрады. Бастауыштар кейде формаланбаған ілік септігінде де айтылады; ондай ілік септікті бастауышы бар сөйлемнің баяндауышы не тәуелдік жалғаулы сөз күрделі баяндауыштың құрамында болып келеді: **Шығанақ** почта конторындағы радиоға құлағын **төсеп отырғаны** (Ғ.Мұстафин). Тас түсіріп тұрсам, мына **біреулер жанжал шығарып тұрғаны** (К.Әбдіқадыров). Бастауыштарға қойылатын негізгі сұрақтар кім?, не? Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің көптік, тәуелдік жалғауларда жұмсалыуына қарай жоғары сұрақтар да сол жалғауларда айтылуы мүмкін. Бұл сұрақтар сөйлемде бастауыш болар деген сөздерге жалаң күйінде қойылмайды, баяндауыштармен қабаттаса қойылады. Мысалы: Ажар баяндама жасады. (Кім баяндама жасады?- Ажар...) Айту оңай, істеу қиын. (Не оңай?- Айту... не қиын?- істеу...) Дегенмен, сөйлемде бастауыштық негізгі қызмет атқаратын сөздер-зат есімдер мен олардың орнына жүретін есімдіктер. Олар түбір тұлғада да, көптік, тәуелдік қалпында да бастауыш болады: **Салика** қырман басына келді. **Колхозшылар** астықты элеваторға жөнелтіп жатыр. Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің енді бір тобы-сапалық-есімдер-сын есім, сан есім, есімше: **Қорқақ** бұрын жұдырықтар. **Алтау** ала болса, ауыздағы кетер...

Бастауыштар жеке сөзден болған –жалаң, көп сөзден құралған-күрделі не үйірлі болуы мүмкін. Күрделі, үйірлі бастауыштарға мысалдар; Күрделіге: **Сөз құған** бәлеге жолығар. **Жақсы жұмыс**-жанға тыныс. **Аузы күйген** үріп ішер.

**Зат есімдер мен есімдіктерден болған бастауыштар.** Сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсалатын сөздер, негізінде, зат есімдер болғанмен, олардың барлығының бастауыш болу қабілеті бірдей емес. Бастауыш-субъектінің грамматикалық баламасы. Ол іс істеуші қимыл иесі болатындықтан, сол қызметі өтей алатын заттардың аты арнаулы бастауыш болуға бейім болады. Сондықтан ондай зат есімдер арнаулы бастауыш болатын сөздер делінеді. Мысалға: Жарас ағаш екті деген сөйлемді алайық. Мұнда Жарас, ағаш деген екі зат есім бар. Ол екеуі сөйлемде екі түрлі қызметте айтылған. Жарас-қимыл иесі, бастауыш, ағаш-қимылдың объектісі, толықтауыш. Олардың орнын ауыстырғанмен бірінің қызметінде екіншісі жұмсала алмайды. Оның себебі-ол екі зат есімнің екі түрлі синтаксистік қызметті атқаруға бейімділігінде: Жарас-арнаулы бастауыш болатын сөз де, ағаш-арнаулы толықтауыш болатын сөз.

Зат есімдердің ол айырмашылығы қазақ тілінде кісі, кісі емес деген ұғыммен байланысты. Ол айырмашылықты зат есімдерге қойылатын екі түрлі сұратан да аңғаруға болады. Жалпы алғанда, кім? деген сұрақты қоюға болатын зат есімдер (олардың орынбасар сөздері –жіктеу есімдіктері де)-арнаулы бастауыштар, не сұрағын қоюға болатын зат есімдер- арнаулы толықтауыштар.

Сонымен қатар кейбір жанды-жансыз заттарға ғана тән іс-әрекет, қимыл, күй болуы мүмкін. Мысалы: құс ұшты, бұлбил сайрады,, сиыр мөңіреді, жауын жауды, жел уіледі.



Осыдай сөйлемдерде бастауыш қызметіндегі зат есімдер баяндауыштар арқылы айтылған хабардың бірден-бір арнаулы иелері болып тұрады. Бірақ олардың мұндай әрекеті тар көлемдегі тіркестер арқылы ғана айтылады. Сондықтан мұндай сөздер бастауыш болып көп жұмсалмайды.

Осылардай, зат есімдердің бастауыш болу қабілеті бірдей болмағанмен, олардың бастауыштық тұласы бәріне бірдей. Ол-атау септігі.

Атау септігіндегі зат есімдер жекеше, көпше және тәуелді тұлғада бастауыш болуына мысалдар: *Лиза Рахметке бұрылды. Кештетіп Қожаш үйіне келді. Батырлық майданда сыналады.*

Өздерінің лексикалық мағыналарында көптік ұғымы бар зат есімдер жекеше тұлғада бастауыш болыпта көптік мағынада жұмсалуды мүмкін: *Қалың қой қыбыр етпей тыныштық алып, үнсіз ғана тыным алды. Сиыр атаулы ... шалшық суларға кіріп, көлбей-көлбей жатып апты.*

Тәуелдік жалғауы зат есімдер бастауыш қызметінде заттың кімге, неге тән екенін білдіреді де, ондай сөздің бастауыштық икемі арта түседі: *Шешем қатты сағынып жүрген сияқты. Әкеңіз кім болған еді? Кімнің ісі көп болса, соның күші көп болады.*

Есімдіктердің ішінде бастауыш қызметінде көбірек жұмсалатындары-зат есімдердің орнын басатын есімдіктер. Олар жіктеу, сілтеу және кім? не? Деген сұрау есімдіктері. Бұлардың ішінде әсіресе жіктеу есімдіктерін бастауыш қызметінде жиі кездестіруге болады. Сонымен қатар олар сөйлемнің жақтық мағыналарын түрлендіруші сөздер болып табылады. Жіктеу және өздік есімдіктерінің бастауыш болуына мысалдар: *Мен көрдім ұзын қайың құлағанын... Біз барлаушылармыз. Сіз кейін қалған соң, мен алдыңызды оралта беремін. Біз сірә, атты мықтап шаршатып алатын шығармыз... Қалқам, Айша, сен шаруаңа бар, мен де демалайын.*

Сілтеу, сұрау және басқа есімдіктердің бастауыш болуына мысалдар: *Бұл - Байжанның талай келген үйі. Мынау- қай ауыл? Әркім әр түрлі шаруамен қарбаласады.*

Заттың сындық, сандық, қимылдық сапасын білдіретін сөздер де сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсала береді. Ол үшін сапалық есімдер субстантивтеніп (заттан) айтылады.

**Сапалық есімдерден болған бастауыштар.** Заттың сындық сапасын білдіретін сын есімдер, ойды ықшамды етіп сөзбен білдіру керек болғанда, зат есімдермен қатарласып тұрмай-ақ, дара күйінде бастауыш және толықтауышта болуы мүмкін. Ондайда сын есімдердің сапалық мағынасы жойылып кетпей, олар әрі заттық, әрі сындық мағынада жұмсалады. Сонда сын есімдер әдетте қандай заттардың сындық сапасы болып жұмсалатын болса, сондай заттардың бастауыштық қызметін атқарып тұрады. Терең көбінесе судың, теңіздің, көлдің, өзеннің сыны болатын сөз. Сондықтан оны бастауыш қызметінде Терең батырады (мақал) десек, алдымен «Терең су батырады» деп түсінеміз.

Заттардың ондай сындық сапасы сындық сапасы синтаксистік қызметте бір ғана конкретті заттың орнына жұмсалмай, жалпылық мағынада, біртектес көп заттың орнына жұмсалмай, жалпылық мағынада, біріктес көп заттың орнына жұмсалады. Тек сын есімдерден болған жер, су аттары мен басқа жалқы есімдер ғана даралық мағынада жұмсалады. Ондайда олар орнықты заттық мағынаға ие болып, зат есім қатарына қосылады.

Сын есімдер тәуелдік, көптік жалғауларда тұрып та бастауыш қызметінде жұмсалады. Бірақ ол қағида сын есімнің бастауыш болуының бірден –бір шарты еместігін көруге болады.

Сын есім (есімшелер де) көптік, тәуелдік жалғауларсыз-ақ субстантивтеніп бастауыш болу үшін, олар бастауыштық әуенмен, дауыс ырғағы арқылы басқа сөздерден оқшауланып тұрулары керек. Есімше де бастауыш болғанда, сын есімдей, қимылдық сапаның үстіне заттық мағына жамап тұрады. Есімшеден болатын бастауыштардың ерекшеліктері мынадай:

а) Баяндауышы етістік, зат есім, есімдіктерден болған сөйлемде есімше бастауыш қимыл иесі-кісі (сұрағы-кім? Не қылған? ) орнына жұмсалады.

ә) Баяндауышы сын есімнен болған сөйлемде есімше бастауыш басқа заттың мағынасында жұмсалады. (сұрағы не? Не қылған? Не еткен?)

б) Көптік жалғаудағы есімшілер бастауыш болғанда, олар әр уақытта қимыл иесі - кісі-мағынасында жұмсалады: ***Егін оратындар әрі кетті де, астық таситындар қырман басында қалды.***

в) Тәуелдік жалғауларда тұрып бастауыш болған есімшілер әр уақытта зат есім мағынасында жұмсалады (сұрағы-нем? нең? несі? не қылған? не еткен?)

Субстантивтеніп бастауыш болатын сөз табының бірі сан есім. Есептік сандар бастауыш қызметінде заттық мағынада, жас мағынасында жұмсалады: ***25 үшке бөлінбейді. Оннан төрті алсаң, алты қалады.***

Жинақтау, реттік сандар ол қызметте көбінесе кісі туралы айтылған есім болады: ***Төр бөлмеден шыққан үшеу де ұзын столға ұзақ отырып қалды.***

Жинақтау, есептік сан есімдер III жақтық тәуелдік жалғауда көбінесе бөлшектеу, кейде жинақтау мағынада бастауыш болады.

Жалпы алғанда, субстантивтенген бастауыштар мақалды-мәтелді сөйлемдерде көбірек кездеседі де, сөйлем арқылы айтылатын ойды ықшамды етуде үлкен қызмет атқарады.

**Күрделі және үйірлі бастауыштар.** Бастауыштар да жеке сөзді дара (жалаң) көп сөзден құралған күрделі не үйірлі және басқа сөйлем мүшелері сияқты бірыңғай болады: Әлдененше сөз күрделі бастауыш болу үшін, олар өз-ара синтаксистік тығыз байланыста болулары керек те, сөйлемнің баяндауышы сол сөз тіркестеріндегі сөздермен байланысқан болуы керек:

1) Ілік септіктің жасырын түріндегі сөз бен үшінші жақтық тәуелдік жалғаулы сөздер тіркесіп, күрделі бастауыш жасалады:

Қазақ тілінде ілік жалғаудың ашық түрі мен «жасырын» түрінің сөзге қосатын мағынасы, сондай-ақ, өзі мен байланысып тұрған тәуелдік жалғауындағы сөздерге қатысы бірдей емес: ілік жалғауы жалғанбай «тасаланып» тұрған сөздің меншіктік мағынасы күңгірттенеді де, сөз тіркесі тұтасып, бір күрделі мүше ретінде жұмсалады, сол себептен кейде солай тіркесетін екі сөз бір заттың аты болыпта айтылады. Ілік септігіндегі есімдер тағы мынадай сөздермен тіркескенде, күрделі бастауыш болады:

а) Тәуелді көмекші есімдермен (қасы, жаны, алды, арты, маңы, бойы, іші, бойы, т.б.) **Үйдің іші су сепкендей болды.**

ә) Тәуелдеулі өздік есімдікпен: менің, өзім, сенің, оның өзі, олардың өздері, мұндай тіркестің ілік септіктегі есімдіктері атау күйінде де айтылады: ***Мен өзім кінәлімін. Сен өзің ұрысқақ бала екенсең !***

2. Бастауыш құрамында екеуміз, үшеуміз, дегенміз, деген сөздері айтылып күрделі бастауыш жасалады: ***Сен екеуміз өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па?***

Негізгі және көмекші етістіктер (субстантивтенген), есімдер тобы күрделі бастауыш болады. ***Менің айтып отырғаным – ақыл. Күле беру ұят болады.***

3) Субстантивтенген күрделі сын есім, сан есімдер тобы күрделі бастауыш болады: ***Ақ бесті қара қасқадан сытылып шықты.***

4) Көп сөзден болған күрделі жалқы есімдер көрделі бастауыш болады: ***Аудандық оқу бөлімі жұмысқа қызу кірісті.***

Кісі аты, фамилиясы, жолдас, азамат дегендей қосалқы айқындауыштармен тіркесіп, күрделі бастауыш болады: **Жамалбек Тұрғанов жолдас баяндама жасады.**

Үйірлі бастауыштар да көп сөзден құралады. Оның күрделіден айырмашылығы мынау: Егер күрделінің құрамы түйдекті тіркесті болса, үйірлібастауыштардың құрамында бастауыш баяндауыш ыңғайындағы сөздер тобы болады, мысалы: **Білегі жуан бірді жығар, білімі толық мыңды жығар.** (Мақал)

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері туралы түсінік
2. Бастауыш дегеніміз не?
3. Бастауыштың мағыналық және тұлғалық белгілері
4. Күрделі және үйірлі бастауыштар туралы түсінік
5. Бастауыштың жасалу жолдары
6. Жаттығулар жасау

### Пайдаланатын әдебиеттер

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы Алматы. 1994.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
4. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006.

### БАЯНДАУЫШ

#### Жоспары

1. Баяндауыш туралы түсінік
2. Баяндауыштың жасалу жолдары
3. Есімді және етістікті баяндауыш

Тірек сөздер: баяндауыш, баяндауышты; жасалуы, есімді және етістікті баяндауыштар.

**Баяндауыштың жасалуы.** Сөздердің түбір күйінде баяндауыш болуы. Қай сөздің болса да сөйлемде баяндауыш қызметінде тұруы сол сөйлемдегі субъектілік, предакаттық қатынастан көрінеді. Сондықтан баяндауыштың қызметі басқа мүшелермен, әсіресе бастауышпен, қатар қойып айтқанда айқын болады: қара, керек сөздерін сен малға қара, мысыққа ойын керек дегендей тіркесте айтқандай болмаса, олардың баяндауыш екендігі белгілі юолмайды. Рас,бір қатар сөздердің атау, түбір күйінде маңында басқа сөздер болмасада баяндауыш қызметінде екені айқын болатыны бар. Көтеріңкі дауыспен Шық! Мақұл! Дұрыс! Масқара! дегенде, олар жеке тұрып ақ баяндауыш қызметінде жұмсалуды мүмкін. Бірақ ондайда олар сбилемдік әуенмен айтылуға тиісті не маңында басқа сөздер болуы керек.

Сондай дара тұрып, түбір күйінде көбірек баяндауыш болатын сөздер- етістіктер. Олардың түбір күйінде баяндауыш бола кетуінің себебі олардың II жақтық грамматикалық мағынаны да білдіруімен байланысты болу керек. Сондай сөздердің баяндауыш қызметінде жұмсалуды олардың айтылу жағдайымен де байланысты.

Есім сөздер де түбір күйінде, ешқандай баяндауыштық жалғау жалғанбай-ақ баяндауыш бола береді. Бірақ ол үшін бастауыш пен баяндауыш қатар айтылу керек. Сонда олардың сол қызметте жұмсалудына себеп болатын жағдай олардың сөйлемде белгілі орнында тұруы болады. Оның үстіне баяндауыш бастауыштан дауыс ырғағы арқылы бөлініп, онымен қарсыласа қабаттасып келеді. Ондай амалмен баяндауыш болған сөздің де бастауышпен байланысы әрі мағыналық, әрі грамматикалық болады.

Оларды бастауышсыз айтуға болмайды, бұл- бір; екіншіден, бастауыш көптік мағынада, көптік жалғауында айтылғанымен, оның есім баяндауышы, көптік жалғауында тұрса да, тұрмаса да. Бастауыш пен грамматикалық байланыста бола береді

Баяндауыш қызметі жіктік жалғаулардай болғанмен, көбінесе баяндауыш болған сөзге жалғанатын қосымшаның бірі- **дiңкi, -нiкi,-(ның-кi)**. Ол тұлғадағы есімдердің қазақ тіліндегі предикаттық мағынасы басқа түркі тілдеріндегідей деуге болады. Ол қосымша жалғанған баяндауыштар, жоғарыда айтылғанындай, басқа затқа меншіктелмейді, басқа затты өзіне тәуелді етіп, өзі меншік иесі болады.

-Нікі,- дікі қосымшасы жалғанған сөздердің баяндауыш болу амалы да оның сөйлемдегі орнымен байланысты. Солай болғандықтан ондай тұлғадағы баяндауыштар бастауыштардан соң тұрады, бастауышсыз айтылмайды. Өйткені ондай баяндауыштардың меншікпен тұратын заттарды сол сөйлемдегі бастауыштар болады. Баяндауыштардың негізгі түрлері. Сөз табының бәрі де баяндауыш бола алады. Дегенмен көбінесе баяндауыштық қызметте жұмсалатын сөздерді жіктегенде, олар мынадай басты-басты негізгі екі салаға бөлінеді:

1. Етістік баяндауыштар: 2. Есім баяндауыштар. Етістік баяндауыштар да, есім баяндауыштар да дара күрделі және ол екі түрі аралас айтылған құрама болуы мүмкін.

**Етістіктерден болған дара баяндауыштар.** Етістіктердің сөйлемдегі негізгі қызметі- баяндауыш болу. Олардың баяндауыш болу қабілеті өте күшті. Сондықтан қазақ тілі сөйлемдері баяндауыштарының дені- етістікті баяндауыштар. Айттым, болды. Кестім, үзілді!... дегеніндей олар дара күйінде-ақ баяндауыштық қызметте бір құрамды тиянақты сөйлем болыпта келеді.

Етістіктердің сөйлемдегі басқа қызметінен гөрі баяндауыш қызметінде жұмсалудан олардың өздеріне тән мағыналық, грамматикалық ерекшеліктері айқын көрінеді. Етістіктің сабақты және салт болуы сияқты, болымды және болымсыз болуы да етістік атаулыға ортақ болғандықтан, оның баяндауыш қызметінде жұмсалуда да ерекшелігі жоқ. Дегенмен солар арқылы болымды, болымсыз сөйлемдер жасалатындықтан, олардың баяндауыш болуын ерекше атау керек болады. Оның үстіне айтпаймын, жазбаймын деген сияқты, ашық райлы болымсыз етістікті баяндауыштың кейде айтпай, жазбай болып айтылуында стильдік айырмашылық болады. Мысалы: бір істі істеуден үзілді-кесілді бас тартқанда, айтылған хабарға өктемдік сипат беру керек болғанда, соңғы формалар қолданылады. Бұл көбінесе ауыз әдебиетінде жиі ұшырасады. Мысалы: Тәуекелге келгенде, алдымда тау тұрса да **тайынбан.**

Етістіктер райлық, шақтық тұлғаларының барлығында да баяндауыш бола береді. Етістіктер етіс тұлғаларында да баяндауыш қызметінде жұмсалады: *Өнер білім бар жұрттар, тастан сарай салғызады.*

Көсемше тұлғалы етістіктер дара күйінде құрамлас сөйлемдердің баяндауыштары болып келе береді. Бірақ кейбір өлеңде болмаса, жай сөйлемнің тиянақты баяндауышы бола алмайды.

Есімшелердің баяндауыш қызметінде жұмсалуды басқа есімдердей: I, II жақта баяндауыштық жіктік жалғауда айтылып, етістікпен қиысып тұрады, III жақта жіктік жалғау жалғанбайды.

**Етістіктерден болған күрделі баяндауыштар.** Күрделі етістікті баяндауыштың құрамы. Қазақ тілінде де әлденеше етістіктер түйдекті топ құрып, баяндауыш қызметінде жиі кездесетіні белгілі. Олардың көп құрамды болудағы баяндауыштық негізі қызметі –қимыл процесінің құбылмалы нәзік реңктерін білдіру. Әлденеше етістік бір күрделі баяндауыш болғанда, оның біреуі ең негізгі болады да, қалғандары оған не біріне- бірі көмекші болады. Қазақ тілінде көмекші етістіктер көп, олар аса жиі

қолданылады: арнаулы көмекші етістіктерден басқа негізгі етістіктердің де бір талайы көмекші етістіктерден басқа негізгі етістіктерді<sup>4</sup> де бір талайы көмекші болып жұмсала береді. Олардың өзара көсемше, есімше тұлғалар арқылы байланысқан түйдекті тобының құрамы екі я үш, кейде төрт я бес етістікті болып та келеді.

Күрделі баяндауыш құрамындағы етістіктердің қызметі. Көмекші етістіктер жоқарғыдай синтаксистік тіркеске түсіп, баяндауыштың шақтық, тұрпаттық (видтік), модальдық, т.б. мағанасын түрлендіріп, кейде бір қалыптан екінші қалыпқа түседі. Ондайда кез келген етістік қатар қойылып, оның алдыңғысы негізгі, соңғысы көмекші қызметте жұмсала бермейді, олардың біріне-бірі үйлес келетін, бірін-бірі толықтыратын, кейде біріне екіншісінің мағанасына қарсы келетін етістіктерден құралып, синтаксистік бірлік жасалады.

Басқа түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінде де күрделі етістіктердің құрамы алуан-алуан болады: кейде жоғарғындай бірі динамикалық мағынадағы етістіктер немесе екеуі де статикалық не динамикалық мағынадағы етістіктер болады: кейде одан да басқа қимылды, күйді білдіретін етістіктер тіркесіп, күрделі баяндауыш болады. Соған лайық, олардың екінші компоненттерінің негізгі етістіктерге қосатын мағыналары да әр түрлі болады. Оны аңғару үшін бір тұлғадағы негізгі етістіктерге түрлі –түрлі көмекші етістіктерді тіркестіріп, салыстырайық: бере баста, бере түс, бере сал; тұра тұр, тұра бер, тұра қал.

Негізгі етістіктер мен көмекші етістіктер түйдекті топ құрып күрделі баяндауыш болғанда, субъектінің қимыл процесінің әр түрлі құбылыстарын, мысалы: істің, қимылдың біткенін, бітпегенін, олардың қарқынын, бастау, аяқталу-кезендерін білдіреді.

Баяндауыштардың осылайынша қайталап айтылуы арқылы да қимылдың созылыңқылығын білдіруі-күрделі етістік баяндауыштардың жұмсалуындағы стильдік ерекшеліктің бірі. Бұлай айтудың тағы бір қызметі бар. Негізгі етістіктерді қос сөз ретінде қосарлап айту арқылы да қимылға созыңқылық өң беріледі.

**Есім баяндауыштар.** Есім баяндауышты сөйлемдер Еуропа тілдерінде көмекші етістік арқылы жасалады. Қазақ тілінде есім сөздердің (зат, есім, сын есім, сан есім, есімдіктердің) қайсысы болса да баяндауыш қызметінде жұмсала береді, бұл үшін олардың қасында көмекші етістіктің тұруы шарт емес. Соны мен қатар есімді сөйлемдердің қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерінде бар. Оларды басқа тілдердің, мысалы: орыс тілінің фактілерімен салыстырғанда, дұрыс түсінуге болады. *Мен студентпін- Я есть студент.* Бұл сөйлемдердің сыртқы тұлғалық белгілеріне қарасақ та, сөйлемге бас мүшелердің өзара байланысу амалдарына қарасақ та, елеулі айырмашылығы барлығы байқалады. Егер *мен студентпін* дегенді- *Я студент* деп аударсақ, ондағы айырмашылық баяндауышқа қазақшада жіктік жалғаудың жалғануында ғана емес, сол арқылы баяндауыштың баяндауыштық мүшелік дербестігі сақталып, сөйлемдік құрылысының берік болуында. Сондықтан баяндауышты бастауышсыз айтуға болмайтынындай, *Я ученик* дегенді де бастауышсыз айтуға болмайды., ал оқушымын, студентпін деп сөйлемді бір құрамды етіп айта бере аламыз. Сонда сөйлем құрылыс жағынан ықшамдылық қасиетке ие болады. Бұл- қазақ тілінің артықмашылығы емес., өзгешелігі.

Ал есім баяндауыштардан кейін тұтатын көмекші етістіктер баяндауышқа ондай тек шақтық мағына қосып қана қоймайды., сөйлемнің тұлғасын түрлендіретін де қызметте жұмсалады.

Сондықтан *Мен оқушымын, Сен оқушысың, Ол оқушы* дегендері таза есімді сөйлем деп қарасақ, *Мен оқушы едім, Мен оқушы болатын болдым. Сен оқушы болатын болдың* дегендері есімді және етістікті сөйлемдердің екі арасынан орын

алатын, бірақ есімді сөйлем болу қасиеті басым, жай сөйлемнің ерекше бір есім – етістікті құрама баяндауышты түрі деп қараймыз.

Қазақ тілінде зат есімді, сол сияқты басқа есімдерді түбір күйінде баяндауыш қызметінде қолдану үшін, бастауыш пен баяндауыш белгілі орындарда тұрады: баяндауыш бастауыштан кейін тұруы керек: Ол-студент, Рәбиға- инженер, Абай- ақын. Бірақ ондайда қатар айтылған тұрлаулы мүшелерді өзара байланыстырып, олардың мүшелік қызметірақ ондайда қатар айтылған тұралы мүшелерді өзара байланыстырып, олардың мүшелік қызметін айқындауға себеп болатын –дауыс ырғағы. Бұл айтылғандар –есімдердің III жақта тұрып баяндауыш болуының шарттары. Ал, I, IIжақта (баяндауыштық)жалғаулар жалғанады. Ондайда есімдерден болған баяндауыштарға тиісті жіктік есімдерді баяндауыш етуге дауыс ырғағының көмекшілік қатысы болмайды және бастауыш пен баяндауыштың әр уақытта қатар тұруы да шарт емес.

**Баяндауыштың бастауышпен қиысуы.** Қиысу–синтаксистік байланыстың жиі ұшырайтын бір түрі. Ол сабақтаса байланысқан сөздердің бағыныңқысының басыңқы сөздерге икемделе, олардың грамматикалық мағыналарына үйлесіп тұратын сөздер арасынд болады. Қиысуға тұлғалық үйлесімі бар сөздер тіркесінің бағыныңқы бөлегі басыңқы бөлегіне бейімделіп үйлесуі ғана енеді . Қиысу әр тілде әр түрлі екені белгілі. Мысалы: орыс тілінде бастауыш пен баяндауыш род, жақ, сан жағынан, анықтауыш анықтайтын сөзімен род, сан жағынан, септіктер арқылы қиысады да, бастауыш пен баяндауыш тек сан жағынан қиысады екен. Түркі тілдерде, оның бірі қазақ тілінде, қиысу, негізінде, біріне–бірі бағынышты тіркесті бастауыш пен баяндауыш арасында болады. Қазақ тілінде сөздер бір-бірімен орыс тіліндегідей, септік жалғауларында қиыспайды, тек оңашаланған айқындауыштар ғана айқындайтын сөздері қандай септік жалғауда тұрса, сол жалғауда тұрып қиысуы мүмкін. Баяндауыштың бастауышпен қиысуы жақтық не көптік болады.

**Жақтық қиысу.** Баяндауыштың тиісті жіктік жалғауда тұрып бастауышпен баулануы ережелерін айтудан бұрын бастауыш болатын сөздердің жақтылық мағынасын айқындап алу керек сияқты.

Баяндауыштың белгілі жақтық мағынада, жақтық тұлғада айтылуы еркін бастауыштық қызметте жұмсалатын сөздердің жақтылық мағынасын билейді. Бастауыш болатын негізгі сөздер зат есімдер мен жіктеу есімдіктері. Олардан басқа сөздер де субстантивтеніп, бастауыштық қызметте жұмсала береді. Сол сөздердің тек төртеуі – бірінші және екінші жақтық жіктеу есімдіктер (мен, сен, сіз) I, II жақтық бастауыш болады да, олардан басқа сөз атаулының бәрі бастауыш қызметінде атек III жақтық мағынада айтылады.

Ескерту: Қазақ тіліндегі жоғарыда айтылғаннан ерекшелеу келетін, бастауыш қызметіндегі сөз тәуелдік жалғауының қай жағында тұрса, олардың баяндауыштары да сол жақта бастауышпен қиысатын бірнеше сөз бар, -өз деген есімдік. Ол есімдікке тәуелдік жалғауы жалғанып, бастауыш қызметінде жұмсалғанда, оның тәуелдік жалғауы қай жақта болса, бастауыштық мағынасы да сол жақта болады, баяндауыш сол жақ пен қиысады:

Өзім келдім, өзіміз келдік.

Өзің келдің, өзіңіз келдіңіз.

Өзі келді.

Неге өзім, өзің дегендер жолдасым, жолдасының сияқты III жақта айтылмайды деген сұрақ туады.

Олай болуы жоғарығы есімдіктің кімге де болса тәндік мағанасымен байланысты. Сондықтан оған тәуелдік жалғауының I жағы жалғанса, мен, біз, II жағында сен, сіз, III

жағында ( ол деген мағынада) айтылады. Кейде екеуі қатар жұмсалады: Мен өзім келдім. Сен өзің келдің. Ол өзі келді.

Бұдан басқа бәрі, біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу деген есімдік пен сан есімдерге тәуелдік жалғаулары меншіктілік жақтық ыңғайда үйлесіп тұрады:

Бәріміз барамыз, бәріңіз барыңыз.

Бәріміз айтайық, бәріңіз жазыңыз.

**Сандық қиысу.** Баяндауышты бастауышпен сандық мағынада қиыстыру үшін жұмсалатын жіктік жалғаулар:

I **-мыз, -міз** (оның басқа варианттары), **-ды+қ, ді+қ, -ты+қ:** біздер оздық, біздер қарап отырмайық, біздер мәселені жете түсінейік. III жақта баяндауышты бастауышпен көпті мағынада қиыстыратын арнаулы жікті жалғау жоқ. Грамматикаларда II жақтық көптік жалғаулар деп танылатын қосымшалар **-а\ -ңыз, -е/ңіз, -сыз/сіз** қазақ тілінде көптік мағынада жұмсалмайды, жекенің сыпайылық мағынасында жұмсалады. Сондықтан екінші жақтық баяндауыштарды көптік жалғауанда айтылатын бастауышпен қиыстыру үшін сыпайылық және анайылық жақтық тұлғалардан кейін **-дар, -дер** жалғанады: Сендер орындаңдар, Сендер ұмтылыңдар, Сендер бақыттысыңдар

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Баяндауыштың жасалу жолдары
2. Баяндауыштың негізгі түрлері
3. Етістік баяндауыштар
4. Есім баяндауыштардың түрлері

### *Пайдаланатын әдебиеттер*

1. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы. 1991ж.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006
6. Сайрамбаев Т. Сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисі. 1991.

### СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ. ТОЛЫҚТАУЫШ.

#### Жоспары

1. Толықтауыш туралы түсінік
2. Толықтауыштың жасалу жолдары
3. Толықтауыштың түрлері
4. Қорытынды

**Тірек сөздер:** тұрлаусыз мүше, толықтауыш түрлері, тура толықтауыш, жанама толықтауыш ж.т.б.

Жайылма сөйлемдерде тұрлаулы мүшелерден басқа, оларды айқындайтын тұрлаусыз мүшелер де болады, олар: толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш.

Бұларды «тұрлаусыз мүшелер» дейтін себебіміз не? Сөзінде тиянағы жоқ кісіні «сөзінің тұрлауы жоқ» те атаймыз. Осындағы «тұрлау» сөз «тиянақ», «береке», «пәтуа» деген ұғымдарды білдіреді. «Тұрлаусыз» деген сөзді кейбір сөйлем мүшелеріне тануымыз ол мүшелердің сөйлемді тиянақты етпейтін қасиеттеріне негізделген. Расында, бастауыш пен баяндауыш сөйлемді тиянақты енетін, оның бас арқауы болса, тұрлаусыз мүшелерде ондай қасиет болмайды. Олар бас мүшелердің маңына топтанып, алдымен соларды және бірін-бірі анықтап, пысықтап тұрады. Мысалы: Көк жүзінің шарбы бұлты әлдеқайда тарап жоқ болып тұр: көк жүзінің шарбы деген сөздер

(анықтауыштар) бұлты деген зат есімнен болған бастауышты анықтайды. Ал әлдеқайда (пысықтауыш) сөзі тарап жатыр деген етістіктерден болған баяндауышты пысықтайды. Қолдың саласындай тарамдаған арықтардың біреуі бара-бара ұлғайып... қарауытқан сай болды. Бұл сөйлемдегі тұрлаулы мүшелер: біреуі (бастауыш), сай болды (баяндауыш), қалған тұрлаусыз мүшелер- анықтауышпен пысықтауыштар.

Осылардай тұрлаулы мүшелердің ғана емес, тұрлаусыз мүшелердің де: анықтауыштың- анықталушы, пысықтауышы, толықтауышы; толықтауыштың анықтауышы; толықтауышы, пысықтауышы, пысықтауыштың толықтауышы болуы мүмкін.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін тұлғасына қарап айрудың ғылыми тірегі әлсіз болады. Дұрысында, сөйлемнің тұрлаусыз мүше мәселелері сөз тіркесі жайындағы іліммен тығыз байланысты қаралуға тиіс. Сонда өзара тіркескен сөздер тобының қандай қарым-қатынасты білдіруіне қарап, тұрлаусыз мүшелерді дұрыс танытын боламыз. Сол ізбен зат есімдер мен атрибуттық қатынаста жұмсалатын түрлі-түрлі тұлғадағы сөздердің бәрі-анықтауыш, етістікпен және кейбір есімдермен объектілік қатынаста тіркесетін, заттық ұғымы бар сөздердің мүшелік қызметі толықтауыш болады. Сондай-ақ етістіктерге, кейбір кейбір есімдерге қатысы болып, мезгіл, мекен, амал, т.б. мағыналарда жұмсалатын сөдер, қандай тұлғада болмасын, пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

**Толықтауыш.** Жай сөйлемді жайылмаға айналдырып, оның іргесін әрі қарай кеңіте беруге дінгек болатын тұрлаусыз мүше, алдымен, толықтауыш. Ол өзі бағынған сөзбен грамматикалық байланыста тұрып, табыс, шығыс, барыс, көмектес, кейде жатыс жалғаулардың бірінде жұмсалады.

Қысқасы, толықтауыш-қимыл процесінің объектісі болатын мүше. Толықтауыштар мағынасына, синтаксистік қызметіне және тұлғасына қарай екі топқа бөлінеді: Тура толықтауыш. 2. Жанана толықтауыш. Табыс септігінде жұмсалатын сөйлем мүшесі тура толықтауыш болады. Ол заттың (субъектінің) қимыл процесін білдіретін сабақты етістіктермен тығыз байланысты болады. Өйткені сабақты етістіктер сөйлемде қандай мүше болмасын, әр уақытта өзіне басқа затты тура толықтауышты- керек етіп, ілестіре жұмсалады. Мысалы: *Көрдім сұлу Еділді, Еділдей еркін елімді. Баяндамашы баяндамасын аяқтады. Жас құрақтар көлдің суын сипап тұр.* Бұл мысалдардағы етістіктердің қимылы басқа бір затқа ауысып түсіп тұрса, екінші жағынан сол зат етістіктің қимылдық мағынасын толықтырып тұр. Сондықтан олар бірне-бірі сабақтасып, бірінсіз-бірі жұмсалмайды десе де болады. Сабақты етістікті сөйлемде тура толықтауыш болмаса, сөйлем олқыланып, кейде түсініксіз болып тұрады. Мысалы: Мен көрдім дегенде кімді нені көргеніміз айтылмағандықтан, сөйлем олқыланып тұр. Сол сияқты, Сен бастадың дегенде де, нені бастағаны аталмай, хабарлайтын пікір көмескіленіп тұр. Олай болатыны-жоғарғы етістіктердің мағынасы тура толықтауыштармен тікелей сабақтас болуында. Сабақты етістіктердің тиісті аффикстер арқылы біржола затқа айналып кеткендері болмаса тіпті сын есімге айналып, бірақ етістік мағыналарынан біржола айрылмағандары да тура толықтауыштармен сабақтаса береді.

Тура толықтауыштар қазақ тілінде тек сабақты етістіктермен ғана емес, есімдер мен көмекші етістіктерден болған құрама баяндауыштармен де байланысты болып, соларды толықтап тұрады. Ондай құрама баяндауыштар мыналар сияқты болады: жақсы көру, жек көру, мақұл көру, артық көру, сөз ету, табыс ету, қабыл алу, қарсы алу. Тура толықтауыштың грамматикалық тұлғасы- табыс септігі. Одан басқа септік жалғауларда айтылған тура толықтауыш болмайды.



Кейде табыс жалғаудағы сөздің шығыс септіктің орнына не керсінше айтылатыны да бар: *Ол оттан аттан өтті - Ол отты аттан өтті. Олар оттан айналды- Олар отты айналды. Олар таудан асып кетті- Олар тауды асып кетті, т.б.*

Бұл тек қазақ тіліне ғана тән өзгешелік емес, Н.К. Дмитриев «Гагаузские этюды» деген еңбегінде гагауз тілінде барыс септіктің орнына табыс септіктің жиі қолданылатынын көрсетеді.

Қазақ тілінде табыс жалғаулы сөздің салт етістікпен байланысты барыс септіктің қызметінде жұмсалуды гагауз тіліндегідей етек алмаған. Дегенмен ондай мысалдар ауызекі тілде, кейде көркем әдебиетте кездесіп отырады: Атқа міне шапты. Атты міне шапты. Атқа міндім. Атты міндім.

Тура толықтауыш өзі қатысты сөзден қашықтап тұрғанда, әр уақытта жалғаулы болады, ал ол сөзбен қатар тұрғанда, кейде жалғаулы, кейде жалғаусыз жұмсалады.

**Тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз болуы туралы көзқарастар.** Түркітанушылардың еңбектерінде тура толықтауыштардың жалғаулы, жалғаусыз болатыны туралы пікірлер ертеден бар. А.Казембек «Общая грамматика турецко-татарского языка» деген 1846 жылы шыққан кітабында «кимылға қатысты зат белгісіз болғанда және ол- етістіктің дәл алдында тұрғанда табыс септік атау септігімен алмастырылады», - дейді. 1869-жылы Қазанда шыққан «Алтай тілінің грамматикасы» да, сол ізбен, тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалуды оның белгілі, белгісіз зат болуынан деп түсіндіреді. Одан кейінгі грамматика авторлары «Алтай тілі грамматикасының салған жолынан ешқайда аумай, сондағы ережені шамалы өзгерістермен қайталап келді. Оған Мелиоранскийдің, рас, өз тарапынан қосқаны болды. Ол «Краткая грамматика казак -киргизского языка» деген еңбегінде: Можно различать винительный падеж оформленный и неоформленный, т.е., иначе сказать иногда, именительный падеж употребляется вместо винительного.

XIX ғасырдың аяқ шенінде бұл мәселеге өзгелерден гөрі ұқыпты қараған түркологтардың бірі Н.А. Ашмарин болды. Ол 1902 жылы шыққан «Опыт исследования чувашского синтаксиса» деген еңбегінде, басқа авторлардай емес, тура толықтауыштың жалғаулы жалғаусыз жұмсалуды тек белгілік пен белгісіздіктің тұңғыық түкпіріне итере салмай, чуваш тілінде олардың қандай жағдайда қандай сөздердің толықтауыш қызметінде жалғаулы болатынын ашуға көп көңіл бөліп, өте құнды материалдар жинаған болатын.

Қазақ тілінде тура толықтауыштың екі түрлі тұлғада жұмсалуды тек заттың белгілі, белгісіздігімен түсіндіруге болмайды. Кейде белгілі, айқын деген заттар жалғаусыз айтылады да, мүлде белгісіз ғой деп ұғынылатын заттар табыс жалғауында айтылады. Мұндай фактілердің болатынын кезінде «Алтай тілі грамматикасының» авторлары да мойындауға мәжбүр болған.

Тура толықтауыштың жалғаулы болып жұмсалуды.

Тура толықтауыштардың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалуды себептерін дұрыс түсіну үшін, олардың әрдайым жалғаулы болып жұмсалатын ережелерін айқындау керек. Олар мыналар: Тура толықтауыш өзі қатысты сөдер қашықталып тұрып, екеуінің ортасында басқа сөйлем мүшесі тұрса, ол жалғаулы болады:

**Кітапты** кітапханадан алдым. **Малды** таудың бөктеріне жайдык.

1. Экспрессивті мағынада жұмсалатын күрделі не қосарлы етістіктердің жетегінде айтылатын тура толықтауыштар да әрдайым жалғаулы болады: **Асқар есікті ашып кеп жіберді.**

Бұл сөйлемдерді тура толықтауыштарды жалғаусыз айтуға болмайды. Олай болуы, әріне, толықтауыш болған сөздердің белгілі болғандығынан емес, өзгеше әлеумен айтылған етістіктердің ықпалына еріп, екпініне ілесе, жалпы сөйлемнің

экспрессивті өзгешелігіне «үн қосқандығынан», сөйтіп, олардың да басым мағынада айтылғандығынан деп білу керек.

Сол сияқты тура толықтауыштар мынадай синтаксистік жағдайларда да белгілі, белгісіз болуына қарамай, әрқашан жалғаулы болып айтылады.

1. Сөйлемде тура толықтауыш болған сөзге не онымен байланысты сабақты етістікке логикалық екпін түскенде, ол жалғаулы болады: Өнерді үйрен де, жирен.

2. Бір сөз сөйлемде екі рет айтылып, бірі бастауыш, бірі тура толықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олардың сол синтаксистік қызметі айқын болу үшін, тура толықтауыш үнемі жалғаулы болады: Адам **адамды** сыйлайды.

3. Бір етістікке бағынған бірнеше бірыңғай тура толықтауыш мен, пен, бен жалғаулықтары арқылы не жалғаулықсыз, интонация арқылы байланысып, екеуі бір тұлғаға ортақ болып айтылу керек болғанда, олардың ең соңғылары көбінесе жалғаулы болады: *Әдебиет пен тарихты бөлуге бола ма?*

4. Тура толықтауышты қызметіндегі зат есімдер қос сөз болса олар да әр уақытта жалғаулы болады: *Сай-сайдды жағалай ілгері жүрдік.*

5. Тура толықтауыш болған зат есімнің мағынасы етістіктің лексикалық мағынасымен тығыз байланысты болмай, әдетте ол екеуі қатар келмейтіндей сөз болса, басқаша айтқанда, бір затқа тән қимыл өзге затқа ауыстырыла айтылған метафора болса, олар да жалғаулы болады: *Пароход теңізді тіліп барады.*

Бұл айтқандардан басқа мынадай сөздер сөйлемде тура толықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олар әрқашан табыс жалғауда айтылады. Олар: 1.Кісі аттары мен олардың орнына жүретін есімдіктер.

Кісі аттарынан кейін жолдас, азамат, апай сияқты қосалықы айқындауыш айтылса, олар да кісі атымен тіркесіп, тура толықтауыш қызметінде жұмсалғанда, жалғаулы болады:

Бірқатар оқымыстылар, мысалы: Н.К.Дмитриев, кісі аттары мен жіктеу есімдіктерінің тура толықтауыш қызметінде тек жалғаулы болуын ол сөздердің белгілік категориясына жататындықтан деп қарайды. Біздіңше, жоғарыда айтылған сөздердің тура толықтауыш қызметінде үнемі жалғаулы болуының негізгі себебі олардың мағыналық мазмұнының белгілі болуында емес, ол сөздердің синтаксистік негізгі қызметінің өзгешелігінде болу керек. Олар арнаулы бастауыштар, қимыл иелері: олардың өздерінің сондай қимылына, ісіне тән тура толықтауышы болуға тиісті сөздер. Сондықтан олар сөйлем ішінде толықтауыш қызметінде айтылғанда, бастауыш болып кетпеу үшін, басқаша айтқанда, синтаксистік қызметі айқын болу үшін әр уақытта толықтауыштың формалық белгісін-табыс жалғауын – сырттан қабылдап тұрады. Мысалы: Олар Жарысты көрмеді дегенді тура толықтауыштың табыс жалғауын түсіріп айтсақ (Жарас көрмеді) бұрынғы толықтауыш енді бастауыш мағынасында жұмсалған болады. Ол бір әдемі торы ат жетеклеп келді. Ол кітап көтерген бір баланы ертіп келді. Бірінші сөйлемнің табыс жалғаусыз айтылған ат деген толықтауыштың алдына белгісіздіктің белгісі бар (бір), бірақ оған табыс жалғауын жалғап айту шарт емес, бұл арада жалғанбағаны дұрыс-ақ. Жалғана қойса, сол сөзге екпін түскендігін білдіреді. Ал, сол сияқты, екінші сөйлемдегі бір баланы деген тура толықтауыш белгісіз болғанмен, табыс жалғауда тұр. Оның жалғануын түсіндіріп айтуға болады, бірақ жалғаусыз айту сөйлем мағынасына екі ойлылық тудырады. Өйткені ол-ат деген бірінші сөйлемдегі толықтауыштай емес, жетектеп елді деген баяндауыштық қимылға ие бола кетуге ыңғайлы, бастауыштық икемі бар сөз. Ол бастауыш қызметінде ұғынылмау үшін жалғаулы қалпында тура толықтауыш болып тұр. Бұдан шығатын қорытынды: сөйлемде объектілік мағынасы өзіне-өзі айқын сөздер тура толықтауыш қызметінде жалғаусыз айтылады да,

толықтауыштық қызметі көмекші, синтаксистік қызметі өзгеше сөдер жалғаулы болып келеді.

Кісі аты мен жіктеу есімдігінің бастауыштық қызметі ерекше екендігін аңғару үшін жоғарыда айтылғанға қосымша ретінде бірінеше мысалға талдау жасайық: Қоян атқан аңшы бізге қарай жүгірді деген сөйлемде қоян-тура толықтауыштық ыңғайда жалғаусыз айтылған. Ол сөйлемде аңшы- бастауыш. Соларды орын аустырып, Аңшы атқан қоян бізге қарай жүгірді десек, аңшы бұрынғы сөйлемдегі қоян сияқты, атқан сөзімен толықтауыштық қатынаста жұмсалмайды, бастауыштық қатынаста жұмсалады. Оны толықтауыш қызметінде айту үшін оған табыс жалғауын жалғау керек.

Арнаулы толықтауыш болатын зат есімдер сөйлемде табыс жалғаусыз-ақ етістіктермен қатар айтылса да, сол қызметін жоймайды. Ал арнаулы бастауыш болатын сөздер толықтауыш қызметінде жалғаусыз айтылса, бастауыш болып ұғынылатындықтан, ол қызметте жалғаулы болып жұмсалады.

Сын, сан есімдер, есімшілер, сілтеу есімдіктерінде тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болып жұмсалады. Қазақ баласы **асауды** үйрете біледі. Жеті класты **бітіргенді** алмады.

Сапалақ есімдердің тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болу себебі- олардың да, кісі аттарымен жіктеу есімдіктері тәрізді, негізгі синтаксистік қызметінің (негізгі қызметі- анықтауыш, пысықтауыш) ерекше болумен байланысты. Олар (арнаулы анықтауыш, пысықтауыштар) толықтауыштық белгілі-табыс жалғауы жалғануы керек, әйтпесе олар анықтауыш не басқа мүше болып кетеді.

Тәуелдік жалғаудағы сөздерде тура толықтауыш қызметінде әрдайымтабыс жалғауына қойылып айтылады:

Өмірім балдай балдыраған,

**Құмарымды** қандырған.

Көңілімді , көзімді,

**Өмірімді өзімді**

Шам-шырақтай жандырған.

Тәуелдік жалғауында тұратын сөздердің тура толықтауыш болғанда табыс жалғаусыз жұмсалудың екі түрлі себебі бар: біріншіден, тәуелдік жалғауда тұрған сөздер, басқа сөздерге қарағанда, айтушыға, тыңдаушыға субъектілік грамматикалық белгісі бар сөздер; екіншіден, тәуелдік жалғауда тұрған арнаулы бастауыштың тура толықтауыштық қызметін айқындау үшін жұмсалады. Сондықтан табыс жалғауын жалғап айтсақ, бастауыш болып кетеді. Мысалы: Жолдасымды көрді – жолдасым көрді; қарындасын алдырды- қарындасы алдырды.

Мағынасы абстракт туынды зат есімдерде толықтауыш қызметінде көбінесе жалғаулы болады: Сол өсекті басатын шындықты ашып айтуға жүздері шыдаған жоқ.

Алдында мынадай анықтауыштары бар зат есімдер тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болады: а) Мына, ана, осы, бұл, анау, мынау, санау сияқты сілтеу есімдіктері сөйлемде толықтауыштардың анықтауышы болғанда, олар заттың көлемдік сапасы болады. Олар тура толықтауыш болған заттардың басқа заттардың басқа заттардан оқшауланған даралық белгісін де білдіреді. Ондай анықтауышы бар тура толықтауыштардан бұрын бір деген белгісіздіктің белгісі тұрса да, олар жалғаусыз айтылмайды: **Осы** каналды қазып бітірейік.

ә) Мекендік ұғымды білдіретін анықтауышы бар зат есімдер. Ондай анықтауыштар жатыс жалғаулы сөзге ғы- гі қосымшасы жалғанып не жатыс жалғаулы сөзді –ған-ген, қан-кен тұлғалы өткен шақтық есімше меңгеріп жасалады. Сөйтіп, алдыңғылар мекендік мағынадағы дара анықтауыш болады да, тура

толықтауыш болып тұрған заттың мекендік белгілігін айқындап тұрады. Ондай анықтауышы бар тура толықтауыштар да жалғаусыз айтылмайды деуге болады:

Қорқытты анам, таңырқатты

**Қолындағы кітапты** ашып,

Оқып біраз **тыңдатты**.

б) ғы-гі, қы-кі жалғанған мезгілдік анықтауышы бар зат есімдер де жалғаулы тура толықтауыш болады: Олар ешкі тамақты ішіп әңгімеге кірісті.

Бұл айтылғандар-тура толықтауыштар мен оны керек ететін сабақты естістің ортасында басқа сөз болмай, ол еееуі атар айтылатын сөйлемдерге тән ережелер.

**Жанама толықтауыштар.** Табыс септігіндегі тура толықтауыштардан басқа барыс, шығыс, көмектес және жатыс септіктеріндегі толықтауыштар жанама толықтауыш деп аталады. Олай аталуы –оның сөйлемдегі басқа сөздерге қатысы қалай болатынымен байланысты: жанама толықтауыштар тура толықтауыштардай, сабақты етістіктермен ғана тығыз байланысты айтылмай, негізінде сабақты және салт етістіктермен алшақ байланста тұрып, оларды жанама түрде толықтайды. Субъектінің қимыл процесін, күйін білдіретін етістіктер (кейде есімдер) жанама толықтауыштарды меңгеріп, оның тиісті жалғауда тұруын керек етеді: *Шолпанның жүрегіне түскен жара мәңгі жазылмайтын жара болғаны ма?*

Осындай жанама толықтауыштардың жеке сөзге не бірнеше сөзге бағынуына қарай, олардың меңгерілуін екіге бөлуге болады: а) дара меңгеру; ә) ортақ меңгеру. Жанама толықтауыштар көбінесе етістікке, етістікті сөз тіркесіне қатысты болатындықтан, ал етістіктердің сөйлемдегі басты қызметі баяндауыш болатындықтан, олар, негізінде, баяндауышты толықтайды. Сонымен қатар, олар сөйлемде етістіктен болған басқа мүшелерді де толықтайды. Жанама толықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер- зат есімдер мен олардың орнына жұмсалатын есімдіктер: Жанат **Жантаспен** ұзақ әңгімелесті.

Зат есім, есімдіктерден басқа сөз таптары да зат есім мағынасында жұмсалса, жанама толықтауыш қызметінде айтыла береді. *Жаманға жуан жуымас. Білгенге маржан.*

**Жанама толықтауыштардың мағыналары.** Жанама толықтауыштар әр түрлі септік жалғауда, әр түрлі тіркестер құрамында айтылатындықтан, олардың мағыналары да әр әлуан болады:

Барыс септігіндегі жанама толықтауыштар, негізінде, қимыл процесінің кімге; неге арналғанын, қандай запынен үстемеленгенін, қандай талап білдіреді: Барлық мекемелер мен қызмет адамдары бұл комиссиялардың талаптарын **орындауға** және соларға керекті материалдар мен документтерді **беріп отруға** міндетті.

Шығыс септігіндегі жанама толықтауыштар көбінесе заттың неден, қандай материалдардан істелгенін, қимыл процесінің заттық арнасын, бір заттан екінші заттың баяндауыштық сапасының артық-кемдігін білдіреді: **Тастан** жер ошақ жасап, шай қайнаттым. **Сүттен** ақ, **судан** таза; **біреуден** артық, **біреуден** кем.

Заттың материалдық тегін білдіретін мұндай жанама толықтауыштар тура толықтауыштармен байланысты айтылады. Мысалы: Қара **көзден нұр** тайса, бір көруге мұң болар.

Қимыл процесінің заттық арнасы болатын шығыс жалғаулы толықтауыштар сөйлемдегі бастауыштармен де мағыналық қатынаста болады. Мысалы: **Ол қолымнан** тартты.

Көмектес септігіндегі жанама толықтауыштар, негізінде, мынандай мағыналарда жұмсалады. 1. Бірлестік және ортақтастық: Жоқ, ол да құлағын **самолетпен бірге** түскен көрінеді.

2. Құралдық: Атты **қамшымен** айдама, **жеммен** айда.

3. Материалдық, заттық: Үйдің қабырғасын **балшықпен** сыладым.

Жатыс септігіндегі жанама толықтауыштар кімде? Неде? Деген сұрақтарға жауап беріп, қимылда? не де? деген сұрақтарға жауап беріп, қимылдың не басқа сапаның затқа тәндігін білдіреді. *Жылқыда өт жоқ, өсер малда өлім жоқ.*

Барыс, шығыс, көмектес және жатыс жалғауларда айтылатын сөздер сөйлемде әр уақытта толықтауыш болмайды, олар сойлемнің пысықтауыш, кейде баяндауыш қызметінде де жұмсалады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Тұрлаусыз мүше туралы түсінік.
2. Тұрлаусыз мүшелердің түрлері
3. Толықтауыш туралы түсінік және оның түрлері.
4. Тура және жанама толықтауыштардың жасалу жолдары

### **Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы Алматы. 1992.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.

## **АНЫҚТАУЫШ. АЙҚЫНДАУЫШ**

### **Жоспары**

1. Анықтауыш туралы түсінік
2. Анықтауыштың түрлері
3. Айқындауыш туралы түсінік
4. Айқындауыш мүшенің жасалу жолдары

**Тірек сөздер;** Анықтауыш, анықтауыштың сипаттамасы, дара анықтауыш, күрделі анықтауыш, үйірлі анықтауыш, сын есімдерден болған анықтауыш, сан есімдерден болған анықтауыштар, есімшелерден болған анықтауыштар, сапалық, меншікті анықтауыш т.б.

Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттап тұрады.

Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, т.б. қызметінде жұмсалатын әр заттың өзіне тән, кейде көп затқа ортақ сапалары болады. Бір затты басқа заттардан сондай сапаларына қарай айырып танимыз. Сөйлемде заттардың әртүрлі сынын, сапасын білдіретін сөздер көбінесе анықтауыш қызметінде жұмсалады; олар заттың түсі, түр-тұрпаты, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді де, анықтайтын сөзмен тығыз байланыста айтылады. Мысал: таяқ деген –жалпылауыш зат есім. Оның ұзын,

қысқа, жуан, жіңішке, ақ, қара, имек, кысық көптеген сыны болуы мүмкін. Солардың бірі не бірнешеуі бір сөйлемде осы заттың анықтауышы болып, сөйлемде айтайын деген ойымызды айқындай түседі. Қысық ағаш, қысқа жіп дегендер-сын есім мен зат есімдерден құралған анықтауыштық тіркестер. Қазақ тілінде анықтауыштардың көпшілігі анықтайтын зат есімдерінен оқшауланбай, қатар тұрып, қабыса байланысады, олар фразалық бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады. Анықтауыштар сөйлемде заттың әр түрлі белгісі болып, бағыныңқы мүше ретінде жұмсалғанмен, олар анықтайтын затына, сонымен қатар түгел сөйлемге көрік беріп, әсерлі етіп тұрады. Сондықтан олар әдебиетте көрікті ойдың көркем бояуы қызметінде де жұмсалады. Бұйра толқын, асау Терек алтын күн, жазық дала.

Бұл сияқты эпитеттердің поэтикалық тілде көркемдік мәні зор. Жалпы ереже бойынша анықтауыштар зат есімдерден болған мүшені анықтайды. Кейде ол зат есім орнына жұмсалған есімді, сан есімді де анықтауы мүмкін. Асқар мен Ержан далаға шықса... **көзілдірікті, қылышты біреу арбадан түсіп жатыр екен.**

Анықтауыштар бір сөзден де, бірнеше сөзден де құрала береді. Сондай құрылысына қарап, оларды дара анықтауыш, күрделі анықтауыш, үйірліанықтуш деп үшке бөлеміз.

Түрлі сөз таптарынан жасалатын анықтауыштардың мағыналары да әр түрлі болады. Оларды мағынасына қарай негізгі екі топқа бөлуге болады: сапалық анықтауыш; 2) меншікті анықтауыш.

Сапалық анықтауыштарға сын есім, сан есім, есімдік, есімше, атау тұлғалы зат есімдерден болған анықтауыштар жатады; меншік анықтауышқа ілік жалғауында айтылған анықтауыштар жатады.

Сапалық анықтауыштар анықтайтын сөздермен қабыса байланысады, меншікті анықтауыштар мانتаса байланысады.

**Сын есімдерден болған анықтауыштар.** Атрибуттық қатынаста жұмсалатын сөздердің негізгі түрі-сын есімдерден болған анықтауыштар. Сын есім өздеріне тән қасиеттермен байланысты заттың сапалық белгілерін я тікелей, я ол заттың басқа затқа қатысы арқылы білдіреді. Сын есімнің семантикалық негізгі оның сапаны білдіретіндігінен я затқа тән сапа болатындығынан көбінесе анықтауыш қызметінде жұмсалады.

Сөйтіп, сын есімдерден болған анықтауыштар сөйлемде заттардың әр алуан сапасын, қасиетін көрсетеді: *Батысқа қарай... жүйрік поезд жол тартқан.*

Басқа сөз таптарына жұрнақтар жалғанып жасалған туынды сын есімдер де, анықтауыш қызметінде жұмсалғанда, анықтайтын сөздермен әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланыста болады. Олар да анықтайтын сөздерінің алдында тұрып, негізгі сын есімдердей қабыса байланысады:

Бірақ туынды сын есімдерден болған анықтауыштардың синтаксистік байланысы зат есімнің түбір кбйінде анықтауыш болуынан әлдеқайда босаң болады. Оның мынадан байқаймыз: алтын сағат, тас жол сықылды анықтауыштық топтың ортасына басқа сөз кірістіріп, оларды әрлі-берлі ауыстыруға болмайды. Ал туынды сын есімдерден болған анықтауыштар мен анықталатын сөздің арасында басқа сөздер, көбінесе басқа анықтауыштар, бола береді. Мысалы: кең алқапты жазық дала; бұлтсыз ашық аспан.

**Сан есімдер мен сілтеу есімдіктерінен болған анықтауыштар.** Заттың сандық, өлшеулік сапасын білдіретін сан есімдер де анықтауыш қызметінде негізгі және тунды түбір тұлғасында жұмсалады. Грамматикалық өзгерістер ондай анықтауышы бар сөз тіркесінің анықтайтын сөзінде болады.

Сан есімдер анықтауыштық қызметте, бір жағынан, заттың есептік, реттік, мөлшерлік, т.б. санын білдіруі, екінші жағынан мезгілдік, салмақтық, көлемдік ұғымын өлшеуші болуы оның кандай затқа қатысты екендігіне байланысты: үш бала, он бес қой, алтыншы бригада.

Анықталатын зат белгілі болып, оны басқа заттан айыра тану керек болғанда, оның алыстығын не жақындығын білдіру керек болғанда сілтеу есімдіктерін анықтауыш қызметінде жұмсаймыз:

*Қасқырдың бұл қылығын мазақтап күле-күле екі ішкі Жартыбайға қайтып келді. Сіңлім, мына қағазды ал да, біздің үйге бар.*

**Есімшелерден болған анықтауыштар.** Есімшелер, сын есімдер сияқты, анықтауыш қызметінде де жұмсалады. Ол заттың қимылдық сапасы ретінде анықтауыш болады: *Қаусаған елге ал беріп, жұмақ еткен заманым. Демеңдер өнбес, ісеке жұбаналық, ақыл тапсаң, мал тапсан, қуанарлық.*

Есімшеден болған анықтауыштар анықталатын заттың өз қимылы, іс болуы да не басқа заттың қимылы, іс-әрекеті болуы да мүмкін. Басқаша айтқанда, қимыл анықтауыштардың анықтайтын сөз онымен субъектілік қатынаста болады. Есімшілердің барлық түрінің анықтауышы болу қызметі бірдей емсе. Олардың ішінде анықтауыш болып жиі кездесетіндері- өткен шақтық есімшілер.

**Зат есімдер болған анықтауыштар.** Зат есімдер түрлі заттық анықтауыштары болуы мүмкін. Заттық анықтауыштар анықтайтын сөздермен байланыста айтылады

1. Екі зат есім атау күйінде қатар айтылып, алдыңғысы соңғысына анықтауыш болады. Мысалы: қол сағат, темір күрек, мал қора.

2. Екі зат есімнің алдыңғысы ілік жалғауда, соңғысы тәуелдік жалғаудың бірінде тұрып, анықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Изафеттік құрылыстың III түрінде айтылатын сөз тіркестері өзара матаса байланысады. Ілік жалғауы сөз анықтауыш, тәуелдеулі сөз анықтауышы болады. Мысалы: **Менің қарындасым** университетте оқиды.

Ілік жалғаулы анықтауыштар, жоғарғы мысалдардағыдай, көбінесе анықтайтын сөзінен бұрын тұрады. Кейбір өлеңді және диалогты сөйлемде олардың орны ауысып келуі де мүмкін. Кең даласы қазақтың

Құлпырады гүл жайнап.

Матаса байланысқан анықтауыш пен анықталатын сөздің ортасына басқа сөздер түсіп, бірінен-бірі қашық та тұра береді. Кейде ілік жалғаулы бір анықтауыш бірыңғай бірнеше мүшелерді анықтай алады. Кейде, керсінше, ілік жалғаулы бірнеше анықтауыштың анықтайтын сөзі біреу-ақ болады. Кейде ілік жалғаулы анықтауышты анықтайтын сөз ілік жалғауда айтылып, ол сөйлемнің басқа мүшесін анықтауы мүмкін. Зат есімдерден басқа, есімдіктер, субстантивтенген сын есім, сан есім, есімшілер де ілік жалғауында айтылып анықтауыш бола алады. Матаса байланысқан сөз тіркесінің құрамы әр түрлі болуына қарай, анықтауышпен анықталатын мүшелер әр алуан мағыналық қатынаста жұмсалады. Ілік жалғауында жұмсалуға тиісті анықтауыштар анықтайтын сөзінің тәуелдік жалғауынан белгілі болатындықтан сөйлемде айтылмаса да болады. **Отанымыз**- анамыз.

Бұл мысалдағы Отанымыз, анамыз деген тұрлаулы мүшелердің айтылмаған анықтауышы-біздің. Ол – анықталатын сөздердегі –мыз деген тәуелдік жалғауынан белгілі болып тұр.

Анықтауыштың сөйлем ішінде ерекше айтылмауы сөйлемнің беретін мағынасының аз сөзді ықшамды- болумен байланысты. Сөйлемнің ықшамды болып құралуы –стильдік талапқа сай болатындығынан. Кейде ілік жалғаулы анықтауышқа ой екпінін түсіп, оны басым әуенмен айту керек болғанда, не ілік жалғаулы

анықтауыштың қай сөз екені контекстен белгілі болмайтын жағдай да кездеседі. Ол да сөйлемнің стиль мәселесіне жатады.

Жалпы ереже бойынша, бір сөз ілік жалғауда айтылса, сонымен байланысты басқа сөз қалай да тәуелдік жалғауда болады, керсінше, сөйлемде тәуелдік жалғаулы сөз болса, сол сөйлемде қалай да ілік септікті сөз болуы керек; қысқасы, олар бірінсіз-бірі жұмсалмайды. Тек күні кеше, түні бойы, өткен жылы.

Ілік септікті анықтауыштар анықтайтын сөздермен қатар тұрғанда кейде жалғаусыз жұмсалады. Ол екеуінің ортасында басқа сөздер болғанда және мына төмендегі сөздер ілік септікті анықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олар әр уақытта жалғаулы болады:

1. Есімдіктер (өз дегеннен басқа): менің талабым, біздің серміміз, сенің қарындасың.

2. Сын есімдер: жақсының шарапаты, жаманның есапаты, қызылдың қызылы, ақылдың сөзі.

3. Сын есімдер: екiнiң бiрi, онның жартысы, екеудiң алдыңғысы.

4. Есімшелер: бiлгеннiң сөзi, айтқанның жазығы, т.б.

**5.Тәуелдік жалғаулы есімдер** де ілік септікті анықтауыш қызметінде көбінесе жалғаулы болады: жолдасымның кітабы, қарындасымның талабы, інісінің баласы.

Егер ілік жалғаулы сөздер біріне-бірі сатылана құрылған анықтауыш болса, олардың алдыңғылары тәуелдік жалғауда тұрғанмен, ілік жалғауы түсіріліп, ең соңғылары ғана жалғаулы болуы мүмкін.

6.Зат есімдерден болған ілік жалғаулы анықтауыш бірыңғай мүшелі бірнеше сөге қатысты болса да, анықтауыш үнемі жалғаулы болады. *Үйдің есігі, терезелері ашық тұр екен.*

**Күрделі және үйірлі анықтауыштар.** Анықтауыштар, басқа сөйлем мүшелері тәрізді, әлденеше сөзден де құралады. Олар өз ара берік байланыста тұрған сөз тіркестері болады: ұзын бойлы жігіт, ақ сақалды кісі, ши барқыт қамзолды келіншек, өңі сұп-сұр адам, жасы үлкен кісі.

1-топтағы күрделі анықтауыштар (ұзын бойлы ақ сақалды, ши барқыт қамзолды) күрделі сын есімдерден және зат есімдер мен туынды сын есімнен құралған. Ол анықтауыштардың құрамындағы сөздердің алдыңғылары соңғыларын анықтап барып, сол сөз тіркесі түйдекті тобымен басқа зат есімді анықтайды. Сондықтан мұндай күрделі анықтауыштарды өзара атрибуттық қатынастағ сөздерден құралған күрделі анықтауыштар деп араймыз. 2-топтағы анықтауыштар зат есім мен сын есімнен құралған. Бұлар өзара анықтауыштық ыңғайда айтылмаған, бірі бастауыш, екіншісі оның баяндауышы ыңғайында айтылған. Сөйтіп тұрып олар сол тобымен басқа заттарға тікелей қатысты болып тұр. Ондай анықтауыштарды предикаттық қатынастағы сөздерден құралған үйірлі анықтауыштар деп қараймыз.

Атрибуттық қатынастағы күрделі анықтауыштар анықталатын заттардың шоғырланған тіке сапасы ретінде жұмсалады: ұзын бойлы кісі, ат жақты жігіт.

Предикаттық қатынастағы үйірлі анықтауыштар анықтайтын сөздерін басқа заттардың сапалары арқылы анықтайды: бойы ұзын кісі, малы көп колхоз, сен көрген бала, ұяты бар келіншек, т.б.

Күрделі анықтауыштар тобындағы сөздер өз ара қабыса және матаса байланысқан әр түрлі сөз таптарынан құралады: ақ орамалды, ұзын бойлы, майда жалды, төрт қырлы. Осылар сияқты, күрделі көбінесе екі-үш сөзді болып келеді.

Күрделі және үйірлі анықтауыштар дауыс ырғағы жағынан да бір ритмикалық иоп болып келеді. Бұл сөйлемде тізбектеліп айтылған бірнеше анықтауыштардың жігі сол дауысталу тұтастығына қарай айрылады.

***Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,***



*Аласы аз қара көзі нұр жайнайды. (Абай)* дегенде екі күрделі, екі үйірлі анықтауыш бар: 1) қақтаған ақ күмістей; 2) кең маңдайлы; 3) аласы аз. Жоғарғы өлеңнің соңғы жолында қара көзі деген анықтауыштық тіркес бар.

**Айқындауыш.** Айқындауыш-анықтауыштың ерекше бір түрі. Ол анықтайтын сөзінің заттық не пысықтауыштық сапасын қосымша, жанама қасиет ретінде айқындайды. Бұл жағынан анықтауыша ұқсас болғанмен, одан кейбір өзгешеліктері бар:

1) Анықтауыш анықтайтын сөзінің алдында тұрып, оның өзіне таң, басқа заттан ерекше сынын, сапасын білдірсе, айқындауыш анықтайтын сөзінен кейін тұрып, көбінесе оның лексикалық мағынасын, мүшелік қызметін басқа сөздермен дәлдеп толықтырады немесе қосымша, көлденең сапасын көрсетеді. Сонда айқындалатын сөз зат есім болса, айқындауыш оның, дәлдеп айтқанда, қай зат, не оның қай тобына, қай бөлшегіне, қай тбіріне жататын зат екендігін, мезгілдік үстеу болса, дәлдеп айтқанда, қай мезгіл екенін, есімдік болса, соның, дәлдеп айтқанда, кім, кімдер екенін білдіреді: инженер-механизатор; кеше, майдың орнында; Айқындауыштар құрылысына қарай үшке бөлінеді. 1. Қосалқы айқындауыш; 2. Қосарлы айқындауыш; 3. Оңашаланған айқындауыш. 1) Қосалқы айқындауыш зат есімдердің қосымшасы ретінде жұмсалатын сөздер болады. Олар анықталатын сөздердің қосымша заттық сапасы болатындықтан анықтауыштардай олармен иығыз байланыста болмайды. Сондықтан олар айқындайтын сөздермен орын ауыстыра береді: *Алтамыс батыр, Жамбыл ақын, Қамбар батыр*. Бұл сияқты анықтауыштық катынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің анықталатын сөзі көбінесе кісі аты, оны анықтайтын қосалқы айқындауыштар *батыр, ақын, етікші, машинашы, мерген, мырза, қарт, ақсақал, жолдас, қалқам, шырағым, жаным* сияқты зат, кейде сын есімдер болады. Қосалқы айқындауыш сөйлемде айқындайтын сөзімен ұласып, ол екеуі сөйлемнің біртұтас күрделі мүшесі болып жұмсалады. Тиісті грамматикалық қосымшалар айқындауыш сөздерге ғана жалғанады. *Баян бәйбіше аң-таң. Жақия ақсақалмен дойбы ойнайын деп едім.*

2) Қосарлы айқындауыш деп анықтайтын сөзімен қосақталып одан кейін тұратын сөздерді айтамыз. Қосарланған айқындауыштар қазақ тілінде көп кездеспейді. Олар орыс тілінен терминдер алу және орысшадан қазақшаға аудару процесінде тілімізге соңғы кездерде ғана еніп, қазақ әдебиет тілінің де нормасына айналып келеді.

3) Оңашаланған айқындауыш деп өзі қатысты сөзінен соң тұрып, ерекше әуенмен айтылып, анықтайтын сөзінің заттық, шақтық, т.б. мағынасын дәлдеп көрсететін айқындауышты айтамыз. Олар айқындайтын сөздерінен және сөйлемдегі басқа мүшелерден дауыс ырғағы арқылы оқшауланып айтылады да, жазуда көбінесе екі жағынан үтірмен бөлінеді. Оңашаланған айқындауыштар арқылы ұғым екінші рет қайталанып айтылады: айқындалатын сөз жалпылық ұғымда жұмсалып, айқындауыш оны нақты түрде саралап, дәлдеп айтқан сөз не сөздер тіркесі болады. Ол айқындалатын сөзге ой екпінін түсіріп, оған ерекше мән беріп, мәнерлі етіп айту керек болғанда, тыңдаушы мен оқушының назарын соған аудару керек болғанда және сөйлемдегі сөз мағынасын дәлдеп аша кету керек болғанда қолданылады: *Артынан Абай ұғындырған соң, олар үндемей қалысты.*

Оңашаланған айқындауыштар айқындайтын сөздермен тұлғалас, мағына жағынан әуендес болады: айқындалушы бір грамматикалық тұлғада не грамматикалық мағынада айтылса, айқындауыш та сонымен қиысып сондай тұлғада не мағына жағынан онымен үндес келетін басқа тұлғада жұмсалады. Мысалы, **біздер** дегеннің айқындауышы да, **біз** дегеннің айқындауышы да да **оқушылар, колхоз мүшелері** сияқты көптік жалғауда айтылады.

Айқындауыштардың айқындалатын сөздермен тұлғалас болатынын мына мысалдардан көруге болады; Өзім ұшырған қыраныма, Нұрланыма, жұрт жапқан жалаға мен де сеніп жүр деп қалып па ең?

Айқындауыш даралаған зат есім болып, айқындалатын сөз көптік жалғауындағы жалпылық ұғымды білдіретін зат болса және ол екеуі екі түрлі сөздер тобына жататын болса, айқындауыш көптік тұлғада және атау тұлғада қиыспауы мүмкін: Оқушылар, оның бірі Жартас,... Кеше майдың онында...

Оңашаланған айқындауыштың кейбір нұсқалары қазақ тілінде бұрын да бар еді, бірақ оның сапаланып жетілуі, көп жұмсалып әдеби тілдің нормасына айналуы соңғы 30-40 жылдар ішінде ғана болады. Әсіресе осы процесте орыс тілінің игілікті әсерін анық көруге болады. Айқындауыштар дауыс ырғағы арқылы оқшауланып айтылуына сәйкестеніп жазуда үтірмен бөлінуі оларды дұрыс оқып, дұрыс айтудың таңбасы болады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Анықтауыш дегеніміз не?
2. Анықтауыштың жасалу жолдары қандай?
3. Анықтауыштың түрлері
4. Айқындауыш дегеніміз?
5. Анықтауыш пен айқындауыштың айырмашылығы.

### Пайдаланатын әдебиеттер

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алм.1992.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006

### ПЫСЫҚТАУЫШ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

#### ЖОСПАРЫ:

1. Пысықтауыш туралы түсінік
2. Пысықтауыштың жасалу жолдары
3. Пысықтауыштың түрлері
4. Қорытынды

**Тірек сөздер;** Пысықтауыш туралы түсінік, мезгіл, мекен, себеп-салдар, амал, қимыл-сын пысықтауыштар т.б.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшесінің бірі- пысықтауыш. Ол да анықтауыш сияқты, басқа сөздің, әйтеуір бір сапасының, ерекше белгілерін білдіру үшін жұмсалатын бағыныңқы мүше. Солай болғандықтан, пысықтауыш анықтауышқа ұқсас. Дегенмен ол екеуінің елеулі айырмашылығы бар: анықтауыш заттық ұғымы бар сөздердің – зат есімдердің, субстантивтенген басқа есімдердің - әр алуан сапасын, меншіктілік - тәндік қатнасын білдіру үшін жұмсала, пысықтауыш, негізінде, заттың қимылдық сапасының сапасын, белгісін білдіреді. Басқаша айтқанда, анықтауыш зат есімнен болған мүшені, пысықтауыш етістіктен болған мүшені анықтайды. Сондықтан көбінесе анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер етістікке қатысты болып етістіктен болған мүшені «анықтаса», оларды пысықтауыш деп атаймыз. Мысалы, *Үйге үш кісі кірді-* дегенде, үш - пысықтауыш.

Бұл сөйлемдерде найзадай, жақсы, үш анықтауыш қызметінде де, пысықтауыш қызметінде де өздері қатысты сөздермен қабыса байланысқан, екеуінде де лексикалық материалы мен тұлғалары бірдей. Дегенмен олардың айырмашылығы бірде зат есімдерге, бірде етістіктерге қатысты болуында ғана емес, сол арқылы грамматкалық мағыналардың да өзгеше болуында. Бұл өзгешелікті оларға қойылатын сұрақтарға

қарап та байқауға болады; найзадай (қандай шоқы?), найзадай қадалды (қалай қадалды?), жақсы бала (қандай бала?), жақсы сөйледі (қалай сөйледі?). Сөйтіп пысықтауыштар көбінесе етістік баяндауыштарға қатысты болып, мезгілді, мекендік, себеп-салдарлық т.б. мағынаны білдіреді.

Бір қатар авторлар пысықтауыштардың жанама толықтауыштармен шендес елетін кейбір қасиеттеріне қарап, оларды сөйлемнің бес мүшесінің бірі деп есептелмей, толықтауыш қатарына қосып қарайды. Кейде жанама толықтауыштардан пысықтауыштардың жігін айыру өте қиын екені рас, бірақ солай екен деп «пысықтауыш» деген сөйлем мүшесін жоққа шығару дұрыс болмайды.

Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер- үстеу мәндес есімдер, сапалық есімдер мен мекендік, мезгілдік, мақсаттық, амалдық мағыналарда жұмсалатын септеулі (жатыс, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі) зат есімдер.

Пысықтауыштар білдіретін мағыналарына қарай былай бөлінеді: мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, себеп-салдар пысықтауыш, амал пысықтауыш.

**Мезгіл пысықтауыш.** Етістіктің шақтық мағынасына мезгілдік мағына үстеп, оның қашан, қай мезгілде болған процесс екенін білдіретін пысықтауыш мезгіл пысықтауыш болады. Мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер- мезгілдік септеулер, зат есім, сын есім мен кейбір сөз тіркестері.

Үстеулерден болған мезгіл пысықтауыш дегенде, алдымен мезгілдік үстеулердің сол қызметте жұмсалуын ескеруге тиіспіз. Мезгілдік үстеулердің мағыналарына лайық синтаксистік қызметі етістіктің шақтық мағынасын дәлдеу, толықтыру, айқындап корсету болады. Мезгілдік үстеулердің мағыналары, негізінде, етістіктермен ғана байланысты болып, солар ментіркесе алатындықтан, сөйлемде ондай пысықтауыштар өзі қатысты сөздермен қатар тұрып та, олардан қашықтап тұрып та мағыналық және грамматикалық байланыста бола береді. *Мен бүгін туған күнімді тойлаймын.* Мезгіл пысықтауыш болып жиі жұмсалатын сөздер қатарына таңертең, әнеугүні, алдыңғы күні, әлдеқашан, әлітаман, кешқұрым, әуел баста, ендігәрі, ешқашан, бірсыпыра, бірталай, әрқашан сияқты біріккен сөздер мен ертеңді- кеш, әлсін-әлсін, күндіз-түні, қысы-жазы, анда-санда, оқта-текте, кей-кейде, апақ-сапақта, жылма-жыл, күннен-күнге сияқты қосарланған үстеулер де енеді. Зат есімдердің ішінде мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер – шақтық, мезгілдік ұғымды білдіретін есімдер: жаз, қыс, көктем, түн, түс, сәске, кеш т.б. Бұл сөздер кейде түбір күйінде, көбінесе жатыс, шығыс, барыс, көмектес жалғауларында тұрып, мезгіл пысықтауыш болады: Жаз шаңаңда сайла, қыс арбаңды айда. Сілтеу есімдіктеріне – ша-ше жұрнағы жалғанып та қашан деген сұрау есімдігіне шығыс жалғауы жалғанып та мезгіл пысықтауыш жасалады: Осынша соңыма түсетін, мен саған не іледім?

Сөз тіркестері мен әр түрлі сөздердің түйдекті тіркестері күрделі мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалуы мүмкін. Олардың құрамы негізінде былай болады:

1. Үстеу мен үстеу не үстеу мен зат есім тіркесіп күрделі мезгіл пысықтауыш жасалады:

2. Шақтық мағынадағы зат есімдер атау күйінде не түрлі қосымшалар жалғанып, олардың алдында сілтеу есімдіктері, бір, әуелгі, соңғы, ұзақ тәрізді анықтауышы болып күрделі мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалады:

3. Септеулі кейде атау тұлғалы есімдер кейін, соң, дейін, бері, бойы дегендей көмекші сөздермен тіркесіп, күрделі мезгіл пысықтауыш болады:

*а) Манадан бергі ащы сөздердің бәрінен де мына сөз Ұлжанға ауыр тиді.*

4. Таң ата, күн шыға, ел орнына отыра, жаз шыққанша тәрізді сөйлемдік құрамы бар тұрақты сөздер тіркесі үйірлі мезгіл пысықтауыш болады.

**Мекен пысықтауыш.** Қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бет алысын, қайдан екенін білдіретін пысықтауыштар мекен пысықтауыштар мекен пысықтауыш болады.

Мекен пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер, негізінде, мекендік үстеулер: жоғары, төмне, ілгеірі, кейін, соң, әрі, әрмен, бері, бермен, кері, ішкері, тысқары, сыртқары, алда, артта, соңында, бұлай, алай, тұс-тұстан, алды-артқы, ерслі-қарыссы, әрі-бері, жоғары-төмен, ілгері-кейін, жан-жақ т.б.

Мекендік үстеулер түбір күйінде де, жатыс, барыс шығыс жалғаулы формаларда да мекен пысықтауыш болады. Жоғарғы үстеулердің бірқатарына-(ы)рақ,- (і) рек жұрнағы жалғанып та мекен пысықтауыш болады. Мекен пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің енді бірқатары - көлемдік мағынадағы жатыс септікті зат есімдер, сілтеу есімдіктер. Оларға қайда? қайжерде? Қай жақта? Деген сұрақтар қойылады.

Барыс, шығыс және көмектес септікті зат есімдер де іс-әрекеттің орнын және беталысын көрсетіп, мекен пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Септік жалғауларындағы сөздердің мағыналарын бұрынғысынан да дәлдеп, айқындап тұратын сөздер бар. Олар- септік жалғауларын меңгеретін демеулер. Демеулер меңгеретін сөздерінен кейін тұрып, мекен пысықтауыштардың құрамына енеді. Сілтеу есімдіктері мен жақын, алыс, жер, жақ, маң сияқты көлемдік мағынадағы есімдер тіркесіп, соңғы сөздер жатыс, барыс, көмектес септікте тұрып, күрделі мекен пысықтауыш болады.

Арты. Алды, асты, үсті, жаны, маңы, қасы, іші сияқты көмекші есімдер сол тобын жазбай жатыс, барыс, шығыс септікте айтылып. Мекен пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Бірқатар үстеулер және сөз тіркестері сөйлем құрамының өзгешелігіне қарай кейде мекен, кейде мезгіл пысықтауыш болып жұмсала береді. Бір қатар көлемдік, мекендік мағынадағы есімдер көбінесе мезгілдік үстеу қызметінде жұмсалады. *Ол табанда ақшасын өндіріп алды.*

**Мақсат пысықтауыш.** Іс әрекеттің не үшін, қандай талапқа лайық істелетін, болатынын білдіретін пысықтауыш мақсат пысықтауыш болады. Мақсат пысықтауыштар кім үшін? не үшін? неге? қандай? қандай мақсат пепен? Деген сұрақтарға жауап береді. Мақсат пысықтауыш қызметінде жұмсалатын үстеулер өте аз, олар мыналар: әдейі, жорта, қасақана, бекер, басқа, әшейін.

Мақсат пысықтауыштық мағынасы айқын сөздер –зат есім, және көмекші сөздермен тіркескен басқа есімдер. Олар төменде көрсетілген тұлғаларда және тіркестерде мақса пысықтауыш болады. У қосымшалы қимыл есімдер барыс жалғауында кел, кет, шақыр, бер сияқты етістік баяндауыштарға қатысты болғанда, олар мақсат пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

3. Зат есімдер мен –ғалы-гелі, қалы-келі, тұлғалы етістіктер тіркесіп, кейде күрделі мақсат пысықтауыштық қызметте жұмсалады. Бала кітап **алғалы келіпті**.

4. Қалау, бұйрық рай формалы етістіктерден кейін көмекші деп етістігі айтылып, кейде көсемше тұлғалы етістіктің бір өзі мақсат пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Алматыға оқып **білім алайық деп** келдік.

5. Барыс жалғаулы есімге бала етістігі көмекші болып та мақсат пысықтауыш жасалады.

6. –ма+с (ме+с) тұлғалы есімше барыс жалғаулы жалғаныта мақсат пысықтауыш жасалады.

**Себеп пысықтауыш.** Себеп пысықтауыш қимыл процесінің себебін білдіреді. Себеп пысықтауыштарға неліктен? не себепті? деген сұрақтар қойылады.

Себеп пысықтауыштар сөйлемде тек баяндауыш болған етістіктің мағынасын айқындап, тек сол қимылдың болу-болмау себебін ғана білдірмейді, көбінесе, оның қасындағы басқа амал, мекен пысықтауыштармен де мағыналық байланыста тұрады. Бірқатар себеп пысықтауышы бар сөйлемнің құрамында баяндауышқа да қатысты басқа пысықтауыш болады. Бірақ барлық жағдайда бұл шарт сақтала бермейді. Себеп пысықтауыштардың бұлайша тікелей текетістік баяндауышқа не оның маңындағы сөзге де қатысты болу-болмауы сөйлем құрамының және пысықтауыш болған сөздің

ерекшеліктерімен байланысты. Себеп пысықтауыш қызметінде жұмсалу үшін мынадай тұлғаларда және басқа сөздермен тіркесте айтылады.

1. Есімше – дық+тан, дік-тен деген жұрнақ және шығыс жалғауы жалғанады, кейде ол жұрнақтан кейін тәуелдік, соннан соң шығыс жалғауы жалғанады: **Қатты ұйықтағандықтан** Ботагөздің басы ауырып қалған екен.

2. Есімше тікелей не тәуелдік жалғауларынан кейін шығыс жалғауы жалғанады. **Шошынғаннан шешесі есінен танып қалды.**

3. Есімшеден кейін себепті, соң деген шылау сөздер айтылады. **Ол тәртіпті болған себепті жұмысты жақсы істейді.**

4. Есімше –дық дік, од етістігі көмекші болады.

5. Көңілшектік, еріншектік ан кейін тәуелдік және шығыс жалғауы жалғанып барып, оған деп, жалқаулық, тәртіп тәрізді абстракт мәнді зат есімдерге тәуелдік және шығыс жалғаулары жалғанып та себеп пысықтауыш қызметінде қолданылады.

Көбінесе шылау қызметінде келетін сондықтан, сол себептен, солай болғандықтан деген сөздер себеп пысықтауыш қызметінде де жұмсалуды мүмкін.

Себеп пысықтауыштар орайына қарай бірдеңенің салдары мағанасында да ұғынылады.

**Амал пысықтауыш.** А) Тәсілдік амал пысықтауыш.

Қимылдың қандай тәселдермен атқарылуын білдіретін пысықтауыш амал пысықтауыш болады. Олар қалай?, қайтіп?, қалайша? деген сұрақтарға жауап береді.

Амал пысықтауыштар екі топқа бөлінеді: тәселдік амал, сапалық амал. Тәселдік амал. Тәселдік амал пысықтауыш болатын сөздер– үстеулер, еліктеуіш сөздер, көсемше тұлғалы етістіктер. Олардың баяндауышқа мағыналық қатысы қимылдық қарқындық бейнелеуші болады.

Іс-әрекеттің қимылдық тәсілін білдіретін амал пысықтауыштар көбінесе етістіктің көсемше түрлеріне айтылады: көсемше тұлғалы етістіктер қосарланып та жоғарғыдай амал пысықтауыш жасалады:

**Көре-көре** көсем боларсың, **сөйлей-сөйлей** шешен боларсың.

Бұл сияқты қос сөзді пысықтауыштардың бірқатары әрі қимылдық, әрі қарқындық амалды білдіреді. Оның үстіне кейбір қос сөзді қимыл пысықтауыш көптік тұлғада айтылатын баяндауышпен ғана сабақтасады.

Өткен шақтық есімше –ша, -ше жалғанып, қимылдық меже, шек қою мағынасындағы пысықтауыш болады: тойғанша жеді, шаршағанша жүгірді, жеткенше куды.

Іс- әрекеттің қарқындық тәсілін білдіретін пысықтауыштардың мағынасы әр түрлі болады: бояу, шапшаң, үдеу, қайталау және т.б.

Ондай пысықтауыштар мынадай сөздерден жасалады.

а) тез, жылдам, шапшаң, ақырын, жай, шұғыл, қайта-қайта сияқты бстеулерден тез қимылда, сәл көтерілді, ақырын сөйледі. Шапшаң бас, жылдам жүр, жай оқы, ол шұғыл бұрылды, ол жазғадарын қайта-қайта оқыды, т.б.

Қарқындық амал пысықтауыш қызметінде жұмсалатын тез, сәл, жай, сияқты үстеулер қасындағы етістігінің мағыналық өзгешелігіне қарай істің шапшаң орындалу амалын білдірумен қатар, кейде шақтық та мағынада жұмсалады.

Жоғарғыдай пысықтауыш қызметіндегі сөздерге ырақ ірек жұрнағы жалғанып, олардың қарқындық дәрежесі күшейтіліп те айтылады.

ә) Қылт, кілт, тарс, тарс-тұрс, жалт, бұрқ-бұрық, жалт-жұлт сияқты еліктеуіш сөздер:

б) Бірден, бір-ақ, көзбе-көз, қолма-қол, жалма-жан, зорға, әрең сияқты үстеулер: Бейнелеуш амал пысықтауыштар қимыл тәсілінің түрде екенін білдіреді. Ондай мағынада пысықтауыш болатын сөздер:

а) Шалқасынан, жүрісінен, етпетінен, алшысынан, мұртынан, тізелеп, жанбастап, бүге түсіп деген үстеулер.

ә) Маң-маң, талтаң-талтаң, бүкең-бүкең, бүрсең-бүрсең, ербең-ербең, қарш-қарш, пырт-пырт сияқты еліктеуіш сөздер.

Бұл топқа киімшең, көйлекшең, жалаң, бас, жалаң аяқ, қуанышпен сияқты сөздерден болған пысықтауыштар да жатады.

Негізгі және туынды сын есімдер етістікке қатысты болып пысықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олар бұрынғы лексикалық мағынасын өзгертіп, үстеуге айналмайды. Бірақ үстеулер сияқты пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Сапалық сын есімдер пысықтауыш қызметінде жұмсалыу үшін баяндауыш болған етістіктердің дәл алдында тұруға тиісті. Ондай пысықтауыштардың баяндауыштармен осылай қабыса байланысып, қатар тұруы- олардың сол қызметте жұмсалыуының синтаксистік амалы. Бірақ кез келген негізгі сын есімдерді етістіктермен қатар қойып пысықтауыш қызметінде айта беруге болмайды, тек санаулы сын есім сөздер ғана сол қызметте етістіктермен тіркесе алады. Ол туралы «Сын есім мен етістіктен құралған сөз тіркесі» дегенді қараңдар.

Олардың лексикалық мағыналары етістіктердің мағыналарымен үйлесімді, солармен тіркесе алатын сөздер. Негізгі сын есімдерден гөрі, туындысын есімдер пысықтауыш болып өте жиі қолданылады. Онда да олардың бәрі емес, үстеумен шендес сын есімдер.

1. –сыз-сіз жұрнағы жалғанған туынды сын есімдер пысықтауыш қызметінде кимыл процесіне біреудің не бірдеңенің қатысы жоқтығын білдіреді.

2. Зат есімдерге дай-(дей, тай) тей жұрнағы жалғанған туынды сын есімдер сапалық пысықтауыш қызметінде теңеу, салыстыру мағынасында жұмсалады. Кейде – дай|дей... жұрнағы жалғанған сөздерге- ың|| ің қосымшасы арқылы пысықтауыш жасалады.

Ша-ше жұрнағы арқылы үстеуге айналған есімдер теңеулік сапа мағынасында пысықтауыш болады: Суда балықша жүзетін бір балықшы шал бар екен.

Сапалық пысықтауыш ретінде жұмсалатын сөздердің енді бірқатары– сан есімдер, сандық ұғымды білдіретін басқа есімдер. Сан есімдер ол қызметте түбір күйінде, кейде олардан кейін рет, есе деген көмекші есімдер тіркесіп айтылады. Заттың анық санын білдірмей, сандық ұғымда айтылатын аз, көп, шамалы, азырақ, көбірек, едәуір, талай, тегіс, біраз, бірқатар сияқты сөздер де сапалық пысықтауыш қызметінде жиі қолданылады.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Пысықтауыш мүше ретінде жұмсалатын сөздерге сипаттама берің.
2. Пысықтауыштар білдіретін мағыналарына қарай неше топқа бөлінеді.
3. Мақсат пысықтауыштар қалай жасалады?
4. Кейде мекен, кейде мезгіл пысықтауыш ретінде жұмсалатын сөздерге мысал келтіріңдер.

#### **Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.

## **СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ**

### **Жоспары**

1. Бірыңғай мүшелер туралы жалпы түсінік
2. Бірыңғай тұрлаулы мүшелер.

### 3. Бірыңғай тұрлаусыз мүшелер.

Тірек сөздер: бірыңғай мүше, анықтамасы, бірыңғай бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, бірыңғай мүшелерді баяланыстыратын жалғаулықтар.

*Айшаның майысыңқыраған сымбатты ұзын бойы, ашық жүзі, қоп-қою, қап-қара қасы, мұңайған кер көзі оның қалың ойда, ауыр қайғыда екенін білдіретін еді.*

Бұл – жайылма сөйлем. Оның бірнеше бастауыштары бар: бойы, жүзі, қасы, көзі. Бұлардың тұлғасы бірдей, баяндауыштары бәріне ортақ: ол – білдіретін еді. Әрбір бастауыштың анықтауышы бар. Соның бәрі- бойы дегеннің төрт анықтауышы бар:

Бұл төрт анықтауыштың тұлғалары да, мағыналары да зат есімнен болған анықтауыш, майысыңқыраған – есімшеден, сымбатты – туынды сын есімнен, ұзын – сапалы сын есімнен болған анықтауыштар.

Бұлар түрлі тұлғадағы әр қилы анықтауыштар болғандықтан, бірыңғай анықтауыштардай, әр сөзі айырым әуенмен айтылмай, бәрі біріне – бірі ұласа айтылады.

Бірыңғай мүшелер өзара саласа байланысады да, сол тобымен сөйлемдегі басқа мүшелерден дауысталу жағынан оқшауланып, бәрі жиналып бөлек бір топ құрап тұрады. Сөйлемде синтаксистік қызметі бірдей, көбінесе өзара тұлғалас сөйлем мүшелері бірыңғай мүшелер болады. Олар біріне – бірі бағынбай, өзара саласа байланысып, барлығы бірдей дәрежеде бір сөзге қатысты болып тұрады. Бірыңғай мүшелер бір сөзден құралған жайылма болады.

**Бірыңғай мүшелердің байланысы.** Бірыңғай мүшелер көбінесе тұлғалас болатындықтан қазақ тілінде оларды кейде шұбалаңқы етпей, ықшамды етіп айту үшін, грамматикалық тұлғалар мен көмекші сөздер бәріне ортақ етіліп бір-ақ рет жұмсалады. Олар мынандай орындарда болады:

1. Бірыңғай мүшелердің, мысалы, толықтауыштардың ең соңғысы жинақтауышы болады да, тиісті септік жалғау тек соған жалғанады.

2. Бірыңғай күрделі мүшелерге бір көмекші етісті не бір көмекші есім ортақ болып, олар ең соңы бірыңғай мүшеден кейін бір-ақ рет айтылады.

Жай сөйлемнің құрамын ұлғайтып, көлемін кеңітуге бірыңғай мүшелер блкен сеп болады. Өйткені сөйлем ішіндегі әрбір бірыңғай мүшенің жетегінде басқа сөздер болып, олар бірінің үстіне бірі жамала беруі мүмкін. Бірыңғай мүшелер бірімен–бірі салаласа, басқа мүшелер мен сабақтаса байланысады. Бірыңғай мүшелерді салыстыра байланыстыратын амалдар–интонация мен жалғаулықтар. Бір сөйлемде төрт, бес бірыңғай мүше болса, олардың алдыңғылары жалғаулық немесе интонация, соңғы не ортадағы екеуі жалғаулық арқылы байланысуы мүмкін. Бірыңғай мүшелер интонация арқылы, кейде әрі жалғаулық, әрі интонация арқылы байланысып, айырым әуенмен айтылса, жазуда олардың арасына үтір қойылады. Жалғаулықсыз бірыңғай мүшелерді әрі қарай жалғастыра беруге болады,- тұйықталмайды; ал жалғаулықты бірыңғайлар көбінесе тұйықталып, әсіресе және жалғаулығымен байланысқан соңғы бірыңғайлар сол қосағымен аяқталып тұрады. Кейде бірыңғай мүшелер жалғаулықтар арқылы екеу-екеуден қосақталып айтылады. Қорыта айтқанда, бірыңғай мүшелер ойды, бір жағынан шұбалаңқы етпей тұжырымдау үшін, екінші жағынан тарамдап талдау үшін жұмсалады. Алманы кездестіреді, өрікті кездестіреді... десек шұбалаңқы да, алманы, өрікті... кездестіреді десек, сиысқан, ықшамды болады. Бұл – олардың айырмашылықтары.

**Бірыңғай тұрлаулы мүшелер.** Тұрлаулы мүшелер бірыңғай болғанда, сөйлемнің құрамы жайыла түседі, бірақ сөйлем күрделі болмайды. Күрделі сөйлемдер әр бастауыштың өз баяндауышы болу негізінде жеке сөйлемдер тіркестерін болса, бірыңғай тұрлаулы мүшелері бар сөйлемде бірнеше бірыңғай бастауыштың бір

баяндауышы, бірнеше бірыңғай баяндауыштың бір бастауышы болады. Сол ыңғайда олардың бірыңғай болуының өз ерекшеліктері болады:

Бастауыш бірыңғай болғанда, олар бір баяндауышы өздеріне ортақтасқан түрде бағындырады.

1. Бірыңғай бастауыш кісі аттары болғанда, олардың ең соңғысына көптік жалғау жалғанады. Ондайда көптік жалғауы жинақтаушы қызмет атқарады. Мысалы: **Абай, Біржан, Әйгерімдер** тысқа шығып, оларды **аттандырып жатыр**.

2. Біркелкі бірыңғай бастауыштарды жинаушы сөз жинақтау сан есімдері болады:

3. Бірыңғай мүшелерді жинақтау қызметінде бәрі, барлығы да, осының бәрі, үшеуі... дегендер сөздер жиі қолданылады.

Баяндауыштар бірыңғай болғанда, олардың бәрі бірдей болғанмен, көп жерде ең соңғы баяндауыштың сөйлем құрауда синтаксистік қызметі ерекше болып келеді. Оның үстіңе етістіктен болған бірыңғай баяндауыштың есімді бірыңғай баяндауыштардан елеулі ерекшеліктері бар.

1. Етістік бірыңғай баяндауыштар қимылдың бірінен соң бірі болып жатқан үдетпелігін және мезгілдестігін білдіреді.

Дала боран, Жел **дүрілдейді. ысқырады**. Арғымақтың баласы аз **оттар** да көп **жусар**. Бұл жолы ол әрі ұзақ **ұйықтады**, әрі тыныш **ұйықтады**.

2. Есімді бірыңғай баяндауыштар субъектінің бір беткей әр түрлі сындық, не заттық сапасын білдіреді; бірыңғай баяндауыш болатындар-көбінесе сын, зат есімдерден жасалған баяндауыштар...

**Бірыңғай тұрлаусыз мүшелер**. Екі не бірнеше тұрлаусыз мүшелер басқа тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің біріне бағынып, бір сұраққа жауап болып тізбектеледі.

Тұрлаусыз мүшелердің барлығының бірыңғай болу амалдары бірдей емес. Толықтауыштар бірыңғай болғанда, олар жалғаулықты, жалғаулықсыз байланыста тұрып, екі түрлі тұлғаланады: бірде әрбір ыңғай толықтауыш тиісті септік жалғауда айтылса, кейде онда жалғау ең соңғы толықтауышқа ғана жалғанып, алдыңғылары сол жалғауға сырттай телініп, жалғаусыз айтылады. Бірыңғай толықтауыштар мен (пен, бен) жалғаулығы арқылы байланысқанда, олардың әр уақытта тек соңғысы жалғаулы болады, ал жалғаулықсыз байланысса, кейде олай, кейде бұлай болып тұлғана береді. Анықтауыштар анықтайтын сөздердің алдында екі түрлі ыңғайда топтанады: кейде бірнеше анықтауыш бірін –бірі анықтап барып, ең соңғы зат есімге бағынып тұрады. Мысылы: Әлеуметтік құрылыстың жаңа міндеттері дегенде «әлеуметтік» деген анықтауыш құрылыстың дегенді анықтайды, құрылыстың жаңа дегендер – міндеттері дегенді анықтайды. Мұндай бір сөзді түрлі жағынан сипаттайтын анықтауыштар әркелкі анықтауыштар болады.

Кейде анықтайтын сөзіне қатысы бірдей бірнеше анықтауыш бір сөзді әр жағынан анықтайды. Олар мағыналық, грамматикалық белгілері жағынан ыңғайлас болады. Мысалы: Дала **қызыл, сары, көкшіл** түстермен құлпырып тұр.

Мұндай мағыналас, көбінесе тұлғалас сөздерден жасалған барлығы бірдей дәрежеде бір сөзге қатысты болып тұратын анықтауыштар бірыңғай анықтауыштар – ойды, көрікті, көркем етудің де тәсіл бояулары.

Кейде тұлғасы, мағынасы жағынан түрлі сөз табына жататын сөздер де бірыңғай анықтауыштар болуы мүмкін. Ондайда олар да айырым интонациямен айтылады. Мысалы: Орысша киінген, ақ құба, қара сақалды, орта бойлы адам үйге кірді.

Пысықтауыштар да анықтауыш сияқты бірыңғай болып көп жұмсалады. Әсіресе туынды бстеулерден, көсемшелерден болған пысықтауыштардың бірыңғай болу қабілеті күшті. Олар көбінесе интонация арқылы, кейде жалғаулықтар арқылы да



байланысады. Бірыңғай мүшелердің әрқайсысы дара сөзді және сөз тіркесінен болуы мүмкін.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Бірыңғай мүше дегеніміз не?
2. Бірыңғай мүшелердің жасалу жолдары.
3. Бірыңғай тұрлаулы мүшелерге сипаттама берің.
4. Бірыңғай тұрлаусыз мүшелердің жасалуындағы жалғаулықтардың қызметі қандай?

#### **Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
4. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006
5. Шаяхметова М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Алматы. 1980ж.

#### **Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері Жоспары**

1. Хабарлы сөйлем, жасалу жолдары..
2. Сұраулы сөйлем, ерекшеліктері.
3. Бұйрық сөйлем, жасалу жолдары.
4. Лепті сөйлем.

Тірек сөздер: хабарлы сөйлемдердің мазмұны, сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары, бұйрықты, лепті сөйлемдердің жасалу жолдары.

Бірдеңенің не бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылған сөйлем хабарлы болады. Мысалы: Асау Терек долданып, буырқанып, тауды бұзып, жол салған, тасты жарып.

Хабарлы сөйлемдердің мазмұны әр түрлі болады. Олардың мазмұны сөйлемге қатысқан сөздердің, сөйлем мүшелерінің әсіресе баяндауыштардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты.

Хабарлы сөйлемдер, жалпы алғанда, бірсыдырғы баяу әуенмен айтылады: жалаң сөйлемдер тақ –түк қайырылса, жайылма сөйлемдерді айтқанда, дауыс сөйлемнің соңында бәсеңдей түсіп тынады. Мысалы: Түн жым- жырт. Жел жоқ. Бірақ сәл ғана білінген салқын бар.

Бір сөйлемнен екінші сөйлемнің межелі жігі пауза арқылы айрылып тұрады. Бірақ хабарлы сөйлемдегі жеке сөздердің айтылу әуені әр уақытта бірқалыпты бола бермейді.

Көп құрамды хабарлы сөйлемнің ішіндегі бастауыштын не толықтауыштын манына топтаған сөздердің саны неғұрлым көп болса, сол топ солғұрлым оқшаулана түсіп, көтеріңкі дауыспен айтылады да, одан кейін дауыс бәсеңдей береді. Мысалы: Таудан төмен сырғанап келе жатқан шаңғышылар колхоз клубының алдына келіп тоқтады. Баяндауышы зат есім мен есімдіктен болатын сөйлемдер интонация жағынан екі бөлініп айтылады.

**Сұраулы сөйлем.** Сөйлеу – тіл жұмсаудың басты тәсілінің бірі жүздесіп және басқа адамдар арқылы өзара сөйлескен адамдар істің, әр нәрсенің мән –жайын білгісі келгенде, сұраулы сөйлемнің сұралуы түрлерін қолданылады. Ауызекі сөйлеу стиліне тән пікір алсудың бұл түрі әдебиетте, әсіресе көркем әдебиет тілінде жиі қолданылады; мысалы:

-Әй , тілің бар ма өзіңнің? Неге бұғасың?... Неге жөніңді айтпайсың?- деді Қадырбек. Басқадан жауап күту мақсатымен айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз.

Сұраулы сөйлемдер көтеріңкі дауыспен айтылады. Көркем әдебиетте сөйлемдердің, әсіресе хабарлы сөйлемдердің қолдану мақсаты ойды әсерлі - көрікті, көркем ету де ескеріледі. Сұраулы сөйлемдер интонация арқылы және сұрау есімдіктері, сұраулық шылаулар, кейбір көмекші етістіктер мен қосымшалардың қатысуы арқылы жасалады. Олардың бастылары мыналар:

Сұраулы сөйлемдер ма-ме, па-пе, ба-бе сұраулық шылаулары арқылы жасалады. Сұраулық шылау қысқарып жіктік жалғаулардан бұрын келу арқылы да сұраулы сөйлем жасайды.

Сөйлемде кім, не, қашан, қайдан, қандай, кімді... сияқты сұрау есімдіктері айтылу арқылы сұраулы сөйлем жасалады:

Мұнда қайдан жүрсіз?

- Ой, Бәтес, мұның не?

Шығар, болар, қайтеді деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыштың құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылғанда сөйлем сұраулы болады:

4.Баяндауыштың құрамында – ау, ғой шылаулары мен одағай айтылып та сұраулы сөйлем жасалады:

Сен кіп – кішкене қуыршақтай едің – ау, ә?

5.Ше демеулігі баяндауыштардың құрамына ену арқылы да сұраулы сөйлем жасалады. Сұраулы сөйлемде әдетте түгелімен кейде сұрау есімдіктері көтеріңкі дауыспен айтылады да, сұраулық интонациямен аяқталады. Сонымен қатар, көп құрамды сұраулы сөйлемдерде жауап күтуді білдіретін сөздер басқа сөздерден гөрі басым әуенмен айтылады. Кейде, ондай ой екпіні түсіп, басым әуенмен айтылатын сөз тікелей баяндауыштың қасында тұрады.

Сұраулы сөйлемдерде қойылатын сұрақтардың мазмұны әр түрлі болады. Олардың негізлері мыналар: Ашық сұрақ. Біреудің ойын немесе біреудің я бірдененің жайын, бар – жоқтығын білу мақсатымен айтылған сұраулы сөйлемдерде сұрау ашық қойылады: Ашық мәнді сұраулы сөйлемдердің баяндауыштарына ой екпінін түсіре, сұраққа жауап алу үшін бір сөйлемде сұрақ кейде екі рет айтылады. Ондай екі рет айтылатын сұрақтар көбінесе біріне –бірі қарсы мәнді сөздер болады. Сұраулы сөйлемнің сондай экспрессивті мәнін күшейту бір сұрақ қазбаланып кейде бірнеше рет қойылады.

2. Қарсы сұрақ. Бірқатар сұраулы сөйлемдерге ашық жауап берілмей, сұраққа сұрақ түрінде де жауа беріледі де, қарсы сұрақ қойылады.

3. Күмәнді сұрақ. Бірқатар сұраулы сөйлемдер бірдененің жайын білуді ғана көздеп айтылмай, айтушының бірдеңеге күмәнданғанын да білдіреді: Ондай әрі сұраулы, әрі күмәнді сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында ма-ме...екен, екен –ау және ә деген сөздер болады.

4. Таңырқаулы сұрақ. Баяндауышының құрылысы күмәнды сұрақ формаларында немесе демеісің деген сөзбен келетін сұраулы сөйлемдер кейде бірдеңеге тандану, таңырқау мағынасында да айтылады. Ондай сөйлемдер әрі сұраулы, әрі лепті болатындықтан, жазуда олардан соң сұрақ белгісі мен леп белгісі қатар қойылады:

Сізде де арман бар ма екен?!

Арық адамның көзі өткір болады екен-ау?!

Жоғары сұраулы сөйлемдердің ішінде кісінің көңіл күйін білдіретін одағай сөздер болса, сұраулы сөйлемдердің мазмұнына тағы басқа эмоциялық реңк қосыла береді.

Риторикалық сұрақ. Кейбір сұраулы сөйлемдер жауап күту мақсатымен айтылмай, бірдененің жайын хабарлау мақсатымен де айтылады. Ондай сөйлемдерде риторикалық мән болады. Риторикалық сұраулы сөйлемдер көркем әдебиетте жиі қолданылады. Риторикалық сұраулы сөйлемдер кейде салалас құрылмас сөйлемнің құрамына енгенде құрмаластың аралығында әйтеуір, қалайда деген сөздер қолданылады:

Әлде ақсқан тістері ме, әлде ақ көңілдігі ме, әлде қабағына қақ тұрмайтын ойнақлығы ма? - әйтеуір Шеген мені біржола тартып әкетті.

**Бұйрықты сөйлем.** Бұйрықты сөйлем біреуді іс істеуге жұмсау мақсатымен айтылады. Ондай мақсатпен айтылатын сөйлемдер жалаң бұйрық ретінде ғана айтылмайды, сонымен қатар кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін, жалынышын т.б. білдіреді.

Бұйрықты сөйлем, негізінде, ауызекі тілге тән. Көркем әдебиетте ондай сөйлем диалогта жиі ұшырайды. Бұйрықты сөйлемдер етістіктің бұйрық және қалау райы арқылы жасалады. Олар сөйлемнің баяндауышы болып жұмсалады да, сөйлем түгелімен асқақ әуенмен айтылады. Бұйрықты сөйлемдердің айтылу әуені оларды қандай мазмұнда жұмсалуына қарай түрліше болады. Егер бұйрықты сөйлем бұйыру, қатал талап мағынасында жұмсалса, ол көтеріңкі дауыс екпінімен айтылады; егер кеңес, жалыныш, тілек мағыналарында жұмсалса, олар бәсең дауыспен айтылады. Алдыңғы жағдайда баяндауыш көбінесе сөйлемнің басына қойылады.

Бұйрықты сөйлем көбінесе толымсыз болады да, оның орнына қаратпа сөз қолданылады. Қаратпа сөздер істі істеуге тиісті кісіні, бұйрықтың кімге, неге арналғанын білдіреді.

Бұйрықты сөйлемдердің тағы бір ерекшелігі мынау: олар көбінесе аз сөзден құралған ықшамды болады да, екпінді әуенмен тақ – тақ айтылады.

Бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштары қандай сөз болғанына қарай және сөйлемнің құрамы қандай болуына қарай, олардың мазмұны әр түрлі болады.

Баяндауыштары еістіктің бұйрық райының екінші жағында айтылған сөйлемдерді көбінесе бұйрық, талап кейде үндеу мәнді болады:

**Тарт** тілінді! Жоғал көзіме көріңбей! – деп Ысқақ кимелеп кетті.

Баяндауыштары бұйрық райының үшінші жағында айтылған сөйлемдер көбінесе талап, тілек мәнді болады:

Баяндауыштары етістіктің бұйрық райында айтылып, оған –шы-ші қосымшасы жалғанып, тілек, жалыныш не сыпайы түрде бұйыруды білдіретін сөйлемдер жасалады.

Етістіктің қалау, бұйрық рай тұлғасынан жасалған баяндауыштары бар сөйлемдер ұран, үндеу мағынасында да жұмсалады. Колхозшылар мен совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылық мамандары!

**Лепті сөйлем.** Кісінің көңіл күйін, әр түрлі эмоциялық сөзімін білдіру үшін жұмсалатын сөйлемдер лепті болады. Лепті сөйлемдердің мағыналары жай хабар болумен қатар, кісінің қуанышы, қорқынышы, таңырқауы, ызасы, аянышы. Жалынышлы, күмәны, жиреніші сияқты ішкі сезімдерін білдіреді. Лепті сөйлемдер мұндай мағыналарда айтылу үшін олардың құрамында көбінесе одағайлар болады. Кейде одағайлардың өзі лепті болады. Оның үстіне сөйлем асқақтаған көтеріңкі дауыспен, лептілік интонациямен айтылады. Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағыналары олардың құрамындағы одағай, модаль, сөздермен сөйлемдерің лептілік әуенмен байланысты.

1. Қорқу, сескену, аяу, окіну, таңырқау сияқты кісінің көңіл күйін білдіретін сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында ау, ай демеуліктері айтылады:

2. а) баяндауышы бұйрық рай тұлғадағы етістік баяндауышты сөйлем кейде тілек мағынасында айтылады:

б) баяндауыштары етістіктің шартты рай тұлғасында айтылып, бірденені көксеу, арман ету мағынасында лепті сөйлем жасалады:

Ондай сөйлем шартты бағыныңқылы сабақтас құрылмас болып айтылмай, жай сөйлем ретінде жұмсалады. Күрделі баяндауыштың негізгі сөзі келер шақтық есімше болып, одан кейін сұраулық ма-ме шылауы мен еді көмекші етістігі тіркесіп те арман мәнді лепті сөйлем жасалады.

3. Өткенде істеуге тиісті, бірақ істелмен, болмаған іске өкіну ретінде айтылатын да лепті сөйлемдер болады. Ондай сөйлемдердің баяндауыштары көбінесе екі түрлі болып келеді.

а) Болымсыз тұлғадағы өткен шақтық есімше мен есімше тұлғасындағы көмекші етістік, одан кейін демеулік де тұрады:

Бірінші жақтық шартты рай тұлғасындағы етістікке **шы-ші** қосымшасы жалғанады. Ондай сөйлем ерекше көтеріңкі әуенмен айтылады.

**3.** Бірденені асыра мақтан ету, масаттану, қолпаштау мағынасында да лепті сөйлемдер жасалады. Ондай сөйлемдердің ішінде кейде **қандай, ғажап, неткен, болғанда қандай, пай-пай, ай** деген сөздер болады.

#### **Жай сөйлемнің түрлері. Жақты сөйлем.**

Грамматикалық бастауышы бар не бастауышы ерекше айтылмай, оның қай сөз екенін баяндауышпен ұластыра, атау септігінің сұрақтарын қою арқылы білуге болатын сөйлем жақты сөйлем болады. Олардың баяндауыштары бастауышпен қиысу үшін белгілі жақ жалғауларында не жалғаусыз жақтық мағынада айтылады. Соңғылардың жақтық тұлғаларына, мағыналарына дәлме-дәл үйлесімді болып айтылған бастауышы бар сөйлем ғана жақты болады.

Жақты сөйлемдердің бастауыштары сөйлем ішінде ерекше айтылмай да, оның қай сөз екені айқын болып тұра береді. Ондай жақты сөйлемдердің бастауыштарын түсіріп айту мынадай жағдайларда болуы мүмкін:

Ұзақ ойға қатысты болып, өз ара мағыналық байланыста айтылатын жеке сөйлемдердің бастауышы бірінде болса, екіншісінде қайталақтанып айтылмай, соған ортақтасып тұра береді. Сонда тізбектеліп қатар айтылатын бірнеше жай сөйлемнің не құрылмас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің бірінің бастауышы екінші сөйлемге де бастауыш болып ортақтасады. Бидай тиеген эшелондар зыр қағып, темір жолды қайқаң қақтырып, суыт кетіп барады.

Бастауыштың қай сөз екені баяндауыштық тұлғадан айқын болып тұрғанда, әсіресе I-II жақтық бастауыштар сөйлемде ерекше айтылмайды.

Отаным үшін аттанам.  
Ақ сөмсерді қолға ала.  
Өлеңімді өрлеттім,  
Өрге құлаш серметтім.  
Зарын айтып сорлының,  
Қайғылыны еңіреттім  
Өз бойыңа болып сақ,  
Жан-жағыңа қараңдар.

Мен, сен, біз, сіз, ол деген бастауыштарға ерекше мән беріліп, ой екпіні түсірілгенде, олар сөйлемде ерекше айтылатын болады. Ондай бастауыштарды түсіріп айтуға болмайды.

Сөйтіп, бастауыштың жақты сөйлемде дербес айтылу я айтылмауы баяндауыштың тиісті предикаттық жалғауда тұру я тұрлауымен ғана байланысты емес, бастауыштың сөйлемдегі қызметінің ерекше екендігімен де байланысты болады.

**Жақсыз сөйлем.** Бастауышы ерекше айтылмаған сөйлемдердің енді бірқатарын, жоғарғыдай, толымсыз сөйлемдерден айыру үшін, мектеп грамматикаларында «жақсыз» сөйлем деп атап жүрміз. Олардың үш жақтың біріне тән белгілі грамматикалық бастауышы болмайды. Мысалы: Баланы жаман үйретпеу керек.

Егер жақсыз сөйлемдердің түрлері әдеби тіліміз қалыптаспай тұрған кезде елеусіз болып, аз жұмсалатын болса, осы күнгі әдебиеттерде оның түр-түрі сараланып жиі жұмсалатын болады. Сонда да «жазықсыз сөйлем» деген термин – шартты атау.

Ондай сөйлемдерді орысша «безличное предложение» дегеннің аудармасы ретінде «жазықсыз сөйлем» деп атағанымыз болмаса, қазақ тілінде дәл орыс тіліндегіде жазықсыз сөйлем де, ондай сөйлем жасайтын, стемнело, мне не спится сияқты өзгеше жақсыз етістіктер де жоқ. Дұрысында, біздің жақсыз сөйлем деп жүргеніміздің баяндауыштарының белгілі жағы болады. Бұл сөздер көбінесе үшінші, екінші жақта айтылады. Сөйтеді де, олар кейде бастауышы жоқ сөйлемнің баяндауышы болып жұмсалады: Ол кезде көмірді қауғамен тартатын. Не істеу керек? Көне беруге тағы болмайды.

Әрине, бұл сөйлемдердің бастауыштарының айтылмауы – Москва бардым, не көрдім? – Туысқан, туған ел көрдім деген сияқты сөйлемдермен бір емес. Соңғыда бастауыштың мен екені айқын да, одан бұрынғы сөйлемдердің бастауыштары ондай белгілі, айқын емес. Сабақтан қалуға болмайды деген сөйлемнің баяндауышы үшінші жақта айтылған. Бірақ оның грамматикалық бастауышы үшінші жақта III жақтық ол, олар деген есімдіктер емес. Өйткені бұл сөйлем бір адамға айтылуы да, көп адамға айтылуы да, өзіне, тындаушыға айтылуы да мүмкін.

Сөйтіп, бастауышы жоқ, оның орны жоқталмайтын, айтылған іс-әрекет баяндауыш үш жаққа бірдей ортақ ұғымда жұмсалатын сөйлемдер жақсыз сөйлем болады.

**Жақсыз сөйлемдердің түрлері.** Жақсыз сөйлемдердің түр-түрі олардың баяндауыштарына қарай айрылады. Олардың баяндауыштары көбінесе күрделі болады да, мынадай құрамда жұмсалады:

1.-у, -мақ жұрнақты тұйық рай тұлғалы қимыл есімі мен керек сөздерінен құралған баяндауышы бар сөйлемдер көбінесе жақсыз сөйлем болады: Бізге көбірек оқу керек. Әркімге де тезірек өту керек. Бұл жұмысты тез қолға алу керек. Осы мысалдардағыдай, керек сөзі бар жақсыз сөйлемдерді «жақты» етіп те айтуға болады.

2. Барыс септікті тұйық рай тұлғалы етістікке есімше, көсемше тұлғалы етістікке бол етістігі көмекші болу арқылы жақсыз сөйлем жасалады. Тұқымды құрғатпай – ақ себе беруге болады. Отырықшы дегендердің өздерін де көшпелі деп есептеуге болады.

Күрделі баяндауыш құрамында барыс септікті тұйық рай тұлғалы етістіктен кейін тура келу көмекшісі айтылу арқылы да жақсыз сөйлем жасалады. Саған аздап досыңның желігін басуға тура келер. Сендермен хош айтысуға тура келіп тұр.

4. Барыс септіктегі тұйық рай тұлғалы етістіктен болған күрделі баяндауыштың құрамында мүмкін (мүмкін емес) сөзі айтылу арқылы да сөйлем жақсыз болады:

Сан жүзіндегі адамнан көшеде аяқ алып жүруге мүмкін емес еді. Әрине, мұндай жағдайда маған мұнда оқытушы болып қалуға мүмкін емес еді.

Кейбір есімді сөйлемнің құрамында барыс жалғаулы толықтауыш болса да, сөйлем жақсызға айналады. Мысалы: (Ол) жұмаққа бармақ шығар – Оған қайдағы жұмақ!

5. Бірдеңені арман ете айтылатын күрделі баяндауышты сөйлемнің негізгі сөзі келер шақтық есімше болып, одан кейін сұраулы –ма ме шылау және көмекші – е (ді, дің) етістігі айтылып та жақсыз сөйлем жасалады.

Бұл сөйлемдерің баяндауыштарына кім шабар ма еді? Кім жатар ма еді? деп сұрақ қойып бастауышын іздесек, онда мен, сен, ол, біз, сіз дегендердің бірі алдымызға көлденең тартыла қалмайды. Олардың бірінің орнына кім болса сол, мен де, сен де, ол да деген ұғым пайда болады да, ол тек ойда сақталып, көпке тән мағыналық бастауыш болады. Сол сияқты, Өзін барып көретін екен! -Әкем-ай, айтуға да ұят, айытпауыма да болмай тұр деген сөйлемдер де – сондай жақсыз сөйлемдер.

**Белгісіз жақты және жалпылама жақты сөйлемдер.** Бірқатар сөйлемнің грамматикалық бастауышы ерекше айтылмайды да, істелген іс-әрекет, әйтеуір, бір белгісіз субъектілерге тән болып ұғынылады. Мысалы: Қалпақты қыста киймейді,

жазда киеді деген сөйлем–жақты, бірақ бастауышы белгісіз. Осындай бастауышы белгісіз – жақты сөйлемдер былай жасалады.

1. III жақ, ауыспалы шақ тұлғалы етістіктерден болған баяндауыштар осы шақтық мағынада айтылу арқылы кейде бастауышы белгісіз сөйлем жасалады:

Ол жақта жылкының етін жемейді. Нарларды көбінесе жүкке пайдаланады.

2. Өткен, келер шақтық, 3 – жақтық тұлғадағы етістіктер не есімшілер баяндауыш болғанда, сөйлемнің бастауышы белгісіз болуы мүмкін.

Оның ұлдарын, сүйікті ұлдарын, ертең әкеткелі отыр, - әкеткенде де біржола көз көрмеске әкетпекші...

Кейде баяндауышы II жақтық жіктік жалғауда айтылған сөйлемдердің бастауыштары болмай, үш жаққа бірдей ортақ мағынада, жалпылауыш жақты сөйлем болып жұмсалады. Қарағандының кешегі өткен күйін адам баласының көзі көрмесін.

Бұл сияқты жалпылауыш жақты сөйлемдер мақалды, мәтелді сөйлемдерде жиі кездеседі. Жақсы жерде жатсаң, жақсы-жақсы түс көрерсің,

Жаман жерге жатсаң, жаман-жаман түс көрерсің,

Еңбек етсең, емерсің.

**Толымды және толымсыз сөйлем.** Сөйлем арқылы хабарланатын ойға қатысты сөздер кейде түгел айтылып, кейде олардың кейбіреулері ғана айтылуы мүмкін. Мысалы: Сырдың суы ышқынып ағады деген сөйлемде, ондағы ойға қатысты мүшелер түгел айтылған.

Ойға қатысты мүшелері түгел айтылған сөйлем толымды болады да, ойға қатысты мүшелері түгел айтылмаған олқы сөйлемдер толымсыз болады.

Толымсыз сөйлемде тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің бірі не бірнешеуі түсіріліп айтылуы мүмкін. Бірақ сол түсірілген мүшенің қай сөз екені алдыңғы сөйлемнен, толымсыз сөйлемдегі басқа мүшелердің жалғауларынан, сөйлемдердің, сөздердің өз ара қатысынан белгілі болып тұрады. Толымсыз сөйлемдер әсіресе сөйлеу тіліне, солай болғандықтан, диалогты сөйлемдерге тән:

Кім жазды?

Слесарь Лапшин.

Бұл екі сөйлемнің алдыңғысында не жазғаны айтылмаған. Слесарь Лапшин деген сөйлемде анықтауыш пен бастауыш қана айтылған. Ал баяндауыш пен тура толықтауыш ерекше айтылмаған. Сонда да өз ара сөйлеуші кісілерге де, оларды оқушыларға да әңгіме не жайында болып отырғанын мына үзіндіден толық аңғаруға болады.

Өз ара беттесіп сөйлескен кісілер арасындағы тілдестік қатынас толымсыз сөйлемдерді өзінен - өзі түсінікті етіп тұрады. Ондайда сөйлемді толымды етіп айту стильдік қате болады. Диалогты сөйлемдердің әрқайсысы және оларға берілетін комментарий сызықшамен айрылып жазылады.

Дәметкен, мынаны қарашы... ойбай-ау, не бетімді айтайын, мына шіркін шашын қырқып қойған ба?

Көйлегін қара!

Масқара!...

Мына біреу жалаң аяқ қой...

Тпа, бәлекет, өзіңмен кет!

Жасы келдіңіз, Мейрам Омарович! Издеп отыр едік, - деді Щербаков.

**Атаулы сөйлем.** Енді бірқатар сөйлемдер саралаған бастауыш пен баяндауыштан құралмай, тек бастауыш ыңғайындағы созден, сөз тіркестерінен құралады. Түн. Клуб толы адам. Музыка. Атаулы сөйлемдер, осындай, жеке сөзді не сөз тіркесін айрықша сөйлемдік интонациямен айту арқылы жасалады.

Атаулы сөйлемдердің мазмұны осы шақтағы болмысты, құбылысты білдірумен байланысты болады. Сондықтан олар өткен шақтағы оқиға, іс жайындағы ой болмайды, көбінесе мезгілді, айналамыздағы табиғат құбылыстарын, заттардың сол заттық бейнелі қалпын айтуға арналған болады. Ондай атаулы сөйлемдер көбінесе көркем әдебиетте, табиғаттың суреті ретінде қолданылады. Олар жазушының тіліне ықшамды, көркемдік нәр беріп, болмысты, жаратылысты суреттеудің ерекше стильдік тәсілі ретінде жұмсалады. Айдала. Көлдiң биік қабағы. Әлсіз жел. Күн батып барады.

Кейбір авторлар атаулы сөйлемдер қатарына кітаптың, мақаланың, өлеңнің, әңгіме завод-фабрикалардың аттарын да жатқызады. Ол дұрыс емес, олар көбінесе, жалқы есім, сөз тіркесі болады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.Хабарлы сөйлем дегеніміз не?
2. Сұраулы сөйлемнің жасалуында сұраулық шылаулардың қызметі қандай?
- 3.Бұйрықты сөйлем мен лепті сөйлемнің ұқсастығы мен айырмашылықтары қандай?
- 4.Жай сөйлемнің қандай түрлері бар?

### **Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы. 1992.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Бектұров Ш.Қазақ тілі. Алматы. 2006
6. Сайрамбаев Т. Сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисі. 1991.

## **ОҚШАУ СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.**

### **ЖОСПАР:**

- 1. Қаратпа сөздердің сипаттамасы.**
- 2. Қыстырма сөздер, жасалу жолдары**
- 3. Одағай сөздер, ерекшеліктері.**

Тірек сөздер: оқшау сөздердің түрлері, қаратпа, қыстырма, одағай сөздер, қолданылу ерекшеліктері.

Сөйлем арқылы айтылатын ойға қатысты сөздер өз ара мағыналық және грамматикалық байланыс негізінде тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер қызметінде жұмсалса, бірқатар сөздер мен сөз тіркестері сөйлемнің құрамына еніп, оның мағынасын дәлдеуге қатысты болғанмен, сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста болмайды. Сондықтан соңғылар сөйлем мүшесі қызметін атқармай, сөйлемдегі басқа мүшелерден оқшауланып айтылады. Мысалы: Жолдастар,

тынышланындар: Кел, балалар, оқылық! Дегендерде, жолдастар, балалар деген сөздер сөйлемдегі өзге сөздермен жалпы мағыналық байланыста тұр, бірақ олармен меңгеру-меңгерілу, қиысу, қабысу сияқты байланыста тұрған жоқ, олардан бөлектеніп шығып тұр. Мұндағы жолдастар, балалар дегендердің айтылу әуені де басқаша.

Осылардай, сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланысқа енбей, олардан дауыс ырғағы арқылы бөлектеніп айтылатын сөздер сөйлемдегі оқшау сөздер болады. Олар оқшауланып айтылуына лайық, жазуда басқа сөздерден белгілі тыныс белгілерімен, көбінесе үтірмен, бөлінеді.

Сөйлемдегі оқшау сөздер белгілі мүшелік қызмет атқармағанмен, сөйлем арқылы айтылатын ойды дәлденкірей түсуде ерекше қызмет атқарады. Олар сөйлемге тигізетін мағыналық әсеріне қарай және қандай сөздерден жасалуына қарай үшке бөлінеді: қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз.

Қаратпа сөз. Қаратпа сөздің сипаттамасы. Біреуге арналып айтылған сөйлем оның кімге арналғанын білдіретін сөз не сөз тіркесі болуы мүмкін.

Қаратпа сөз диалогта, шешендік сөзде, үндеуде, поэзияда және түрлі хаттар мен іс қағаздарында қолданылады. Осыларда олардың жұмалу мақсаты, мағыналары әр түрлі болады. Айтылған ойдың кімге арналғанын, кісінің оған назарын аударумен қатар, олар сөйлеушінің көңіл күйін, модальдықты, кісінің сезімін білдіреді. Ол үшін қаратпа сөздердің мағыналары, тұлғалары, құрамы құбылып отырады. **Шырағым**, сен абыржыма.

Қаратпа қызметінде жұмсалатын сөздер, көбінесе кісінің аты, фамилиясы, әкесінің аты және кім? деген сұрақ қоюға болатын шырақ, нағашы, апа сияқты зат есімдер. Олар бұл қызметте түбір күйінде, көптік, тәуелдік жалғаулы қалпында – атау септігінде – жұмсалады:

Дәмелі, бақшаға барайық, - деді Рахмет.

Ақа, қозың бүгін түгел ме?

Түгел, қарағым.

Әй, Олжабек, бері кел.

Балалар, аманбысың, шырақтарым,  
Майысып көлге біткен құрақтарым?

Отыра қал, тумалар,

Төңірегімді қаумап.

Қарағым, бермен кел, Бізге де көңіл бөл.

Қазақ тілінде біреуді жақсы көріп жылы лебіз білдіру үшін қаратпа орнына қалқам, күнім, айым, сәулем сөздерін балама етіп айтады.

Көркем әдебиетте, әсіресе өлеңдерде, дала, Отаным, Қаскелең, өлең, домбыра сияқты не? сұрағы қойылатын жансыз зат есімдер де жанды заттың баламасы ретінде қаратпа сөз қызметінде жұмсала беріледі:

Тыңда, **дала**, жамбылды,

Тыңда, **Қастек**, **Қаскелең**,

Сөйлесін кәрі бауырың.

Кейде, әсіресе әрі сұраулы, әрі лепті сөйлемдерде, қаратпа сөздер қайталақтап не басқа сөзбен алмастырылып екі рет айтылуы мүмкін:

Бала, ай бала, қайдасың? – деді аттылы адам.

Ау, Барша, қарағым-ау, мұның қалай?

Қаратпа сөздер дара және сөз тіркесінен құралған күрделі болуы мүмкін.

**Тәкаппар болып өскен терек**, ақылың қысқа бойың ұзын!

Қаратпа сөз сөйлемнің басында келгенде, одан кейін үтірне леп белгісі қойылады. Леп белгісі қаратпа сөз ерекше сезіммен, одан кейін пауза жасалып айтылғанда қойылады.



**Жолдастар!** Сөз ұйым бригадирі Асанға берілді. Қымбатты **жолдастар!** **Жан серігім-домбырам!**

Қаратпа сөз сөйлем ортасында тұрғанда, оның екі жағынан, соңында тұрғанда, одан бұрын үтір қойылады. Ризамын, **балам**, ризамын!

Егер бір сөйлемде одағай, қаратпа және қыстырма сөздер қатар келсе, олар да үтірмен бөлініп жазылады. **Е, сен, жаңылмасам**, біздің қақпанға талай кездескен кәрі қасқыр көрінесің!

Қыстырма сөз. Сөйлемде айтылған ойға, оның айтылу амалына жазушының, сөйлеушінің қалай қарайтынын білдіретін сөздер болады. Мысалы: Көп білім алу үшін, әрине, көп оқу керек.

Сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтылушының қалай қарайтынын білдіретін оқшау сөз қыстырма сөз болады.

Қыстырма сөздер сөйлемдегі басқа сөздермен байланыспай, белгілі сөйлем мүшесі болмай, олардан оқшау тұрады. Қыстырма сөздер сөйлемдегі баса сөздерден оқшауланып, ерекше интонациямен айтылады. Сондықтан басында келсе, үтір олардан кейін, ортасында келсе, екі жағынан, сөйлемнің соңында келсе, олардан бұрын қойылады. Мысалы: Бала, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі, бір күндерде сол өнерінің де керегі болар, -депті.

Қыстырма қызметінде көбінесе, модальды сөздер мен модальдық ұғымды бар сөз тіркестері және сөйлемдер жұмсалады.

Қыстырма сөздерді мағынасына қарай мынадай негізгі топтарға бөлуге болады: 1. Кісінің көңіл күйін, сезімін білдіретін қыстырма сөздер: несін айтасың, бақтымызға, амал қанша т.б.

2. Айтылған ойға нануды, жорамалдауды білдіретін қыстырма сөздер әрине, әлбетте, рас, сөз жоқ, сірә, мүмкін, шамасы, расында, шынын айту керек, өзіңіз білесіз. Әрине, еңбексіз ер де, жер де көгермейді.

3. Ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіретін қыстырма сөздер: қысқасы, сайып келгенде, былайша айтқанда, жалпы алғанда, демек, ендеше т.б.

4. Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі тұлғасынан қарағандықты білдіретін қыстырма сөздер: сіздіңше, мен білсем, оның айтуына қарағанда,... айтуы бойынша т.б. Мысалы: Менің айтып отырғаным, сіздіңше, дұрыс емес.

4. Айтылған ойлардың өз ара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер: бірінші, екінші(ден), ақырында, керсінше, сөйтіп.

Жоғарыда келтірілген қыстырма сөздер дегеніміздің бірқатары сөйлемдегі сөздерге қатысына қарай кейде сөйлем мүшесі қызметінде де жұмсалуды мүмкін. Ондай да қыстырма сөздер сөйлем мүшелерінен оқшауланып айтылмайды, сондықтан олар үтірмен бөлініп жазылмайды.

**Одағай сөздер.** Одағай дегеніміз кісінің сезімін, көңіл күйін, еркін білдіретін, дербес грамматикалық тұлғалары жоқ сөздер.

Одағай сөздер не жеке сөйлем ретінде не сөйлем құрамындағы оқшау сөз қызметінде жұмсалады: Уа, қой, деймін, бала! Мә-ә-ә, онысы несі?! Ей, Сапақ, сен тиіспей жайыңа жүр!

Одағайлар мысалдардағыдай, сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланыста болмайды және белгілі сөйлем мүшесінің қызметінде жұмсалмай, олардан оқшауланып, өзгеше әунемен айтылып, басқа сөздерден бөлек тұрады. Ондай сөздерге «одағай» деп ат қойылуы да осыдан. Сол айтылу ерекшелігіне қарай, жазуда олардан кейін леп белгісі қойылады не болмаса сөйлемдегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.

Одағайлардың мағыналары әр әлуан болады. Мысалы, пай-пай, па, алақай кісінің жанға жайлы сезімін білдірсе, ойбай, ту-у, қап деген одағайлар кісінің қорқыныш -

өкінішін білдіреді. Осындай, кісінің түрлі эмоциялық көңіл күйін білдіретін бір одағай түрлі мағынада жұмсала береді.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Оқшау сөздерге жалпы сипаттама берің.
2. Қаратпа сөздердің қолданылу ерекшеліктері қандай?
3. Қыстырма сөздердің мағыналық топтары қандай?
4. Одағай сөздердің сөйлемдегі қызметі қандай?

#### **Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
4. Томанов М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырмалар. Алм. 1983
5. А.Ысқақов Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992ж.
6. Сайрамбаев Т. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы. 1996
7. Томанов М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар. Алматы. 1984

### **ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ. САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ.**

#### **ЖОСПАРЫ:**

1. Құрмалас сөйлем туралы түсінік.
2. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен өзгешелігі.
3. Жай сөйлемдердің бір – бірімен құрмаласу тәсілдері.
4. Салалас құрмалас сөйлем.
5. Салас құрмалас сөйлемнің түрлері.

«Құрмалас» деген сөз практикалық тілде қолданылмайды, тек лингвистикалық әдебиеттерде грамматикалық термін ретінде ғана қолданылады. Бұл термін – «құра», «құрау» деген сөздерден туған туынды сөз. «Құрмалас» деген сөздің мағынасы өзі атау болған категорияның мазмұнына сай келеді. Өйткені «құрмалас» деп аталатын сөйлем - екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралатын құранды категория.

Функциялары жағынан алғанда, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір – бірінен ешқандай өзгешелігі жоқ: екеуі де ойды жарыққа шығарудың (рас, алдыңғысы жеке бір ойды, соңғысы құрамды күрделі ойды), оны басқаларға білдірудің құралы. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір – бірінен өзгешеліктері – олардың сыртқы құрылыстары мен ішкі мазмұндарында.

Бұл өзгешеліктерді байқау үшін төменде келтірілген екі мысалды талдап көрейік. Өзінің олақтығына ыза болған Сейіт ауылға қарай тез аяндап кетті. Аяқ басысы біржола түзеліп, тізесі бүгілмей, бөксесі боқшаланбай, көлеңке сымбатты да түзеле қалыпты. Бұл мысалдың алдыңғысы – жай сөйлем де, соңғысы – құрмалас сөйлем. Құрам жағынан алғанда алдыңғы жай сөйлем жеке сөздерге ғана, жіктеле алады. Сөйлем мүшесінен күрделірек бөлшек оның құрамында жоқ. Ал соңғы құрмалас сөйлемді алатын болсақ, ол әрқайсысы өз ішінен жеке сөйлемге жіктеле алатын төрт түрлі сөйлемдік бөлшектерден құралған. Оның бірінші сөйлемі – аяқ басысы біржола түзіліп, екіншісі сөйлемі – тізесі бүгілмей, үшінші сөйлемі – бөксесі боқшаланбай, төртінші сөйлемі - көлеңке сымбаты да түзіле қалыпты.

Сөйтіп, құрамы жағынан алғанда, жай сөйлемдер жее мүшелерден құралатын болса, құрмалас сөйлемдер жай сөйлемдерден құралады.

Айтылмақшы ойдың көлеміне, контекске байланысты, жай сөйлем құрамындағы сөз сапаның әр түрлі болып келетіні сияқты, құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер саны да бір де аз, бірде көп болып құбылып отырады. Мысалы, жоғарыда

келтірілген құрмалас сөйлем құрамында төрт жай сөйлем болса, Ащылы шөптің тұқымы да күшті, мал тез семіреді және ащыға семірген малдың еті де, сүті де тұщыға семірген малдан күшті болады деген құрмалас үш жай сөйлемнен құралған.

Әдеби тіліміздің фактілеріне қарағанда, прозалық шығармаларда, құрмалас сөйлемнің көп кездесетін түрлері – екі я үш жай сөйлемнен құралатындары. Ал поэзияда тіпті он шақты жай сөйлемнен құралып, бір ғана құрмалас болып тұратын шумақтар кездесе береді.

- (1) Көктем келіп, (2) күн жылып,
- (3) Тоң қақырап, (4) қар еріп,
- (5) Гүлдірдеп өзінен сарқырап,
- (6) айдын көлдер жарқырап,
- (7) Қиқулап ұшып қалқылдап,
- (8) Қараша қаз сымпылдап,
- (9) Құстар қайтып келеді. (Жамбыл)

Бұл арада ескерте кететін бір нәрсе – құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің бір – бірінен өзгешелігі – олардағы сөз санына байланысты емес. Көлемі, сөз саны жағынан жай сөйлемнен әлдеқайда шағын болып кететін құрмалас сөйлемдер жиі кездесе береді. Мысалы: Бұл күнге дейінгі қазақ дәстүрінде жоқ бір мінездің тапа – тал түсте атой бергеніне Игілік те қатты сүйсініп қалды. Түн ортасы боп қалды, бірақ Әсияда әлі ұйқы жоқ. Бұл мысалдың бірінші сөйлемі көлемі жағынан соңғы сөйлемнен екі есе үлкен. Бірақ соған қарамастан, құрмалас ол жай сөйлем де, кейінгісі - көлемнің шағындағына қарамастан, құрмалас сөйлем. Өйткені соңғы мысал әрқайсысы өзіне тән бастауыш, баяндауышы және басқа да тұрлаусыз мүшелері бар сөйлемдік бөлшектерге жіктеле алады, ал мысалдың алдыңғы сөйлемінде ол қасиет жоқ. Бұл жағдай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір–бірінен құрамдық–структуралық өзгешелігінен мағыналық өзгешелігі. Сонымен бірге, құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің бір–бірінен мағыналық өзгешеліктері де болады.

Жай сөйлем қаншама жайылма болғанмен, ол жалаң бір ғана ойды білдіреді де, құрмалас сөйлем өз ара байланысты екі немесе одан да көп жеке ойлардан құралған күрделі ойды білдіреді. Құрмалас сөйлемге білдіретін анықтама да оның осы айтылған мағыналық және жоғарыда көрсетілген структуралық белгілеріне негізделеді. Сол белгілері тұрғысынан қарап, анықтама беретін болсақ, құрмалас сөйлем деп мағыналық жағынан бір – біріне байланысты екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемді айтамыз.

Құрмалас сөйлем жай сөйлемдерден құралады дегенге қарап, оны кез келген жай сөйлемдердің кездейсоқ тіркесе салған тобы деп түсінуге тағы да болмайды. Құрмалас сөйлем – компоненттері бір – бірімен органикалық байланыста, берік бірлікте тұратын және біріне – бірі бағынышты, өз ара шарттас болып келетін күрделі мағыналық бір бүтін болып табылады. Оның құрамындағы компоненттер сөйлем деп аталғандарымен, әдеттегі дербес жай сөйлемдермен бір емес компоненттері интонациялық жағынан тиянақсыз, аяқталған ойды білдіре алмайтын, бүтіннің бір бөлшегі ғана болып табылады. Ол бөлшек өзі сияқты басқа бір бөлшектермен байланыста тұрғанда ғана бір бүтін бола алады. Егер бұл бірліктері бұзылса–ақ, олар өздерінің алғашқы мәндерін, құрмалас сөйлем құрамында тұрғандағы мәндерін, жояды. Мысалы: Балапандар қанаттағанша, дәуіт те қанаттанады деген құрмалас сөйлем–осы тұрған қалбалапандар қанаттағанғанша деген болса, екінші жартысы–дәуіт те қанаттанады. Бұл–екі жартының бірігіп, бір бүтін болып тұрғандағы білдіретін мағынасы олардың жеке – жеке тұрғандағы мағыналарындай, балапандардың немесе дәуіттің қанаттындығы жайында емес, солардың қанаттануларының бір мезгілдің ішінде болатындығы жайында. Ал бұл екі компоненттің бірлігі бұзылатын болса, осы негізгі мағына

жойылады. Сонымен бірге, әр компоненттің формалық және интонациялық ерекшеліктері де өзгереді.

Тілдік категориялардың басқа да түрлері сияқты, құрмалас сөйлемдердің де өзіне тән қалыптасу, даму тарихы бар. Тілдік категориялар ішінде ойды білдіретін бірден – бір көрсеткіш - сөйлем. Сөйлемге «біршама аяқталған ойды білдіреді» деп, анықтама беретініміздің себебі де сол. Сөйлем мен ой бірі форма, екіншісі соның мазмұны ретінде өз ара тығыз байланыста, берік бірлікте болатын категориялар. Бұл екеуі де – қоғамның өмір сүрген уақты бойына болып келе жатқан және сол қоғамның материалдық, идеялық дамуына, соның қажетіне қарай бірте – бірте дамып отыратын қоғамдық құбылыс. Сөйлем ойдың формасы, ой сөйлемнің мазмұны болғандықтан, бұл екеуінің қалыптасу, даму тарихын да бірлікте қарау қажет. Ой дамып жетілмеген, күрделенбеген замандарда күрделі ойдың көрсеткіші болып табылатын сөйлемдердің, яғни құрмалас сөйлемдердің, болуы да мүмкін емес. Құрмалас сөйлем адамның ой өрісінің, дүние тануының кеңейіп, күрделі ойлардың туып, дамуына байланысты, сол ойдың көрсеткіші ретінде қалыптасып дамыған.

Тіл дамуының қазіргі дәуірінде тілдерде, солардың ішінде қазақ тілінде де, құрмалас сөйлемнің неше алуан күрделі түрлері кездеседі. Бірақ солардың бәрі бірдей белгілі бір уақыт ішінде, бірден пайда бола қалмаған. Олар тілдің өзіндік ішкі даму заңына лайықты бірте – бірте қалыптасып жетілген.

Жай сөйлемдердің бір – бірімен құрмаласу тәсілдері.

Жай сөйлемдері бір – бірімен ұштастырып, оларды бір бүтін етіп тұратын және олардың арасындағы әр алуан мағыналық қарым – қатнастарды айқындайтын тәсілдер, формалар түрлі – түрлі болады. Атап айтқанда, жай сөйлемдер бір – бірімен мынадай тәсілдер арқылы құрмаласады:

а) құрмалас құрамына енетін жай сөйлемдердің бастапқысының баяндауышы тиянақсыз формада айтылу арқылы;

ә) жай сөйлемдер арасында немесе жай сөйлемдер ішінде шылау я шылау мәнді сөздер келу арқылы;

в) құрмалас сөйлем компоненттердің орнын тәртібі арқылы.

Енді осылардың әрқайсысына жеке – жеке тоқтайық.

### **Жай сөйлемдердің баяндауыш формасы арқылы құрмаласуы.**

Жай сөйлемдердің бір-бірімен баяндауыш формасының тиянақсыздығына қарай құрмаласуы – қазақ тілінде құрмалас сөйлем жасауындағы құнарлы тәсіл. Кейбір тілдердегідей, мысалы орыс тіліндегідей, жай сөйлемдерді бір – бірімен құрмаластыратын бағындырушы жалғаулықтар бізде жоқ. Сондықтан тіліміздегі сабақтас құрмалас деп аталатын сөйлемдер тобы, негізінде, тек осы сөз болып отырған тәсіл арқылы ғана жасалады деуге болады. Әрине тиянақсыз формада айтылатын кез келген сөздер және кез келген форма жай сөйлемдерді құрмаластыру үшін қолданыла бермейді. Мұнда да қалыптасқан, көпшілікке танылған арнаулы формадағы сөздер ғана қолданылады. Ондай сөздер құрмалас құрамына еруге тиісті белгілі бір жай сөйлемнің баяндауышы қызметінде қолданылады да, ол сөйлемді өзінің тиянақсыз формасы арқылы екінші сөйлемге бағындырады, соған тәуелді ете байланыстырады, сол арқылы құрмалас сөйлем жасайды. Мұндай сөздер тобына мыналар жатады: а) көсемше етістіктер; ә) етістіктің есімше түрі; б) етістіктің шартты рай және басқа да кейбір формалы түрлері.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру функциясында қолданғанда, бұлардың әрқайсысы алуан түрлі формалық құбылыстарда айтылады. Міне, енді соған қысқаша шолу жасаймыз.

а) Жай сөйлемдердің көсемше арқылы құрмаласуы. Көсемше – етістіктің ең тиянақсыз категорияларның бірі. Оның сөйлемдегі негізгі мағынасы мен функциясы –

басқа бір етістік арқылы берілген іс - әрекеттің қалай болғанын, амал, тәсілін білдіру, яғни іс - әрекетті сындық, мезгілдік жағынан анықтау; оның болу, болмауының себеп, мақсаттарын білдіру. Көсемше етістіктердің тиянақсыз, басқа бір сөздерге сүйеншек болуының себебі де оның осы айтылған мағыналық ерекшелігіне байланысты.

Көсемше етістіктердің мағыналары мен функциялары барлық жағдайда біркелкі болып отырмайды: ол бір жағдайда екінші бір етістік арқылы білінетін іс - әрекет, қимыл- қозғалыстың қалай болғанын сипаттап, үстеулік қызмет атқарып тұрса, екінші бір жағдайда әр түрлі көмекші сөздерге тіркесіп, іс - әрекетті білдіріуші негізгі тұлға болып тұрады, ал кейде тіпті бұлардың ешқайсысына ұқсамайтын мәнде қолданылатыны да болады. Көсемшелердің мағыналары мен синтаксистік қызметтеріндегі бұл құбылыстар олардың сөйлемдегі қолдану орнына, контекстке байланысты.

Қолдану жағдайына, контекстке қарай көсемше негізгі екі түрлі синтаксистік қызмет атқарады: оның бірі – пысықтауыштық қызмет те, екіншісі – баяндауыштық қызмет. Осылармен қатар, көсемшенің күрделі сөздер құрамында тұрып, соңғы көмекші сөздің тұлғалық құбылыстарына қарай соның әуеніне еріп, басқа да түрлі мүшелер құрасатыны болады. Бірақ мұндай жағдайда шешеуші мән көсемшеде болмайды, ол тёркесіп тұрған сөзде болады.

Көсемшелер пысықтауыш мүше қызметінде қолданылғанда, көбінесе, екінші бір етістікке тіркесе айтылады да, сол етістіктің мағынасы арқылы білінетін іс - әрекет, жай – күйдің, қимыл – қозғалыстың болу амалын, қашан болған мезгілін, немесе болу – болмау мақсат, себептерін білдіреді. Мұндай функцияда қолданылған көсемшеден кейін, егер ол бірыңғай болып келмесе ешқандай кідіріс, интонациялық тоқталыс болмайды. Олар өздері пысықтайтын мүшемен бір ырғақта, кідіріссіз бір – ақ айтылып кетеді. Бұл жағдайлар пысықтауыш болып тұрған көсемшені баяндауыш функциясындағы көсемшеден бөліп тануға біраз септігін тигізеді.

Көсемшелердің екінші синтаксистік қызметі – баяндауыштық қызмет. Көсемшелердің құрмалас сөйлем жасаудағы ролі де олардың осы баяндауыштық қызметіне байланысты.

Бірақ баяндауыш қызметінде қолданылған көсемшелердің барлығы бірдей сабақтас құрмалас сөйлем жасай бермейді. Көсемшелердің кейде бір субъектінің әр түрлі әрекетін білдіріп, бірыңғай баяндауыштық функцияда қолданылатыны да болды. Ондай жағдайда олар бағыныңқы компоненттің баяндауышы болып есептелмейді.

Көсемше етістіктердің, әсіресе –ып, -іп,- п жұрнақты көсемшесінің бұл айтылған синтаксистік қызметі - өте көне заманнан бері қарай келе жатқан қызмет. Көсемшенің бұл функциясын көне замандағы оның бірден – бір функциясы деуге де болады.

Көне түркі тілдері жазу ескерткіштерінде – п формалы көсемше бір субъектінің әр түрлі әрекетін баяндап. Жай сөйлемнің бірыңғай баяндауышы ғана болғаны болмаса, өзіндік дербес бастауышы бар жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында өте сирек қолданылады.

Өткен шақтық көсемшенің бұл тәріздес синтаксистік қызметі фольклорлық шығармаларда да жиі ұшырайды. Бұл жағынан алғанда, -ып, -іп,- п жұрнақты көсемшені бір субъектінің істеген іс - әрекет, қимыл – қозғалыстарын бір – бірімен ұшырастырып, іргелестіріп беруде ең икемді және өте заманнан бері қарай келе жатқан ең көне категория деуге болады. Тіл фактілеріне қарағанда, көсемшенің бұл функциясының оның екі жай сөйлемдерді бір – бірімен сабақтастыра құрмаластыру функциясынан бұрын пайда болғандығы байқалады.

Қазақ халқының ауыз әдебиетіне жататын шығармалры кенжелеп жиналып, кеш басылды. Сондықтан бұл шығармалар тіліміздің көне замандағы грамматикалық құрылысын ашуға мардымды көмегін тигізе алмайды. Олардың басым көпшілігі қазіргі

тілімізге өте жақын, тіпті айтарлықтай өзгешеліктері жоқ деуге болады. Дегенмен, үңіле қараған адам олардан кейбір тілдік категориялардың басып өткен соқпағын байқағандай.

Біз сөз етіп отырған көсемше көне түркі жазуында өзіне тән дербес бастауышы бар бағыныңқы сөйлем баяндауышы қызметінде қолданылмаған болса, немесе ілуде біреу ғана кездесе, қазақтың ауыз әдебиетіне жататын шығармаларда ол жоғарыдағыдай бірыңғай баяндауыш қызметінде де, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауышы қызметінде де қолданылады. Мысалы: Кендебай сол арада үш-төрт күн тынығып, кемпірдің асыл қазынасын жинап, Керкұла аттың алдына алтын науаны өңгеріп, алтын құйрықты құлындарды ертіп, аман-есен ханның үйіне келеді.

Бұлар тәріздес, көсемше арқылы жасалатын жайылыңқы сөйлемдер көне замандарға тән ертегі, әңгімелерде өте жиі кездеседі. Тіпті кейде көптеген сөйлемдердің, әсіресе төл сөз бен автор сөзі аралас келетін диалогты сөйлемдердің көсемшеге аяқталатыны да жиі ұшырайды. Соған қарағанда, - ып, - іп, - п жұрнақты көсемше көнерек заманда қазірген гөрі тиянақтырақ мәнде болмады ма екен деген ой туады. Қалай болған күнде де, көсемшенің бұл түрін жай сөйлемдерді бір – бірімен сабақтастыра құрмаластыру бшін қолданылған ең көне категорияның бірі деуге болады.

Тіліміздің қазіргі даму сатысында көсемшелер – етістіктің ең бір тиянақсыз түрі. Бұлар құрмалас сөйлемнің өздері баяндауыш болып кеген бөлшегін оның екінші бөлшегіне бағындыра, соған тәуелді ете байланыстырады да, ол бөлшектердің бірлікте, тұтастықта болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан белгілі бір компоненттің баяндауышы көсемшеден болған құрмалас сөйлемдерде жай сөйлемдерді бір – бірімен қарым – қатынасқа келтіретін қосымша тәсілдің, формалардың керегі болмайды. Өйткені ондай функцияны жай сөйлем баяндауышы болып келген көсемше етістік формасының өзі – ақ атқарады. Сөйтіп, көсемшелер әрі баяндауыштық, әрі сөйлемдерді бір – бірімен құрмаластыратын дәнекерлік қызмет атқарады. Мұндай қызметте көсемшенің қай – қай түрі болса да қолданылады.

Құрмалас құрамына енетін жай сөйлемдердің үш түрінің үшеуі де қолданылады, бірақ олардың қолдану дәрежесі және мағыналық құбылыстары біргелік болмайды.

Көсемшелер ішінде сабақтас құрылыстың бағыныңқы компонентінің баяндауышы қызметінде жиі қолданылатын да және өзі баяндауышы болып кеген компонентті тиянақты компонентпен неше алуан мағыналық қатыста құрамаластыратыны да – ып, - іп, - п жұрнақты түрі. Тағы бір ескеретін нәрсе – баяндауышы келер шақтық (-қалы, ғалы, - келі, - гелі жұрнақты), ауыспалы шақтық (-а, - е, -й жұрнақты) көсемшелерден болған бағыныңқы компонент әрдайым кейінгі тиянақты компонентке мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да бағына, соның бір мүшесіне меңгеріле байланысады да, жай сөйлемдегі қалыпты пысықтауыш тарізденіп тұрады. Ал өткен көсемше (-ып, - іп, -п жұрнақты) олай емес: ол өзі баяндауышы болып келген компонентті кейінгі тиянақты компонентке мағыналық жағынан меңгерте де, меңгертпей, теңдік қатынаста да құрмаластырады.

Өткен шақтық көсемшенің дәнекерлігі арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлемдердің бірсыпыраларында тиянақсыз компонент тиянақты компонентке тек тұлғалық жағынан ғана тәуелді болғаны болмаса, мағыналық жағынан өз дербестігін сақтап, басыңқы сөйлемнің ешбір мүшесіне меңгерілмей, онымен жарыса, саласа айтылады.

Көсемшенің жай сөйлемдерді құрамаластырудағы осындай құбылыстарынан да болу керек, синтаксиске арналған біраз еңбектерде өткен шақтық көсемшенің дәнекерлігі арқылы жасалатын құрмалас сөйлемге жатқызылса, екінші біреулерінде ол

мағынасына қарай бірде салас құрмаласқа, бірде сабақтас құрмаласқа жатқызылып жүрді.

Жай сойлемдерді бір–бірімен құрмаластыру қызметінде ауыспалы шақтық деп аталатын –а, -е, -й жұрнақты көсемше де қолданылады. Көсемшелердің бұл түрі жоғарыда сөз болған -ып, - іп, - п жұрнақты көсемшеден гөрі де әлдеқайда тиянақсыз. Сондықтан да баяндауышы ауыспалы шақтық көсемшеден болған бағыныңқы компонент, негізінде, тек тұлғалық жағынан да тиянақсыз болады. Ол басыңқы сөйлемдегі белгілі бір мүшеге меңгеріліп, соны түрлі жасыңқы сөйлемдегі белгілі бір мүшеге меңгеріліп. Соны түрлі жағынан сипаттап, пысықтауышқа қойылатын бір сұрауға жауап болып, онымен қалыпты тұрлаусыз мүше тәрізді қатынаста тұрады. Мысалы: Ол белгіленген уақытта келе алмай, біз біраз кешігіп қалдық.

Келтірілген мысалдың бірінші сойлемінде бағыныңқы компонент басыңқы сөйлемдегі баяндауыштың жетегінде айтылып, неліктен, не себептен деген сұрауға жауап болып, кешігіп қалудың есебін білдіріп тұр.

Ауыспалы шақтық көсемшенің жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясы қазіргі әдеби тілімізде де онша өрі ала қойған жоқ. Дегенмен, оның бұл функциясы, өткен замандар жазу нұсқаларымен салыстырғанда, қазірде поэзияда болсын, проза жанрында болсын кездесіп отырады.

Қазіргі әдеби тілімізде баяндауышы ауыспалы шақтық көсемшеден болған бағыныңқы компоненттер өз басыңқысымен мезгілдік, себептік, амалдық, шартты, қарсылықты мағыналық қатынастарда тұрады.

Жай сөйлемдерді бір – бірімен сабақтастыра құрмаластыру функциясында –қалы, ғалы, -келі, -гелі жұрнақты көсемше де қолданылады. Білдіретін мағынасына қарай көсемшенің бұл түрі тюркологиялық әдебиеттерде бірде мақсатты көсемше деп аталса, бірде келер шақтық көсемше деп аталады.

Тарихи тұрғыдан қарағанда, келер шақтық көсемше де өткен шақтық көсемше сияқты, өте көне категория. Бұл – түркі тілдердің қазірде белгілі болып жбрген көне жазу нұсқаларының ең ескісінен саналатын ескерткіштердің өдерінде де кездеседі. Бірақ сол көне жазу нұсқаларында болсын, одан әлдеқайда кейін жиналған фольклор материалдарында болсын көсемшенің бұл түрі жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында кездеспейді, ол не мақсат, не мезгіл пысықтауышы қызметінде немесе күрделі мүше қызметінде ғана қолданылады.

Сөз болып отырған көсемшенің бағыныңқы жай сөйлем баяндауышы болып, екі жай сойлемді құрмаластыру қызметінде қолданылуы соңғы уақыттардағы әдебиеттерде ғана кездеседі, соның өзінде де өте сирек ұшырайды. Бұл жағдай келер шақтық көсемшенің сабақтас құрмалас сөйлем жасауда өнімді роль атқара алмайтындығын байқатады.

Баяндауышы келер шақтық көсемшеден болған бағыныңқы компонент өінің басыңқы компонентімен екі түрлі мағыналық қатыста тұрады: Бірінші басыңқы компонентте баяндалатын іс-әрекет, жай күйдің қай мезгілден бері солай бола бастағанын, яғни оның басталу шегін білдіреді.

Екінші, бағыныңқы компонент басыңқы компоненттегі іс - әрекет, жай – кбйдің мақсатын білдіреді. Мыс: Корен қалмақ алғалы, Қамап жатыр қалың топ.

#### **ә) Жай сөйлемдердің есімше арқылы құрмаласуы.**

Жай сөйлемдерді бір–бірімен құрмаластыру үшін есімшілер де, көсемшілер сияқты, құрмалас сөйлемнің бағыныңқы жай сойлемнің баяндауышы функциясында қолданылады. Бірақ есімшелер мен көсемшелердің жай сөйлемдерді құрмаластыру жолы бірдей емес. Егер бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып тұрған көсемшілер басқа бір қосымша тәсілдердің, формалардың көмегісіз – ақ жай сөйлемдерді бір – бірімен құрмаластыру функциясын да тікелей өзі атқаратын болса, есімшілерге ондай

қасиет жоқ. Олар атау тұлғада бағыныңқы жай сөйлемнің баяндауышы да бола алмайды, жай сөйлемдерді құрмаластыра да алмайды. Есімшілер жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында, әр алуан тұлғалық құбылыстарға ұшырап, тиянақсыз формаларда айтылады. Сөйтіп, жай сөйлемдерді бір – бірімен құрмаластыру міндетін есімше формаларының өздері атқармайды, оларға жалғанатын түрлі қосымшалар, тіркесе айтылатын түрлі шылаулық сөздер атқарады.

Жай сөйлемдерді бір – бірімен құрмаластыру функциясында есімшілердің барлық түрлері де қолданылады, бірақ құрмалас сөйлем жасауда есімше түрлерінің атқаратын қызмет дәрежесі де, формалық құбылыстары да біргелік емес. Есімшілер ішінде жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында жиі қолданылатыны да және формалық, мағыналық құбылыстарға байы да – қан,- ған,- кен,- ген жұрнақты түрі. Енді соған талдау жасайық.

Есімшенің –қан (ған, кен, ген) жұрнақты түрі шақтық мағынасына қарай, тюркологиялық әдебиеттердің кейбіреулерінде осы шақтық деп аталса, екінші біреулерінде өткен шақтық есімше деп аталады. Ал қазақ тілі білімінде осының соңғы атауы қалыптасты.

Өткен шақтық түркі жазулары ескерткіштерінде кездеседі, бірақ жай сөйлемдерді сабақтастыра құрмаластыру функциясында жатыс жалғаулары түрі болмаса, басқалары кездеспейді деуге болады.

Қазақтың ауыз әдебиеті мен XVIII- XIX ғасырлардағы ақындар жырларында өткен шақтық есімше қосымшалы түрде де, шылау сөздерге тіркес айтылып та бағыныңқы сөйлем баяндауышы функциясында қолданылған. Оны мына мысалдан да көруге болады: Төсек ауылдан ұзап **шыққан соң**, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

Қазіргі әдеби тілімізде шақтық есімшенің жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясы бұрынғыдан әлдеқайда күрделі. Жай сөйлемдерді бір- бірімен сабақтастыра құрмаластыру үшін өткен шақтық есімше алуан түрлі тұлғалық құбылыстарда қолданылады да, соған қарай оның мағынасы да түрленіп отырады.

Өткен шақтық есімше бағыныңқы компонент баяндауышы функциясында мынадай формаларда және мынадай мағыналық қатынастарда қолданылады:

1. Өткен шақтық есімше жатыс жалғаулы формада тұрады. Баяндауышы мұндай формадағы есімшеден болған бағыныңқы компонент басыңқы компонентпен екі түрлі мағыналық қатынаста айтылады:

а) Басыңқы сөйлемдегі іс - әрекетті мезгілдік жағынан айқындайды. Әскери киім киіп, әскер тәртібіне аз – мұз үйрене **бастаған** екі қазақ жігіті кіріп **келгенде**, Хакім сұп –сұр болып кетті.

Бағыныңқы компонент баяндауышы болып тұрған есімше кейде жатыс септіктің тәуелді формасында да келе береді. Жуынып болып, шай ішіп **отырғанымда**, жатқан үйімнің бір кішкене баласы жүгіріп кіріп келді. Жылқыға таянып, бір белге **шыға келгенімізде**, алдымызда төрт–бес ауыл көрінді. Мысалдан байқалып тұрғанындай, бағыныңқы мен басыңқы сөйлемдер арасындағы мезгілдік қатынас біркелкі емес: мысалдың бірінші сөйлемінде екі компоненттегі әрект бір мезгілдің ішінде қатар басылып, қатар болып жатқаны яғни мезгілдестігі байқаса, кейінгі сөйлемдерден басыңқыдағы іс-әрекет, жай–күй бағыныңқыдағы іс-әрекет, жай–күйлер болып жатқан уақытта басталғандағы яғни мезгілдік жағынан алдыңғысындағы әрекет бұрын, кейінгісіндегі әрекет соң басталғандығы байқалады. Сөйтіп, баяндауышы жатыс жалғаулы есімшеден болған бағыныңқы компоненттің басыңқы сөйлеммен мезгілдік қатынасы екі түрлі: бірінші, екеуіндегі әрекет бір мезгілде басталып, қатар болып жатады, яғни мезгілдес болады, екінші, бағыныңқыдағы әрекет болып жатқанда, басыңқыдағы әрекет басталады, яғни бірі – бұрын, екіншісі – кейін болады.



ә) Басыңқы компоненттегі іс - әрекет, жай – күйдің болу–болмауының шартын білдіреді яғни шарттық қатынаста тұрады. Бірақ бұл мағына баяндауышы өткен шақтық есімшенің жатыс жалғаулы түрінен болатын бағыныңқы жай сөйлемнің негізгі мағынасы емес, контекске қарай ие болатын көмекші мағынасы. Сондықтан мұндай мағыналық қатынаста ол өте сирек кездеседі.

1. Өткен шақтық есімше көмектес септікте айтылып, бағыныңқы сөйлем баяндауышы болады. Мұндай баяндауышы бар бағыныңқы компонент өз басыңқысымен тек қарама – қарсы мағыналық қатынаста ғана тұрады. Сүйіндік қанша солғын **болғанмен**, өзге көпшілік олай емес еді.

Өткен шақтық есімше –ша,ше жұрнақты формада тұрып, бағыныңқы компонент баяндауышы болады. Мұндай баяндауышты бағыныңқы жай сөйлем өз басыңқысымен екі түрлі мағыналық қатынаста тұрады.

а) Бағыныңқы компонент басыңқы компоненттегі іс -әрекет, жай- күйді мезгілдік жағынан айқындап тұрады: Мен қорқыныш үшін **шығарғанша**, ол менің бетімді әлденмен тұмсалап та үлгереді.

1. Өткен шақтық есімшенің –ша, -ше жұрнақты түріне аяқталған бағыныңқы компоненттің өз басыңқысымен мезгілдік қатынасы жоғарыда келтірілген жатыс жалғаулы түрінікінен өзгеше. Мұнда бағыныңқы компоненттегі іс-әрекет болып үлгергенше, басыңқы әрекет бітіп кетеді. Бұл – басыңқы компонентінің баяндауышы өткен шақты білдіретін сабақтас сөйлемдерге тән қасиет.

ә) Бағыныңқы компоненттегі іс-әрекет басыңқыдағы іс-әрекетпен салыстырмалық қатынаста қолданылады да, басыңқыдағы іс-әрекетті істеудің салыстырмалы шарты екендігі айтылады.

4. Атау, кейде шығыс жалғаулы өткен шақтық есімше соң шылуына тіркесіп, бағыныңқы компонент баяндауышы болады. Мұндай баяндауышта бағыныңқы компонент өз басыңқысымен екі түрлі мағыналық қатынаста тұрады.

а) Басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің бағыныңқы компоненттегі іс-әрекетті білдіреді. Кейінгілер шығып **болған соң**, құтылғанына қуанғандай Әсия келді. Молда маған орын **нұсқаған соң**, Оразал мен оның қасындағы бала араларын аша берді.

ә) Бағыныңқы компонент басыңқы компоненттегі іс - әрекеттің себебін білдіреді.

5. Өткен шақтық есімше сайын шылауына тіркесіп, бағыныңқы компонент баяндауышы болады. Мұндай сабақтас сөйлемде басыңқы компоненттегі іс - әрекет бағыныңқыдағы іс - әрекет болған сайын болып отыратындығы баяндалады.

6. Шығыс жалғаулы өткен шақтық есімше кейін шылауына тіркесе айтылып, бағыныңқы сөйлем баяндауышы болады. Мұндай сабақтас сөйлемде басыңқы компоненттегі іс - әрекет әрдайым бағыныңқы сөйлемдегі іс - әрекеттен кейін болып отырады. Тор – орысша жаза, сөйлей білерлік қана дәрежеге **жеткеннен кейін**, Тілеміс оны әрі қарай оқытпайды.

7. Барыс жалғаулы өткен шақтық есімше шейін, дейін шылауларына тіркесе айтылып, бағыныңқы жай сөйлем баяндауышы болады. Мұндай сабақтас сөйлемде бағыныңқы компонент басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің қай уақытқа дейін болғандығын я болатындығын яғни мезгілдік шегін білдіреді. Оспан жүріп кеткенге шейін, тоңғанына қарамай, соның қасында бәйек болып жүрді. Олар бөктер жолымен айналып **жеткенге дейін**, мына төтесімен сіздер де барып қаласыздар.

8. Шығыс жалғаулы өткен шақтық есімше бері шылауына тіркесіп, бағыныңқы сөйлем баяндауышы болады. Мұндай сабақтас құрмаласта бағыныңқы компонент басыңқы компоненттегі іс- әрекеттің басталу шегін, солай екендігін білдіреді. Мысалы: Ол жұмысқа **шыққаннан бері**, қалтасынан дәрі - дәрмек арылмайтын.

9. Өткен шақтық есімше **шақта, кезде, уақытта, мезгілде, сәтте, күні, жылы, сағатта, минутта** деген мезгіл мәнді сөздерге тіркесе айтылып, бағыныңқы компонент

баяндауышы болады. Мұндай сөйлемдерде басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің бағыныңқы копоненттегі іс-әрекетпен бір мезгілде болғандығы, мезгілдестігі баяндалады. Мысалы: Көп жұрт Оспан жайын әр алуан айтып **жылаған шақтарда**, Абай өзі де ақын тілімен іштей әлдіше жырлар шерткен.

10. Өткен шақтық есімше –**дай,- дей** жұрнақты формада айтылып бағыныңқы копонент баяндауышы болады. Мұндай баяндауышы бағыныңқылар басыңқыдағы іс - әрекетті екінші бір субъектінің іс - әрекетіне ұқсата, соған салыстыра баяндайды: Барлық іске де бір ашу серпін **араласқандай** қирау, бүлінулер де көбейіп кетті.

11. Өткен шақтық есімшенің шығыс жалғаулы түрі гөрі шылауна тіркесе айтылып та бағыныңқы копонент баяндауышы болады. Сабақтас құрмаластың мұндай түрінде бағыныңқы компоненттегі іс - әрекет, жай- күйдің болуынан гөрі, басыңқы копоненттегі іс-әрекет, жай-күйдің болуы керектігі баяндалады. Копоненттердің мұндай мағыналық қатынастарына негіз болатын да салыстыру тәсілі. Сондықтан бұл тәріздес сойлемдер де салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлемге жатады. Бірақ сабақтастың бұл түрі жазу тілінде өте сирек ұшырайды. Мұндай мағыналық қатынасты білдіру үшін жазу тілінде, негізінде, бағыныңқы копонент баяндауышы –**ша,- ше** жұрнақты есімшеден болған сөйлем қолданылады.

12. Өткен шақтық есімше –**дық,-тан,-дік-тен** қосымшалы түрде айтылып, бағыныңқы копонент баяндауышы болады. Мұндай бағыныңқы копонент басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің болу болмауының себебін білдіреді. Есімшенің қалған екі түрі жатыс септігінде және кейбір шылау мен шылау мәнді сөздерге тіркесіп, бағыныңқы жай сөйлем баяндауышы болу тіл тәжірибесінде өте сирек кездеседі.

#### **б) Жай сөйлемдердің шартты рай арқылы құрмаласуы.**

Шартты рай- етістік райлары ішінде синтаксистік функциясы тұрақтылардың бірінен саналады. Ол әрдайым дерлік сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Онда да кез келген сөйлемнің емес, негізінде, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы копонентінің баяндауышы болады. Бұл функцияда ол жіктеліп те, жіктелмей де қолданыла береді. Бұл арада ескеруді керек ететін бір нәрсе–шартты райға жалғанатын жіктік жалғаудың қалыпты баяндауыш жалғауынан өзгешелігі. Қазақ тіліндегі жіктік жалғаудың өзі жалғанған сөзіне тиянақтылық мән беріп, оны сөйлемнің тиянақты баяндауышы етіп, бастауышпен жақтастырып тұратыны, сондықтан оның баяндауыш жалғауы деп те аталатыны белгілі. Ал шартты райға жалғанатын жіктік жалғау да баяндауыш жалғау, ол да баяндауышпен жақтастырады. Бірақ шартты райға жалғанған жіктік жалғауда баяндауыш жалғауында болатын ең негізгі қасиет- тиянақтылық қасиет болмайды. Сондықтан да шартты рай белгілі бір жаққа жіктеле айтыла тұрып та бағыныңқы жай сөйлемді басыңқы жай сөйлеммен құрмаластыру функциясын атқара береді. Мұндай орындағы жіктік жалғау тек бір ғана функцияны, баяндауыш болып тұрған шартты райды бастауышпен қиыстыру функциясын ғана, атқарады. Жай сөйлемдерді бір – бірімен сабақтастыра құрмаластыру қызметінде қолданылатын етістіктің басқа түрлерінен шартты райдың негізгі бір ерекшелігі-оның басқа түрлерінен шартты райдың негізгі бір ерекшелігі-оның осы жақтық формада айтылып, өз бастауышымен қиысып тұрғандығында. Бұл жағынан алғанда, шартты райлы бағыныңқы копоненттердің баяндауышы қызметінде қолданылатын етістіктер ішіндегі шын мағынасындағы предикаттық мәні бар бірден-бір сөз деуге болады. Өйткені предикаттық мағынаның негізгі көрсеткішінің бірі баяндауыш қызметіндегі сөздің белгілі бір жақта айтылып, өз бастауышымен қиысатындығы болса, ол-бағыныңқы жай сөйлемдердің баяндауышы қызметінде қолданылатын сөздердің шартты райдан басқаларының ешқайсысында да жоқ.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіріп, құрмалас сөйлем жасауда шартты райдың өзіндік тағы бір ерекшелігі бар. Оны байқау үшін шартты райлы

бағыныңқы сөйлем баяндауышы функциясында қолданылатын етістіктің басқа түрлерімен салыстырайық.

Жай сөйлемді бір-бірімен құрмаластыру қызметін есімшелердің де атқаратыны белгілі. Бірақ екі жай сөйлемді бір-бірімен қарым-қатысқа келтіретін есімше формасының өзі емес, есімшеге жалғанатын әр түрлі септік жалғаулары мен оған тіркесе айтылатын шылаулар. Бұларсыз есімше құрмалас сөйлем жасай алмайды. Ал шартты рай олай емес, ол басқа бір қосымша формалардың, дәнекерлердің жәрдемінсіз-ақ екі жай сөйлемді құрмаластыра алады. Сөйтіп, ол екі түрлі функцияны бірден атқарады: әр сөйлемнің баяндауышы болады, әр екі жай сөйлемді бір-бірімен қарым-қатысқа келтіретін синтаксистік дәнекер болады.

Бағыныңқы жай сөйлем баяндауышы болып келген шартты райдың кейде шылау сөздерге тіркесіп тұратыны да болады, бірақ шылаулар екі жай сөйлемді байланыстыру үшін қолданылмайды, жай сөйлемдердің мағыналық қатынастарын түрлендіру үшін қолданылады.

#### **в) Жай сөйлемдердің шылаулар арқылы құрмаласуы.**

Жай сөйлемдерді құрмаластыруда шылаулардың атқаратын рольдері де ерекше. Шылаулар құрмалас сөйлемдердің салалас түрін жасауға да, сабақтас түрін жасауға да қатнасады. Бірақ екеуіне қатынасатын шылау екі түрлі: жай сөйлемдерді салыстыра құрмаластыруға қатнасаындар жалғаулық шылаулар да, сабақтастыра құрмаластыруға қатнасаындар, негізінде, демеулер.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру қызметін атқарғанда септеуліктер бағыныңқы компонент баяндауышы болып тұрған тиянақсыз етістікке көмекші болып, соны меңгеріп, жетектеп тұрады. Ондай септеуліктер қатарына-шейін, дейін, бері, сайын, соң, үшін шылаулары жатады.

Бұл аталған шылаулардың синтаксистік функциялары түрі-түрлі. Сондықтан бұлар келген орынның бәрінен бірдей бағыныңқы сөйлем іздеуге болмайды. Келтірілген ептеуліктер қалыптасқан тиісті орындарда, белгілі формадағы арнаулы сөздерге тіркесіп айтылған жағдайда ғана аталған қызметті атқара алады және бұл септеуліктер тіркесетін сөздердің морфологиялық формалары да әр түрлі болады. Атап айтқанда шейін, дейін септеуліктері өткен шақтық есімшенің барыс жалғаулы түрін меңгеріп тұрып, бағыныңқы компонент баяндаушы құрамына енеді. Мұндай компоненттер бағыныңқы сөйлемдердегі іс-әрекет болғанға дейін, басыңқыдағы іс-әрекеттің болып қойғандығын я болып қоятындығын немесе болудың мезгілдік шегін білдіреді.

Кейін, бері шылаулары өткен шақтық есімшенің шығыс жалғаулы түрін меңгеріп тұрып, бағыныңқы сөйлем баяндауышы құрамына енеді. Мұндай компоненттер бағыныңқы сөйлемдегі әрекет болғаннан кейін басыңқыдағы іс-әрекеттің болатындығын я болатындығын немесе басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің қашанна бері болып келе жатқан мезгілдік шегін білдіреді.

Сайын, соң шылаулары атау тұлғалы өткен шақтық есімшеге тіркесе айтылып, бағыныңқы сөйлем баяндауышы болады. Мұндай компоненттердің сайын шылауы араласқан түрі бағыныңқы сөйлемдегі іс-әрекет болған сайын, басыңқыдағы іс-әрекеттің де қайталап болып отырғандығын білдірсе, соң шылауы араласқан түрі бірде басыңқыдағы іс-әрекеттен кейін болғандығын білдірсе, бірде басыңқыдағы іс-әрекеттің болу-болмау себебін білдіреді. Соң шылауы кейде өткен шақтық есімшенің шығыс жалғаулы түрімен де бірігіп айтылады. Мысалы: Шұбардың жаңағы сөзі есіне түскен сайын, Әбіштің намысы мен ызасы үйдей түсті.

**Үшін** шылауы тұйық етістіктен болған баяндауышы бар бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлеммен байланыстырады. Мұндай бағыныңқылар басыңқы сөйлемдегі іс-

әрекеттің мақсатын білдіреді. Мысалы, Күзетші **сезіп қалмау үшін**, біз жыраның ішімен еңбектеп кеттік.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен ұшырастырып, құрмалас сөйлем жасауда шешуші роль атқаратын шылау сөздердің екінші түрі-жалғаулықтар. Олардың қатарына мыналар жатады:

а) себептестік қатынасты білдіретін сондықтан, себебі, сол себепті, өйткені, неге десең жалғаулықтары;

ә) мезгілдестік, өсіңкілік қатынасты білдіретін және, да, де, та, те, әрі жалғаулықтары;

б) қарсылықты қатынасты білдіретін-бірақ, сонда да, сөйтсе де, алайда, әйтсе де, ал, дегенмен жалғаулықтары;

в) кездестік, талғаулық, бірдейлестік қатынасты білдіретін бірде, біресе, кейде, не, немесе, болмаса, әлде, я, яки жалғаулықтары;

г) бейтараптық қатынасты білдіретін мейлі, күй жалғаулықтары.

Мұндағы әр топқа бөлген жалғаулықтардың басын біріктіретін ортақ қасиеттерімен бірге, бір топқа жата тұрса да, олардың әрқайсысының тек өзіне ғана тән ерекшеліктері де болады.

Ол ерекшеліктер кейін сөз болады.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру қызметін жоғарыда аталған жалғаулықтармен қатар, жалғаулық мәніде қолданылатын солай бола тұрса да, солай дегенмен де, сөйте тұрса да, олай дейтін себебі, бұлай дейтін себебі дегендер тәріздес тіркестері де атқарады.

Шылаулардың қай түрі болса да, жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып яғни тек дәнекерлік қызметті ғана атқарып қоймайды, сонымен бірге, құрмаласып тұрған жай сөйлемдердің мағыналық қатынастарына да еоеулі әсерін тигізеді, олардың мағыналық қатынастарын айқындай, күшейте түседі. Мысалы, Дүниеде түрме барын, оған жазықты адамдарды қамайтынын Хакім білетін, **бірақ** ешбір қылмысы жоқ жанды түрмеге отырғызатынын, оны айыптап, басына пәле жабатынын ол білмейтін.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыруда жалғаулықтар мен демеулердің дәнекерлік рольдерінің дәрежесі бірдей емес. Салаласа құрмаласқан сөйлемдердің көпшілігінде жалғаулықтар сөйлемді құмаластырушы негізгі тұлға болмайды, онсыз да бар байланысты күшейте түсетін көмекші тұлға болып табылады. Сондықтан жағаулықты түрде айтылған кейбір құрмаластарды, құрмаластық қасиетін сақтай отырып, жалғаулықсыз түрде айтуға да болады. Мысалы: Оңайға қызығып кете ме деп қауіптеніп едім, **бірақ** олар барлаушыла әдетін бұзған жоқ.

Ал септеуліктер арқылы құрмаластыратын сөйлемдер мұндай құбылысқа көнбейді. Өйткені септеуліктер араласқан сөйлемдерде жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыру, сол арқылы құрмалас сөйлем жасау міндеті түгелімен септеуліктердің үлесіне тиеді. Сондықтан ондай сөйлемдерден септеулікті түсіріп айтсақ, құрмаластық бірлік бүтіндей жойылады. Мысалы: Осы қылығы есіне түскен сайын, ол өзінен өзі қатты ұялатын. Сенгені жыл құсындай көріне бастаған соң, Олжабектің ойына үміт дүниесі келіп орнады.

**г) Жай сөйлемдерді құрмаластыруда интонацияның ролі.**

Сөйлеу тілінде интонацияның атқаратын қызметі көп-ақ. Біз бұл арада интонацияның сөйлемнің мағыналық құбылыстарына, сөйлем мүшелерінің бір-бірімен байланыс ерекшеліктеріне, сөз тіркестерінің түрлеріне қарай болатын құбылыстарын сөз етпей-ақ, тек құрмалас сөйлемдегі функциясына ғана тоқталамыз.

Құрмалас сөйлем интонациясын екі түрге бөліп қарауға болады: бірінші-тиянақты интонация, екінші- тиянақсыз интонация.

Тиянақты интонация сөйлемнің ең соңында болады да, оның аяқталғандығын білдіреді. Сондықтан ол құрмалас сөйлемге ғана тән емес, аяқталған ойды білдіретін, өз алдына дербес бір бүтін болып тұратын сөйлем аталуының бәріне де тән. Интонацияның бұл түрінің құрмаластығы функциясы сол, ол құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттерінің басын біріктіріп, оларды бір бүтін етіп тұрады.

Интонацияның тиянақсыз түрі құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер арасында келеді де, әр құрмаластың қандай компоненттерге бөлінетіндігін білдіреді. Интонацияның бұл түрі өзінің тиянақсыздығы арқылы сөйлемнің аяқталмағандығын, ой жалғасы барлығын байқатады да, сол арқылы жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластырады.

Құрмалас сөйлем компоненттері арасында болатын тиянақсыз интонацияның тыныстық дәрежесінің әр түрлі болады. Құрмалас сөйлем компоненттері арасында болатын тиянақсыз интонацияның шамасы сол интонацияға ие болып тұрған компоненттің баяндауыш формасына да байланысты болады. Компоненттің баяндауышы неғұрлым тиянақсыз формада айтылса, оның интонациялық үзілісі де соғұрлым шағын, көмескі олады. Міне, сондықтан баяндауышы тиянақты формада тұратын салалас құрмалас сөйлем компоненті мен баяндауышы тиянақсыз формада тұратын сабақтас құрмалас сөйлем компоненті арасындағы интонациялық кідіріс бір болмайды. Алдыңғысында айқынырақ, елеулірек болады да, соңғысында олай болмайды. Ол былай тұрсын, тіпті баяндауыштары әр түрлі тиянақсыз формада айтылатын сабақтас сөйлем компоненттерінің өздері де интонациялық жағынан біркелкі болмайды. Мысалы: Олжабек қоса күлсе де, оның қай күлкі екенін өзі де аңдамады. Өзі қораш болғанмен, осы төбенің аты зор деген сөйлемдердің екеуі де сабақтас құрмалас сөйлем болғандарымен, олардың бірінші компоненттерінен кейінгі интонациялық кідірістер бір емес. Алдыңғы сөйлемнің Олжабек қоса күлсе де деген бөлшегінен кейін азды-көпті болса да интонациялық кідірістің барлығы байқалса, соңғы сөйлемнің » қораш болғанмен деген бөлшегінен кейін оның бар жоқтығы мейліше көмектеседі. Осы тәріздес, салалас құрмалас сөйлем компоненттері арасында болатын интонациялық құбылыстар да біргелкі болмайды. Оның іргелес түріндегі компоненттердің интонациялық құбылыстары бір түрлі болса, жалғаулықты түріндегі компоненттердің интонациялық құбылысы екінші түрі болады.

Құрмалас сөйлем компоненттері арасында болатын тиянақсыздық шамасы біргелкі болмайды. Оның әр түрлі болуы компонент баяндауышының формасына және оның шылау сөздерге тіркесіп я тіркеспей айтылуына байланысты болады. Өйткені интонация сөйлем үшін қандай қажетті элемент болғанмен, ол түгелдей сөйлем мағынасына, сөйлем құрылысына тәуелді болады. Ол сөйлемнің мағынасы мен құрылысындағы өзгерістерге лайықты өзгеріп, құбылады. Сондықтан интонацияны құрмалас сөйлемнің мағынасына, оның компоненттерінің баяндауыш формаларына қарай құбылып отыратын, соларға тәуелді көмекші категория деп түсінген жөн.

Құрмалас компоненттері арасында болатын тиянақсыз интонация тиянақсыздық дәрежесінің қандай болуына қарамастан, жай сөйлемдерді бір-бірімен ұшырастырады және құрмалас сөйлем компоненттерінің ара жігін көрсетеді.

#### **д) Құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібі.**

Сөйлем мүшесі қызметін атқаратын әрбір сөздің сөйлемде қалай болса солай тұра салмай, белгілі тәртіпін орналасатыны сияқты, құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасуында да белгілі, қалыптасқан тұрақты заңдылық болады. Егер компоненттердің тілімізде қалыптасқан орын тәртібі бұзылса, жай сөйлемдердің бір-бірімен байланысы, сөйлемнің құрмаластық қасиеті жойылып қана қоймайды, солармен бірге, сөйлемнің ұғымы ауырлап, тіпті, кейде, сөйлем болудан да қалады. Сондықтан сөйлем мүшелерінің орын тәртібі сөздердің синтаксистік қатынастарының басты бір

көрсеткіші болатыны сияқты, құрмалас сөйлем компоненттерінің орын тәртібі де жай сөйлемдерді құрмаластырудың елеулі тәсілі болып есептеледі.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасуында мынадай заңдықтар болады: а) Салалас құрмаластың болсын, сабақтас құрмаластың болсын тиянақсыз компоненттері әрдайым бұрын айтылады да, тиянақты компоненттері кейін айтылып, сөйлемді аяқтап тұрады.

ә) Поэзияда құрмаластың тиянақты компоненттері мен тиянақсыз компоненттерінің орын тәртібі өзгеріп, өлең үйлесіміне қарай түрленіп айтыла береді.

Қара сөзбен айтылған құрмалас сөйлемдерде тиянақсыз компоненттің бұрын тұруы қазақ тілінің стилистикалық ерекшелігінің бір көрінісі болып табылатыны сияқты, поэзияда ол компоненттердің орналасу жағынан бірде олай, бірде бұлай болып келуі де тіліміздегі қалыптасқан заңдылық болып табылады.

б) Сабақтас құрмалас сөйлемнің тиянақсыз компоненті кейде тияқты компоненттің ішінде келетіні де болады. Бірақ бұл- тілімізде кең жайылған құбылыс емес, өте сирек кездеседі және мұндай құбылыста айтылудан сөйлемнің тек интонациялық жағына азды-көпті өзгеріс енгені болмаса, оның компоненттерінің байланысына, мағынасына ешқандай өзгеріс енбейді. Сондықтан бағыныңқы компонентті бірінші орында айтылған сабақтастардың көпшілігін ол компонентті тиянақты жай сөйлемнің ішінде келтіріп, өзгертіп айтуға немесе керсінше қойыпайтуға бола береді.

Құрмалас ойлем компоненттерінің орналасуында, орын тепкен тұрақты тәртіптің болуы түрлі жағдайларға байланысты. Ондай жағдайлар қатарына құрмалас сөйлем компоненттерінің баяндауыш формасы мен интонациясы жағынан және мағыналық қарым-қатынастары жағынан өз ара тең болмауларын жатқызуға болады. Сонымен бірге, компоненттердің орын тәртібіне жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыратын кейбір шылаулардың да тигізетін әсері күшті. Олай дейтін себебіміз мынау: сөйлем мейлі жай сөйлем болсын, мейлі құрмалас сөйлем болсын, бәрібір, аяқталған ойды білдіру үшін формалық жағынан да, интонациялық жағынан да тиянақты болуы шарт. Ондай тиянақтылығы болмаса, олардың сөйлемдік сәні болмайды.

Құрмалас сөйлем құрамына енетін жай сөйлемдердің бір- бірімен құрмаласу жолдары, арақатынастары біркелкі болмайды. Олардың кейбіреулері белгілі шамада болса да, өз дербестіктерін сақтай біріне-бірі онша тәуелді болмай, теңдік қатынаста тұрып құрмаласса, екінші сөйлемдік дербестіктерін жойып, біріне-бірі тәуелді, бағынышты қатынаста құрмаластырады. Мысалы: Ушаков ығыспайтынын ашық көрсетпек еді, онысы бүркеліп қалыпты. Қаупі барын бүркей жазбақ еді, онысы ашылып қалыпты. 2. Келер күндер көз алдына осынша-ақ айқын елес берсе де, Ушаков ашық алысуға кете алмайтынын сезді. Ушаков ішінен өзіне-өзі ызалана, күйіне отырып, Рязановты келісімге шақыратын жауап жазды.

Мысалдың біріншісінде әрқайсысы екі-екі жай сөйлемнен құралған екі құрмалас сөйлем бар. Ондағы жай сөйлемдердің қай-қайсылары болса да, өз дербестіктерін жоймаған, әрқайсысының өзіне тән тиянақты баяндауыштары бар, бірі-біріне бағынбай, өз ара теңдік дәрежесінде құрмаласқан.

Мысалдың екінші тобындағы құрмаластардың компоненттерінде алдыңғысындай теңдік қатынас жоқ.

Жай сөйлемдердің бір-бірімен құрмаласуындағы осы айтылғадай ерекшеліктеріне сәйкес, әдетте құрмалас сөйлем күрделі үш топқа бөлініп қарастырылады:

- а) салалас құрмалас сөйлем,
- ә) сабақтас құрмалас сөйлем,
- б) аралас құрмалас сөйлем.

Құрмалас сөйлемнің салалас түрі мен сабақтас түрі арасында мағыналық жағынан елеулі өзгешелік жоқ. Белгілі бір мағыналық қатынастырады жай сөйлемдерді салыстыра құрмаластыру арқылы да, сабақтастыра құрмаластыру арқылы да беруге болады.

Компоненттердің баяндауыш формаларындағы өзгешеліктерді салалас сөйлем мен сабақтас сөйлемді бір-бірінен ажыратып танытатын негізгі белгі деп қарауға болады. Өйткені құрмалас сөйлемнің бұл екі түрі арасында кездеседін әр алуан өзгешеліктер, айналып келгенде, олардың компоенеттерінің баяндауыш формасындағы өзгешелікке негізделеді, содан туады. Сондықтан салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің бір-бірінен негізгі айырмашылығы-алдыңғының барлық компоненттерінің де баяндауыштары тиянақты формада айтылып, кейінгінің тек соңғы компонентінің баяндауышы ғана тиянақты формада айтылатындығында. Бұған көз жеткізу үшін мына мысалдарды талдап көрейік: Төрелерге арналған бөлмесі де бөлек болушы еді, Игілік қонағын сонда алып келді. Құнанбай топтан бөлініп шыға бергенде, Майбасар, Тәкежан артынан ерді. Мысалдың бірінші сөйлемі –салалас құрмалас сөйлемнің бірінші компонентінің бөлек болушы еді деген баяндауышы тиянақты формада айтылған.

Құрмалас сөйлемнің салалас түрі мен сабақтас түрі арасында мынадай өзгешеліктер болады дейміз:

1.Салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің баяндауыштары тиянақты формада айтылады да, сабақтас құрмалас сөйлем компоненттерінің алдыңғылары тиянақсыз формада айтылып, тек соңғысы ғана тиянақты формада болады.

2.Компоненттерінің баяндауыштары тиянақты формада айтылғандықтан, салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен теңдік қатынаста тұрып, салаласа құрмаласады. Ал сабақтас құрмалас сөйлемде бұл қасиет болмайды. Оның баяндауышы тиянақсыз формада айтылған компоненті баяндауышы тиянақты формада айтылған компонентке тәуелді, бағынышты болады да, соның жетегінде тұрады. Сөйтіп, сабақтас құрамындағы жай сөйлемдер, негізінде, біріне-бірі бағынып, бірін екіншісі бағындырып, теңсіздік қатынаста құрмаласады.

3.Компоненттерінің баяндауыштары тиянақты формада айтылатындықтан, салалас құрмаластың жай сөйлемдерінен кейін болатын интонациялық кідіріс едәуір тиянақты болады да, сабақтас құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы интонация тиянақсыз, көпшілік жағдайда, тіпті елеусіз болып келеді.

4.Салалас құрмалас сөйлем компоенеттерінің баяндауыштары өз бастауышымен жақтаса қисып тұрады да, сабақтас сөйлем компоненттерінің баяндауыштары өз бастауыштармен жақтаспайды.

5.Салалас құрмалас сөйлем компоненттерін бір-бірімен құрмаласу үшін жалғаулық шылаулар да қолданылады, ал сабақтас құрмалас сөйлем компоненттерін құрмаластыру үшін, негізінде, жалғаулықтар қолданылмайды, септеулік шылаулар қолданылады.

6.Салалас құрмалас сөйлемнің бірінші компоненті екінші компонентке тәуелсіз, оның ішіндегі мүшелерге байланыссыз болдып келсе, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағынышты компоненттерінің көпшілігі өзі жетектеліп тұрған компоненттің белгілі бір мүшесіне тәуелді болып, соны түрлі жағынан айқындап, тұрлаусыз мүше тәрізденіп кетеді.

Сөйтіп, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағынышты компоненттері кейде өзі бағынып тұрған сөйлемнің немесе оның жеке бір сөзінің тұрлаусыз мүшесі функциясында қолданылатын болса, салалас құрмалас сөйлем компоненттері арасында ондай қатынас болмайды. Құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттердің бір-бірімен саласа байланысы-жай сөйлемдерді құрмаластырудағы негізгі тәсілдің бірі. Салаласа

құрмаласу деп құрмалас құрамына енген жай сөйлемдердің бір-біріне бағынышты, тәуелді болмай, өзара теңдік қатынаста тұрып құрмаласуын айтамыз. Құрмаластың бұл түрінің құрамындағы жай сөйлемдердің өз ара теңдік қатынаста болатындығының бірден-бір себебі олардың баяндауыштарының грамматикалық форма жағынан бір-біріне тәуелсіз, өз ара болып келетіндігінде. Мысалы: Менің тәугі оқыған жылым ғой молданың қандайының жақсы, қандайының жаман екенін қайдан білейін. Молдекесі, сылтауы шамалы, сондықтан оның таяқ жейтініне менің де, өзінің де көзі жетті.

Қазақ жері көп еді.

Жер пайдасын білетін

Білімді ері жоқ еді.

Қозып алысқа шырқап кеткен қиялы әлсіресе керек, осы ерке күлкі соншалық таныс, назды сыр айтқандай құлағына жағып кетті. Ержан енді болмаса шығып кететін еді, құдай оңдап поезд жүріп кетті. Ержан өзіне ұнағанның бәрі Раушанға ұнайды, өзін қуантқан оны да қуантады деп ойласа керек, мына сөз оған тура өз басын кеміткендей тиді. Бұл мысалдағы құрмалас сөйлем компоненттерінің баяндауыш формалары, ол компоненттердің орналасу тәртібіне қарамастан, тиянақтылық жағынан өз ара тең, біріне-бірі тәуелсіз. Мұндағы компоненттер баяндауыштардың грамматикалық формалары жағынан алғанда, өз алдына жеке қолданылатын қалыпты дербес жай сөйлемдердің баяндауыштарынан ешқандай өзгешеліктері жоқ. Бұл жағдай салалас құрмалас сөйлем құрамына енетін жай сөйлемдердің, сабақтас құрмалас сөйлем компоненттері сияқты, өздерінің баяндауыш формалары арқылы құрмаласпайтын, жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып құрмаласатын олардың баяндауыш формалары емес екендігін байқатады. Салалас құрмалас сөйлем компоненттері тиянақты болады деген де біз олардың мағыналық немесе интонациялық тиянақтылығын айтпаймыз, компоненттердің баяндауыш формасы жағынан тиянақты болатындығын айтамыз. Егер жай сөйлемдер мағыналық жағынан я болмаса интонациялық жағынан толық тиянақты болатын болса, олар құрмалас сөйлем компоненті бола алмас та еді.

Салалас құрмалас сөйлем құрамына енетін жай сөйлемдер баяндауыш формалары жағынан қаншама тиянақты болғандарымен, олар өз алдына жеке бір бүтін емес, бүтіннің бір бөлшегі ғана болып есептеледі. Сондықтан баяндауыш формасының тиянақтылығына қарамастан, салалас сөйлем компоненті мағыналық жағынан да, интонациялық жағынан да тиянақсыз болады, ойдың аяқталмағандығы байқалып ой жалғасы барлығы айқын білініп тұрады. Ал құрмалас құрамына енбейтін жай сөйлемдер өз алдына бір бүтін болғандықтан, мағыналық жағынан да, интонациялық жағынан да тиянақты болып тұрады. Мына мысалдағы жай сөйлемдер мен салалас құрмалас сөйлем компоненті болып тұрған жай сөйлемдерді салыстырып көріңіз.

1. 1932 жылдың көктемі. Күн ұясынан жаңа ғана шыққан. Аспан шайдай ашық. Сонау қырда бұлдырап бара жатқан шоғырмақ-Олжабектің көші.

2. Күркетауықтың құйрығындай одырайып тұрған тымағының құйрығы желп етіп түсіп кетіп еді, оны қайтадан қайыру да есіне келген жоқ. Аяқ басысы тым-ақ сылбыр тәрізді еді, мұнша деміккені Олжабекке тіпті ерсі көрінді. Олжабек Жамалды жұбата-жұбата ұялды белім, бұл сұрауына жауап қайтарған жоқ. Мысалдың бірінші тобындағы жай сөйлемдердің әрқайсылары мағыналары жағынан да, интонациялық жағынан да өз алдына жеке-жеке бір бүтін болып тұрса, мысалдың екінші тобындағы құрмалас сөйлем компоненттері болып тұрған Күркетауықтың құйрығындай одырайып тұрған тымағының құйрығы желп етіп түсіп кетіп еді; Аяқ басысы тым-ақ сылбыр тәрізді еді; Олжабек Жамбылды жұбата-жұбата ұялды білем деген жай сөйлемдер баяндауыштары етістіктің ашық райында айтылғанына қарамастан, мағыналық жақтарынан да, интонациялық жақтарынан да тиянақсыз болып, айтылмақшы ойдың аяқталмағандығы,



ой жалғасы барлығы айқын байқалып тұр. Талданып отырған құрмаластар құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, салалас сөйлем жасап тұрған да осы мағына тиянақсыздығы мен интонация тиянақсыздығы. Жай сөйлемдердің осы айтылған мағыналық және интонациялық ерекшеліктері оларды салалас құрмалас сөйлем компоненті болатын жай сөйлемдерден ажыратып танытатын бірден-бір белгі болып табылады.

Салалас құрмалас сөйлем құрамына енетін жай сөйлемдер жоғарыда талданған мысалдардағыдай әрдайым іргелесе құрмаласып отырмайды, жай сөйлемдерді бір-бірімен салыстыра құрмаластырудың одан басқа да бірнеше тәсілдері болады. Оларды жинақтап, топтап келгенде, екі түрге бөлуге болады:

- 1) жай сөйлемдердің жалғаулықсыз, іргелесе құрмаласуы;
- 2) жай сөйлемдердің жалғаулықтар арқылы құрмаласуы.

Құрмаласу тәсілінің осы аталған негізгі екі түріне сәйкес салалас құрмалас сөйлемдер де жалғаулықты салалас сөйлем, жалғаулықсыз салалас сөйлем деп екі түрде топталып аталады.

Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемге компоненттері бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы құрмаласатын салалас сөйлемдер жатады.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру функциясында қолданылатын жалғаулықтар негізгі мағыналық ерекшеліктеріне қарай мезгілдес мәнді жалғаулықтар, қарсылық мәнді жалғаулықтар, себеп мәнді жалғаулықтар, талғау мәнді жалғаулықтар, кезектес мәнді жалғаулықтар болып бес түрге бөлінеді де, осы жалғаулықтардың қай түрінің қатынасы арқылы жасалып тұрғанына қарай сөйлемде сол жалғаулық атымен мезгілдес мәнді салалас сөйлем, қарсылық мәнді салалас сөйлем дегендер тәріздес аттармен аталып топталады. Бірақ аталған топтардағы жалғаулықтардың мағыналық жағынан белгілі бір төркіндіктері болғандармен, қолданылу орнына, контекске қарай олардың әрқайсысының басқалар ауыстыра алмайтын өзіндік дербестіктері де мол кездесіп отырады. Әр жалғаулықтың өзіндік ондай сипаттарын айқындау үшін олардың әрқайсысын жеке-жеке талдаған жөн.

Мезгілдес салалас сөйлем. Мезгілдес салалас сөйлем компоненттері бір мезгіл ішінде я бірінен кейін бірі іле-шала болған немесе болатын іс-әрекет, жай-күйлерді де, мезгілдік қатынасы жоқ, бірақ мағыналық жағынан өзара ыңғайлас болып келетін жай-күйлерді де білдіреді.

Мезгілдес салалас сөйлем құрамына енетін жай сөйлемдер бір-бірімен да-де және әрі жалғаулықтары арқылы құрмаласады. Бұл жалғаулықтардың ортақ қасиеттерімен қатар әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері де бар. Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыруда өте жиі қолданылатын да-де, та-те жалғаулықтары. Үндестік заңының әсерімен түрленіп айтылатыны болмаса, бұл да деген бір ғана жалғаулық.

Бұл жалғаулық салалас құрмалас сөйлем жасауда әр компонент ішінде қайталанып та, қайталанбай екі жай сөйлем арасында да қолданылады.

Да жалғаулығы арқылы құрмаласқан компоненттердің бір-бірімен мезгілдік қатынасы әр түрлі. Мысалы: Топырақты сол арада біреу сатып алды да, ақшасын Әсти қалтасына салды. Құнанбай Ұлжан қасына отырды да, Мәкіш пен Абайдың жүзіне қарады.

Бұл келтірген мысалдағы сөйлемдердің барлығында да әуелі алдыңғы сөйлемдердегі іс-әрекеттер болған да, содан кейін оған іле-шала соңғы сөйлемдердегі іс-әрекеттер болып отырған, яғни мезгілдік жағынан бірінен кейін бірі іркес-тіркес болған.

Да жалғаулығы қайталамай екі компонент арасында келген жағдайда жай сөйлемдер бір-бірімен екі түрлі мезгілді қатынаста айтылады: а) алдыңғы компонент

бұрын болған іс-әрекет, жай-күйді, соңғы компонент одан сәл кейін, бірақ соған тіркес болған іс-әрекет, жай-күйді білдіреді; ә) екі компоненттің екеуі де бір мезгіл ішінде қатар болған я болып жатқан іс-әрекет, жай-күйді, көріністі баяндайды.

Да жалғаулығының қайталанып айтылуы арқылы жасалатын салалас сөйлемнің жоғарыда айтылған салалас сөйлемнен компоненттерінің бір-бірімен мезгілдік қатынасы жағынан айтарлықтай өзгешелігі жоқ. Мұнда да бір уақыттың ішінде болған я болып жатқан мезгілдес іс-әрекет, жай-күйлер, көріністер баяндалады. Бірақ соған қоса бұларда іс-әрекет үдей, өсе, күшейе түскен мәнде беріледі.

Қайталанып қолданылған да жалғаулығы екі компонентті құрмаластыру қызметін атқарумен бірге тіркесіп айтылған сөзінің мәнін арттыру, оған ой екпінін түсіре, күшейте, өзгеден ерекше бөле айту үшін де қолданылады. Мысалы: Дәл шындықтан шет жақтан елдің әңгімеге құмарлығы да көп, шала ұғарлығы да көп.

### **Және жалғаулығы арқылы жасалатын мезгілдес салалас сөйлем.**

Құрмалас сөйлем жасауда да жалғаулығымен бір типтес болып келетін жалғаулық-және жалғаулығы. Бұл жалғаулық өзі құрмаласатын жай сөйлемдері арасында қолданылады да, олардың ешқайсысының да құрамына енбей жеке-дара тұрады. Бұл жағынан алғанда **және** жалғаулығын нағыз салаластырушы жалғаулығы деуге болады.

**Және** жалғаулығы да жалғаулығы сияқты жай сөйлемдерді құрмаластыру қызметінде жиі қолданылмайды, өте сирек, әлдеқалай ғана ұшырайды. Және жалғаулығы арқылы құрмаласатын компоненттер іс-әрекет, жай-күйді өсіңкі, үдетпелі, үстемелі мәнде білдіреді. Мысалы: Отырып әңгімелескендей үлкен жұмысым жоқ және ұзақ отырып сізбен кеңес құратын қазір уақыт та тар. Сіздің қолыңыз босай қомас және босағанмен бұл жұмыс сізге ауыр тиер. Қашқын ұзап кетті және кертөбелге жетер мұнда ат та жоқ. Жыраның бұл тұсы адам еңкеймей жүрсе де бойын жасырарлық теп-терең еді және түбі де нақ жиегіне дейін бидайығы мен кей жерде қарабарағы аралас өскен қалың жынысты.

Мысалдың бірінші құрмалас сөйлемнің алдыңғы компонентінде отырып әңгімелесерліктей үлкен жұмыстың жоқтығы айтылса, екінші компонентте оның үстіне, яғни үлкен жұмыс жоқтығының үстіне, уақыттың да тар екендігі айтылған. Осы тәріздес біріншідегі әрекет үстіне қосымша, үстеме болған әрекеттер кейінгі сөйлемдер де баяндалған. Бұл жағынан алғанда және жалғаулығы арқылы жасалатын салалас сөйлем мен да жалғаулығы, әсіресе, оның қайталап келуі арқылы жасалатын салалас сөйлем бір. Екеуінен де өсіңкілік, үстемлік мән, оның үстіне, ол аз болса, оған қоса дегендер тәріздес мағыналар байқалып тұрады. Дегенмен бұл екі жалғаулық арқылы жасалатын салалас сөйлем компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан әрдайым бірдей болып та отырмайды. Бұлардың арасындағы негізгі өзгешелік да да алғаулығы арқылы жасалатын салалас сөйлемдерде компоненттердің бір-бірімен мезгілдік қатынастары айқынырақ сезілетін болса, және жалғаулығы арқылы құрмаласатын түрінде ол өте көмескі болады. Мұндағы компоненттердің мағыналық қатынасында жоғарыда айтылғандай өсіңкілік, үстемлік, үдетпелік мағына басым болып тұрады.

Әрі жалғаулығы арқылы жасалатын мезгілдес салалас сөйлем. Құрмаластыратын жай сөйлемдерінің бір-бірімен мағыналық қатынасы жағынан жоғарыда талданған сөйлем түрлерімен біртектес болып келетін салалас сөйлем-**әрі** жалғаулығы арқылы жасалатын құрмалас сөйлем. Бұл жалғаулық жай сөйлемдерді құрмаластыру қызметінде және жалғаулығынан гөрі де сирек қолданылады. Мұның қолданылуы да жалғаулығы сияқты: бірде қайталанбай, екі компонент арасында ғана келсе, бірде қайталанып, әр компонент ішінде қолданылады. Бұл жалғаулық арқылы жасалатын салалас сөйлем компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынастары және

жалғаулығы арқылы жасалатын салалас сөйлемге өте ұқсас. Оны мына мысалдан байқауға болады.

Бұл бізге істелуге тиісті істердің түрін тегіс айтуға мүмкіндік береді, әрі ол жұмысқа көпшііктің ынтасын аударады. Қи өзге отыннан әрі қызу, әрі оның шоғы ұзақ уақыт сөнбейді. Менде әрі документ жоқ, әрі бармақшы болған үйлердің адресі жоқ.

Осы мысалдағы сөйлемдер және жалғаулығы арқылы жасалатын салалас сөйлемдерге өте жақын. Мұндағы кейбір сөйлемдердегі **әрі** жалғаулығының орнына және жалғаулығын қойып айтса да болғаны. Бұлардағы екінші компоненттегі іс-әрекет бірінші компоненттегі әрекеттерге үстеме, өсіңкі мән беріп, оны күшейте түсіп жүр. Қи өзге отындардан қызу және оның үстіне сол қасиетіне қосымша, оның шоғы ұзақ уақытқа дейін сөнбейді. Менде документ болмаудың үстіне бармақшы үйдің адресі **тағы** жоқ. Бұлардағы әрекет бірінің үстіне бірі үстемеленіп, қос қабаттасып жатады.

Сонымен, талданып өткен үш түрлі (да,және, әрі) жалғаулық арқылы жасалатын салалас құрмалас сөйлемдер компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынастары жағынан өз ара жақын, біріктес болып келеді. Бұлар арқылы құрмаласқан сөйлемдер әрқайсысының азды-көпті өзіндік ерекшеліктері болумен қатар, негізінде, мезгілдес болған іс-әрекет, жай-кбйлерді бір мезгіл ішіндегі оқиғаларды баяндайды. Сондықтан салалас сөйлемнің бұл түрлері мезгілдес салалас деген шартты бір ғана атаумен аталады.

**Себептес салалас сөйлем.** Өйткені, себебі жалғаулықтары арқылы жасалатын себептес салалас сөйлемдер. Өйткені, себебі деген жалғаулықтар арқылы құрмаласатын жай сөйлемдердің соңғысы іс-әрекеттің себебін біліреді де, алдыңғысы сол себептен туган нәтижені, салдары білдіреді. Мысалы: Оның толқығанын Әмір байқаған жоқ, **өйткені** ол аң-таң болып барлық назарын Әбдірахманның түрінің жан танымастай өзгеріп кеткеніне аударды. Деревняға кештетіп кірген отрядтың Белов бастаған ат, азық жинаушы топ екеніне ол шек келтірген жоқ, өйткені сол маңда бұлардан басқа қараулы солдаттар болмайтын. Сәдірбайға мен жақтым, өйткені құранды бірсыдырға әдемі оқитын дауысым бар. Бұл кезде Шейін ағай тігумен ғана шұғылданады, өйткені ол ел ішінде «құдайдан безген» атанды. Оның бұл сөзді не үшін айтқанын, не үшін оның дір ете қалғанын Тайман сезген жоқ, өйткені ол Сәуленің өзінің болашақ келіні екенін білмейтін-ді.

Бұл мысалдағы салалас сөйлемдердің барлығында да әуелі болған, істелген іс-әрекет, жай-күй айтылады да, сонынан оның солай болу себебі, ненің нәтижесінде, неліктен солай болғандығы баяндалады: Оның бұл Әмір неліктен, не себептен байқаған жоқ? Оның байқамауының себебі-барлық назарын Әбдірахманға аударғаннан. Деревняға кештетіп кірген отрядтың Белов бастаған топ екеніне ол неліктен, не себептен шек келтірмейді? Оның бұлай ойлауының себебі-бұл маңда Белов бастаған топтан басқа қараулы солдаттардың жоқтығы. Мысалдың кейінгі сөйлемдерінің мағыналары да осылар сияқты. Сөйтіп, өйткені, себебі жалғаулықтары болған, болатын я болып жатқан іс-әрекет, жай-күйдің солай болу себебін білдіретін жай сөйлем алдында келеді де, соның құрамына енеді. Сондықтан бұл жалғаулықтар себеп жалғаулығы деп аталады. Кейде себеп жалғаулығы мағынасында олай болатын себебі, олай дейтін себебі, неге десең, олай дейтінім дегендер тәріздес тіркестер де, болмаса алдыңғы компонент баяндаушының есімше формалы түрде қайталанып айтылған түріне **себебі** жалғаулығының тіркесіп айтылған түрі де қолданылады. Мысалы: Олар қанша асыққанмен де бүгін жүре алмайды, **жүре алмайтын себебі** жолды қар басып қалыпты. Мен **қорықпаймын**, қорықпайтыным әжем кеше сұрап алған т.б.

Сондықтан, сол себепті жалғаулықтары арқылы жасалатын себептес салалас сөйлемдер. Жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясы жағынан бұл екі жалғаулық осының алдында ғана сөз болған себеп жалғаулығымен бір топқа жатқызылады.

Дегенмен бұлардың себеп жалғаулықтарынан өзгеше өзіндік мағыналық ерекшеліктері де жоқ емес.

**Сондықтан, сол себепті жалғаулықтары да екі жай сөйлем** арасында қолданылады да, өзінен кейінгі жай сөйлем құрамына енеді. Бұл жалғаулықтар құрамына енген компоненттер алдыңғы компоненттегі іс-әрекет арқасында туатын немесе туған нәтижені, салдары білдіреді. Мысалы: Менің кім екенімді қысқаша түрде Жұмабайға әкесі айтып берді, сондықтан ол менен қысынбай сөйледі. Үлкен еңбегі әперген беделі де үлкен еді, сол себепті қарауындағы жұмысшылардың барлығы оның айтқанын заң көретің-ді. Өткен түні Шалтайды түсінде көрген еді, сондықтан сол күдік көңлінен, әсіресе бүгін кетпей қойды.

Бұл мысалдағы бірінші жай сөйлемдер екінші жай сөйлемдегі іс-әрекеттің солай болу себебін білдіреді де, екінші жай сөйлемдер сол себептен туған нәтижені, салдарды білдіреді. Ол неліктен, не себептен менен қысынбай сөйледі? Оған себеп менің кім екенімді алдын ала айтып қоюда т.б.

Сонымен, өйткені, себебі деген жалғаулықтар бірінші сөйлемдегі іс-әрекеттің себебін, неліктен олай болғандығын білдіретін жай сөйлем құрамында айтылса, сондықтан, сол себепті жалғаулықтары бірінші сөйлемдегі іс-әрекеттің себебінен туған нәтижені, салдары жай сөйлем құрамында айтылады. Сөйтіп, бұл екі жалғаулықтың бір-бірінен өзгешелігі- бұлар араласқан салалас сөйлемдегі себепті білдіретін компонент пен себептен туған нәтижені, салдары білдіретін компоненттің орналасу тәртібінде. Өйткені, себебі жалғаулықтары арқылы жасалатын салалас сөйлемде бірінші компонент нәтижені білдіреді де, екінші компонент сол нәтиженің себебін білдіреді, ал сондықтан, сол себепті жалғаулықтары арқылы жасалатын салалас сөйлемде алдыңғы айтылғанға керсінше, бірінші компоненті себепті, екінші сол себептен туған нәтижені білдіреді.

Бұл жалғаулықтардың әр топтағысы бірінің орнына бірі талғаусыз қолданыла береді. Одан сөйлемнің не мағыналық жағына, не құрылысы жағына ешқандай нұқсан келмейді. Мысалы: Оның қыңыр қылықпен тұрып кеткенін отырғандар тегіс түсінді, өйткені бастан-ақ сабындай бұзылып, құдашамен әңгімесінің жараспағанын, қатар өсіп келе жатқан Нұрымның жиын жерде одан әлдеқайда базарлы екенін, мұны Жартайдың көрер көзге күндеп, тіл тигізе сөйлеп отырғанын бәрі де байқаған-ды. Қарт оның не ойлап отырғанын сезген жоқ, сол себепті бұл екеуіне ол көз де салған жоқ деген сөйлемдердегі өйткені жалғаулығының орнына себебі жалғаулығын келтіріп, сол себепті жалғаулығының орнына сондықтан жалғаулығын келтіріп айтудан сөйлемге ешқандай нұқсан келмейді. Бірақ бір топқа жататын жалғаулықтың орнына екінші топтағы бір жалғаулықты қойып айтуға болмайды. Ондай ауыструлар компоненттердің орналасу тәртібін өзгертуді керек етеді. Мысалы: Аңшыдан қашқан қасқырдай салғаннан текіректей жөнелген бұл төртеуі қара жолға алыстан орағытып келіп кесіп өтпекші болды, өйткені жол бетінде Нұрыш пен Бақы бастаған сегіз аттылы да сар желіп келе жатыр еді. Жол бетінде Нұрыш пен Бақы бастаған сегіз аттылы да сар желіп келе жатыр еді, сондықтан, аңшыдан қашқан қасқырдай салғаннан текіректей жөнелген бұл төртеуі қара жолға алыстан орағытып келіп кесіп өтпекші болды дегенде бірінші жағдайда себепті білдіретін жай сөйлем екінші орында келсе, екінші жағдайда ол бірінші орынға шыққан. Тек компоненттердің орны өзгергені ғана болмаса, олардың мағыналық қатынасына ешқандай нұқсан келген жоқ. Екі жағдайдың екеуінде де компоненттердің бірі себепті, бірі сол себептен туған нәтижені білдіріп тұр.

Осы айтылған **өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті** жалғаулықтары арқылы жасалған салалас сөйлемдер себептес салалас сөйлем деп аталады.

3) **Қарсылықты салалас сөйлем.** Қарсылықты салалас сөйлемге компоненттерінің мағыналары бір-біріне қайшы келетін сөйлемдер жатады. Салалас

құрмалас сөйлемнің бұл түрі бірақ, дегенмен, әйтсе де, өйткенмен, сөйтсе де, сөйткенмен, сонда да, солай бола тұрса да, солай болғанмен жалғаулықтары және жалғаулық мәнді сөз тіркестері арқылы жасалады. Мысалы: Онша үлкен төрелігім жоқ, **әйтсе де** айтып көріңіз. Алыстан әлдекімдердің күбірлеген дауысының жаңғырығы есітілген сияқтанды, бірақ қай жақтан есітілгенін шамаламай алмаймын. Мен, әрине, олардай блкен адам емеспін, алайда менің айналамда да өзіме лайық адамдарым болу керек қой. Менде ондай талант бар деп ойлаймын, дегенмен Мақан мен Қайыздың алдында «Алпамышты» өз өнерім жеткенше айтып беремін. Көп уақыт өткен сияқты болды, әйткенмен, мағынасыз өткізген сағаттарға Хакім өкінген жоқ.

Қарсы мағынаны білдіретін жалғаулықтардың тіліміздегі басқа жалғаулықтардан негізгі бір өзгешелігі-бұлардың басым көпшілігінің толық мағыналы сөздік қасиеттерінен әлі де болса айрыла қоймағандықтарында, контекстке қарай, кейде негізгі мағыналы сөз сөйлем мүшесі қызметінде де қолданылатындықтарында.

Жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында қолданылғанда қарсылық мәнді жалғаулықтардың бір-бірінен ешқандай мағыналық өзгешеліктері жоқ, бірінің орнына бірі қолданыла береді. Мысалы: Мұқата сөйлеген Шұғылдың сөзін Хакім де естіді, **бірақ** бұл сөзді ол кек тұтқан жоқ. Осы сөйлемдегі бірақ жалғаулығының орнына жоғарыда көрсетіккен қарсылық жалғаулықтарының кез келгенін келтіріп айтуға болады, одан сөйлемнің мағыналық жағына да, стильдік жағына да ешқандай нұқсан келмейді. Бұл жағынан алғанда, қарсылық мәнді жалғаулықтар мезгілдес, я болмаса себептес мәнді жалғаулықтар сияқты емес, мағыналары біркелкі біріктес болып келеді.

Мағыналары бір-біріне қайшы келетін жай сөйлемдер кейде ал жалғаулығы арқылы да құрмаласады. Мысалы: Ондай студенттер көп кездеседі, ал ана доктор бақытты кісіге ғана кездеседі. Бұл малдарды әкемнің тез жинап алғысы келеді, ал қарызға алғандардың көпшілігінде қлма-қол қайтарып берерлік күш жоқ.

Салалас сөйлемнің мұндай түріндегі қарсылықты мағына екі түркі құбылысты, затты, іс-әрекетті, көріністі салыстыра баяндауға негізделеді. Сондықтан ал жалғаулығы арқылы құрмаласатын жай сөйлемдер барлық жағдайда да қайшы мәнде айтыла бермейді. Мысалы: Әрине, кескін-кейпі күн нұрмен жайнар еді, ал тұла бойын көктем шуағы жайлар еді дегенде жай сөйлемдер бір-біріне мағыналары қайшы әрекеттерді баяндап тұрған жоқ, жарыса, қатар болған екі түрлі жайды білдіріп тұр.

**Талғаулы салалас сөйлем.** Талғаулы салалас сөйлем компоненттерінде баяндаған әрекеттердің екшеліп, талғанып, әйтеуір біреуінін болатындығын немесе болу керектігін баяндайды. Талғаулы салаластың компоненттері, салалас құрмаластың басқа түрлеріндей емес, тек интонациялық жағынан ғана болмаса, мағыналық жағынан бір-біріне тәуелсіз, дербес әрекеттерді баяндайды. Мысалы: Күн жылынып еді, көк қаулап өсе бастады деген салалас құрмаласта компоненттер бір-бірімен мағыналық жағынан ұштасып жатыр. Мұнда күннің жылынуы көктің өсуіне себепші болып тұр. Ал енді, Бүгін қар жауады немесе жаңбыр жауады деген талғаулы салаластың компоненттері арасында алдыңғы мысалдағыдай мағыналық қатынас жоқ. Мағыналық жағынан мұнда бір-біріне тәуелсіз екі түрлі әрекет баяндалған да, олар өз ара мағына іліктестігіне қарай емес, интонациялық бірлігіне қарай құрмаласқан.

Талғаулы салаластың өзіндік бір ерекшелігі мұның құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулықсыз құрмаласа алмайды, тек жалғаулықтар арқылы ғана құрмаласады. Талғаулы салаластың жалғаулықсыз түрінің болмауының бір себебі де, жоғарыда айтылғандай, компоненттерінің мағыналық жағынан бір-бірімен іліктес болмай, әрқайсыларының өз алдарына дербес әрекеттерді баяндауларынан. Мағыналарында іліктестік болмағаннан кейін, тек сыртқарғы, бір дәнекерлер арқылы байланысып тұрады да, ол дәнекерден айрылса-ақ, бастары бірікпей, бөлек-бөлек болып бытырап кетеді.

Сөйлемге талғаулық мағына беретін және жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыратын жалғаулықтар-не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, әлде, мейлі, құй деген талғаулықты жалғаулықтар. Бір топқа жатқызылып, бір ғана атаумен атала тұрса да, бұлардың ішінде өзіндік мағыналық және қолданылу ерекшелігі бар жалғаулықтар жоқ емес. Оны мына мысалдардан байқауға болады. Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, немесе құлағымен естіген айтар. Мейлің өзің бар, мейлің баланы жібер, әйтеуір олармен қалай да хабарласу керек. Өзі кетіп құтылды, әйтпесе өзіміз-ақ тастатқалы жүр едік. Күндіз олар не өзіне жем іздейді, не өзінің басқаға жем болмауын көздейді. Мысалдың бірінші сөйлем компоненттерде айтылған әрекеттердің қайсысының болатындығын кесіп айтпай, болжау, әйтеуір, бірі болар деген мағынада баяндайды. Мұндай мағына не қар жауады, не жаңбыр жауады дегендер тәріздес сөйлемдерде айқынырақ байқалады. Мысалдың екінші сөйлемді сөйлеуші үшін компоненттердегі әрекеттің қайсысы болса да бәрібір екендігін сөйлеушінің ол әрекеттер турасында өзін бейтарап ұстайтындығын білдіреді. Мысалдың үшінші сөйлеміндегі компоненттердің бір-бірімен қатынасы алдыңғы екеуінен де өзгеше. Бұл тәріздес сөйлемдер субъектіні компоненттердегі әрекеттердің бірін істеуге міндеттейді, соны істеуді екінші бір әрекетке шарт ретінде алады. Не ол, не бұл екінің бірі. Мысалы: Сен қазір жұмысқа кіріс, әйтпесе мен сені бұл маңайдан қуамын. Сен оны өлтір, болмаса өзің өлесің. Ал енді, бұл-әншейін келешегіне қарай қойылған ат, әйтпесе нобайы түзу бір механизм жоқ деген сөйлемдегі компоненттер арасында жоғарыда айтылғандай талғаулық мән де жоқ. Мұндағы компоненттердің бір-бірімен мағыналық қатынасы талғаулықтан гөрі қарсылықтарға жақын. Талданған мысалдардағы компоненттердің мағыналық қатынастарына қарағанда, жоғарыда аталған жалғаулықтар арқылы жасалатын салалас сөйлемдердің бәрін талғаулық деген бір ғана атаумен атаудың өте шартты екендігі байқалады.

Талғау мәнделес жалғаулықтардың я, не, мейлі, құй, әлде деген түрлері жай сөйлем сайын қайталанып та айтыла береді. Ондай қайталауларында бірінші жай сөйлемде бұлардың бірі келгенде, екінші жай сөйлемде талғау жалғаулығының басқа біреулері келуі де мүмкін. Мысалы: я мен барайын, я сен бар деуге де, я мен барайын, болмаса сен бар деуге де болады.

Талғау мәнделі жалғаулықтар жай сөйлемдерді құрмаластырудан гөрі бірыңғай мүшелер арасында көбірек қолданылады, сондықтан да талғаулықты салалас сөйлем жазу тілімізде өте сирек ұшырайды.

**Кезектес салалас сөйлем.** Кезектес салалас сөйлем деп құрамына енген жай сөйлемдердің мағынасынан байқалатын іс-әрекеттердің бірінен соң бірі кезектесіп болып отыратындығын білдіретін салалас құрмалас сөйлемді айтамыз. Кезектес салалас сөйлем компоненттері бір-бірімен бірде, бірсе, кейде деген кезектестік жалғаулықтар арқылы құрмаласады. Кезектес мәнделі жалғаулықтардың бір-бірінен айтарлықтай мағына өзгешеліктері жоқ, сондықтан олар бірінің орнын екіншісі ауыстыра бере алады. Және ондай ауыстырудан сөйлем мағынасына ешқандай нұқсан да келмейді.

**Жалғаулықсыз салалас сөйлем.** Құрмалас сөйлем жай сөйлемдердің ешқандай жалғаулықсыз немесе жалғаулық мәнделі сөзсіз бір-біріне тіркесе, іргелес айтылулары арқылы да жасалады. Құрмалас сөйлемнің мұндай түрі жалғаулықсыз салалас сөйлем деп аталады.

Жалғаулықсыз салалас сөйлемдерде компоненттер бірлігі, негізінде, жай сөйлемдердің мағыналық жағынан өз ара байланыстығынан, шарттастығынан, интонация тұтастығынан және компоненттер құрылысындағы кейбір ортақ сипаттардан көрінеді.

Мағыналық жағынан алғанда, жалғаулықсыз салалас құрамына енген жай сөйлемдер бір-біріне жақын, өз ара іліктес, шарттас, мезгілдес, себептес іс-әрекет, жай-

күйді білдірулері де, болмаса бірінші мағынасын екінші ашып, саралап түсіндіріп тұруы да мүмкін. Соның арқасында, алдыңғы жай сөйлем айтылғанда ойдың аяқталмағандығы, ой жалғасы барлығы байқалып тұрады. Мысалы: Ол қасқа айғырыға қарай ұмтыла түсіп еді, Бақыт тізгінге жармаса кетті. Шоқытыңқырап келген қалпымен көлге түсіп кетпек боп ем, аттар жалақтап жоламады. Әңгімемен көмір көбірек салынып кетсе керек, тозған арба таяқ тастам жер шыға шоңқайып қалды.

Бұл келтірген үш түрлі сөйлемнің үшеуінде де олардың бірінші компоненттері интонациялық жағынан тиянақсыз, олардан кейін тағы да бірдемелердің айтылу керектігі, ой жалғасы барлығы байқалып тұр. Сонымен, бірге, бұл сөйлемдердегі компонент мағыналары да өз ара бір-бірімен тығыз байланысты: бірінші сөйлемдегі Ол қасқа айғырға қарай ұмтыла беріп еді деген компонент өзінен кейінгі Бақы тізгіне жарамаса кетті деген сөйлемсіз аяқталған ойды білдіре алмайды, өйткені ол бір уақыттың ішінде болған мезгілдес оқиғаның бір сыңарын ғана баяндайды, оның екінші сыңары кейінгі компонентте айтылған, ал сөйлем бүтіндігі-ой тұтастығы бір мезгілдің ішінде болған осы екі компоненттің бірігуі арқасында ғана жүзеге асады. Осы тәріздес мағыналық және интонациялық бірлік, өз ара тығыз байланыстылық жалғаулықсыз салалас сөйлемнің қай түрінде болса да кездеседі.

Жалғаулықсыз салалас сөйлем компоненттері арасындағы жоғарыда айтылған бірлікке, жақындыққа қарамастан оларды бір-бірімен құрмаласатын жалғаулықтардың немесе жалғаулық мәнді сөздің жоқтығына қарап, кейбір тілдерде құрмалас сөйлемнің бұл түрі салалас тобына да қосылмай құрмалас сөйлемнің үшінші бір түрі ретінде құралады.

Жалғаулықсыз салалас сөйлем компоненттерінің бір-бірімен байланысу жолдары. Құрмалас сөйлемнің басқа түрлеріне қарағанда, жалғаулықсыз салалас сөйлем компоненттерінің бір-бірімен байланысы онша тығыз, берік болмайды, оларда дербестік, формалық тиянақтылық басым келеді.

Жалғаулықсыз салалас сөйлемнің қалыптасқан, тек өзіне ғана тән баяндауыш формасы жоқ. Қалыпты тиянақты жай сөйлем баяндауышы қызметінде қолданылатын сөз таптарының қай-қайсылары болса да жалғаулықсыз салалас сөйлем компоненттерінің баяндауышы қызметінде де қолданылады. Сөйтсе де жалғаулықсыз салаластың алдыңғы компоненттерінің баяндауыштары көпшілік жағдайда еді, екен, емес етістіктерін көмекшіге алып тұрады. Бұл көмекшілер кейбір жағдайларда өзі құрамына еніп тұрған жай сөйлемдерге тиянақсыздық мән беріп, екі жай сөйлемді құрмаластырушы дәнекер болып келеді. Мысалы: Айналаға мойын созып қарап едім, қыбыр еткен жан көрінбеді деген сөйлемдегі едім көмекші етістігін алып тастап, бірінші компонент едәуір тиянақтылық мәніге ие болады да, компоненттердің интонациялық бірлігі бұзылып, олардың арасындағы құрмаластық байланыс көмескіленеді, компоненттердің дербестігі күшейеді. Тілдік фактілерге қарағанда, жоғарыда аталған көмекшілерге аяқталған жай сөйлемдердің көпшілігі құрмалас сөйлемнің компоненті болып келеді.

Жалғаулықсыз салалас сөйлем жасауда алдыңғы компоненттің баяндауышы қызметінде қолданылатын сол есімдігінің ролі ерекше. Бұл есімдік алдыңғы жай сөйлемнің баяндауышы функциясында қолданылғанда, формалық құбылыстарға ұшырап, сонша, соншалық, сондай, соншама болып айтылады.

Салалас құрмалас сөйлемнің бірінші компонентінің мағыналық, әсіресе интонациялық жағынан аяқталмай тұруы, бір-бірімен байланыстырып құрмаласатын басты тәсіл болып табылады.

Бұл айтылған белгілермен қатар, жалғаулықсыз салалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен құрмаластық қатынасы компонент баяндауыштарының бір

бастауышқа ортақтасып тұруы арқылы да, беелгілі бір сөздің бірінші компонентте де, екінші компонентте де қайталанып айтылуы арқылы да байқалады.

Баяндауыштары қайталап айтылған бір сөзден болған жалғаулықсыз салалас сөйлемнің компоненттері кейде ықшамдалып, өз ара сыйыстырылып айтылады. Ондай ықшамдаулар алдыңғы компоненттің баяндауышы айтылмай, түсіріліп қалдырылу арқылы жасалады. Мұндай жағдайда баяндауышы түсіріліп, ықшамдалып айтылған компонент сөйлемдік қасиетінен айрылады да, кейінгі компонентпен бірігіп, бірыңғай мүшелі жай сөйлемге айналады. Мысалы: Сағынған елін аңсайды, сары ала қаз көлін аңсайды. Елінен безген ер оңбас, көінен безген қаз оңбас. Ел жасымен көрікті, тау тасымен көрікті, аяқ асымен көрікті. (Мақал).

Бұл мысалда компоненттерінің баяндауыштары бір сөздің қайталап айтылуынан болған үш түрлі жалғаулықсыз салалас сөйлем бар. Жоғарыда көрсетілгендей, мұндағы әр салаластың алдыңғы компоненттерінің баяндауыштарын түсіріп, ышамдап айтсақ: Сағынған елін, сары ала қаз көлін аңсайды. Елінен безген ер, көлінен безген қаз оңбас. Ел жасымен, тау тасымен, аяқ асымен көрікті деген бірыңғай мүшелі үш жай сөйлем болып шығады. Бірақ бұлар құрылысы жағынан жай сөйлем болғандарымен, мағыналары жағынан әрқайсысында бір-бір күрделі ойдың барлығы, компоненттер баяндауыштарының жасырын екендігі байқалып тұрады. Жалғаулықсыз салалас сөйлемнің мұндай ықшамдалған түрлері құрмаластық қасиетінен айрылады да, сыйысқан жай сөйлем болады.

Компоненттерінің баяндауыштары бір сөздің қайталанып айтылуынан болған салалас сөйлемдерді ықшамдап, сыйыстырып айту сөйлемге әдеби түр беруге байланысты болады... Жазушы я сөйлеуші дербес сөйлемдердегі қайталанатын ортақ мүшені ықшамдап, қысқартып айту арқылы ондай құрмаласқа я ондай сөйлемге поэтикалық, яғни динамикалық рең береді. Мұндайда іргелестегі күрделі ой жайылмай, шұбалаңқыланбай, ықшамдалып түйдектеліп, үдеме түрінде ұғынылады.

Жалғаулықсыз, іргелесе құрмаласатын жай сөйлемдерді бір-бірімен байланысытуда олардың баяндауыштарының жақтық, шақтық, сан-мөлшерлік жақтарынан бірыңғай, біріктес болып келулерінің де тигізетін белгілі әсерлері болады. Баяндауыштардың мұндай біріктес грамматикалық категорияларында айтылуы прозадан гөрі поэзиялық шығармаларда жиі және күрделі болып кездеседі. Ол, әрине, өлең сөздің ритмикалық жағына да байланысты болар.

Құбылып бурыл **гуледі,**  
Табаны жерге **тимеді,**  
Тау менен тасты **көрмеді,**  
Төрт аяқты **сермеді.**  
Тер шыққан соң **өрледі,**  
Адырды көзі **көрмеді,**  
Көлденең жатқан көк тасты  
Тіктеп тиген тұяғы  
Саз балшықтай **иледі.**

Жеті жай сөйлемнен құралған бұл шумақтың басын қосып тұрған ең алдымен, бұлардағы ритмикалық бірлік, үйлесімдік болса, сол ритмикалық бірлік жай сөйлемдердің баяндауышы болып тұрған етістіктердің бірыңғай жақтық, бірыңғай шақтық мағынада айтылулары арқылы берілген.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды жинақтай келгенде, жалғаулықсыз салалас сөйлем компоненттері бір-бірімен мынадай тәсілдер арқылы құмаласады:

- 1) жай сөлемдер мағыналарының бір-бірімен байланысты, іліктес, сабақтас болып келуі арқылы;
- 2) интонация арқылы;



- 3) компоненттердің бәріне ортақ бір сөздің болуы арқылы;
- 4) компоненттердің бір бастауышқа ортақтасып келуі арқылы;
- 5) белгілі бір сөздің компонент сайын қайталанып айтылуы арқылы;
- 6) бірінші компоненттегі бір сөздің екінші компонентте есімдік түрінде қайталануы арқылы;

7) компонент баяндауышы қызметіндегі етістіктің жақтық, шақтық жағынан бірыңғай болып келуі арқылы.

### **Жалғаулықсыз салалас сөйлемнің мағыналық түрлері.**

Компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынастары жағынан алғанда, жалғаулықсыз салалас сөйлем мен жалғаулықты салалас сөйлем арасында айтарлықтай онша алшақтық жоқ. Өйткені жай сөйлемдердің жалғаулық арқылы құрмаласуы мен жалғаулықсыз іргелесе құрмаласуы, айналып келегінде, құрмалас сөйлемнің бір түрін жасаудың екі түрлі тәсілі ғана. Сондықтан да салалас құрмалас сөйлемнің бірсыпыра түрін жалғаулық арқылы құрмаластырып айтуға да, жалғаулықты алып тастап, жалғаулықсыз етіп айтуға да, жалғаулықты алып тастап, жалғаулықсыз етіп айтуға да болады. Мысалы: киіз үстін кісі келгенде сыпырып өту Биғайшаның ежелгі әдеті еді, бірақ бұл жолы оның осы ниетіне басқа нәрсе араласты. Замандастың тілін кім алмайды, сондықтан мен ертіп бармақ болдым.

Бұл келтірген мысалдағы жалғаулықтарды түсіріп, оларды жалғаулықсыз түрде: Киіз үстін кісі келгенде бір сыпырып өту Биғайшаның ежелгі әдеті еді, бұл жолы оның осы ниетіне басқа нәрсе араласты. Замандастың тілін кім алмайды, мен ертіп бармақ болдым деп құрсақ, одан сөйлем байланысына да, компоненттердің мағыналық қатынастарына да нұқсан келмейді. Алғашқы вариантта қарсылықты, себептес салаластардың жалғаулықты түрі болса, кейінгі вариантта сол екеуінің жалғаулықсыз түрі болады.

Бірақ салалас сөйлемнің жалғаулықты түрі мен жалғаулықсыз түрі абсолюттік теңдікте, барлық жағдайда да жалғаулықты салаластың жалғаулығын алып тастап жалғаулықсыз түрін жалғаулықты етіп айтуға бола береді деген қортынды шықпайды.

Жалғаулықсыз салалас сөйлемдерді компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынасына қарай мынадай түрлерге бөлуге болады: 1) Мезгілдес салалас сөйлем. 2) Себептес салалас сөйлем. 3) Қарсылықты салалас сөйлем. 4) Түсіндірмелі салалас сөйлем. 5) Салыстырмалы салалас сөйлем. 6) Шартты салалас сөйлем. 7) Көп компонентті салалас сөйлем.

1) **Мезгілдес салалас сөйлем.** Мезгілдес салалас сөйлем компоненттері бір мезгілде немесе біріне-бірі жалғаса іркес-тіркес болған іс-әрекеттерді я бір мезгіл ішіндегі көріністі, жай-күйді баяндайды. Тек компоненттерінің бір-бірімен байланысу жолындағы өзгешелігі ғана болмаса, компоненттердің мағыналық қатынасы жағынан мезгілдес салаластың жалғаулықсыз түрі мен жалғаулықты түрі бірдей. Мезгілдес салалас сөйлемге компоненттері бірыңғай, бірәктес іс-әрекет, жай-күйлерді санамлап, тізбектеп, жарыстыра көрсететін сөйлемдер де жатады. Мезгілдес салалас сөйлем компоненттерінің баяндауыштары шақтық, жақтық жағынан кейде бірыңғай, бірәктес болдып келеді. Соған қарап кейбір әдебиеттерде ол ыңғайлас салалас деп те аталып келді, бірақ бұлай атау компоненттердің мағыналық қатынасын білдіре алмайды.

2) **Себептес салалас сөйлем.** Бір компонент екінші компоненттегі іс-әрекет, жай күйдің себебін білдіріп, екіншісі сол себептен туған нәтижені білдіретін, немесе, керсінше, біріншісі нәтижені, екінші соның себебін білдіретін сөйлемдер себептес салаласқа жатады. Сәуленің Бөлекбас арқылы Нұрланның сырын білмек болған манағы ойы әлі арығыылып кеткен жоқ еді, соны есіне алып Бөлекбастың бірге қайтқанын мақұл көрді. Соқпақтың екі жағындағы қар да малдың белуарынан келерліктей, қалың, қарсы келген сиырлар бір-бірімен сүзисе, бірін-бірі қырға жыға, сығылысып әрең өтеді.

Село алыс емес еді, бұлар оған андағы-мұндағы көзден жасырынып жетпеген кезде келіп жетті. Шешесі тағы екі-үш бауырсақ беріп еді, басқалары қаспақ тұрмысқа көздерін аларта қарады. Аяп кеттім, менің де көзіме жас келді. Жабайды сойылға жыққан Игіліктің жігіттері екенін Жұман білген жоқ, әлдеқалай аттан құлаған шығар деп ойлады.

Бұл келтірген мысалдағы сөйлемдердің бәрінде де бірінші компонент себепті білдіріп тұр да, екінші компонент сол себептен туған нәтижені білдіріп тұр. Ең соңғы сөйлемдегі Жұманның Жабайды әлдеқалай аттан құлаған болар деп ойлауының себебі-оның Жабайды Игілік жігіттерінің сойылға жыққанын білмеуінен, сол білмеудің нәтижесінен туған қорытынды. Жоғарыда келтірілген сөйлемдердің қай-қайсысына болса да сондықтан, сол себепті деген жалғаулықтарды қосып айтуға болады. Бұл жалғаулықтар айтылмаса да сөйлем мағынасынан, компоненттер байланысынан байқалып тұр.

Жалғаулықсыз салаластың бұл түрінде, келтірілген мысалдың керсінше, бірінші компонент нәтижені, екінші компонент сол нәтижеге жеткізген себепті білдіріп те құрмаласады. Мысалы: Шалабай ұзақ жүре алмас, үкімет құрығы ұзын. Мен қорықпаймын, әжем кеше сұрап алған. Оларға рақмет айту керек, ұмытқанымызды еске салды. Бұлардағы екінші компоненттер бірінші компоненттегі іс-әрекеттің нәтижесін солай болғандығын я болатындығын білдіреді. Нәтижесін Шалабай ұзақ жүре алмайды? Оның ұзақ жүре алмайтын себебі үкімет құрығы ұзын. Мысалдағы басқа сөйлемдер осы тәріздес.

Сөйлемде айтылмағанымен, компоненттердің мағыналық қатынастарынан олардың арасына өйткені, себебі деген жалғаулықтарды келтіріп айтуға болатындығы байқалып тұр. Бұл жағдайлар себептес салаластың жалғаулықты түрі мен жалғаулықсыз түрінің бірлігін, бұл екеуінің арасындағы өзгешелік бірінде бар жалғаулықты екіншісінде түсіріп айту ғана екендігін байқатады.

3) **Қарсылықты салалас сөйлем.** Құрмалас сөйлемнің бұл түріне компоненттерінің мағыналары бір-біріне қайшы келетін жалғаулықсыз салалас сөйлемдер жатады. Компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан қарсылықты салаластың жалғаулықты түрі мен жалғаулықсыз түрі арасында ешқандай өзгешелік жоқ, бұл екеуі-қарсылықты салалас деген атпен аталатын бір ғана сөйлем компоненттерінің құрмаласуындағы екі түрлі тәсіл ғана.

Компоненттер мағынасы арасындағы қайшылық түрлі-түрлі болады.

1. Заттың, құбылыстың, оқиғаның бұрынғысы мен қазіргі күйі салыстыра қарсы қойылады.

2. Бірінші компоненттегі субъектінің іс-әрекетіне, ой-ниетіне екінші компоненттегі субъектінің әрекетті, ісі қайшы келеді: Қасындағы ұсақ қыздар мен қалыңдыта клп алдаусыратпа болып ед, Абай мен Ербол оған көнген жоқ.

3. Бірінші компоненттегі іс-әрекеттің логикалық қортындысы ретінде екінші компонентте болуға тиісті әрекет болып шығады немесе басқаша болады: Кірпіш үй сыртынан қораш еді, ішіне енгенде бұған да көңілі тойып қалды.

4. Қарсылықты мағына компонент баяндаушы қызметіндегі етістіктердің бірінің болымды, екіншісінің болымсыз түрде айтылуы арқылы да жасалады. Мысалы: Күлаш, мен сенімен сөйлесіп тұрғаным жоқ, мына Әйтекеңмен сөйлесіп тұрмын.

Компоненттері жалғаулықсыз байланысатын қарсылықты салалас сөйлемдердің көпшілігіне қарсылық жалғаулығын қосып айта беруге болады, бірақ мұндай өзгерісті жалғаулықсыз қарсылықты салаластың кез келген түрі көтере бермейді.

4) **Түсіндірмелі салалас сөйлем.** Түсіндірмелі салалас сөйлемде бірінші компонент жалпылық мәнде айтылады да, кейінгі компонентте я компоненттерде оның мәні я себептері сараланып ашылады, талданып түсіндіріледі. Компоненттерінің

мағыналық қатынастары жағынан алғанда, бірінші жай сөйлем баяндауышы **сол, сонша, сошама, соншалық, сондай** деген есімдіктер мен үстеу сөздерден болған сөйлемдер де осы түсіндірмелі салалас сөйлемге жатады, өйткені мұнда да бірінші компоненттің сыры кейінгі компоненттерде мұнда да бірінші компоненттің сыры кейінгі компоненттерде ашылады, түсіндіріледі. Дегенмен салалас сөйлемнің бұл түрінің өзіндік біраз өзгешеліктері де жоқ емес. Ол өзгешеліктер мыналар:

Бірінші жай сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарушы және сол арқылы екі жай сөйлемді құрмаластырушы болып тұрған сол, соншалық, сондай, соншама сөздері өз бастауыштарының іс-әрекет, жай-кбйлерін өздері ашпайды, сол баяндалатын әрекетке, жағдайда ерекше мән беру, көңіл аударту мақсатымен соға сілтейді де, оның сыры кейінгі сөйлемде ашылады. Соның нәтижесінде кейінгі жай сөйлем тұтасымен алдыңғы жай сөйлемнің баяндауышы орнына қолданылады да, соның білдіруге тиісті мағынасын білдіреді. Мысалы: Менің де ойлап жүргенім сол-енді біз татуласайық деген сөйлемдегі енді біз татуласайық деген екінші компонент бірінші компоненттің баяндауышы білдіруге тиісті мағынаны білдіріп тұр. Сөйтіп, бір ой екі рет айтылады. Бірінші ретте оның сыры нақтылы ашылмай, соған меңзеу, сілтеу түріндегіана айтылса, екіншісінде ол талдап ашылады.

Ал енді бірінші компонентінің баяндауышы **сонша, соншалық, сондай, соншама** сөздерінен болатын құрмаластағы жай сөйлемдердің мағыналық қатынасында сол сөзі арқылы жасалатын құрмаластан гөрі біраз өзгешеліктері болады. Оны байқау үшін мына мысалдарды талдап көрейік. Жұрттың бәріне өлең сөздерінің қазіргі жағдайға үйлесімді көрінгені **соншалық**-өлеңді олар сақ-сақ күліп қарсы алды. Ақырында хутордың іруінің қатты етек алғаны сондай-жалаң аяқ, сымбатты, білімді балаларға хутор қыздарының сызылған назы да әсер етпеді. Мұндай санасыз қондырыла салатын тәртіптен тартқан азабым соншама-ақыры тіпті Россияға қайта қашып кетпек болдым. Оның үстіне киген қытайдың қызыл шайысынан тігілген ақалы көйлегінің ұзындығы **сонша**-оның етегін бірнеше қыздар саусақтарынын ұшымен ұстап көтеріп келеді. Мысалдардан байалып тұрғанындай, бұл сөйлемдердің барлығында да бірінші компонентте сол компоненттің бастауышы болып тұрған сөздің мағынасы арқылы байқалатын әрекеттің, жай-күйдің ерекше мәнді, әсерлі, күшті болғандығына назар аудартып, соған ой салмағын түсіре сілтесе, екінші компонент біріншідегі сол ерекше жағдайдың нәтижесінде не болғанын баяндайды.

5) **Салыстырмалы салалас сөйлем.** Жалғаулықсыз салалас сөйлемнің бұл түріне бір-біріне антитеза немесе аналогия ретінде алынға екі түрлі субъектінің іс-әрекеттерін, қасиеттерін, жай-күйлерін салғастыра баяндайтын сөйлемдер жатады. Салыстырмалы салалас сөйлем мақал, мәтелдерде өте жиі кездеседі. Мысалы: Саналы адам сағынды сындырмас, санасыз адам жағынды тындырмас. Білген адам тауып айтады, білмеген адам қауып айтады. Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер. Ынтымақты елге ешкі жетпес, ынтымақсыз елдің өкінші кетпес. Тозар елдің жанжалы бітпес, озар елдің арманы бітпес. Мысалдағы сөйлемдердің бір компонентінде жақсылықтың, ізгі қасиеттің жақсылығы, артықшылығы айтылса, екінші компонентте оған жамандықтың жағымсыз нәтижелері, кесапат қылықтары қарама-қарсы қойыла салғастырылған.

Бірақ салыстырмалы салалас сөйлемнің барлық түрібірдей бұлай болып келе бермейді. Ол кейде біріне аналогия ретінде алынған екі түрлі заттың құбылыстың іс-әрекетін, жай-күйін жай ғана баяндайды. Мысалы: Қаратайға қарап тал өсер, қатарына қарап бала өсер. Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар. Өнер-ағыш жатқан бұлақ, ілім-жанып жатқан шырақ. Кең киім тозбайды, кеңесті ел азбайды. Міне, бұл келтірілген мысалдағы сөйлемдерде компонентте баяндалған іс-әрекеттің ешқайсысына, жоғардағыдай, артықшылық мән берілмейді. Бір-біріне аналогия ретінде алынған субъектілерінің қайсысының қандай қасиеті барлығы, қайсысы қандай әрекет

жасай алатындығы баяндалады. Сөйтіп, мұндағы салыстырудан, теңдестірудің, аналогияның негізгі компоненттер субъектілерінде болады.

6) Шартты салалас сөйлем. Компоненттер мағыналары өз ара шарттас болып келетін салалас құрмалас сөйлем шартты салалас сөйлем деп аталады. Мысалы: Бүгін өзің қоншы осы жерге, бәрін де көзіңмен көресің. Тағы да екі-үш күн бөгейтін амалын тапшы өзің, қозыдай көгендеп қолыңа берейік. Кәрімғали тезірек қымыз әкеле қойса жарар еді, ең болмаса қымызға қосып ішер едік. Келтірген мысалдың бәрінде де бірінші компоненттердегі іс-әрекеттер екінші компоненттегі іс-әрекеттердің алдағы уақытта болуына шарт ретінде алынған.

Сөйтіп, компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан да, шартты білдіретін жай сөйлемнің орналасу тәртібі жағынан да шартты салалас сөйлемнің шартты сабақтас сөйлемнен ешқандай өзгешелігі жоқ.

7) **Көп компонентті салалас сөйлем.** Сабақтас құрмалас ойлемдердің көп бағыныңқылы болып келетіні сияқты бір салалас сөйлем құрамында да үш немесе одан да көп жай сөйлемдер келе береді. Мұндай көп компонентті салалас сөйлемдерді компоненттерінің бір-бірімен мағыналын қатынастарына қарай атау мүмкін емес. Өйткені ондағы компоненттердің бір-бірімен мағыналық қатынастары әр түрлі болып келеді.

Көп тармақты салалас сөйлем компоненттері бір-бірімен жалғаулықтар арқылы да, жалғаулықсыз да байланыса береді. Мысалы: 1. Қатыннан келген жалғыз алашаны қыстыгүні ашыққанда сатпай сақтап едім, соған жарты пұт тары алып сеуіп едім, енді мынау бәрі налогқа кетейін деп отыр. Оның дөңгелек көзі кірпігін қақпастан қадала қалатын әдеті бар еді, бұл жолы ол тесіле қараған жоқ. Әбдірахманның тұла бойын, жүзін шарлап қарады.

2. Қарын ашады, бірақ қосқа баруға қорқам, оны маңайлап қасқырлар жүрген сияқты. Ақырын ғана есікті ішке қарай итеріп еді болмашы саңылау көрінеді, бірақ кілтті ме, әлде іштен сұқпа салған ба байқап болар емес.

3. Қоян бастапқыдай жүгіре алмады, өйткені ол шаршап қалыпты, бірақ әдіс алған неме енді жалтармен жан сақтап қалың ағашқа жақындап келеді. Аманғали молданың насыбай атуы мүмкін, өйткені насыбайды иіскемейтін адам аз, ал ана ишандардың балаларының шылым тартуы сөкет екен.

Келтірген мысалдың бірінші тобындағы сөйлемдер компоненттері бір-бірімен жалғаулықсыз іргелесе құрмаласқан. Екінші топтағы сөйлемдердің алдыңғысындағы бірінші компонент екінші компонентпен жалғаулық арқылы, екіншісі үшінші компонентпен жалғаулықсыз құрмаласса, соңғы сөйлемде, оның керсінше, бірінші мен екінші жалғаулықсыз, екінші мен үшінші жалғаулық арқылы құрмаласқан. Сөйтіп, бұл сөйлемдер компоненттерінің бір-бірімен байланысы әрі жалғаулықты, әрі жалғаулықсыз түрде араласып келген. Ал мысалдың соңғы үшінші тобындағы сөйлемдер компоненттерінің барлығы да бір-бірімен жалғаулықтар арқылы құрмаласып бірыңғай болып келген.

Сонымен, көп тармақты салалас сөйлем, компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілі жағынан, жалғаулықсыз болып та, жалғаулықты болып та, әрі жалғаулықты, әрі жалғаулықсыз аралас болып та айтыла береді.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Құрмалас сөйлемдердің негізгі түрлері қандай?
2. Құрмалас сөйлемдердің қалыптасу, даму жолдары туралы не білесіз?
3. Салалас құрмалас сөйлемге жалпы сипаттама берің.
4. Салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықты, жалғаулықсыз түрлеріне сипаттама берің.

Пайдаланатын әдебиеттер

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алм. 1992.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Сайрамбаев Т. Сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисі. 1991.

## **САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ. ЖОСПАРЫ:**

1. Сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары.
2. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері.
  - 1) шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
  - 2) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем
  - 3) Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
  - 4) Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
  - 5) Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
  - 6) Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
  - 7) Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
  - 8) Мезгілдес сабақтас сөйлем.

Сабақтас сөйлем деп компоненттері өз ара тең болмай бір-біріне бағына, бірін-бірі бағындыра байланысатын құрмалас сөйлемді айтамыз. Бағынушы компонент мейлінше тиянақсыз болады, сондықтан ол жеке айтылмайды, айтыла қалған күнде де өз бетінше тұрып сөйлем бола алмайды. Ал бағындырушы компонент бағыныңқы сөйлемсіз де өз алдына сөйлем болып айтыла алады. Сабақтас құрмалас сөйлемнің бір компоненті бағынушы, тәуелді болып тұрады да, екіншісі тәуелсіз, өз бетінше сөйлем болып тұрады.

Бағынышты, тиянақсыз компонент бағыныңқы сөйлем деп аталады да, өз бетінше тиянақты болып тұратын компонент басыңқы сөйлем деп аталады. Басыңқы сөйлем бағыныңқы сөйлемді жетектеп, оны өзіне бағындырып, құрмалас сөйлемді тиянақтап тұрады. Сондықтан бағыныңқы сөйлем бұрын, басыңқы сөйлем одан кейін келіп отырады.

Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненті де, әдетте, сөйлем деп аталады. Бірақ олай аталғанмен мұнда қалыпты сөйлемдерге тән қасиеттердің көпшілігі жоқ. Бұл шын мағынасындағы сөйлем емес, күрделі сөйлемнің бір бөлшегі, бір мүшесі ғана. Сондықтан мұның өмірі, тірішілігі, сөйлемдік сәні құрмалас сөйлемнің құрамында айтылғанды ғана. Одан тысқары бұл қолданылмайды да, сөйлем деп есептелінбейді де.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердегі негізгі ой, көпшілік жағдайда басыңқы жай сөйлемде беріледі де, бағыныңқы компонент сол басыңқыдағы ойды түрлі жағынан айқындап, дәлдеп түсіндіру үшін қолданылатын қосымша бір мүше ретінде тұрады. Мысалы: Бұлар Оспан үйінде үш күн бойы қонақ болып жатқанда, Анна Митрофановнаның иығына қалың қара жібекпен тысталған бұлғын ішік жабылған-ды. Қамысқұрақ басын ақырын жел желпіп, судыратып кеткендей, қысқа сыбыр қазақ тобын түгел айналып шықты. Түнде күзетші ұйықтап қалғандықтан, қалың жылқы егіске түсіп кетіпті.

Мысалдың бастапқы сөйлемінің бірінші компоненті қашан? деген сұрауға жауап болып, екінші компоненттегі әрекеттің мезгілін білдіріп тұр. Бұлғын ішік қашан жабылған еді?-Бұлар Оспан үйінде үш күн бойы қонақ болып жатқанда. Екінші

сөйлемнің бірінші компонентті қалай? деген сұрауға жауап болып, екінші компоненттегі әрекеттің қалай болған сынын білдіріп тұр. Қысқа сыбыр қазақ тобын қалай түгел айналып шықты? Қамыс құрақ басын ақырын жел желпіп судыратып кеткендей. Соңғы үшінші сөйлемнің бірінші компоненті екінші компоненттегі әрекеттің себебін білдіріп тұр. Қалың жылқы егіске неліктен, не себептен түсіп кетті?- Түнде күзетші ұйықтап қалғандықтан т.б. Сөйтіп, бұлардағы бағыныңқы компоненттер сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері атқаратын қызметтерді атқарып, бірі мезгіл пысықтаушы, бірі амал пысықтаушы, бірі себеп пысықтаушы сияқты болып тұр. Бірақ бұларға қарап, бағыныңқы компонент пен сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Тұрлаусыз мүше-өз ішінен жіктеуге келмейтін, сөйлемнің бір ғана мүшесі. Сондықтан оның мағынасы-жеке ұғымдық ғана мағына. Ал бағыныңқы компонент-қанша тиянақсыз болғанме, өз ішінен сөйлемнің түрлі мүшелеріне жіктеле алатын, өзіндік интонациясы бар сөйлемдік категория.

Бағыныңқы жай сөйлемдердің барлығы бірдей, жоғарыда талдаған мысалдағыдай, басыңқы компонентке меңгеріле байланысып, оның тұрлаусыз бір мүшесі тәріздес болып келе бермейді. Өз басыңқысымен ондай қатынаста тұратындар, негізінде, мезгіл, себеп, мақсат, амал бағыныңқылар. Бағыныңқы компоненттің бұлардан басқа түрлері басыңқы компонентке меңгерілмей, онымен тең қатынаста, яғни мағыналық жағынан теңдік қатынаста, байланысып тұрады. Мұндай байланыстағы бағыныңқы жай сөйлемдер басыңқы сөйлемде баяндалатын әрекетке тәуелсіз, дербес жай-күйлерді, әрекеттерді білдіреді. Сондықтан бұлардағы сабақтастық, бағыныштылық-мағына бағыныштылығы, мағына тәуелділігі болмайды, бағыныңқы компоненттің тек тұлғалық тәуелділігі, тұлғалық бағыныштылығы ғана болады.

Бағыныңқы компоненттердің тиянақты дербес сөйлемдерден өзгешелігі, негізінде, олардың мағыналық жақтарында емес мағыналық жақтарында емес. Мағыналық жағынан алғанда, дербес сөйлемдер арқылы берілетін мағынаны бағыныңқы компоненттер де қамти алады. Бұл екеуінің арасындағы өзгешелік олардың құрылысында. Дербес сөйлемдер немесе тиянақты компоненттер формалық жағынан тиянақты сөздерге аяқталады. Олардың баяндауыштары жіктік формада айтылып, өз бастауыштарымен жақтасып тұрады. Ал бағыныңқы компоненттердің баяндауыштарында бұлардағыдай қасиеттер болмайды. Бағыныңқы компонент баяндауыштары тиянақсыз формада айтылады. Олардың негізгі көпшілігі өз бастауышымен жақтаспайды. Сондықтан бағыныңқы компоненттерде қалыпты сөйлемдерде болатын тиянақтылық қасиет болмайды.

Бұл айтылғандарды жете байқау үшін мына сөйлемді талдап көрейік. Мысалы:Қатты жел тұрды. Теңіз толқыны күшейді. Қатты жел тұрды да, теңіз толқыны күшейді. Қатты жел тұрып, теңіз толқыны күшейді.

Бұл мысалда бір-біріне байланысты екі түрлі ой бар. Сол ой бірінші ретте екі бөлек сөйлем арқылы берілген де, екіншіде екі сөйлемді салыстыра құрмаластыру арқылы, ал үшіншіде оларды сабақтастыра құрмаластыру арқылы берілген. Бірақ одан сөйлемнің ұғымына нұқсан келмеген. Үшеуінде де беріліп тұрған хабар бір. Бұлардағы айырмашылық-тек бірінші жай сөйлемнің баяндауыш формасында ғана. Ол алдыңғы екі түрінде жақтық формада айтылған да, соңғы үшіншісінде көсемше формада айтылған.

Бұл жағдайлар бағыныңқы компонентте тұлғалық дербестік болмағанмен, мағына дербестігі болатындығын байқатады.

Түркі тілдерін зерттеуші кейбір ғалымдар баяндауыш формасындағы осы өзгешелігіне қарап, соңғы сөйлемдегі қатты жел тұрып деген компонент сабақтас құрмаластың бағыныңқы жай сөйлемі бола алмайды дегенді айтады. Олардың пікірінше, сөйлем атаулының жай сөйлеміне де, қойылатын талап бір болу керек.

Бағыныңқы компоненттің баяндауышы да жақтық жалғауларында айтылып, өз бастауыштармен қиыса келіп, аяқталған толық ойды білдірулері керек. Бұл пікірлерде біраз ыңғайсыздықтар бар. Ең алдымен, ұсынылып отырған критерийге негіз ретінде алынған дербес жай сөйлемдерге қойылатын талапты түгелдей сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненттеріне де қоюға болады дейтін пікір дұрыс емес. Өйткені сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненті мен өз алдына жеке қолданылатын тиянақты жай сөйлемдер бір емес. Егер ол екеуі бір болса, бір ғана талапқа сай келетін болса, онда «бағыныңқы» деген аттың керегі де болмас еді. Тиянақты дербес сөйлемдер өз алдарына жеке бір бүтін болып есептелсе, құрмалас сөйлемнің компоненттері бүтіннің бір бөлшегі, бір жағы ғана болып табылады. Сондықтан бүтінде болатын қасиеттерді түгелдей бөлшектерін іздеу дұрыс болмайды. Дұрысында, сабақтас құрмаластың компоненттерін бір-бірінен бөліп алып, олардың әрқайсысынан қалыпты, тиянақты сөйлемдерде болатын қасиеттерді іздеуден гөрі, оларды өз ара тығыз байланысты, бірінен-бірі бөліп қарауға болмайтын бір бүтін деп санаған орынды.

Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненті жіктік жалғауында тұрып, өз бастауышымен жақтаса қиысып айтылуы жөніндегі жоғарыдағы пікір, компоненттері бір-бірімен сабақтастырушы жалғаулықтар арқылы құрмаласатын орыс тілі тәріздес тілдердің сабақтас құрмаластарына сай болғанмен, компоненттері баяндауыштың тек қана тиянақсыз формада айтылуы арқылы құрмаласатын қазақ тілінің сабақтас сөйлемдеріне қолдануға келмейді. Өйткені қазақ тіліндегі сабақтас сөйлем компоненттері бір-бірімен, алдыңғы параграфтарда айтылғанындай, есімшелердің, көсемшілердің, кейбір райлардың тиянақсыз формаларда айтылулары арқылы құрмаласады.

Сабақтас құрмалас сөйлем компоненттерінің бағыныңқы болып бөлінулері де олардың баяндауыш формаларына байланысты. Егерде бағыныңқы компоненттердің баяндауыштары жіктік формада тұрып, өз бастауыштарымен жақтаса айтылатын болса, олар бағыныңқы болмаған да болар еді. Өйткені қазақ тіліндегі есімшілер мен көсемшілер баяндауыш қызметінде қолданылғанда, жіктік формада тұрса, сабақтастың компоненттерін құрмаластыру былай тұрсын, оған қарағанда едәуір дербестіктері бар салалс сөйлем компоненттерін құрмаластыруға да икемсіз болады.

Бағыныңқы сөйлем баяндауышының жіктік формала айтылып, өз бастауышымен жақтасып, қиысып келуін талап ететін ғалымдардың кейбіреулері етістіктің көсемше, есвіше түрлері аяқталған логикалық ойды білдіре алмайды, өз бастауышымен жақтаса қиыспайды, сондықтан олар бағыныңқы сөйлем баяндауышы бола алмайды десе, енді біреулері етістіктің жіктіктен басқа формаларының барлығы да, предикативтік формалар емес, сондықтан олар баяндауыш қызметін атқара алмайды дегенді айтады.

Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненттеріне осы айтылған критерий тұрғысынан қарайтын болсақ, қазақ тілінде сабақтас құрмаластың барлығын жоққа шығарған болар едік. Өйткені тек шартты рай арқылы құрмаласатын сабақтас сөйлем ғана болмаса, сабақтастың басқа түрлерінің бірде-бірінде бағыныңқы компоненттің баяндауышы жіктік жалғауында айтылмайды. Екіншіден сабақтастың бағыныңқы компоненті түгіл, дербес тиянақты сөйлемдер ішінде де баяндауыштары жақсыз формада айтылатын сөйлемдер де аз емес. Баяндауыштары етістіктің тұйық райынан, атау я жатыс жалғаулы есім сөздерден болатын толып жатан дербес сөйлемдердің барлығын ешкім де бекерге шығара алмайды.

Баяндауыштары етістің жіктіктен басқа формаларында да айтыла беру дербес сөйлемдердің өздерінде де кездесетін тілдік факт екендігі даусыз болып отырғандай, олардай дербестігі жоқ, бүтіннің бір бөлшегі болып табылатын бағыныңқы компоненттің баяндауышы тек қана жақтық формада айтылсын деу қисынсыздау тәрізді.

Жоғарыдағы пікір иелерінің өз қортындыларына дәлел ретінде тағы бір келтіргендерді-бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы жіктік жалғауында айтылмаса, оны үйірлі мүшеден айырып тану мүмкін болмай қалады дейтін қауіп. Олар сабақтас құрмаластың бағыныңқы сөйлемі мен үйірлі мүшені бір-бірімен шатастырмау үшін баяндауышы жіктік жалғауында айтылып, өз бастауышымен жақтасып тұратындарды ғана бағыныңқы жай сөйлем деп санап, баяндауышы көсемше, есімше формаларда айтылатындардың барлығын үйірлі мүше деп атауды ұсынады.

Бірақ бұл арадағы қауіп те орынсыз. Бағыныңқы компонент пен үйірлі мүше арасындағы бұдан басқа өзгешеліктер де оларды бір-бірінен ажыратып тануға толық жетеді. Ол өзгешеліктер: 1.Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентінің өзіндік интонациялық кідірісі болады. Ал үйірлі мүшеде ол жоқ. Ол бола қалған күнде де үйірлі мүшеден кейін емес, үйірлі мүшеден кейін емес, үйірлі мүше тіркесіп тұрған сөзден кейін болады.

2. Есімше сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненттің баяндауышы қызметінде қоданылғанда жатыс, көмектес жалғауларында айтылады, немесе септеулік шылауларға тіркесе айтылады. Ал үйірлі мүше болып келгенде, ол атау тұлғада немесе жатыс, көмектес жалғауларынан басқа септіктерде айтылады.

Бұл айтылғандар мынадай қорытынды шығарады: Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненті басыңқы компонентпен өз баяндауышының тиянақсыз формаларда айтылулары арқылы құрмаласады. Бағыныңқы компоненттің баяндауыштары жіктік формада айтылмайды. Мұндай бағыныңқыларда предикаттық қатынас баяндауыштың формасы арқылы синтетикалық жолмен емес, компоненттің өзіне тән дербес бастауышы болу арқылы аналитикалық жолмен беріледі.

Бағыныңқы компоненттің дербес бастауышы болуын оның негізгі бір белгісі етіп аламыз ба, жоқ па деген сұрау басқа тілдердің барлығында дерлік шешілген мәселе бола тұрса да, қазақ тілі білімінде оған күні бүгінге дейін екі түрлі жауап еріліп келеді: Оның бірі-сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінде өзіне тән дербес бастауыш болуы сабақтас сөйлемге қойылатын негізгі шарттардың бірі дейтін көзқараста, екіншісі оның болуын шарт деп есептелмейтін көзқарас.

Бұл көзқарастың біріншісі қазақ тілімен туыстас тілдердің барлығында да және орыс тілі білімінде де қолданылады. Бұл көз қарасты қазақ тілі білімін К.Жұбанов, С. Жиенбаев, Н. Сауранбаев сияқты көрнекті өкілдері де қуаттаған. Бірақ соған қарамастан қазақ тілі білімінде күні бүгінге дейін соңғы екінші көзқарас үстемдік алып келді. Бірақ енді әдет-әдет емес, жөн-әдет деген принципті қолданбасқа болмайды. Өйткені бағыныңқы компоненттің өзіне тән дербес бастауышы болуын керексінбеу ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да дәлелді емес.

Теориялық жағынан алғанда қаншалық тиянақсыз болса да, басқаға тәуелді болғанына қарамастан бағыныңқы компонентте де, белгілі шамада, сөйлемдік кейбір қасиеттер болады. Ал сөйлемдік қасиет дегеніміз, алдымен, предикаттық қатынасқа келіп тіреледі. Предикаттық қатынас жоқ жерде басыңқы болсын, мейлі бағыныңқы болсын-бәрі бір, ешқандай сөйлемнің болуы мүмкін емес.

Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентінде өзіндік дербес бастауыш болмаса, онда предикаттық қатынас та болмайды. Есімшенің, көсемшенің тиянақсыз формасында айтылатын бағыныңқының баяндауышы тек өзіне тән бастауышпен бірге айтылғанда ғана предикаттық мәнге ие болады. Өйткені тиянақсыз баяндауыштарда предикаттық қатанастың негізгі белгілерінен саналатын жақтық, шақтық, райлық мағыналар болмайды, бұларды білдіретін грамматикалық көрсеткіш олардың бойында жоқ, сондықтан ондай баяндауыштар предикаттық қатынасты тек аналитикалық жолмен ғана болмаса, синтетикалық жолмен білдіре алмайды.



Сонымен, сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентін айқындауда мынадай белгілер басшылыққа алынады.

1. Компоненттің белгілі шамада сөйлемдік мағына дерестігі болады, яғни компонент тұлғалық жағынан тиянақсыз болғанмен, толық сөйлемдік мағынаға ие болып тұрады.

2. Компонент баяндауышы етістіктің көсемше түрі мен шартты рай және есімшенің жатыс, көмектес жалғаулы түрлері мен септеулік шылаулы, кейбір жұрнақты түрлерінен және етістіктің басқа да кейбір түрлерінен болады. Бұл баяндауыштардың тек шартты райдан болғандарынан басқалары өз бастауыштарымен жақтаспайды.

3. Бағыныңқы компонент дербес бастауыштары болып келеді.

4. Компоненттің өзіндік интонациясы болады. Бірақ ол тиянақты, аяқталған интонация болмайды, тиянақталмаған құрмаластырушы интонация болады.

**Сабақтас құрмалас сөйлем түрлері.** Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненті мен басыңқы компонентінің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынастары біркелкі болмайды. Сабақтас құрмалас сөйлемдерді түрге бөлгенде, олардың бағыныңқы компоненттері мен басыңқы компоненттерінің, жоғарыда көрсетілгендей, мағыналық қарым-қатынастары басшылыққа алынады. Бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің мағыналық қатынасына қарай сабақтас құрмалас сөйлем мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 2) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем
- 3) Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 4) Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 5) Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 6) Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 7) Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
- 8) Мезгілдес сабақтас сөйлем.

Енді сабақтас құрмалас сөйлемнің осы аталған түрлеріне жеке-жеке талдау жасайық. **1) Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.**

Бағыныңқылы жай сөйлем басыңқы жай сөйлемдегі іс- әрекет, жай-күйдің болу я болмауының шартын білдірсе, ондай сабақтас құрмалас сөйлем шарттыбағыныңқылы сабақтас сөйлем деп аталады.

Шартты бағыныңқының басқа бағыныңқы сөйлемдерден бірнеше өзгешелігі бар. Бірінші өзгешелік шартты бағыныңқының баяндауыш формасында, оның өз бастауыштарымен байланысында. Шартты бағыныңқының шартты райдан болған баяндаушы жіктік жалғаулар арқылы әр жаққа жіктеле айтылады да, өз бастауышымен жақтық жағынан қиысып тұрады.

Шартты рай арқылы жасалатын шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің сабақтастың басқа түрлерінен екінші өзгешелігі-компоненттердің бір-бірімен қарым-қатынасында. Сабақтас құрмаластың басқа түрлерінде бағыныңқы компоненттер жай сөйлемнің пысықтауыш мүшесі функциясында қолданылып, басыңқы сөйлемдегі баяндауыштың жетегінде, соған меңгеріліп тұрса, шартты рай арқылы жасалатын шартты бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ешбір сөзге де тәуелді болмайды.

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем сабақтастың басқа түрлерінен компоненттерінің мағыналық қатынастары арқылы ғана ажыратылмайды, сонымен бірге бағыныңқы компоненттінің баяндауыш формалары арқылы да жекеленеді. Шартты бағыныңқы, жоғарыда айтылғанындай өз басыңқысымен етістіктің шартты райы арқылы құрмаласады. Екі жай сөйлемді құрмаластырушы шартты рай не дара күйінде, немесе басқа бір сөзге көмекші болып тұрып, бағыныңқы жай сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Мысалы: Бұл әңгімені анау қайын жұрт білсе, ағайын алалығы

туып кетуі де мүмкін. Әзімбай үшін әкесі Еркежанды алмай, Зейнеп, Торымбаланың біріне тайқып түссе, онда баяғы үлкен бйдің бұлар ырқына кеткені.

Бұл сөйлемдердің біріншісінде шартты рай бағыныңқы жай сөйлем баяндаушы қызметін жеке тұрып атқарса екінші сөйлемде көсемше етістікке көмекші болып барып атқарып тұр. Осыған байланысты ескерте кететін бір нәрсе, көптеген сөйлемдерде шартты бағыныңқының функциясын шартты райдан болған бір ғана баяндаушының атқарып тұратыны да болады. Мұндайлар әсіресе мақал, мәтелдерде жиірек кездеседі. Мысалы: Бірлік болмай, тірлік болмас. Түбінде осы сөз бос сөз болып қалатын болса, ол Әйгерімнің бағын байлауы мүмкін. Ақыл сынына салып сөйлесе, ісінің теріс шығатынын жігіт өзі де түсінді.

## **2) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.**

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге жай сөйлемдері мағыналық жағынан бір-біріне қайшы келетін сабақтас құрмалас сөйлемдер жатады. Компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан алғанда, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем қарсылықты салалас сөйлемге өте ұқсас. Екеуінің компоненттерді де мағыналары бір-біріне қайшы, қарсы келетін оқиғаларды, жай-кбйлерді баяндайды. Бұл екеуінің арасындағы өзгешелік компоненттерінің бір-бірімен құрмаласу тәсілінде-бірінің салаласа, екіншісінің сабақтаса құрмаласуында ғана. Құрмалас сөйлем синтаксисін баяндауға арналған бұрын соңды шыққан әдебиеттерде қарсылықты бағыныңқылар өз басыңқысымен көмектес жалғаулы және –ша -ше жұрнақты есімшеден болған баяндаушы мен да, де шылаулы шартты райдан болған баяндаушы арқылы құрмаласады делінген. Қарсылықты бағыныңқыларды құрмаластыруда бұл айтылған етістік түрлерінің көбірек қолданылатыны даусыз. Бірақ қарсылықты бағыныңқылардың баяндауыштары әрдайым осы айтылған формалы сөздерден ғана болып отырмайды.

Компоненттер мағыналарындағы қарама-қарсылықтың түрлері де, олардың көріну тәсілдері де алуан-алуан. Оның «хайуаны да найсабы да» мен түсінбейтін сөздер болғанмен, зілді сөздер екенін молданың кескінінен байқап отырмын. Жақсы аттың жалын сақтағанша, жақсы жігіттің арын сақта.

Бағыныңқы компоненттегі белгілі бір іс-әрекеттің, жағдайлардың логикалық нәтижесі, болуға тиісті табиғи қортындысы ретінде күтілген жайлар басыңқы компонентте олай болмай шығады. Мысалы: Дәркембай екі мықты мырзаның қыспағында отырса да, Құнанбайдың сыртынан соңғы сөзін қатты айтып қалды. Абайдың құбылысы орасан болғанмен, енді Ербол бұны түсіне бастады.

Екі компонент арасындағы қарама-қарсылық мағына бағыныңқы компоненттің белгілі баяндауыш формада айтылуы арқылы жасалады. Ондай баяндауыш формасына мыналарды жатқызуға болады:

1) Бағыныңқы компонент да, де, шылауына тіркескен шартты рай формалы етістікке аяқталады. Анау жанжал уақтында, сол жылдары Күнту басқа жаққа шығып кетсе де, Оразбай оны бір аяғынан іліп қалды. Қатыны шайын дәмдеп құйып берсе де, Егеубай бұрынғыдай жадырап іше алмай, бірер кеседен кейін төңкерді.

2) Бағыныңқы компонент көмектес жалғаулы есімшеге аяқталады. Мысалы: Қыс қыстаулары басқа болғанмен, жаз көбіне бірігіп отырады. Ол ақылдарға Масақбай қарсыболғамен, басқарманың өзге мүшелері көбін қабылдады.

3) Бағыныңқы компонент шартты рай формалы етістікке аяқталады да, әр компонент құрамында мағына жағынан бір-біріне қайшы келетін сөздер болады. Ондай сөздер антоним сөздер болуы да, етістіктің бірі болымды, екіншісі болымсыз түрі болуы да мүмкін. Төлеубекті мұғалімдердің көбі жек көрсе, Жанат оны жақсы көреді.

4) бағыныңқы компонент көсемше формалы етістікке аяқталады да, басыңқы компонентте бағыныңқы компоненттегі негізгі пікірге қайшы мәнде айтылған сөз болады.

5) Бағыныңқы компонент –ша-ше аффиксті есімше аяқталады да, сөйлем бағыныңқы компоненттегі іс-әрекеттегі іс-әрекеттің, жай-күйдің болғанынан басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің болғанының артықтығын көрсетеді. Бірақ ондай артықшылық екі түрлі і-әрекетті теңдестіру түрінде емес, біріншідегі іс-әрекетке қарсы бола отырып, екіншідегі іс-әрекетті қолдау түрінде болады.

Қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасауда жоғарыда талдаған тәсілдердің атқаратын қызметтері бірдей емес. Олардың ішінде қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлемжасауда жиі қолданылатыны да және сөйлемнің мұндай түрін құрмаластыру-ең негізгі функциясы болып есептелетін де көмектес жалғаулы есімше мен –да-де шылаулы шартты рай формалы сөздер. Бұлардың солай екендігін қазақ лингвистикасында құрмалас сөйлем синтаксисінің алғаш зерттеле бастаған күннен-ақ танылған және содан бері ешқандай пікір таласына объект болған емес, бұл мәселеге арналған барлық еңбекте де бірауыздылықпен баяндалып келеді. Ал кейінгі екі тәсілдің яғни шартты рай формалы етітік пен-ша-шежұрнақты есімшенің қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасаудағы ролі алдыңғылардан біраз басқарак. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін жай сөйлемдерді құрмаластыру – бұл екеуінің бірден-бір функциясы деуге болмайды. Бұлар басқа мағыналық қатынастардағы компоненттерді де бір-бірімен құрмаластыру үшін де қолданылады. Мысалы:

Тәкежанның ұрлатқаны шын болса, ол малдың жоқтаушысы өзі болатынын ескертіп отыр. Бүкіл жұмысшы көтерілсе, оған қаланың ұсақ қолөнерлері мен оқыушылары дем беріп бас көтерер еді. Қарсы бағыныңқылы сабақтастың өзіндік бір ерекшелігі сол, оның бағыныңқы компоненті мағыналық жағынан басыңқыға меңгерілмейді, оның белгілі бір мүшесіне жетектеліп, белгілі бір сұрауға жауап болып, тұрлаусыз мүшелер тәріздес қызмет атқармайды. Мұндағы бағыныштылық компонент баяндаушының тек формалық жағынан тиянақсыздығында ғана, ал компоненттердің мағыналық қатынастары жағынан алғанда қалыпты қарсылықты салалас сөйлеммен бірдей.

### **3)Салыстырма бағыныңқылы сабақтас сөйлем.**

Сабақтас құрмаластың кейбір трлерінде бір жай сөйлемдегі әрекет, жай күй екінші жай сөйлемдегі әрекетпен, жай күймен салыстырыла, теңдестіріле айтылады. Мысалы: Майдандағы сіздердің халдеріңіз қандай болса, мұндағы біздің халіміз де сондай. Кең бөлменің ауасы жетпегендей, оның демі таралып кетті.

Бұл мысалдың бірінші сөйлеуші адам өзінің хал-жағдайын майданындағы жауынгерлердің хал-жайымен салыстыра, теңдестіре көрсетсе, кейінгі сөйлемде біреудің демінің тарылуы ауа жетпеген уақыттығы адамның демінің тарылуына салыстырылған. Оның демі қалай тарылып кетті?-Бөлменің ауасы жетпегенде, адамның демі қалай тарылса, оның демі де солай тарылып кетті.

Осылар тәріздес, компоненттерінде баяндалатын оқиға, жай-күй бір-біріне салыстырыла, теңдестіріле көрсетілетін сабақтас құрмалас сөйлемдер салыстырма бағыныңқылы сабақтас бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады.

Салыстырма бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерде, негізінде, соңғы, тиянақты жай сөйлемдердегі оқиға, жай күй алдыңғы бағыныңқы жай сөйлемдегі оқиғамен, жай күймен салыстырылады.

Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер мынадай тәсілдер арқылы жасалады. 1. Бағыныңқы компонентті шартты рай формалы етістікке аяқталады да, оның құрамында міндетті түрде қандай, қанша, қалай дегендер тәріздес сұрау есiвдiгiнiң бiрi айтылады. Ал басыңқы компонент құрамында алдыңғы бағыныңқы

компоненттегі сұрау есімдіктеріне қарай айтылған сондай, сонша, солай дегендер тәріздес сөздердің бірі келеді де, бұл сөзер басыңқы компонентте баяндалған оқиғаның, жай-күйдің бағыныңқы компоненттегі оқиғамен, жай-күймен теңдестігін, бірдейлігін білдіреді. Сіздің үйдегі Сәду ағай маған қандай жақын болса, Келдібай да сондай бауырым еді. Басқалар қандай қуанса, ол да сондай қуанған еді.

2. Салыстырма бағыныңқылы сабақтас сөйлем, сондай-ақ бағыныңқы компоненттің баяндауышы қызметінде-дай, дей жұрнақты өткен шақтық есімше келу арқылы жасалады. Мысалы: Сондай өмір өзіне еліктіргендей, Дәулет ауылдағыдан әлдеқайда сауықшыл боп кеткен сияқты.

**Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем.** Бағыныңқы компонентті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің, оқиғаның мезгілін білдіріп тұратын сабақтас құрмалас сөйлем мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады.

Сабақтастың бұл түріндегі бағыныңқы копонент басыңқы компонентке немесе оның баяндауышы қызметінде қолданылған етістік сөзге меңгеріліп, соның жетегінде айтылады да, соны мезгілдік жағынан пысықтап, қалыпты мезгіл пысықтауышының сұрауына жауап болып тұрады. Мысалы: Отыз елубасын начальник санап тұрғанда, қазақ тілмаш та қатты саңқылдап қайталап айтып тұрды. Құстарың ана дуадақты барып ілгенше, екеуің бір-бір ауыз тың өлеңді шауып келе жатып айтыңдар. Дәрмен бағанадан бергі дағдысымен төрттіктің соңғы екі жолын тағы өзі бітіруге ыңғайланғанда, Мағаш қатарында келе жатқан Дәрменнің тізгінен ұстап, күліп тұрып әзіл айтты.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем әр түрлі тәсілдер арқылы жасалады. Мұндағы екі жай өйлемді бір-бірімен байланыстыру, құрмаластыру қызметін атқаратын бағыныңқы компоненттің баяндауышы формалық құбылыстарға орасан бай. Ол негізінде, мынадай формалы сөздерден болады.

1. Жатыс жалғаулы есімшеден болады: Дәрмен, Мағаш, Кәкітай үшеуі бір-біріне үнсіз қарасқанда, бәрінің көзінде де бұл сәтте үлкен ыразылық бар еді.

2. Өткен шақтық есімшеге –ша-ше жұрнағы қосылу арқылы жасалады.

Жылқыға Абылғазы қолы жетіп араласқанша, мың сан тұяқтардың құжырлы серпіндерінен ұшқан шиыршық қар енді бүткіл өңірді ақ түтек етті.

3. Атау тұлғалы есімшеге сайын, соң, кезде, күнде, уақытта, мезгілде, сәтте күні, жылы дегендер тәріздес сөздердің көмекші болып айтылуы арқылы жасалады: Бұл арадағы майдан біткен соң, ол топ жылқының соңынан шаба жөнеледі. Базаралыны бұл ұрып қалған сәтте, өзінің де сайманнан Абылғазының қайта сілтеген шоқпары зіл қара тастай қатты кеп соқты.

4. Барыс жалғаулы есімшеге шейін, дейін шылаулары тіркесіп айтылу арқылы жасалады.

Тоғай, шымшық, қарлығаш, бөдене сияқты кішкене құстардың балапандары ұшқанға шейін, жылан оларды ұясына барып жұтады.

5. Шығыс жалғаулы есімшіге кейін, соң, бері шылаулары тіркесіп айтылу арқылы жасалады.

Рахмет қоштасып кеткеннен кейін, Наталияның ұйқысы ашылып кетті.

6. Шартты рай формалы етістіктен болады. Байжан райкомға барса, Рахметтің кабинетінде ауданның басшы қызметкерлерінен он шақты кісі отыр екен.

7. Көсемше етістіктен болады. Дәулет армияға аттанғалы, Марфуға Кеңтоғайға келмеген еді.

8. –ысы, -ісі қосымшалы етістіктің көмектес жалғаулы түрінен болады.

Қонақтар үйге кіріп отырысымен, Абай Әбіштің жүзіне үңіледі.

**5) Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.** Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі і-әрекеттің болу-болмауының себебін білдіріп, басыңқы компоненті сол

себептен туған нәтижені, салдарды білдіретін сабақтас құрмалас сөйлем себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады.

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы жай сөйлемі басыңқы сөйлемнің етістіктен болған мүшесіне, әсіресе оның баяндауышына, меңгеріп, соған жетектеліп тұрады да, қалыпты себеп пысықтауыш тәріздес қызмет атқарады.

Абайдың осындайшығындағы шын мұңдасы Ербол ғана болғандықтан, жаңағы бір әзірде оның жалғыз келгенін ақын теріс көрген жоқ.

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауышы бірнеше түрлі формада айтылады және өз басыңқысымен сол формалар арқылы құрмаласады.

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауышы бірнеше түрлі формада айтылады және өз басыңқысымен сол формалар арқылы құрмаласады. Ол формалар мыналар:

1. Бағыныңқы компонент –дықтан, -діктен қосымшалы өткен шақтық есімшеге аяқталады. Бұл есімшелер бағыныңқы компонентке дербес баяндауыш болуы да, баяндауыш болып тұрған сөзге көмекші болуы да мүмкін.

Үлес жөнінде әлі ойын ашпаған Абай болғандықтан, Тәкежан енді бұның ішіндегі ниетін сұрады. Ол бірге туған ағаңыз істеген қтынат, жыртқыштық болғандықтан, сіз оған үяласыз да қиналасыз.

2. Бағыныңқы компонент соң шылаулы өткен шақтық есімшеге аяқталады.

Тымырсық ыстықта тыныс таралған соң, өзінді сабалап жел іздейсің.

3. Бағыныңқы компонент –ып,-іп,-а,-е,-й жұрнақты көсемше етістіктерге аяқталады.

Ол мезгілді уақытында келе алмай, біз біраз кешігіп қалдық.

Компоненттердің мағыналық қатынастары жағынан алғанда, себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем мен себептес салалас сөйлем бір. Екеуінде де бір компоненттегі әрекетке екінші компоненттегі әрекет себепші болып тұрады. Бірақ құрмаластың бұл екі түрінің арасында осы айтылған мағыналық ұқсастықпен қатар, ерекше өзгешеліктер бар. Ол өзгешеліктер бұлардағы компоненттердің бір-бірімен құрмаласу тәсілдерінде, компоненттердің баяндауыш формаларында ғана емес, солармен бірге, себепті білдіретін компонент пен сол себептен туған нәтижені, салдарды білдіретін компоненттердің орналасу жағынан да болады. Себеп бағыныңқылы сабақтастас компоненттер орын жағынан тұрақты келеді: мұнда себепті білдіретін компонент әрдайым бұрын, нәтижені, салдарды білдіретін компонент кейің келіп отырады.

#### **б) Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем.**

Бағыныңқы жай сөйлемі басыңқы жай сөйлемдегі іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың сындық амалын, қалай болғандығын білдіретін сабақтас құрмалас сөйлем амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады.

Сабақтас құрмаластың лдыңғы мезгіл, салыстырмалы, себеп бағыныңқылы түрлері сияқты, амал бағыныңқылы сабақтастың компоненттері де бірі екіншісіне бағыныңқы, тәуелді болып, соңғысы алдыңғысын жетектеп, меңгеріп тұрады, яғни меңгеру принципіне негізделеді. Сондықтан бағыныңқы компоненттұтасымен басыңқы компоненттің немесе оның өзін меңгеріп тұрған баяндауышының бір ғана тұрлаусыз мүшесі функциясында келеді де, қалыпты сын пысықтауыш сияқты, қалай? қайтіп? дегендер тәріздес сұрауларының біріне жауап береді.

Амал бағыныңқылы сабақтастағы бағыныңқы компоненттің мағыналық жағынан жай сөйлемдегі сын пысықтауыштарына ұқсастықтарына қарай кейбір әдеттерде сабақтастың бұл түрі амал пысықтауыш бағыныңқы сабақтас сөйлем деп те аталады.

Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компоненті өз басыңқысымен көсемше формалы етістіктен болған баяндауышы арқылы құрмаласады. Бірақ

баяндаушы көсемше етістіктен немесе етістікке аяқталған сөздер тіркесінен болған бағыныңқы компоненттердің барлығы бірдей амал бағыныңқы бола бермейді. Жоғарыда айтылғанындай, көсемше етістікке аяқталған бағыныңқылар өз басыңқысымен септік қатынаста да тұруы мүмкін. Сондықтан мұндай сөйлемдерді бағыныңқының баяндауыш формасына сүйену арқылы ғана ажырату мүмкін емес, компоненттердің мағыналық қатынастарына сүйену керек.

Қоңыраулары шылдырлап, үлкен күймелер тройкалары лек-легімен келді. Махмұт қастарынан өте беріп, олардың орталарында отырған Кәкеновты шақырды.

Кейбір әдебиеттерде баяндауышы –дай,-дей жұрнақты есімшіден болатын Біреу әдейі жуып, лак жаққандай, жас жапырақтар күн санап құлпырып өсіп келеді дегендер тәріздес сабақтас сөйлемдерді де амал бағыныңқылы сабақтасқа жатқызады. Бірақ мұндай сөйлемдегі сын-салыстырмалы сын. Сондықтан олар салыстырмалы бағыныңқылы сабақтасқа жатады.

**7)Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем.** Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі і-әрекеттің, оқиғаның болу я болмауындағы мақсатты білдіретін сабақтас құрмалас сөйлем мақсат бағыныңқы сабақтас сөйлем.

Мақсат бағыныңқылы сабақтастағы бағыныңқы жай сөйлем басыңқы сөйлемнің жетегіне айтылып, оған меңгеріле, бағына байланысады да, басыңқы компоненттің немесе оның баяндауышының жетегіндегітұрлаусыз мүше тәріздес болып тұрады. Мақсат бағыныңқының басыңқы компонентпен мағыналық қатынасы жағынан сөйлемнің тұрлаусыз мүшесіне, әсіресе мақсат пысықтаушына, ұқсастығына қарай кейбір әдебиеттерде сабақтастың бұл түрі мақсат пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлем деп те аталады.

Біреу-міреу **секем алып жүрмесін деп**, біз екі-үштен бөлініп кеттік. Күзетші **сезіп қалмау үшін**, біз жыраның ішімен еңбектеп кеттік. Оқытушы **беделді болу үшін**, ең алдымен, ол марксизм-ленизм ғылымын терең меңгеру керек. Мысалдың бірінші сөйлеміндегі біреу-міреу секем алып жүрмесін деп деген бағыныңқы компонент не мақсатпен? не үшін? деген сұрауларға жауап болып, басыңқы компоненттегі екі-үштен бөлініп кетудің мақсатын білдіріп тұр. Мысалдың кейінгі сөйлемдері де сондай. Не үшін жыраның ішімен кеттік? Күзетші сезіп қалмау үшін т.б.

Мақсат бағыныңқылы сабақтаста бағыныңқы компонент басыңқы компонентпен өзінің мынадай баяндауыш формалары арқылы құрмаласады.

1. Бағыныңқы компонент **үшін** шылаулы тұйық етістікке аяқталады.

Қыстың ызғары **өтпеу үшін**, қоңыз інді терең қазды.

2. Бағыныңқы компонентте көмекшісіне тіркесіп келген етістік түрлеріне аяқталады. Деп көмекшісіне тіркесіп айтылған етістік бұйрық райдың 1,3-жағында тұруы да, есімше формада тұруы да мүмкін:

Аяғымның сырқыраған **басылар ма екен деп**, ол тізесін отқа қыздырды.

3. Бағыныңқы компонентбол көмекшісіне тіркесіп келген-**мақ, мек,-пақ,-пек,-бақ,-бек** жұрнақты етістікке аяқталады: Абайлар Ойқұдықтағы ауылға жете **қонбақ болып**, аттарын шоқыта, сар желіске сала жөнеледі.

**8) Мезгілдес сабақтас сөйлем.** Бағыныңқы компоненті басыңқы компонентке тек баяндауыш тұлғасының тиянақсыздығы арқылы ғана тәуелді болғаны болмаса, мағыналық жағынан өз дербестігін сақтап, басыңқы сөйлемнің ешбір мүшесіне меңгерілмей, онымен жарыса болған мезгілдес әрекеттерді, жай-күйлерді білдіретін құрмалас сөйлем мезгілдес сабақтас сөйлем деп аталады. Мысалы:

Жәукенің көз жанары толып, иегі еріксіз кемсеңдей бастады.

Компоненттері мезгілдестік қатынаста тұратын сабақтас сөйлемдерді мағыналарына ешқандай нұқсан келтірместен мезгілдес салалас сөйлем түрінде айта беруге болады. Мысалы: Көзінің үстіңгі еті өсіп, аяғы қанталап кеткен. Тек бойы ғана

ол кездегіден біраз биіктеп, түбірі ғана біраз жауындаған сияқты деген сабақтас сөйлемдердің Көзінің үстіңгі еті өскен де, ағы қанталап кеткен. Тек бойы ғана ол кездегіден біраз биіктеген де, түбірі ғана біраз жуандаған деген мезгілдес салаластың ешқандай өзгешелігі жоқ. Сондықтан кейінгі топтағы құрмалас сөйлемдердің мезгілдес салалас сөйлем деп аталғаны сияқты, алдыңғы топтағы құрмалас сөйлемдердің мезгілдес сабақтас сөйлем деп аталғаны орынды. Қарсылықты, себепті деген атаулардың салаласта да, сабақтаста да болғаны сияқты мезгілдес деген атаудың да салалас сөйлем мен сабақтас сөйлемде бірдей болуында ешқандай ерсілік жоқ. Ерсі болмауы былай тұрсын, тіпті қажетті. Өйткені белгілі бір мағыналық қатынастағы екі бөлек ойды жай сөйлемдерді салыстыра құрмаластыру арқылы да, сабақтастыра құрмаластыру арқылы да беруге болатынын тіліміздің фактілерінен айқын көреміз. Міне, сондықтан да салалас құрмалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдерді өз ішінен мағыналық топтарға жіктегенде, оларды мүмкіндігінше бірыңғай атаумен атауға бейімдеген дұрыс. Компоненттері мезгілдестік қатынаста тұратын сабақтас сөйлемдер, келтірген мысалдардағыдай, тек көсемше етітік арқылы ған жасалмайды, сонымен бірге, етістіктің шартты райы арқылы жасалатын кейбір сабақтас сөйлемдер де мезгілдес сабақтасқа жатады.

Мезгілдес сабақтас сөйлемнің өзіндік негізгі белгісі сол-мұның құрамындағы компоненттер бір-бірімен себептестік, қарсылықты, шартты, амалдық, мақсаттық, салыстырмалы қатынастардың бірде-бірінде айтылмайды. Екіншіден, бағыныңқы компонент баяндауышының тиянақсыз формада айтылуы арқылы ғана тиянақты компонентке тәуелді болғаны болмаса, мағыналық жағынан оған тәуелсіз, онымен салаласа, жарыса айтылады, оның ешбір мүшесіне меңгерілмейді, оған байланыстыра қойылатын белгілі бір сұрауға жауап болып, тұрлаусыз мүше тәріздес болып тұрмайды. Үшіншіден, мезгілдес сабақтастардың басым көпшілігі бір мезгіл ішінде бір-біріне тәуелсіз іс-әрекет, жай-күйлерді баяндайды. Төртіншіден, мезгілдес сабақтас сөйлемдерге тиянақсыз компоненттерінің баяндауышы етістіктің көсемше түрі мен шартты рай формалы түрлерінен болған сабақтастардың жоғарыда айтылған белгілерге сай келетіндері ғана жатады. Атауындағы болар-болмас ұқсастығы ғана болмаса, мезгілдес сабақтас сөйлем мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемнен мейлінше басқа. Мезгіл бағыныңқылы сабақтаста тиянақсыз компонент тиянақты компоненттің бір мүшесіне меңгеріліп, қалыпты мезгіл пысықтауышы сияқты мезгілдік мәнді бір сұрауға жауап болып, өзі жетегінде тұрған сөздің, яғни басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің болған я болатын мезгілін білдіріп, мезгіл пысықтауышы функциясында тұрады. Сондықтан мезгілдес сабақтас сөйлем мен мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Бұл екеуі сабақтас құрмалас сөйлемнің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екі бөлек түрі болып есептеледі.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрмаластың басқа түрлерінен айырмашылықтары қандай?
2. Сабақтас құрмалас сөйлемнің әрбір түріне сипаттама берің.
3. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің құрмалас тәсілдері қандай?

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы. 2006

## АРАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ. ЖОСПАРЫ:

1. Аралас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.
2. Аралас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің құрамы.

Құрмалас сөйлем құрамына енген жай сөйлемдер, жоғарыда айтылғандардай, өз ара әрдайым не бірыңғай салаласа, не болмаса бірыңғай сабақтаса байланысып отырмайды. Көп жағдайда құрмаласудың осы екі тәсілінің (салаласу мен сабақтасу тәсілдері) бір сөйлем ішінде қатармен келе беретін болады. Мысалы: *1. Қарағандының қары биыл бұрқан-тарқан қауырт еріп еді, сай-салалар суға толып, қырдың тентек өзендері сақылдап тасығалы кемерлеп тұр. 2. Түн бойы жазғандарын хатшыға көшіртіп алып, Ушаков қайта оқып шығып еді, толып жатқан қайшылықтар көп екен. 3. Бүгін жұмысқа кім шықпай қалса, соны көнбегенге санаймын да, бүгіннен бастап есебін беріп босатып жіберем. 4. Көзін сәулеге үйреткен Асқар терезеден қараса, аспан айнадай ашық екен де, нұры толқи жарқыраған күн түске тармасып қалған екен. 5. Шарды түбінде елбасылар салып болған соң, санайтын ұлықтардың өзі болмайды, оны осы мынау столда отырған екі тілмаштың бірі санайды.*

Мысалдағы құрмалас сөйлемдердің барлығы да аралас құрмалас сөйлемге жатады. Өйткені ондағы әрбір құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысып келеген. Мысалдағы үш жай сөйлемнен құралған алдыңғы құрмаластың бірінші жай сөйлемі екінші жай сөйлеммен сабақтаса байланысқан. Ал мысалдың екінші сөйлемінде бірінші жай сөйлем екінші жай сөйлемге сабақтаса байланысса, екіншісі үшінші жай сөйлемге салаласа байланысқан. Мысалдың кейінгі сөйлемдерінде де осылар тәріздес құрмаласудың екі тәсілі бірден араластырыла қолданылып отырған.

Осылар тәріздес, құрамына енген жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем аралас құрмалас деп аталады.

Аралас құрмалас сөйлем құрамында үш немесе одан да көп жай сөйлем бола береді. Жоғарыда келтірілген мысалдағы құрмалас сөйлемдер құрамында үш жай сөйлемнен бар. Ал енді төмендегі құрмалас сөйлемдердің біріншісі төрт жай сөйлемнен құралса, соңғысы алты жай сөйлемнен құралған. *1. Алғашқы айларда шоқ-шоқ қарағанға тіреле төгілген сары балшық ыржиып жатқанда, қазақ жұмыскерлері оны «сары ауыз» деп атап еді, қазір сары балшықтың бетін түгел көмір ұнтағы жауып кетті де, ол «қара жыра» атанды. 2. Лиза ойнап есік алдына шығып кетсе, әкешесінің дауыстары дыбырлап, сөздері үздіксіз шығады да, Лиза үйге қайтса, сөз ортасынан үзіліп, аяқталмай тоқталғаны аңдалады.*

Аралас құрмалас сөйлем үш жай сөйлемнен құралғанда ондағы салаласа байланысу да, сабақтаса байланысу да бір-бірден ғана болады. Ал егер ол төрт немесе одан да көп жай сөйлемнен құралған болса, онда салаласа байланысатын жай сөйлемдер де сабақтаса байланысатын жай сөйлемдер де бірнешеуден болуы мүмкін. Мысалы, осының алдына да ғана келтірілген, төрт жай сөйлемнен құралған аралас құрмалас сөйлемнің тек *Алғашқы айларда шоқ-шоқ қарағанға тіреле төгілген сары балшық ыржиып жатқанда* деген бірінші жай сөйлемі ғана сабақтаса байланысқан да, *қазақ жұмыскерлері оны «сары ауыз» деп атап еді, қазір сары балшықтың бетін түгел көмір ұнтағы жауып кетті де, ол «қара жыра» атанды* деген кейінгі үш жай сөйлем өз ара салаласа байланысқан. Сол мысалдың алты жай сөйлемнен құралған соңғысында *Лиза ойнап есік алдына шығып кетсе* деген бірінші жай сөйлемі әке-шешесінің



дауыстары дыбырлап деген екінші жай сөйлемге сабақтаса байланысса, бұл екіншінің өзі сөздері үздіксіз шығады да деген үшінші жай сөйлемге сабақтаса байланысады, ал бұл үшінші жай сөйлем *Лиза үйге қайтса* деген төртінші жай сөйлемге салаласа байланысса, төртіншінің өзі сөз ортасынан үзіліп деген бесінші сөйлемге сабақтаса байланысқан, сол сияқты бесінші жай сөйлем алтыншы жай сөйлеммен (*аяқталмай тоқталғаны аңдалады*) де сабақтаса байланысқан. Сөйтіп мұнда төрт жай сөйлем сабақтаса байланысса, бір жай сөйлем салаласа байланысқан.

Талданған мысалдарға қарағанда, төрт немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралған құралған аралас құрмалас сөйлемдерде компоненттердің бір-бірімен байланысу жолдары біркелкі болмайды: бірде салаласа байланысқан жай сөйлемдер көп болып келе береді.

Аралас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдер де бір-бірімен қалыпты салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластардағы жай сөйлемді құрмаластыру тәсілдері арқылы байланысады.

Салалас құрмалас сөйлемдегі сияқты, аралас құрмаластағы салаласа байланысатын жай сөйлемдер де бір-бірімен жалғаулықтар арқылы да, жалғаулықсыз да байланыса береді. Мысалы: 1. *Жабай шығып кетпегенде, Игілік жігіттерді сөзге айналдырып бөгей тұрмақ еді, бірақ оның реті болмай қалды.* 2. *Кеше іңірде Жабай жылқының бір шетін қайырып жүр еді, Игілік аулына құйғытып шыға келген жолбасар жігіттер мұны ортаға алып, оған қасқырдың қозыға жапқан жаласын жапты. Жабай атынан ауытқып құлай берді де, сол аяғы үзеңгіге ілігіп қалып, ол біраз сүйретіліп барып жерге сылқ етті.*

Мысалдың бірінші сөйлемінде екінші компонент соңғы үшінші компонентпен бірақ қарсылық жалғаулығы арқылы құрмаласса, үшінші сөйлемнің бірінші компонентті өзінен кейінгі жай сөйлеммен де жалғаулығы арқылы құрмаласқан. Ал мысалдың екінші сөйлеміндегі бірінші компонент екінші компонентпен жалғаулықсыз, іргелесе байланысқан.

Дәл осы сияқты, аралас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің сабақтаса байланысу тәсілінде де жалпы сабақтас құрмаластағы жай сөйлемнің құрмаласу тәсілінен ешқандай өзгешелігі болмайды. Мұндағы сабақтаса байланысатын жай сөйлемдер де өзі жетегінде тұратын компоненттерге етіктің есімше, көсемше, шартты рай тағы басқа формалары арқылы құрмаласады. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы сабақтаса байланысқан жай сөйлемдер дәл осы айтылған формалар арқылы құрмаласқан.

Сөйтіп, бұл айтылғандардан байқалатын нәрсе-аралас құрмалас сөйлем дегеніміз жай сөйлемдер құрмаласуының салалас пен сабақтастан бөлекше тұратын, үшінші бір тәсілі емес, сол негізгі екі тәсілдің-салаласу мен сабақтасу тәсілінің-бір құрмаластың ішіне топтасқан түрі болып табылады.

Аралас құрмалас сөйлем құрамында оның жеке компоненттері ретінде төл сөздің болуы да мүмкін. Мысалы: *«Пушкин дегеніміз төтенше көрініс және ол орыс рухының бірден-бір көрінісі болуы да мүмкін»,-деп, Гоголь Пушкиннің орыс әдебиеті тарихындағы ролін өте жоғары және соншалық әділ бағалады* деген сөйлем де аралас құрмалас сөйлемге жатады. Мұндағы төл сөз құрамындағы *Пушкин дегеніміз төтенше көрініс* деген бірінші жай сөйлем төл сөздің екінші жай сөйлемімен және жалғаулығы арқылы салаласа құрмаласса, төл сөздің *ол орыс рухының бірден-бір көрінісі болуы да мүмкін* деген екінші жай сөйлемі деп көмекші етістігі арқылы автор сөзі болып тұрған жай сөйлеммен сабақтаса байланысып тұр т.б.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Аралас құрмалас сөйлемге жалпы сипаттама берің.

2. Жалғаулықтар арқылы байланысқан аралас құрмалас сөйлемдерге талдау жасаң.
3. Жалғаулықсыз байланысқан аралас құрмалас сөйлемнің құрамы қандай болады?

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. Алматы. 1991ж.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
5. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. Алматы. 1974.

## **БӨГДЕ СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

### **Жоспары**

#### **1. Бөгде сөз және оның түрлері.**

#### **2. Төл сөз**

#### **3. Төлеу сөз.**

Адам сөйлегенде я жазғанда, сол өзі баяндап отырған мәселеге байланысты немесе соған қатысы бар басқа біреулердің сөзін, пікірін келтіретіні болады. Ондай сөздер автор үшін басқа біреудің сөзі, яғни бөгде сөз, болып табылады. Бөгде сөзге әрдайым басқа біреулердің айтқанынан алынған сөздер ғана жатпайды, сонымен бірге, автордың басқа бір жағдайда, басқа бір еңбектерінде айтқан өзінің сөзінен алынған келтірінділері де жатады.

Бөгде біреудің сөзін келтірудегі мақсат-әр түрлі. Бірақ солардың ішіндегі ең негізгісі-сөйлеушінің я жазушының баяндап отырған мәселе жөніндегі өз пікірінің байымдауларының дұрыстығын дәлелдей түсу мақсаты.

Бөгде сөздерді қолдану тәсілі түрлі-түрлі болуы мүмкін. Бір жағдайда бөтен біреуден алынған сөз ешқандай өзгеріссіз, түп нұсқасы бұлжытылмай қолданылса, екінші бір жағдай ол азды көпті болса да өзгертіліп, тың сөздер, грамматикалық тың формалар қосылып немесе жеке сөздері, грамматикалық жеке формалары түсіріліп айтылуы да, болмаса біреудің тек пікірі ғана алынып, ол түгелдей автордың өз сөзімен берілуі мүмкін. Соған қарай бөгде сөз төл сөз, төлеу сөз болып екі топқа бөлінеді.

**Төл сөз.** Қазақ тілі білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша төл сөз деп жазушының я сөйлеушінің сөздігі жағынан болсын, грамматикалық формалары жағынан болсын ешқандай өзгеріссіз, бұлжытпай алып, өз сөзі ішіндегі қолданылған біреудің сөзін айтамыз.

Біз бұл арада қалыптасқан атауды өзгеріссіз қолданып отырмыз. Шындығында, «төл сөз» деген грамматикалық атау бұл арада өзінің мазмұнына сай қолданылмаған. «Төл» деген сөз «меншікті», «тән» деген мағынаны білдіреді және осы сөздермен синонимдес. Ал сөйлеушінің я жазушының өз сөзі ішінде келтірілген басқа біреудің сөзі оған, яғни авторға, төл сөз бола алмайды, қайта керісінше, ол бөгде сөз болады.

Қолдану орнына және қолдану мақсатына қарай төл сөз цитат немесе диалог түрінде келеді. Цитат түріндегі төл сөз негізінде, саяси әдебиеттерде, ғлыми және әр алуан публицистикалық еңбектерінде қолданылады. Цитат ретінде келтірілген төл сөздің айналасында оны пайдаланып отырған жазушының я сөйлеушінің өз сөздері қоса қолданылады. Ол-автор сөзі деп аталады. Төл сөздің айналасында қолданылатын автор сөзінің атқаратын қызметі-төл сөздің кімдікі екендігін, қайтадан алынғандығын, төл сөз иесінің алынып отырған үзіндінің алдында нелерді айтқанын, оның үзінді қандай күнде, қандай жағдайда, ішкі сезім дүниесінің қандайлық құбылыстары жағдайында

айтқандығын және қалай қандайлық құбылыстары жағдайында айтқандығын және қалай айтқандығын тағы сол сияқтыларын білдіру.

Автор сөзі диалог түрінде келетін төл сөздерде де болады. Бірақ диалог түріндегі төл сөз қолдану орны жағынан да, функциясы жағынан да цитат түріндегі төл сөзден басқа қолданылу орны жағынан алғанда, диалог төл сөз көркем әдебиет жанрларында қолданылады. Мұндағы төл сөз болып саналатындар-көркем шығармалардағы персонаждар сөздері. Ал персонаждарға сөз беріп, оларды сөйлестіріп отырған жазушының өз сөзі автор сөзі болып есептеледі. Сондықтан диалог төл сөз, цитаттағыдай, оны қолданушы автордың пікірін дәлелдеу үшін қолданылмайды. Жеке адамдардың бір-бірімен сөйлесуі, әңгімелесуі болады.

Диалог төл сөздің айналасында қолданылатын автор сөзінің атқаратын функциясында да цитаттағы автор сөзінен біраз өзгешеліктері болады. Мұндағы автор сөзі төл сөздің кімдікі екендігін білдіру, оны қандай құбылыста, қандай күйде, қалай айтқандығын және кімге айтқандығын байқату сияқты функциялар атқарады. Сонымен бірге, автор сөзінің әрбір сөйлеушінің сөзі сайын қолданылып отырылуы шарт емес. Оны мына мысалдан да көруге болады:

-Мынау аттан түсі жатқан кім?-деді Шұға.

-Әбдірахман ғой,-дедім.

-Әбдірахманың кім?

-Қазақбайдың баласы.

-Иә, әлгі учитель балсы ма?

-Иә.

-Жап-жас жігіт екен ғой,-деп, бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.

-Бір сөздің ретінде Әбдірахмаға:

-Еліңді қыстан шығардың ба, бала?-деді бай,

-Шүкір, шығардым,--деді Әбдірахман.

Төл сөз құрамы жағынан әр алуан болып келеді: ол жеке бір сөз болуы да мүмкін, бір сөйлем немесе әлденеше сөйлемдер тізбегінен қалған тұтас бір үзінді болуы да мүмкін.

Төл сөзді сөйлемдердің мағыналық жағынан да, құрамы мен мүшеленуі жағынан да тіліміздегі төл сөзсіз сөйлем түрлерінен ешқандай өзгешеліктері болмайды. Тілімізде қандай құрамда, қандай мағыналық сазда айтылатын сөйлемдер болса,соның барлық түрі де төл сөйлемдерде де болады.

Төл сөз қандай құрамда, қандай мағынада айтылса да, ол автор сөзімен байланысты болады. Құрам жағынан автор сөзі де әр түрлі құрылыста айтылады. Оның қандай құрамда айтылуы автордың төл сөзге байланысты нелерді байқатқысы келетініне, контекске байланысты болады. Егер автор төл сөздің күдікі екендігін көрсетумен ғана тынатын болса, автор сөзібір-екі сөзденғана құралады.

Төл сөз автор сөзімен байланысты болады дедік. Бірақ ол байланыс төл сөздің бастапқы құрылысын өзгерту, оған грамматикалық жаңа дәнекерлер қосу арқылы болмайды. Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін, оның тіпті жеке бір сөзінің грамматикалық формасын өзгертіп айтатын болса да, ол төл сөз болудан қалады. Сондықтан төл сөздің автор сөзімен байланысы оның бастапқы құрылысында ешқандай өзгеріс енгізбей,өз дербестігін толық сақтау жағдайында жүзеге асырылады. Төл сөз бен автор сөзі арасындағы байланысты қамтамасыз ететін байлауыш дәнекер де көмекші етістігі.

Төл сөздің бастапқы дербестігін толық сақтай отырып, оны автор сөзімен байланыстыру функциясын де етістігінен басқа ешбір сөз, ешбір грамматикалық форма атқара алмайды. Де етістігінің-төл сөздің төл сөз екенін танытудағы қасиеті де осы функциясында.

Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру функциясында қолданылғанда де етістігі деді, дегенде, дейін, дейді, депті, деп,мдесе және есімшенің әр алуан септік жалғаулы түрлерінде айтылады.

Автор сөзі орналасуы жағынан да түрлі-түрлі болады: төл сөзден бұрын келуі де, төл сөзден кейін келуі де, төл сөздің екі жағында бірдей келуі де, төл сөздің ішінде келуі де мүмкін. Соған қарай оның синтаксистік құрылысы да әр түрлі болады.

Автор сөзінің төл сөздің алдында ғана келуі, оның басқа орнында қолданылатын түрлеріне қарағанда, сирегірек қолданылады. Автор сөзінің бұл түрі формалық жағынан тиянақты болып, төл сөзбен онша тығыз байланыста айтылмайды. Ондай кейін төл келтірілетіндігі оның тек мағынасынан ғана байқалып тұрады.

Автор сөзінің мұндай құрамды түрінде де етістігінің дәнекерлік қызметінен гөрі, сөйлемге тиянақтылық мән беру, аяқтап тұру қызметі басым болады. Ол төл сөзді өз жетегіне алады да, сонымен бірігіп барып, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады.

Төл сөзден кейін келген автор сөзі кейде өз алдына жеке бір немесе бірнеше жай сөйлемдерден құралған күрделі болып та келеді. Мұндай жағдайда де етістігі есімше, көсемше я де шылаулы формада айтылып, төл сөзді автор сөзімен байланыстыру қызметін атқарады.

Автор сөзінің төл сөзден кейін келуі көркем шығармаларда болатын диалогты сөйлемдерде өте жиі қолданылады да, цитат түрінде келетін төл сөздерге өте сирек болады. Ол-төл сөздің бұл екі түрінің өзіндік ерекшелігіне байланысты.

Автор сөзінің қазақ тілі синтаксисінде көп қолданылатын және ертеден бері келе жатқан көне түрі-төл сөздің екі жағында келетін түрінің атқаратынын қызметінде немесе мағынасында алдыңғы екі түрінен ерекше өзгешелігі жоқ. Бұл, негізінде, алдыңғы екі түрдің бір жерге топталуы деуге олады.

Автор сөзінің төл сөздің ішінде келетіні де болады. Төл сөз бен автор сөзінің мұндай қатынасы әдеби тілімізде кейінгі дәуірлерде қалыптасты. Оның қалыптасуына орыс тілінен жасалған аудармалардың ерекше әсері болды. Төл сөз бен автор сөзінің бұл құрылыстағы түрі қазірдің өзінде де онша етек алып кете қоймағанымен, төл сөздің диалог түрінде болсын, цитат түрінде болсын, сирегірек болса да, кездесіп қалып отырады.

Автор сөзі төл сөздің ішінде келгенде, төл сөзді бір сөйлемнің ішінде келуі де, екі сөйлемнің арасында келуі де мүмкін. Мысалы: -Үйренбеген кісіге солай да,-деді қазақ әйелге қарап жымышп қойып,-тұрғын елдің адамына мұндай елдің адамына мұндай ыстық түк те емес. Олар жұмыстарын істеп жүре берді.

-Рас,-деді Байжан,-күріш расында суда өседі. Екі айдан артық суда тұрады ол.

**Төлеу сөз.** Жазушы, сөйлеуші адам біреудің сөзін, пікірін пайдаланғанда, оны, жоғарыда айтылғандай, әрдайым ешқандай өзгеріссіз, бұлжытпай келтіріп отырмайды. Кейде оны азды-көпті болса да өзгертіп, өз тарапынан сөздер, қосымшалар қосып, кейбір сөздерін алып тастап, грамматикалық кейбір формаларын өзгертіп пайдаланады.

1. Төл сөзде сөйлеуші я жазушы бөгде біреудің сөзің ешқандай өзгеріссіз, қоспасыз, бұлжытпай келтіретін болса, төлеу сөзде олай болмайды: оның бірер сөзің болса да өзгертеді, өз тарапынан кейбір сөздер қосады, ең болмаса бірер сөзінің бастапқы морфологиялық формасын, соған байланысты синтаксистік қызметін өзгертеді.

2. Төл сөздің айналасында міндетті түрде автор сөзі жүреді және ол екеуінің жігі айқын байқалып, бір-бірінен бөлектеніп тұрады. Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін оған тұлғалық өзгерістер енгізу қажет болмайды, тек дәнекер ретінде де етістігі қолданылады. Төлеу сөзде олай емес. Мұнда ол автор сөзімен араласып, тұлғалық өзгеріске ұшырауы арқылы онымен тығыз байланыста тұрады. Төлеу сөз автор сөзсіз өз алдына сөйлем бола алмайды, өйткені төлеу сөзде, төл сөздегідей, өзіне меншікті

баяндауышы болмайды. Сондықтан төлеу сөз автордың қоспасымен бірігіп, бір-ақ сөйлем болады да, де етістігін қажет етпейді.

3. Төл сөзде сөйлемнің әр алуан мағыналық түрлері болады. Ол хабарлы да, сұраулы да, лепті де болып келеді. Соған қарай оның әр сөйлемнің өзіне лайықты сазы, интонациясы, римика-мелодикалық ерекшеліктері болып отырады. Төлеу сөзде мұның бірде-бірі болмайды, яғни олар сақталмайды. Өйткені төлеу сөз өзінің бастапқы түрінің қандай екендігіне қарамастан, тек хабарлау түрінде ғана беріледі, сондықтан онда сөз иесінің бастапқы әр алуан интонациялық; ритмика-мелодикалық ерекшеліктері сақталмайды.

4. Төл сөзде сөйлемнің бастапқы эмоциялық, модальдық ерекшеліктерінің барлығы да сақталады. Төл сөз иесі қолданылған одағай, қаратпа, қыстырма сөздер бұлжытпай беріледі.

5. Төл сөз бен төлеу сөз жақтық тұрғыдан, жіктеу есімдіктерін қолдану жағынан да біркелкі болмайды. Төл сөзде іс-әрекеттің иесі өзі болған жағдайда автор жіктеу есімдігінің бірінші жағын қолданып сөйлей береді. Ал төлеу сөзде олай етуге болмайды.

Төл сөзді төлеу сөзге айландырудың тілімізде қалыптасқан, ежелден келе жатқан тұрақты тәсілдері бар. Ол тәсілдерінің ең негізгісі және өте жиі қолданылатыны-төл сөзде сөйлемнің тиянақты баяндауышы болып тұрған сөзге табыс жалғауын жалғау арқылы оны автор сөзімен байланыстыру тәліі. Мұндай жағдайда төл сөздің баяндауышы болып тұрған етістік қай шақта, қай райда айтылуына қарай, алдымен етістіктің есімше түріне айналады да, содан кейін барып табыс септігін қабылдайды. Кейде табыс септік жалғауы есімше-дық,-дік жұрнағы мен тәуелдік арқылы жалғанады. Мысалы: -Өстіп жүргенде өлшеулі өмір бітіп қалып, болашақты көре алмай кетем бе деп қорқамын,-деді Аман сөйлеміндегі төл сөзді төлеу сөзге: Аман өстіп жүргенде өлшеулі өмір бітіп қалып, болашақты көре алмай кетем бе деп қорқатынын айтты деп айқындауға болады. Мұнда төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін төл сөзді сөйлемнің баяндауышы болып тұрған қорқамын сөзіндегі жіктік жалғау айтылмай, қорық сөзі табыс жалғаулы есімшеге айналдырылған. Бұл сөзге есімше жұрнағы мен жалғау арасында –дық жұрнағы келтіріліп, қорқатындығын деп те айтуға болады. Ал енді: Таласбай Аманға: -Шырағым, сиырды иесіне қайтарың. Енді мені соттың алдына апара көрме! Туғалы сот алдын көрген жан емен. Не істесең де, өзің істе! Тек сотқа сүйре меші, айналайын!-деп, қақсап келді деген масалда әр сөйлемнің баяндауышы әр түрлі шақта, әр түрлі райда берілген. Олар сөз табы жағынан да біркелкі емес. Соған қарай, олардың төлеу сөзге айналып, автор сөзімен байланысуында да азды-көпті өзгешеліктер болмақ. Оны мынадан да байқауға болады: Таласбай Аманға оның сиырды иесіне қайыртқанын, енді өзін сот алдына апармауын, туғалы сот алдын көрген жан емес екендігін, не істесе де, өзінің істеуін, тек сотқа сүйремеуін өтініп, қақсап келеді.

Мысалдан көрініп тұрғанындай, төлеу сөзге айналдырғанда, төл сөздің тиянақты баяндауыштарының кейбіреулері есімшенің табыс жалғаулы түрінде айтылса, екінші біреуінің тұйық райдың табыс жалғаулы түрінде айтылатынын, ал енді біреулеріне екен, керек сөздерінің көмекші болып қосылып айтылатынын көреміз. Сөйтіп, төлеу сөз автор сөзімен әр түрлі тәсілдер арқылы байланысады. Бірақ солардың қай-қайсыларында болса да табыс жалғауының қатынасы бар. Сондықтан да табыс жалғаулы төл сөзді төлеу сөзге айналдырудағы, оны автор сөзімен ұштастырудағы бірден-бір шешуші форма болып есептеледі.

Төл сөздің баяндауышы болып тұрған сөздің төлеу сөзге жоғарыда айтылған сөз түрлерінің қайсысымен берілуі оның қай сөз табынан болғанына, егер етістіктен, болса, оның қай райында, қай шағында айтылғанына байланысты болады. Өйткені төл сөз

төлеу сөзге айналғанда да ондағы әрекеттің шақтық мағынасы белгілі дәрежеде сақталады. Осы себептен егер төл сөздің баяндаушы өткен шақты немесе нақ осы шақты білдіретін етістік формасында айтылса, төлеу сөзге айналғанда, ол есімшенің – **қан,-ған,-кен,-ген** жұрнақты түрі арқылы беріледі де, егер ол етістіктің ол етістіктің келер шақ немесе ауыспалы осы шақ формасында айтылса, төлеу сөзге айналғанда, - **тың, тін** жұрнақты есімше арқылы беріледі. Ал егер, төл сөздің баяндаушы етістіктің бұйрық рай формасында айтылса, төлеу сөзде ол тұйық рай формасына айналады. Баяндаушы есім сөзден я есім араласуынан, я болмаса атау тұлғалы тұйық райдан болса, төлеу сөзге айналғанда, е етістігі көмекші болып келеді.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Бөгде сөз дегеніміз не?
2. Төл сөз және оның түрлеріне сипаттама берің.
3. Автор сөзі дегеніміз не?
4. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың қандай тәсілдері бар?

#### **Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы. 1996.
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992.
4. Сәдуақасов Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер. Алматы. 1996.
5. Сайрамбаев Т. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы. 1996



